Елбасы және мемлекеттік тіл

Издательский дом Сарыарка
Баспа үйі

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Ә. Назарбаев

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМЫТУ ПРЕЗИДЕНТТІК ҚОРЫ

ЕЛБАСЫ
ЖӘНЕ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Астана – 2011

УДК 342
ББК 67.400.6
Е 44

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМЫТУ ПРЕЗИДЕНТТІК ҚОРЫ

Жалпы редакциясын басқарған – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, ҚР ҰҒА академигі **Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫ**

Редакция алқасы: Әбдуали ҚАЙДАР
Азат ШӘУЕЕВ
Бақыт САРБАЛА

Е 44 **Елбасы және мемлекеттік тіл** // Құраст. Ж.Б. Нәлібаев , Н.Ә. Асқаров. – Астана: «Сарыарқа» БҮ, 2011. – 312 б.

ISBN 978-601-277-071-1

Бұл кітапта Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттік тіл – қазақ тілі жайлы сөйлеген сөздері, тікелей басшылығымен қабылданған нормативтік құжаттар, заңдар мен бағдарламалар, әртүрлі бас қосуларда жасаған баяндамалары, ел халқына жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында тілге қатысты айтылған ұсыныстары мен ойлары, қанатты сөздері немесе олардың үзінділері топтастырылған. Кейбір сөздерінің орыс тіліндегі нұсқасы берілді. Сонымен бірге, жинаққа Елбасының қолдауымен өткен шараларда тіл жанашырларының, тәлімгер-ғалымдардың жасаған баяндамалары да қоса беріліп отыр. Осы материалдар негізінде еліміздегі мемлекеттік тіл саясатының жүргізілу барысы мен тарихы, түйткілді мәселелері мен қол жеткен табыстары, тіл майданы мен оның басты тұлғалары туралы мол мәлімет алуға болады. Еңбек қазақ тілінің тағдырына бей-жай қарамайтын барша көпшілік қауымға арналған.

УДК 342
ББК 67.400.6

ISBN 978-601-277-071-1

© Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы, 2011
© Мемлекеттік тілді дамыту Президенттік қоры, 2011
© «Сарыарқа» БҮ, 2011

АЛҒЫ СӨЗ

Мемлекет пен қоғамды ұйыстырушы күштің бірегейі – мемлекеттік тіл. Сондықтан да әлемнің көптеген елінде мемлекеттік тіл мәртебесі арнайы белгіленіп, оның басымдықтары мен құқықтары тиісті заңмен қорғалады. Ал, мемлекеттік тіл мәртебесіне аталған мемлекеттің негізгі өзегін құрайтын ұлттың тілі ие болатыны әлемдік тәжірибеде нық орныққан қағида. Ел тәуелсіздігіне ұмтылған ұлттардың мәселені тіл тәуелсіздігінен бастайтыны да осыған байланысты. Өйткені тіл тәуелсіз болмай, сананың тәуелсіз болуы мүмкін емес. Ана тілі – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, белгілі бір ұлттың бүкіл болмысы мен жан-дүниесін құрайтын мәдени коды. Осыдан да болар, Қазақстанның да тәуелсіздік жолындағы күресі қазақ тілінің қоғамдағы лайықты орнын талап етуден бастау алды.

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе оп-оңай беріле салған жоқ. Осы жолда қаншама тар жол, тайғақ кешулерден өтті. Сөйтіп, елім, тілім деп күрес майданына шыққан көптеген асыл азаматтардың зор қажыр-қайратының арқасында туған тіліміз өз тұғырына қонды. Бұл істердің қай-қайсысының болсын басы-қасында Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тұрды.

Тәуелсіздік алған жиырма жыл ішінде мемлекеттік тіліміз де елмен бірге жетіліп, қолданыс аясын кеңейте түсті. Оның әрбір сатысынан Н.Ә. Назарбаевтың қолтаңбасын көруге болады. Егер оны таратып, талдап айтар болсақ, үлкен бір кітапқа татыр еңбек болар еді. Сондықтан біз Елбасы туралы айтқаннан гөрі осы жинақ арқылы Елбасының өзін сөйлетуді жөн көрдік.

Көпшілікке ұсынылып отырған еңбек үш бөлімнен тұрады. «Елбасы және қазақ тілі» деп аталатын алғашқы бөлімде Елбасының тікелей араласуымен тіл туралы қабылданған заңдар, мемлекеттік бағдарламалар, нормативтік-құқықтық актілер, сондай-ақ Елбасының сұхбаттары мен баяндамалары топтастырылған.

1997 жылдан бастап Елбасы халыққа арнап Жолдау жасап келеді. Ол дәстүрге айналды. Осы Жолдауларда да Елбасы мемлекеттілігіміздің тірегі ретінде қазақ тілінің өрісін кеңейту жайына айрықша тоқталып отырады. Елбасының Жолдаулардағы тілге қатысты бастамаларына да кітаптан орын берілген.

Кітаптың «Елбасы және қоғам» деп аталатын бөлімінде Елбасының қолдауымен өткен шаралардағы тіл мамандарының, қоғам қайраткерлерінің, тіл жанашырларының баяндамалары мен мақалалары қамтылған. Аталған материалдар кітаптың мазмұнын аша түседі ғой деп ойлаймыз.

Қазақ тарихында өткен ғасырдың бас кезіндегі Алаш туын көтеріп, ұлтты соңына ерткен қайраткерлеріміздің қызмет еткен тұсы ерекше айшықталып көрінеді. «Елбасы және тілтолғам» деп аталатын бөлімде Алаш қайраткерлерінің, Кеңестік кезеңде өмір сүрген көрнекті қаламгерлердің, Тәуелсіздік тұсындағы танымал бірқатар тұлғаларымыздың, сондай-ақ Н. Назарбаевтың қазақ тілі жайында айтқан ойлары, қысқа-қайырым толғамдары сараланып, олар мүмкіндігінше кезең кезеңімен топтастырылып берілді.

Кітапты құрастыру барысында Елбасының орыс тілінде сөйлеген сөздері мен жасаған баяндамалары аудармасыз түпнұсқа күйінде алынды. Бұл айтар ойдың өзгеріссіз қаз-қалпында берілуін көздеген талаптан туды.

Елбасының «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» т.б. пікірлері қанатты сөзге айналып қана қоймай, қазақ тілінің қоғам өмірінде алатын орны мен мәртебесін, жалпы бет-бағдарын айқындап бергені белгілі. Елбасының осы тектес мәнді сөздері мен ұшқыр тіркестері де үшінші бөлімге ықшамдалып берілген. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебелену жолынан сыр шертетін толғамдар топтастырылған бұл кітап ойлы оқырманның рухани азығына айналады деп үміт етеміз.

Редакция алқасы

1-бөлім. ЕЛБАСЫ және ҚАЗАҚ ТІЛІ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ және ЕЛБАСЫ

Ө. Айтбайұлы,
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының
президенті, академик

Бұл тақырыпта әңгіме қозғау еркін ойлы оқырманның көңіл-күйін әралуан саққа жүгіртуі ықтимал. Мұның өзі бір есептен таққа табыну, ұлыққа жағыну, патшаның көзіне түсу сияқты болып та көрінуі ғажап емес. Кімнің аузына қақпақ қоя аласың. Егер жұрт не айтады, қалай қарайдымен жүре берсең әділ ойың мен адал сөзіңді айтудан қалмайсың ба? Мен екі түрлі себепті алға сала отырып, осы мәселеге барып отырмын. Өз ойымды ешбір бүкпесіз ортаға салғым келеді.

Бірі құрдымға кете жаздаған қазақ тілінің қалай еңсе көтергені, егемен еліміздің мемлекеттік тіліне қалай айналғаны болса, екіншісі - осы ұлы да кесек әрекеттердің басы-қасында болып, ана тіл алдындағы перзенттік парызын өтеп келе жатқан Елбасымыз - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың азаматтық болмысы, адам-пенде ретіндегі кескін-кейпі туралы әңгіме қозғау.

Әрине, бүгінгі күн, бұл дәуір де өтер, түр-тұлғасы басқа бір заман да жетер. Тарих дөңгелегі бір орында тұрмас. Келер ұрпақ біз жайында, біздің заман жайында, кезеңнің құлы болған адам-пенде жайында басқаша пікір өрбітері де мүмкін. Оған билікті тек қана тарих айтар.

Әйтсе де әр заманның, әр қоғамның өзі тудырған іс-әрекеті, өзіне сай азаматы, адамы болмақ. Соған ылайықты бағасы да берілмек. Яғни адам мен қоғамның кескін-кейпі, болмыс бітімі, хал-харекеті өзінің заманына сәйкес қалыптасады, адамына қарай сомдалады.

Осы тұрғыдан қарағанда біздің заманның да келешек ұрпаққа берері мен айтары жетерлік. Тарихымызда тұңғыш рет халқымыз ғасырлар бойы аңсаған арманына жетіп, дербес мемлекетке айналды, өзге елдермен терезесі теңесті. Тәуелсіздікті айшықтайтын нышандардың бәрі жасалып, экономикасын, мәдениетін, ғылымын, білімін т.т. бағзы біреулерге жалтақтамай-ақ өз бетінше өрбітерлік еркіндікке ие болып отыр.

Құдай бұйыртып тұңғыш президентімізді таққа көтердік. Ол халық алдында тұңғыш рет қазақ тілінде ант берді. Сөйтіп Тіл туралы құжатта (1989 ж.) заңдастырылған, Конститутциямызда (1995 ж.) бекітілген мемлекеттік тіліміз Елбасымен бірге Тәуелсіз еліміздің ең жоғарғы мінбесіне көтеріліп, өзінің мәртебесін әйгіледі. Тіпті Елбасын президент тұғырына көтерген қазақ тілі десе де болады. Егер ол қазақ халқының ұлы болмаса, оның тілін жетік білмесе, сонымен бірге оның тілге, елге, жерге адал қызмет етіп, көсеге көгертер ынтасына сенбесе, оған елдің дауыс берер бермесі нәркүмән еді. Оған ел сенді, жігеріне, талабына, талантына, қажыр-қайратына сенді, ұлтымыздың нағыз ұлы деп сенді. Ел жүгін еңсеріп әкетер іскерлігіне, жұртты үйіріп әкетер жалынды сөзіне, шешен тіліне ұйыды. Алға сүйрер жақсылықты да, етектен тартар жамандықты да ұмытпайтын жадына таңданды. Күндіз-түні тыным таппайтын күш-қайратына сүйеніп, сеніп тағдырын табыстады. Бұл үлкен сенім, ұлы үміт және бір адамның қолына жинақталған ұлы күш.

Еліміз тәуелсіздік туын көтеріп тұңғыш Президентіміз сайланғанда жұртпен бірге жүрек жарылардай қуанышқа бөлендік. Бұл қазаққа алла бұйыртқан ғажайып сәт еді.

Тілдің мәртебеленгеніне 19 жылдан асты, Президенттің сайланғаны да сол шамаға таяу. Бұл қарапайым жанның өлшеміне салсаң онша көп уақыт емес, ал ел тарихында орын тепкен оқиғалар салмағы тұрғысынан ғасырға татырлық мерзім. Осы мерзім ішінде біз қозғап отырған сала бойынша ел үміті ақталды ма, президентке деген сенім жүгінің түйіні қаншалықты дәрежеде шешілді? Гәп осында. Егер мақсаты қаралау мен даттаудан тұратын кейбір ағайынның сөзіне құлақ түрер болсақ оңған тірлік шамалы, «бәрі қираған, құрыған, түзелер сиқы жоқ қу тірлік елді жүдетіп біткен, аштық пен жоқшылық жайлаған жұрттың

еңсе көтерер түрі жоқ. Азаматы кетіп қаңыраған ауыл, жұмыссыздық жайлап жүдеп біткен қала сиықсыздықтың гөй-гөйін шертеді».

Мұндай берекесіздіктің кейбір жерде кездесетіні рас. Бірақ осының себебін анықтап, зерттеп білмей жатып соның бәріне бірді ғана кінәлі ету шындыққа жанаса қоймайды. Нарыққа тәжірибе жинақтамай-ақ бірден асығыс қойып кеткен қазақ әралуан қиындақтарға жолығып, әуелгіде тоз-тозы шыға бастағаны хақ. Алайда жердің, малдың жайын, еңбектің қадірін тереңірек түсінген жандар әрекеті мына заман соққысына төтеп беріп қана қоймай, қарсы қажырлы әрекеттерге бара бастағанын да байқатады. Бұл жөнінде Президентіміздің ішкі-сыртқы саясатына талдау жасап баға беру менен гөрі осы саланы ғылыми тұрғыда қарастыратын мамандарға қатысты болғандықтан бұған тереңдей алмаймын. Тек әрбір оқиға-құбылыстың себеп-салдары болатынын еске ұсталық демекшімін.

Қазақстан тарихында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алу жайы, шамасы, есте қаларлық оқиғалар қатарында бағаланар. Қазақ тілінің кейбір тұста көңіл көншітпейтін өгіз аяңына реніш білдіргенмен, шүкіраналық сезімге жетелейтін тұстары да жетерлік. Тіл туралы Заңдар мен Бағдарламалар, Конституция, тіл көсегесін көгертуге бағытталған бұдан да басқа игі шаралар мен құжаттардың бәрі осы жылдар жемісі. Оның үстіне елдің экономикасы, шаруашылығы, мәдениеті, ғылым-білімі, саясаты жөнінде өткен бірде-бір жиында Елбасы қазақ тіліне соқпай кеткен емес. Ол қисыны келген жердің бәрінде қазақ тілін тілге тиек етіп келеді. Ұлт қайраткері ретінде қазақ тілінің қамын жеп, қарекет етпеген тұсы шамалы. Тіпті кешегі Колбин кезіндегі мына аз сәтті еске ала кетудің артықтығы жоқ деген оймен келтіре кетейік: Қазақстанға алғаш келісімен-ақ алқын-жұлқын әрекеттерге басқан Г. Колбин бір жолы «келесі пленумда қазақша сөйлеймін» деп бөсті. Қашанда жағдайды саралап алып, салмақты ой айтуға дағдыланған Н. Назарбаев «қазақтың жады мықты халық, уәде беруге асықпаңыз» (Г. Толмачев. Лидер. Докум. повесть. Алматы, 2000 г.) деген ақыл береді. Бұл қазақ елі мен тіл тағдыры егіз екенін, бірінсіз бірінің күні жоқ екенін толғап, соны тығырықтан шығарудың әралуан жолын қарастыру үстінде жүрген тұсы болатын Н.Ә. Назарбаевтың.

Жалпы әр іске бір ұрынып, ұшқалақтық танытып жүрген Г.Колбиннің төңірегінде сол кезде Н. Назарбаев, Ө. Жәнібеков сынды ел жайын, халық күйін терең білетін іскер де ойлы тұлғалар болмаса мәселе бұдан әрі шиленісе түсер ме еді, әлде қайтер еді деген ойдан жүрек шошиды. Қазақстан жайын білмейтін бұрынғы Ульянов обкомының хатшысы қазақтың мынадай іскер де көреген ұлдарымен есептеспей тұра алмаған сияқты. Олар біртіндеп Колбин бағытын жолға салып отыруға тырысты. Қылышты қынабынан суыртатын да тіл, қайта салдыртатын да тіл екенін жақсы білетін Н. Назарбаев сол кездің өзінде-ақ қолға алар мәселенің бір де болса бірегейі тіл екенін түсінді, түсіндірді.

Кезінде қазақ тілінің тағдыры жөнінде ала-құла ой өрбіп, ел бір бәтуаға келе алмай жатқан тұста Қазақ Республикасының мемлекеттік тілі тек қана қазақ тілі болу керек деген пікір жағында болуының өзі Елбасының ел мүддесімен бірге екенін танытады.

«ҚАЗАҚ ҚАЗАҚПЕН ҚАЗАҚША СӨЙЛЕССЕ ҒАНА!..»

Мұны айтқан Н.Ә. Назарбаев

Ел билігін тағдыр сыйындай қабылдаған Елбасы осылай айтуға мәжбүр болды. Неге? Тәуелділіктен тәуелсіздікке жету аралығында біздің бейнеткер момын қазақтың басына не келіп, не кетпеді. Бәрін көрді. Бәрін басынан өткізді. Көргеніне тәуба деді, ашты-тоқты тірлігіне шүкір деді. Заманы алдан тосқан істің бәріне араласты. Қатарынан қалған жоқ, партия деді, Кеңес деді, үкімет деді. Социализм жолындағы іс-әрекеттің бәрінде тер төкті. Кеңес өкіметі мен партия нені тапсырды соның бәрін адал орындауға тырысты. Еңбекшінің түпкі мақсаты - Коммунизм деген мамырайхан заман деді. Соған жету үшін небір құрбандықтарға да баруға тура келетіні насихатталды. Қазақ бұдан да қаймықпады. Көкейіне ұялатқан лениндік идеядан ауытқымауға тырысты. Табиғаттың адал ұлы бәріне сенді, бәріне көнді. Тіпті әлгі қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын алыс болашаққа барлық халық тек бір тілмен ғана бара алады екен. Ол тіл - орыс тілі

дегенге де имандай сенді. Сөйтіп қазекең қатарынан қалмауға тырысты. Керек десеңіз қатарынан оза шапты. Өзінің табиғи талантының нәтижесінде тіл үйренудің керемет үлгісін танытты. Аз ғана жылдар ішінде бүкіл қазақ даласы орысша сайрап шыға келді. Халқымыздың бұл ғажап ерлікке саяр ерекше қабілетін ғылыми түрде талдап, таратып берген әлі ешбір еңбек жоқ. Бұл кезектегі әшейін шаруа іспетті болып тарихта қалды. Мұның бәрін мақтанышпен әңгіме ете отырып, ұлттық болмысымызға қатты әсер еткен мәселенің екінші жағын қозғауды мақсат етіп отырмын. Бұл мәдени тарихымыздан ойып орын алып отырған өте күрделі де, күрмеуі көп мәселе. Мұның салаланып кетер сан түрлі қатпары бар. Мұның бәрін қамту мүмкін емес. Сол алуан мәселелердің қақ ортасында Нұрсұлтан Әбішұлының азаматтық, қайраткерлік, қаһармандық тұлғасы анық айқын көрінеді. Шым-шытырық шиленіскен әрекеттерден тұратын бұл Тұлғаның қазақ халқы мен қазақстандықтар үшін атқарған ісінің мән-маңызы мейлінше зор.

Өзге тіл, өзге мәдениет үлгілеріне құлай берілу нәтижесінде қазақ өз тілін екінші қатарға ығыстырып алды. Оның күнделікті қолданыс аясы тарыла бастады. Өмірдің барлық саласында қазақ тілінің қажеттілігі көмескілене берді. Сөйтіп қазақша білетіндерден гөрі орыс тілін білетіндер мәртебесі жоғары, әрі қай қызметте де өтімді болды. Содан бала тәрбиелеп отырған ата-ана көкейінде орыс тілінде оқығандардың ғана өмірде жолы болады екен деген сенімі ұялай бастады да, ұрпағын жаппай орысша оқытуға ұмтылды. Қазақ тілінің әлі күнге қанат жая алмай ентіге тыныс алып келе жатуының түпкі себебі әлденеше он жылға созылған осындай солақай саясат салдарынан еді. Кезінде халықты өз негізінен айырып кеңестік үлгідегі орыстақы тәрбиенің керемет жүргізілуі барысында қазақ қазақпен тек орысша сөйлесіп барып түсінісетін дәрежеге жетті. Халқымыздың осы мүшкіл халін күнделікті көріп күйінгендіктен де біздің Елбасымыз жоғарыдағыдай ұранға татырлық сөз тастауына тура келді. Ия, тым болмаса өзіңмен өзің қазақша сөйлессеңші қазақ деді ол.

Жалпы Нұрсұлтан Әбішұлы ел өмірінің қай саласында да қазақ тілін жадынан шығарған емес. Ол Министрлер Кеңесінің төрағасы, Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы және бірінші Президент

болып сайланған алғашқы кезеңдерде үнемі орысша сөйлеп жүрді. Ел оның осы қылығынан тіксінді, бірақ үміт үзген жоқ. Олай болатыны өткен ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысында қазақ тілінің тағдыры талқыға түсіп жатқан кез болатын.

Г. Колбин тіл мәселесін әлденеше бұлталаққа салып, қазақ зиялыларының ортасына ой тастап әлек болып жүргенде қазақ қауымы ел көзіндегі айтулы тұлғалардан пікір күткені рас. Ұлттық мүддені алдыңғы кезекке қоятын қазақ зиялыларына да қарайлады. Тіл басына күн туған осындай аумалы төкпелі кезеңде ұлт көкейіндегі сөзді Колбиннің алдында тайсалмай айтқан тілші-академик Ә. Қайдар сынды ғұламаны қуаттап, қолдау көрсеткен адамдардың алдыңғы сапында ғана емес, басы-қасында Н. Назарбаевтың болғанын ел елжірей есіне алады. Сонымен бірге әйгілі ақын-жазушылар С. Шәймерденов, Ж. Молдағалиевтерді айрықша атайды. Сондай-ақ қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуын қуаттап, дұрыс шешім қабылдануына септік жасаған Ө. Жәнібеков пен оның үзеңгілес інілері Ә. Кекілбаев, М. Жолдасбеков, С. Қасқабасов, Т. Әбдіктер де ел есінде. Сөйтіп ел мүддесін ойлайтын басшысы бар, береке-бірлік, ынтымақ қасынан табылар қосшысы бар қазақ елі неше алуан сілкілескен талас-тартыстан соң тұңғыш рет тіл туралы заңға ие болды. Оны 1989 жылдың 22 қыркүйегінде Қазақ ССР Жоғарғы Советі бекітіп заңдастырды. Бұл еліміздің тарихындағы ең ірі оқиғаның бірі еді. Қазақ тілінің мәртебесін осындай мемлекеттік деңгейге көтерген оқиға бұрын-соңды болмаған. Тәуелсіздікке бет түзеудің алғы шартындай бұл Заңның тарихи мәні аса зор екені мәлім. Олай болатыны….

Ғасырлар бойы ата-бабамыз арман еткен еркіндіктің осылайша іске асуы ғажап емес. 1990-91 жылдары докторлық диссертациямен әуреленіп, Алматының жоғарғы жағындағы демалыс үйінде жатқан болатынмын. Қазақ елі Президентінің сайланғанын сонда жатып есіттім. Шаттандым, сөзбен жеткізе алмас әсерде болдым. Не деген бақыт. Қазақтың өз алдына ел болып, өзге елмен терезе теңестіруі, тұңғыш өз Президентін сайлауы тарихи ұлы оқиға еді. Еңсе көтерер елім үшін, ауырлық атаулының бәрін көтеріп келе жатқан елім үшін, халқымыздың асыл мұрасын сақтай білген тілім үшін алақайлағым келді. Кеудені кернеген сезім алауын басу оңай болған жоқ. Тұңғыш

Президентімізге жол болсын дей отырып, тілек-наз айтқым келді. Соны бүгін қайталап еске түсіріп, Елбасыға ел сенімі зор екенін білдіргім келді. Ол мынау:

Шүйінші халқым, шүйінші
Ақ түйенің қарыны
Ақтарылар күн бүгін.
Ақ киіздің үстінен
Тақ табылар күн бүгін.
Біздің қазақ момынға
Бақ дарыған күн бүгін.
Ежелгі арман, үміті
Атқарылар күн бүгін.
Нұрсұлтан Назарбаевты
Хақ таныған күн бүгін!
Елімнің ерек Сұлтаны,
Бәйге бермес тұлпары,
Әуелеп ұшқан сұңқары,
Бүгінгі айтар сөз мынау:
Көптің күткен іңкәрі.
Жарқырай берсін халықтың
Арайлап атқан бұл таңы.

* * *

Ризық тілеп еліңе
Риясыз еңбек етесің.
Сайысқа кіріп сан түрлі
Қайтардың елдің есесін
Еліңнің ерек мүддесін
От-жалын болып қорғайсың.
Дұшпанның жарып күрдесін
Досқа үгілген бордайсың.

Түсінер сенің жайыңды
Жетілмей жатыр азамат.
Қинайды сол жаныңды
Алуан ой мазалап.
Ертеңін қамдап Еліннің
Тынымсыз бейнет шегесің
Ыңырсып жатқан жерімнің
Жарасын емдеп келесің.
Қайтарымы аз ащы тер
Жүдетіп бітті халқыңды.
Жетпіс жыл көрген тауқымет
Қысып тұр бүгін алқымды.
Ер деген елдің қаншасы
Таразыға тартылды.
Саған да сынай қарайды
Салмақтап барық, нарқыңды
"Сақтасын" - дейді мәңгіге -
«Тура биде туған жоқ,
Туғанды биде иман жоқ" -
Деген ата салтыңды
Өшпегенді тілейді
Бойдағы уыт, қарқынды.
Тағы бір еске салары-
"Шалқайғанға шалқайғын,
Пайғамбардың ұлы емес.
Еңкейгенге еңкейгін,
Әкеңнен қалған құл емес"
Бұдан былай өзгеге,
Жалтақтауың жөн емес,
Ойлап тұрсақ алды-арты,
Ұлықтықтың бұл емес,
Еліңе құл болмасаң,
Отырған төрің төр емес,

"Ұлық болсаң кішік бол"
Халықтан ешкім өр емес.

* * *

Келімсектер шеруі
Тоқтамай тұр еліңде
Көбі соның мекені
Көгалың да, көлің де.
Бауырың сыртта қаңғып жүр,
Бата алмай елге келуге.
Ел мен жердің байлығы,
Кетпесін десек тегінге,
Қазағыңның күйіне
Үңілгейсің тегінде.
Ол бейбақ не күй шегуде
Өзінің туған жерінде.
Қолбала болып қалмасын
Жекешелендіру кезінде
Ұстағайсың еліңді
Данагөй ақыл, ебіңмен.
Ұстағайсың бәрін де
Өзіндік өре жөніңмен.
Ел басшысы сүрінсе,
Етпеттеп құлар жұртыңыз.
Кеңеспен істі шешкейсіз,
Жетілсін десек ұлтымыз.

* * *

Сенеді елің Өзіңе
Сенеді жалын сөзіңе
Қалмасын деп тілейді
Кездейсоқ жайға кезіге
Ойлағаның тақ емес

Қазақстан тағдыры
Қинайды сені еліңнің
Көп нәрседен мәжбүрі
Ойлаған адам бас қамын
Ойламас жайын басқаның
Сөйлеп үлкен мінбеден
Одаққа салмақ тастадың.

* * *

Анадан туған сендей ұл
Ана тіл жайын толғанар.
Қадірі кеткен тілімді
Кім сендей ұғып қолға алар.
Тіліңді кие тұтпасаң,
Бақ дегенің сор болар.
Елінің қамын жемеген,
Түбінде басшы қор болар.
Осының бәрін ескерсең
Атағың, даңқың зор болар.
Сонда ғана Нұреке,
Қазағың да бар болар.
Бұлғақтаған бұл заман,
Барымыз деп қолда бар.
Құлқынға құл боп кей надан.
Тойынып өзі қоңданар.
Бойыңды бұдан ап қашсаң
Ісіңді құдай оңғарар.
Содан да барып Нұреке
Мәртебеңіз зор болар.
Өзіңдей ерен естіден
Ұрпаққа үлгі жол қалар.
Басыңда көп тауқымет:

Тұрмыс, дәулет, Ордалар,
Ана тіл, тарих, өнерім.
Ел достығы - ол да бар.
Осының бәрін көтерер
Өзіндей алып нар болар!
Ел сенімін ақтасаң,
Алар алғыс мол болар.
Алаламай халқыңды
Әділдік құрсаң қол болар…
Елің бейбіт күн кешсе
Нағыз бақыт сол болар.
Осынау қиын сапарда
Құдай жолыңды оңдасын,
Әруақтар қолдасын.
Өзіңе де, өзгеге
Қиянат, сірә болмасын!

1 желтоқсан, 1991 ж.

Содан бері еліміздің басына не келіп, не өтпеді. Небір қиын кезеңдерді бастан кешірдік. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы 1992 жылы өзінің II-Құрылтайын өткізді. Н.Ә. Назарбаев Құрылтай жұмысына арнайы келіп, сөз сөйледі. Бұл мемлекеттік мәртебе берілген қазақ тіліне қарсы пікірлердің әлі басыла қоймаған кезі болатын. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы жергілікті ұйымдарын құрып қуаттана бастаған тұсы болғанмен әлгіндей негізсіз қарсылықтардың қарасы көптеу еді. Осындай кезеңде Елбасымыздың мемлекеттік тілге, «Қазақ тілі» қоғамының құрылтайына қатысып көзқарасын ашық білдіруі үлкен демеу болды.

Тәуелсіздіктің іргесін нықтап, тұғырын бекіте түсу тіпті де оңай болған жоқ. Шегараны айқындап, еліміздің әл-қуатын күшейту үшін Елбасы саналуан тәсілдерге барды. Ел ішіндегі тұтастық, бірлік, ынтымақтастықтың жолы да жеңіл болмады. Өз билігі өзіне тиген еліміздің еңсе көтеруі қилы-қилы жолдарға апарды. Бірде көңілді көтеретін, бірде көңілді төмендетер оқиғалар болды.

1989 жылы қабылданған Тіл туралы заңымыздың жаңа өмірдің, яғни тәуелсіздік талаптарына сәйкес келе бермейтін тұстары байқала бастады. Оны қайта қарап, қазіргі жағдайға сәйкес түзу қажеттігі туды. Сөйтіп тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев 1997 жылы шілденің 11-інде «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Бұл құжаттың басты ерекшелігі Елбасының тікелей араласып, өз қадағалауында болуы. Сондықтан да болар айтулы мамандармен кеңесе отырып, ол заң баптарын негізінен өз қолынан өткізді десе болады.

Еліміз қаншама қиын кезеңдерді бастан өткізіп, біртіндеп еңсе көтеріп келе жатты. Мемлекеттік тіліміз де елмен бірге жетіліп, қолданыс аясын кеңейте түсті. Оның әрбір сатысынан Н.Ә. Назарбаевтың қолтаңбасын көруге болады. Егер оны таратып, талдап айтар болсақ үлкен бір кітапқа татыр еңбек болар еді. Біз оның кейбір тұстарын ғана тиіп-қашып әңгімелеп отырмыз. Кеңірек әңгіме болашақтың үлесінде.

Дегенмен, тәуелсіздік тірегінің бірде болса бірегейіне айналған мемлекеттік тілдің бүкіл халықтық сипатқа ие бола алмай отыруына не себеп деген сауал көптің көкейінен кетпей келеді. Неге? Кеудені кернеп тұрған бір арман бар. Ол қандай арман? Ол нағыз қазақы мінез-құлықпен жымдасып жатқан өзімізге тән ежелгі қылық. Өзіндік болмысты ұмытарлыққа дейін керемет еліктегіштік. Біз бұл күнге осындай керемет «қабілетпен» жеттік. Және өз бойымыздағы осалдықты басқа біреуге жабуға бейім тұратынымыз бар.

Егер Елбасы күнделікті іс-әрекетінде, сан алуан ұлт өкілдерімен қарым-қатынасында тек қана қазақша сөйлейтін болса, өз еріктерімен мектептеріне беріп орысша тәрбиелеп жатқан үрім бұтақтарының бәрі бір күнде қазақша сайрап шығатындай көреді. Бұл нәрсе анықтап айтылмағанмен, ағайынның көбінің көкейінде тұрады. Өз бойындағы осалдықты өзгеден көру ежелден қалмай келе жатқан кесел.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының мемлекеттік тіліміздің мәртебеленуіне байланысты айтқан ойлары мен іс-әрекеттерін санамалап айтып шығудың өзі арнайы еңбекке ұласып кетер еді. Әсіресе, Нұрекеңнің президенттікке үміткерлер қатарында ана тілінің алдына келіп екі рет емтихан тапсыруға тәуекел еткенінің өзі ерлікпен барабар іс болатын. Лингвистикалық комиссияның 5 мүшесі Қазақ елінің

тізгінін ұстап отырған адамның білік-біліміне, сауат-қарымына, әлемдік деңгейді ауқымдап жатқан эрудициясына таң қалғаны бар. Осы орайда сол лингивистикалық комиссияның төрағасы ретінде Н.Ә.Назарбаевтың сынақтан қалай өткені туралы түйген ойымды қайталап еске ала кеткенді жөн көрдім:

«– Сіз бүгін Ана тіліңіздің алдына тағы да бас иіп келіп, көрегендік жасадыңыз. Сізді сынаққа салып отырған мына бес профессор емес, аяулы Ана тіліңіз. Ел сынынан сан рет өткен жансыз. Тілге жүйріктігіңізге қарамастан, ел мен тілден биік емеспін деп, төңірегіңіздегі жандарға тағы да ой тастадыңыз.

Сынақтың үш түрінен де мүдірмей өттіңіз. Жазудағы сауатыңызға тәнті болдық. Сіздің сеніміңізге ие болып, билік басына көтерілген тілге шорқақ іні, бауыр, серіктеріңіз осылайша танытса ғой, сауатын.

Оқу сауатыңызға айтарымыз жоқ. Таңдаған мәтінді заңды талапқа сай, әдемі қоңыр дауыспен, ырғақ мақамымен келістіре оқыдыңыз.

Ал сөйлеу шешендігіңіз бізді одан сайын еліктіріп әкетті. Көсем ойларыңыз бен жоба-жоспарларыңызды баяндауда қазақ сөзінің телегейінде еркін жүзіп, көсіле жөнелетініңізге тәнтіміз. Сөз бүйдасын ұстаған дүлдүл бабаларыңызды былай қоя тұрып, Сізді тыңдаудың өзінен-ақ қазақ сөзінің ғажайып қуатын, әсем де астарлы тұсын, қанша сөйлесең де таусылмас қазынасын таныдық.

Қысқасы, ел басқарғысы келетін әрбір қазақ, ең әуелі ана тілінің кәусарынан осылайша қанып ішіп, ындыны кепкен тыңдаушының сусынын осылайша қандырсын да.

Сіз арқылы елдің мерейі мен тілдің мерейі өсіп келеді. Кешегі жолдау мен елге сапарларыңыз халықпен біртұтастықтың шеруіндей болды. Барлық жерде Ана тілі Сізбен бірге жүрді. Тілді құрмет тұтудың асқан үлгісі осы емес пе? Осыған масаттана отырып, әлемнің алып елдерінің алпауыт басшыларымен терезе теңестіріп, тең сөйлесіп жүрген мәртебеңізді мақтан етеміз. Сонымен бірге сондай шетел сапарларында да олар Сіздің өз ана тіліңізде де керемет сөйлейтініңізді сезініп, қазақы үніңізді естісе ғой деп армандаймыз.

Алла жар болып, кемелдік пен көсемдікке қарай жол тартқан ақ кемеңіздің айдыны ашық болғай!»

«Егемен Қазақстан», 30.06.2010 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІЛ ТУРАЛЫ

1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Қазақстан Республикасының Заңы

1 тарау. Жалпы ережелер

2 тарау. Тіл - мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында

3 тарау. Тіл - білім беру, ғылым, мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласында

4 тарау. Тіл – елді мекен атауларында, жалқы есімдерде, көрнекі ақпаратта

5 тарау. Тілді құқықтық қорғау

6 тарау. Тілді шетелдермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда пайдалану

Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

1 тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

диаспора - өзінің тарихи шығу тегінен тысқары елде тұрып жатқан халықтың бір бөлігі (этникалық қауымдастық);

ономастика - тіл білімінің жалқы есімдерді, олардың пайда болуы мен өзгеруінің тарихын зерттейтін бөлімі;

орфография - дұрыс жазу ережесі, сөйленген сөзді (сөздер мен грамматикалық тұлғаларды) жазбаша беру тәсілдерінің бірізділігін белгілейтін ережелер жүйесі;

топонимика - ономастиканың географиялық объектілердің атауларын, олардың пайда болуы, өзгеру, қолданылу заңдылықтарын зерттейтін бөлімі;

транслитерация - бір графикалық жүйедегі мәтіндер мен жекелеген сөздерді басқа графикалық жүйенің құралдарымен әріппе-әріп арқылы беру.

терминологиялық комиссия - экономиканың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің барлық салалары бойынша қазақ тілінің терминологиялық лексикасы саласындағы ұсыныстарды әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган;

ономастикалық комиссия - географиялық объектілердің атауына және олардың атауларын өзгертуге бірыңғай көзқарас қалыптастыру, топонимикалық атауларды қолдану мен есепке алуды ретке келтіру, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру, сақтау жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган;

уәкілетті орган - тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға жауапты орталық атқарушы орган.

2-бап. Осы Заңның реттейтін мәселесі

Мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде тілдерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар осы Заң реттейтін мәселе болып табылады.

Осы Заң жеке адамдар арасындағы қатынастарда және діни бірлестіктерде тілдердің қолданылуын реттемейді.

3-бап. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңдар

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, тілдерді қолдануға және дамытуға қатысты Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар:

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;

Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға;

қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.

5-бап. Орыс тілін қолдану

Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

6-бап. Мемлекеттің тіл жөніндегі қамқорлығы

Қазақстан Республикасының азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар.

Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды.

Ұлттық топтар жинақты тұратын жерлерде іс-шаралар өткізілген кезде олардың тілдері пайдаланылуы мүмкін.

7-бап. Тілдердің қолданылуына кедергі келтіруге жол бермеу

Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді.

Қазақстанда мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылуына және оларды үйренуге кедергі келтіретін лауазымды адамдардың іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.

2 тарау. Тіл – мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында

8-бап. Тілдердің қолданылуы

Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады.

9-бап. Мемлекеттік органдар актілерінің тілі

Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін.

10-бап. Құжаттама жүргізу тілі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесінде, ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан, статистикалық-есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етіледі.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары құжаттаманы мемлекеттік тілде және (немесе) орыс және (немесе) ағылшын тілдерінде жүргізуге құқылы.

11-бап. Азаматтардың өтініштеріне қайтарылатын жауап тілі

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі.

12-бап. Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдарындағы тіл

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, сондай-ақ әскери және әскерилендірілген құрамалардың барлық түрінде, мемлекеттік бақылау мен қадағалау, азаматтарды құқықтық қорғау ұйымдарында және құқық қорғау органдарында мемлекеттік тілдің және орыс тілінің қолданылуы қамтамасыз етіледі.

13-бап. Сот ісін жүргізу тілі

Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал, қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

14-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу тілі

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер мемлекеттік тілде, ал қажет болған жағдайда, басқа да тілдерде жүргізіледі.

15-бап. Мәмілелер тілі

Қазақстан Республикасында жеке және заңды тұлғалардың жазбаша нысанда жасалатын барлық мәмілелері қажет болған жағдайда басқа тілдердегі аудармасы қоса беріліп, мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылады.

Шетелдік жеке және заңды тұлғалармен жазбаша нысанда жасалатын мәмілелер мемлекеттік тілде және тараптар үшін қолайлы тілде жазылады.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары мәмілелерді мемлекеттік тілде және (немесе) орыс және (немесе) ағылшын тілдерінде жасасуға құқылы.

3 тарау. Тіл – білім беру, ғылым, мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласында

16-бап. Тіл – білім беру саласында

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілде, ал ұлт топтары жинақы тұратын жерлерде солардың тілдерінде жұмыс істейтін мектепке дейінгі балалар ұйымдарын құру қамтамасыз етіледі.

Балалар үйлерінде және оларға теңестірілген ұйымдарда оқыту, тәрбие беру тілін жергілікті атқарушы органдар олардағы балалардың ұлттық құрамын ескере отырып белгілейді.

Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мемлекеттік тілде, орыс тілінде, ал қажетіне қарай және мүмкіндігі болған жағдайда басқа да тілдерде алуды қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарында мемлекеттік тіл мен орыс тілі міндетті оқу пәні болып табылады және білім туралы құжатқа енгізілетін пәндер тізбесіне кіреді.

17-бап. Тіл - ғылым және мәдениет саласында

Қазақстан Республикасында ғылым саласында, диссертацияларды ресімдеу мен қорғауды қоса алғанда, мемлекеттік тіл мен орыс тілінің қолданылуы қамтамасыз етіледі.

Мәдени шаралар мемлекеттік тілде және қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жүргізіледі.

18-бап. Баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі

Қазақстан Республикасы баспа басылымдары мен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілдің, басқа да тілдердің қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қажетті тілдік ортаны жасау және мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуы мақсатында, олардың меншік нысанына қарамастан, теле-радио арналары арқылы берілетін мемлекеттік тілдегі хабарлардың көлемі уақыт жағынан басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс.

4 тарау. Тіл - елді мекен атауларында, жалқы есімдерде, көрнекі ақпаратта

19-бап. Топонимикалық атауларды, ұйымдардың атауларын пайдалану тәртібі

Елді мекендердің, көшелердің, алаңдардың, сондай-ақ басқа да физика-географиялық объектілердің дәстүрлі, тарихи қалыптасқан қазақша атаулары басқа тілдерде транслитерация ережелеріне сәйкес берілуге тиіс.

Мемлекеттік ұйымдардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары мемлекеттік тілде және орыс тілінде беріледі. Бірлескен, шетелдік ұйымдардың атаулары мемлекеттік тілде және орыс тілінде транслитерация арқылы беріледі.

20-бап. Кісі есімін, әкесінің есімін және тегін жазу

Кісі есімін, әкесінің есімін және тегін ресми құжаттарда жазу Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келуге тиіс.

21-бап. Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі

Мемлекеттік органдардың мөрлері мен мөртаңбаларының мәтінінде олардың атаулары мемлекеттік тілде жазылады.

Меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың мөрлерінің, мөртаңбаларының мәтіні мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылады.

Бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнамалар, прейскуранттар, баға көрсеткіштері, басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жазылады.

Қазақстанда өндірілетін тауарлардың арнайы мәліметтер көрсетілген тауарлық жапсырмаларында (этикеткаларында), таңбаламаларында, нұсқаулықтарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде қажетті ақпарат болуға тиіс.

Шетелде өндірілген тауарлардың арнайы мәліметтер көрсетілген

тауарлық жапсырмалары (этикеткалары), таңбаламалары, нұсқаулықтары импорттаушы ұйымдардың қаражаты есебінен мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі аудармасымен қамтамасыз етіледі.

Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде - сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде он жағында немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Қажеттігіне қарай көрнекі ақпараттың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін. Бұл жағдайда қаріп өлшемі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардан аспауға тиіс. Ауызша ақпарат, хабарландыру, жарнама мемлекеттік тілде, орыс және қажет болған жағдайда, басқа да тілдерде беріледі.

22-бап. Тіл – байланыс саласында

Қазақстан Республикасының шегінде байланыс саласында мемлекеттік тілдің және орыс тілінің қолданылуы қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге почта-телеграф жөнелтілімдері белгіленген халықаралық ережелерге сәйкес жүргізіледі.

5 тарау. Тілді құқықтық қорғау

23-бап. Тілді мемлекеттік қорғау

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады. Мемлекеттік органдар бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына қажетті жағдай жасайды.

Тілдің дамуы мемлекеттік тілдің басымдығын және іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіруді көздейтін Мемлекеттік бағдарламамен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі терминологиялық және ономастикалық комиссияларды және қажет болған жағдайда басқа да құрылымдарды құрады.

24-бап. Тіл туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі мемлекеттік органдардың бірінші басшылары не жауапты хатшылары немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдары, кез келген меншік нысанындағы ұйымдардың бірінші басшылары, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Лауазымды адамның мемлекеттік тілді білмеу желеуімен азаматтардың өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ мемлекеттік тілде және басқа тілдерде қызмет атқарылатын салада олардың қолданылуына кез келген кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеліп соғады.

25-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

3) орталық және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар жасайды, тиісті органдарға Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдарға тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

5) тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтің ақпараттық, әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

6) терминологиялық және ономастикалық комиссиялардың қызметін үйлестіреді.

25-1-бап. Ономастикалық комиссияның құзыреті

1. Республикалық ономастикалық комиссияны Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне облыстардың, аудандар мен қалалардың атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы қорытындылар енгізу;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне өз құзыреті шеңберіндегі табиғи-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілердің атауы және олардың атауларын өзгерту туралы қорытындылар енгізу мақсатында құрады.

2. Облыстық ономастикалық комиссияларды облыстардың жергілікті атқарушы органдары:

1) ауылдардың (селолардың), кенттердің, ауылдық (селолық) округтердің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту;

2) облыстың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті шеңберіндегі табиғи-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілердің атауы және олардың атауларын өзгерту туралы қорытындылар дайындау мен енгізу мақсатында құрады.

3. Қалалық ономастикалық комиссияларды:

1) республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, тұйық көшелердің, парктердің, саябақтардың, көпірлердің және қаланың басқа да құрамдас бөліктерінің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті шеңберіндегі табиғи-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілердің атауы және олардың атауларын өзгерту туралы қорытындылар дайындау және енгізу мақсатында құрады;

2) облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, тұйық көшелердің, парктердің, саябақтардың, көпірлердің және қаланың басқа да құрамдас бөліктерінің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы қорытындылар дайындау және енгізу мақсатында құрады.

25-2-бап. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының құзыреті

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы:

1) тілдерді қолдану мен дамытудың өңірлік бағдарламасын әзірлеп, бекітеді және оның орындалуын қамтамасыз етеді;

2) орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің және аудандық атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар жасайды, тиісті органдарға Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдарға тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

4) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған облыстық маңызы бар шаралар кешенін жүзеге асырады;

5) облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) ономастикалық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді.

25-3-бап. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының құзыреті

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында тілдерді қолдану және дамытудың өңірлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейдегі іс-шараларды жүргізеді;

3) облыстардың атқарушы органдарына ауылдардың (селолардың), кенттердің, ауылдық (селолық) округтердің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді.

26-бап. 2004.20.12 № 13-III ҚР Заңымен алып тасталды

6 тарау. Тілді шетелдермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда пайдалану

27-бап. Тіл – халықаралық қызметте

Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктерінің қызметі мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда басқа да тілдерді пайдаланып жүзеге асырылады.

Екіжақты халықаралық шарттар, әдетте, уағдаласушы тараптардың мемлекеттік тілдерінде жасалады, көпжақты халықаралық шарттар оған қатысушылардың келісімімен белгіленген тілдерде жасалады.

Қазақстан Республикасында басқа мемлекеттер өкілдерімен өткізілетін ресми қабылдаулар мен өзге де шаралар басқа тілдерге аударылып, мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н. Назарбаев

ТІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ МЕН ДАМЫТУДЫҢ 2001-2010 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығы

Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бір айлық мерзімде әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асырудың барысы туралы жыл сайын 30 маусымға және 30 желтоқсанға жиынтық талдау баяндама ұсынсын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н. Назарбаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2001 ЖЫЛҒЫ 7 АҚПАНДАҒЫ № 550 ЖАРЛЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН ТІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ МЕН ДАМЫТУДЫҢ 2001-2010 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана, 2001 ж.

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Әзірлеуге негіздеме

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы №4106 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының 3-тармағына сәйкес әзірленген.

Негізгі әзірлеуші – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Мақсаттары

Қазақстан халықтарының тілдерін дамытудың стратегиясы үш негізгі мақсатты айқындайды: мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту; орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау; этникалық топтардың тілдерін дамыту.

Міндеттері:

Мақсаттарды іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді: мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару тілі ретінде қолданылуын

қамтамасыз ету; нормативтік құқықтық базасын жетілдіру; іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру кестесін (нақты мерзімдер мен іс-шараларды көрсете отырып) белгілеу арқылы барлық мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілдің іс жүргізудегі негізгі тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 және 93-баптарын іске асыру мақсатында республика көлемінде республикалық және жергілікті бюджеттің, ұйымдардың қаржылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған басқа да көздері есебінен азаматтарға мемлекеттік тілді тегін оқыту курстарының бірыңғай жүйесін құру;

Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми қолданылатын тіл ретінде орыс тілінің қызмет етуін қамтамасыз ету; орыс тілінің қолданылуын ғылыми-лингвистикалық тұрғыда қамтамасыз ету; этникалық қауымдастықтар (диаспоралар) өкілдерінің ана тілін оқытуға мемлекеттік қолдау көрсету.

Мемлекеттік тілді насихаттауды және қоғамдық өмірдің түрлі салаларына енгізуді жүзеге асыру.

Қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржылай қамтамасыз ету осы Бағдарламаны іске асыруға бөлінетін республикалық бюджеттен, жергілікті бюджеттер қаражаттары есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған басқа да көздерден жүзеге асырылады. Бағдарламаны іске асыруға арналған бюджет қаражатына ең төменгі есептік қажеттілік 3087,7 миллион теңгені құрайды. Оның жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақтыланатын болады.

Күтілетін нәтижелер

Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру Қазақстан аумағында қолданылатын тілдердің қажетті функционалдық арақатынасына қол жеткізумен айқындайтын, оңтайлы әлеуметтік-лингвистикалық кеңістік құруды көздейді.

2. Кіріспе

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) 10 жылға арналған. Бағдарламада Қазақстандағы тіл құрылысының ұзақ мерзімді келешегінің стратегиялық мақсаттары мен міндеттері айқындалып, сондай-ақ оларды іске асырудың басты бағыттары мен тетіктері белгіленген.

Белгіленген мақсаттарды, міндеттерді және басымдықтарды жүзеге асырудың нақты іс-әрекеттері, уәкілетті орган әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралардың екі жылдық қысқа мерзімді жоспарлары түрінде жасалынады.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заң), Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы №3186 өкімімен мақұлданған Қазақстан Республикасының Тіл саясаты тұжырымдамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы №4106 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленген.

Тіл құрылысының оңтайлы процесі этнолингвистикалық және мәдени қажеттіліктерді толыққанды іске асыруды қамтамасыз ете отырып, қоғамда азаматтық татулықты нығайтуға және оның одан әрі топтасуына жағдай жасайтындықтан, мемлекет өмірінің аса маңызды әлеуметтік қырларының бірі болып табылады. Бұл елімізде тілдерді дамыту мәселелерін мемлекеттік реттеу қажеттігін білдіреді. Мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлі оның дамуының басымдығын білдіретін жоғары деңгейдегі топтастыру әлеуетінен көрінеді.

Осы Бағдарламаны әзірлеу Қазақстанда оңтайлы функционалдық-лингвистикалық кеңістік құру үшін мемлекеттік биліктің барлық тармақтары мен тұтас қоғамның нысаналы да жүйелі қызметін жүзеге асырудың бірыңғай стратегиясын тұжырымдау қажеттігінен туындайды.

3. Проблеманың бүгінгі таңдағы жай-күйін талдау

1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заң қабылданған сәттен бері және Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы №4106 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын 1998-2000 жылдар аралығында іске асыру барысында қоғамдық өмірдің барлық негізгі салаларында тіл құрылысы процестерінің одан әрі кеңеюі мен тереңдеуі үшін алғышарттар жасалды. Бұл мемлекеттік органдар, ұйымдар мен тұтас қоғамның үйлестірген, мақсатты күш-жігерінің нәтижесі болды.

Қазіргі уақытта елде тілдер қолданысының дамуын табысты іске асырудың құқықтық негіздері қалыптасты. Тіл құрылысының үрдістері қоғамда түсіністік пен қолдау тауып отыр.

Мемлекеттік органдар жүйесінде мемлекеттік тілді талап етілуінің арту үрдісі байқалуда. Бұл орайда қазақ халқы басым тұратын аймақтарда біршама айтарлықтай нәтижелерге қол жетті. Бұл, ең алдымен, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарына тән. Қазақстанның Солтүстік, Орталық және Шығыс облыстарында да мемлекеттік тілді дамыту бағытында белгілі бір деңгейде жұмыс жүргізілуде. Орталық атқарушы органдардың мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейтуге бағытталған нысаналы жұмыстарының арқасында оның талап етілуінің өсу үрдісі байқалады. Көптеген мемлекеттік органдар мен ұйымдарда іс қағаздары екі тілде мемлекеттік және ресми тілде жүргізіледі.

Алайда, қол жеткен нәтижелерге қарамастан, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің әлеуетін іске асыру деңгейі әлі де төмен екенін атап өту керек. Мемлекеттік қызметшілер арасында мемлекеттік тілді еркін меңгерген мамандар аз. Сол себепті Бағдарламаны іске асыру барысындағы басты міндеттің бірі білікті кадрлар даярлау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері жүйесіне мемлекеттік тілді енгізу процесі басталды. Қазіргі заманғы қазақ әскери терминологиясының қалыптасу процесі жүріп жатыр. Алайда әскери құрамаларда күнделікті қызметтік міндеттерін орындау барысында

мемлекеттік тілдің қолданылуы шектеулі күйде қалып отыр. Бұл жерде негізгі күш-жігерді арнаулы әскери лексиканы қалыптастыру мен мемлекеттік тілді оқытуға жұмсау қажет.

Білім беру жүйесінде мемлекеттік тілдің рөлі біртіндеп артып келеді. Білім және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша, 1999-2000 оқу жылында, республика мектептеріндегі 3,5 миллион оқушының 1,6 миллионы (50,6%) қазақ тілінде, 1,5 миллионы (45%) - орыс тілінде, 80 мыңы (2,3%) - өзбек тілінде, 23 мыңы (0,6%) - ұйғыр тілінде, 2,5 мыңы (0,07%) - тәжік тілінде және мыңнан астамы басқа тілдерде оқыды. Қазақ тілінде оқытатын мектептердің жалпы саны біртіндеп өсіп, 2000 жылы республикадағы мектептердің жалпы санының 43% (7910) шамасына жеткенімен, олардың аймақтар бойынша, сондай-ақ "қала-ауыл" схемасы бойынша бөлінуі біркелкі емес.

Бұдан басқа, қазақ тіліндегі сыныптардың тепе-теңдігі сақталмауына байланысты тиісті тілдік ортадан бөлініп қалған "аралас мектептер" деп аталатын мәселе де бар. Оның үстіне, қазақ тілінде оқытатын мектептердің көпшілігі дәріс берудің жоғары жеткіліксіз деңгейін көрсетуде. Басқа тілдерде оқытатын мектептер туралы да осындай жайды атап өтуге болады. Едәуір толымды оқу-әдістемелік әлеуеті қалыптасқан орыс тілінде оқытатын мектептерде бұл проблемалар соншалықты өзекті болып отырған жоқ.

Егер мемлекеттік тілде білім беретін мектептер саны біртіндеп өсіп келе жатса, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің саны азайып барады. Олардың саны 2000 жылы еліміз бойынша осы тектес ұйымдардың жалпы санының 25%-нен (1158) асқан жоқ. Осылайша, неғұрлым тілді қабылдауға бейім ұрпақ тілдік қатынастарды мемлекеттік реттеу саласынан сырт қалуда.

Республиканың бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарында 200 мамандық, жоғары оқу орындарында 75-тен астам мамандықты оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. Қазақ тілінде оқыту бөлімдерінде оқитын студенттердің саны 2000 жылы барлығы 32%-ті (85300) құраса, орыс тіліндегі бөлімдердегі студенттердің саны 68%-ті (181000) құрайды. Қазақ тілінде оқыту бөлімдерінің жалпы алғанда өсуіне қарамастан, осы тілде оқытылатын мамандықтар санын көбейтуге назар аудару керек. Мәселен, 1998-1999 оқу жылынан бастап еліміздің жоғары және

орта арнаулы оқу орындарына "Мемлекеттік тілде іс жүргізу" атты жаңа мамандық енгізілді.

Мемлекеттік тілді оқытуда сабақ жүргізудің жаңа жеделдетіп оқыту әдістемелерін әзірлеу, дыбыс-бейне материалдарды, компьютерлік технологияларды пайдалану нәтижесінде үлкен мүмкіндіктер көзі ашылуда. Осылайша, бүгінгі күні орталық атқарушы органдарда мемлекеттік тілде электронды құжат айналымын қамтамасыз ету жөнінде компьютерлік бағдарламалар әзірленіп, орнатылды, сканер арқылы компьютер қаріптерін тануды, қазақ тілінде дұрыс жазылуын тексеруді, мәтіндерді қазақ тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне автоматты түрде аударуды қамтамасыз ету жөнінде бағдарламалар әзірленді.

Мемлекеттік тілдің алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі оның жаңа әлеуметтік-мәдени болмысты бейнелеудегі мүмкіндіктерін кеңейтудің қажеттігі болып отыр. Бұл бағытта нысаналы ғылыми зерттеу жұмысы жүргізілуде. Қазақ тілінің терминологиялық базасын түзу мен жетілдіруге басты назар аударылып отыр. Мемлекеттік терминологиялық комиссия 610 жаңа терминді бекітті, алғашқы рет 31-томдық салалық терминологиялық сөздіктер шығару жүзеге асырылуда.

Қолданылып жүрген заңдармен айқындалған, республика аумағындағы тарихи атауларды қалпына келтіру мен жүйелеу және жер-су атаулары мен басқа да атауларды фонетикалық, таңбалық және лексикалық принциптерге сәйкестендіру жұмысы жандандырылуда. Осы уақытқа дейін 64 аудан, 8 қала, 420 ауыл мен поселке, 680 білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау мен басқа да объектілер жаңа атауларға ие болды.

Мемлекеттік тілде қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялардың жалпы санының ұлғаюы байқалады. Алайда, олардың саны әлі де көп емес, ол республикада 1999 жылы қорғалған диссертацияның 14%-нен аспайды (1267-нің 174-і).

Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары салаларында мемлекеттік тілді дамытуда белгілі бір оң ілгерілеуге қол жетті. Қазақ тіліндегі телехабарлардың көлемін ұлғайту бағытында айтарлықтай оң қадамдар жасалды. Бұл ретте мемлекеттік тілде хабар таратын

мамандандырылған телеарнаның ашылғанын атап айтуға болады. 2000 жылы 192 телеарнаның басым көпшілігі 144-і екі тілде хабар таратты. Дегенмен мемлекеттік тілде және басқа тілдерде хабар тарату уақытының заң актілерімен айқындалған сандық арақатынасы көп жағдайда сақталып отырған жоқ.

Мемлекеттік басқару органдары жүйесінде, еліміздің Қарулы Күштерінде, халыққа қызмет көрсету, мәдениет пен өнер салаларында ресми қолданылатын тілдің тұрғысы дәстүрлі түрде күшті болып отыр. Орыс тілінің білім мен ғылымдағы басымдығы сақталуда, оның бұқаралық ақпарат құралдары саласында жетекші тіл болып қалуы жалғасуда. Мәселен, 2000 жылы елде 2365 орыс тілінде оқытатын мектеп, орыс тілінде оқытатын сыныптары басым 2055 аралас мектеп есепке алынды, орыс тілінде 393 газет, 78 журнал атауы шығарылып, 20 телеарна жұмыс істейді.

Қазақстан аумағында тұрып жатқан барлық диаспоралар тіліне мемлекет тарапынан көмек көрсетілуде. Ана тілі мен мәдениетін дамыту мақсатында елімізде ана тілін оқытудың жексенбілік мектептер жүйесі құрылған. 1999-2000 оқу жылында жексенбілік мектептерде 14 тіл ана тілі ретінде оқытылды: корей, иврит, украин, татар, неміс, түрік, шешен, ұйғыр, армян, әзірбайжан, чуваш, поляк, курд және дұнған тілдері. Жексенбілік мектептер туралы үлгі ереже әзірленді. Оқытудың мұндай түрі өзін жақсы жағынан көрсетіп үлгерді және келешегі де бар. Елімізде диаспоралар тілінде 11 газет шығарылып, 12 тілде телехабарлар жүргізіледі.

4. Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері

Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген және “Қазақстан Республикасындағы тіл туралы” заңда көрініс тапқан, республикада лингвистикалық өрісті қалыптастырудың функционалдық принциптеріне сәйкес сараланған айқындама негізінде тіл құрылысын үш бағытта: мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту; орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау;

Қазақстан халықтарының басқа тілдерін дамыту бойынша жүзеге асыру орынды болмақ.

Айқындаманың сараланyы функционалдық-лингвистикалық топтардың әрқайсысының алдында тұрған міндеттердің айырмашылығын көрсетумен дұрыс болып табылады. Сонымен, қазақ тілін дамыту бағыты оның мемлекеттік мәртебесін іске асыру қажеттігімен айқындалады; орыс тілінің қолданылуын қамтамасыз ету қызметінің басты бағыты оның мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен қатар ресми қолданылу қызметін сақтау болып табылады; этникалық топтардың лингвистикалық сұраныстарын қанағаттандыру, ана тілін әркімнің пайдалануға қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға конституциялық құқығын іске асыруға, Қазақстан халықтарының тілдерін оқып үйрену мен дамыту үшін жағдай жасауды талап етеді.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту мақсатында қол жеткізу өз кезегінде мына міндеттерді шешуді талап етеді:

1) мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету: нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді қызметтік міндеттерін орындауға қажетті деңгейде меңгеру үшін шаралар қолдану; мемлекеттік органдар жүйесінде мемлекеттік тілдің іскерлік қарым-қатынастың негізгі тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету; мемлекеттік органдарда актілерді әзірлеу мен қабылдауда негізгі тіл ретінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету; сот ісін жүргізуді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізуді заңнамаларға сәйкес қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, сондай-ақ әскери және әскерилендірілген құралымдардың барлық түрінде мемлекеттік тілдің қолданылуы үшін шараларды қамтамасыз ету; іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшірудің кестесін (нақты мерзімдер мен іс-шараларды көрсете отырып) белгілеу арқылы барлық мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іс жүргізудің негізгі тілі ретінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету; халықаралық қызметте мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз

ету; мемлекеттік тілді насихаттауды және қоғамдық өмірдің түрлі салаларына енгізуді жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жағдай жасау: Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 және 93-баптарын іске асыру мақсатында мемлекет көлемінде республикалық және жергілікті бюджеттің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған басқа да көздері есебінен азаматтарға мемлекеттік тілді тегін оқыту курстарының бірыңғай жүйесін жасау; ғылым, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету салалары қызметкерлерінің мемлекеттік тілді тиісті деңгейде меңгеруі үшін құқықтық, ұйымдық шараларын және материалдық-техникалық жағдай жасалуын қамтамасыз ету; меншік нысанына қарамастан барлық үлгідегі мектеп жасына дейінгі мекемелердің, жалпы білім беретін мектептердің, орта арнаулы және жоғары оқу орындарының тәрбиеленушілері мен оқушыларының мемлекеттік тілді меңгеру саласындағы білімі мен біліктерінің барынша жоғары деңгейге жетуін қамтамасыз ету;

3) ғылыми-лингвистикалық зерттеулер мен олардың нәтижелерін нақты іске асыруды жеделдетуді жүзеге асыру жолымен қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларын бірыңғайлауды қамтамасыз ету: қазіргі қазақ әдеби тілінің сөзжасам процестерінің, оның ішінде терминжасам принциптерін ғылыми негізде жүйеге келтіру, қазақ тілінің толыққанды терминологиялық жүйесін енгізу; қазіргі қазақ тілінің тілге ортақ әдеби нормаларын жүйеге келтіру; қазақ тілінің фонологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ әліпбиі мен орфографиясын жетілдіру жөнінде шаралар қолдану; ономастика мәселелерін ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету;

4) мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету: кино- және бейнеөнімдерді, оның ішінде анимациялық фильмдерді (аударма жұмыстарын қоса алғанда) мемлекеттік тілде шығару мен тарату (телеарналардан көрсету) шараларының жүйесін ұйымдастыру; мәдениет, ғылым, көркем әдебиет пен өнердің әртүрлі саласында мемлекеттік тілде баспа өнімдерін шығаруды қамтамасыз ету; мәдени-көпшілік шараларды мемлекеттік тілде ұйымдастыру; мемлекеттік тілді дамытуға

бағытталған жұмысқа ақпараттық-насихаттық қолдау жасау; бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету; мемлекеттік тілді компьютерлендіру мәселелерін шешу. Орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешуге назар аудару қажет: мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми қолданылатын тіл ретінде орыс тілінің қызмет етуін қамтамасыз ету;

ғылым мен білім беру салаларында орыс тілінің қолданылуын қамтамасыз ету; мәдениет пен бұқаралық ақпарат құралдары салаларында орыс тілінің қолданылуын қамтамасыз ету; орыс тілінің қолданылуын ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету.

Этникалық топтардың тілдерін дамыту мақсатына қол жеткізу мына міндеттерді шешуді талап етеді: этникалық қауымдастықтар (диаспоралар) өкілдерінің ана тілін оқуына мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету; этникалық қауымдастықтар тілдерінің мәдениет саласында қолданылуына жағдай жасау; этникалық қауымдастықтар тілдерінің бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылуына жәрдемдесу.

5. Тілдік дамудың басым бағыттары мен Бағдарламаны іске асырудың тетіктері

5.1. Тілдік дамудың басым бағыттары

Жоғарыда аталған үш функционалдық-лингвистикалық топ үшін дамудың басым бағыттары алға қойылған мақсаттар мен міндеттерден туындай отырып, қалыптасады. Осылайша, басымдықтарды таңдау олардың әрқайсысы үшін заңмен айқындалған әлеуметтік қызметтермен тікелей байланыста болады. Басымдықтар сатылық тәртіппен тізбектеледі:

1-басымдық. Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету.

2-басымдық. Мемлекеттік тілді мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу, іс қағаздары салаларында, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен құқық қорғау органдарында, халықаралық қызметте дамыту.

3-басымдық. Білім беру және тілдерді оқыту салаларындағы тілдік даму.

4-басымдық. Тілдік дамуды ғылыми қамтамасыз ету.

5-басымдық. Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету салаларында тілдік даму.

Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Тілдерді дамытуды құқықтық қамтамасыз етудегі маңызды міндеттердің бірі қызметі тікелей әлеуметтік коммуникация барысында іске асатын қоғамдық өмірдің бірқатар салаларының қызметкерлері үшін мемлекеттік тілді меңгеруге қатысты бөлігін әзірлеу мен талаптарын нормативтік тұрғыдан бекіту болып табылады. Бұл ең алдымен, мемлекеттік қызмет, денсаулық сақтау, білім беру, ғылым, мәдениет, халыққа қызмет көрсету, көлік, байланыс салалары. Осыған байланысты мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сай білуді қажет ететін кәсіптер, мамандықтар мен лауазымдар тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) заңмен айқындалуға тиіс. Аталған Тізбе "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының үшінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді. Жекелеген кәсіптерге, мамандықтар мен лауазымдарға қатысты нормативтік талаптардың күшіне ену уақыты саралануға тиіс. Осылайша, мемлекеттік тілді меңгеру бөлігінде талаптардың күшіне ену процесі жекелеген лауазымдар үшін кезең-кезеңімен жүргізіледі, мұның өзі қажетті бейімделу кеңістігін жасауға мүмкіндік береді. Оның үстіне, Тізбені түзу процесі жаңа кәсіптердің, мамандықтар мен лауазымдардың біртіндеп қосылуын көздеуі қажет.

Тілді дамытудың ынталандыру сипатындағы қосымша шаралармен нығайтылмаған қасаң әкімшілік әдістерінің жеткілікті түрде тиімді бола бермейтінін практика көрсетіп отыр. Сондықтан бұйрық мәнді шаралармен қатар ынталандыру әдістерін де кеңінен енгізу қажет. Өз жұмысында мемлекеттік тілді қолданатын мемлекеттік органдар, ұйымдар мен мекемелер қызметкерлерін материалдық ынталандыру жөніндегі шаралардың тиімді жасау үшін құқықтық негіздер әзірлеу қажет. Аталған мәселені шешу мемлекеттік тілді меңгеру үшін неғұрлым пәрменді тетіктердің бірі болуға тиіс.

Сонымен қатар, тіл заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселе іс жүзінде шешуді талап етеді. Оның

негізгі ережелерін бұзғаны үшін пәрменді санкциялар жүйесін әзірлеу қажет.

Тіл саласындағы қатынастарды реттеуші заңдарды одан әрі жетілдіру тіл құрылысының өзекті талаптарына негізделуі қажет. Бұл мемлекеттік ұйымдарда аудармашылық қызметті реттеудің құқықтық тетіктерін әзірлеуді талап етеді. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің дәлме-дәл сәйкестігі мен оларды ресми практикада қолдану тәртібі туралы мәселе де нормативтік реттеуді қажет етеді. Қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің тіл туралы заңдардың талаптарына сәйкес келуіне назар аударған жөн.

Тіл - Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында

Мемлекеттік тілдің мемлекеттік органдар жүйесінде қолданылу аясын одан әрі кеңейту кадрлардың тиісті тіл даярлығын талап етеді, ол уақыт өте келе біліктілік талаптары мен қызметтік міндеттеріне қарамастан мемлекеттік қызметшілердің күллі санаттары үшін міндетті болуға тиіс. Осы мақсатта мемлекеттік қызметшілер үшін бірыңғай оқу-әдістемелік бағдарламаға негізделген оқыту курстарының орталықтандырылған жүйесін жасау қажет. Мұндай курстарды түзуде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту республикалық орталығы базалық ұйым бола алады. Сонымен бір мезгілде арнаулы кестеге сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің әрбір санаты үшін мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде меңгеру бөлігіндегі міндетті талаптарды әзірлеу керек. Осы кесте мемлекеттік тілді оқыту курстарының жұмыс бағдарламаларының, аталған талаптардың қызметкерлердің ағымдағы лингвистикалық даярлығының деңгейімен сай болуы үшін сәйкестендірілуге тиіс.

Құжат мәтіндерін мемлекеттік тілде даярлаудың орнына оларды ресми қолданылатын тілден аударудың кең тараған тәжірибесінің мемлекеттік органдар жұмысында одан әрі беки түскен үрдісі белең алып барады. Соған қарамай, ол тек уақытша шара ретінде ғана қарастырылуға тиіс. Сондықтан мемлекеттік органдарда құжаттамаларды тікелей мемлекеттік тілде жасауға кезең-кезеңімен көшуді орталықтан бекітілген

ұзақ мерзімдік жоспарға сәйкес нақты жүзеге асыру керек. Бұл ретте мемлекеттік тілдің тек іс қағаздарын жүргізу саласында ғана емес, мемлекеттік органдар актілерін әзірлеу мен қабылдау саласында да қолданылу мәселесіне назар аударған жөн.

Мемлекеттік тілдің республиканың Қарулы Күштерінде қолданылу мәселесін атап айту айрықша қажет. Тарихи қалыптасқан жағдайларға орай аталған салада мемлекеттік тілдің қолданылуы "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңның 12-бабының талаптарына толық жауап бермейді. Ал еліміздің Қарулы Күштерінде оның толыққанды қолданылуы ұлттық қауіпсіздікті нығайту мәселесі де болып табылады. Сондықтан офицерлік және сержанттық-сарбаздық құрамның мемлекеттік тілді меңгеруінің міндетті талаптарын белгілеу қажет. Аталған талаптардың табысты іске асуы үшін ерекше бағдарлама бойынша арнаулы жоспарға сәйкес әскери қызметін өтеу орындарында мемлекеттік тілді тұрақты оқытуды ұйымдастыру қажет.

Мемлекеттік егемендіктің аса маңызды атрибуттарының бірі ретінде мемлекеттік тіл елдің халықаралық қызметінде лайықты көрініс табуы керек. Ресми халықаралық кездесулер мемлекеттік тілде жүргізілуге тиіс.

Мемлекеттік тілді елдің мемлекеттік басқару, заңнама, сот ісін жүргізу салаларында, Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдарында, халықаралық қызметінде қолдану жөніндегі шараларды жүзеге асыру және қабылдау қажет.

Білім беру және тіл оқыту салаларында тілдік даму

Тіл дамуын табысты жүзеге асырудың неғұрлым маңызды шарттарының бірі қоғамдағы жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын тілдерді оқытудың толыққанды жүйесінің тұрақты қызмет етуін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету болып табылады. Аталған жүйе түрлі деңгейлерде және әр түрлі нысандарда жүзеге асырылатын өзара байланысты сабақтас және мүмкіндігінше үздіксіз процесс болуға тиіс. Қазіргі уақытта бұл саладағы негізгі назар жеткілікті көлемде лингвистикалық даярлықты жүзеге асырудың неғұрлым оңтайлы әрі табиғи жолы болып табылатын әр түрлі оқу және тәрбие мекемелеріне аударылып отыр. Талап етілетін білім мен

дағдыны толық әрі терең игеру үшін қажетті үздіксіздік принципі оқытуды мектепке дейінгі тәрбие мекемесі - мектеп - жоғары (орта арнаулы) оқу орны классикалық схемасы бойынша құрған жағдайда ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Алайда аталған модель оның жоғары сапалық көрсеткіштері бола тұра, талап етілетін сапалық аспектіні, яғни халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарын кеңінен қамтуды толық көлемде қамтамасыз ете алмайды. Осыдан барып, республика азаматтарының тілдік даярлығын жүзеге асырудың басқа да жолдары мен тәсілдерін іске асыру қажеттігі туындайды.

Балалар әлеуметтік коммуникациялардың алғашқы дағдысын құрдастарымен араласу кезінде алатынын ескере отырып, олардың бастапқы тіл даярлығында мектепке дейінгі мекемелер зор рөл атқаруға тиіс. Сондықтан олардың санын көбейту жөнінде мүмкін болатын барлық шараларды қолдану керек. Атап айтқанда, қазақ тілінде оқытатын мектепке дейінгі мекемелер жүйесін кеңейтуге назар аударған жөн.

Өскелең ұрпақтың рухани-имандылық дамуы және елінің мемлекеттік тіліне деген қызығушылығын дарыту мақсатында мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды қазақ тіліндегі көркем, танымдық әдебиетпен, әдістемелік құралдармен, мерзімді басылымдармен толық және сапалы қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу қажет.

Тіл даярлығын ұйымдастыруды қамтамасыз етуде жалпы білім беретін мектептер үлкен мүмкіндіктерге ие болып отыр. Бұл жерде маңызды проблемалардың бірі оқушыларды отандық оқулықтардың жаңа буынымен қамтамасыз ету болып табылады. Бірінші кезекте бұл қазақ тілінде оқытатын сыныптарға қатысты. Бүгінгі таңдағы оқулықтар өзбек, ұйғыр және басқа тілдердегі ұлттық мектептерге де қажет. Қазақстанның әлеуметтік-мәдени жағдайына бейімделген орыс тіліндегі оқулықтар шығаруды ұйымдастыру қажет.

Оқу орындары түлектерінің мемлекеттің әлеуметтік кеңістігіне одан әрі табысты кірігуі мақсатында оқыту тілі мен меншік нысанына қарамастан, барлық оқу орындарында жетекші пән болуға тиіс мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек. Бұған қажетті сағат саны басқа тілдердің есебінен емес, оқу процесін жалпы оңтайластыру нәтижесінде бөлінуге тиіс.

Мемлекеттік тілдің бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі жағдайы одан әрі де жақсартуды талап етеді. Бұл жекелеген пәндерді оқыту сапасымен қатар, олардың санына да қатысты. Елдің бастауыш, орта және жоғары оқу орындары ұсынатын қазақ тілінде оқытылатын мамандықтар шеңбері мүмкіндігінше шаруашылық, мәдени, қоғамдық және басқа да қызметтер саласын қамти отырып, жоспарлы түрде кеңейтілуге тиіс.

Тілдерді тиімді меңгеру саласындағы мүмкіндіктерді кеңейту мен тереңдету үшін дәстүрлі оқу орындарындағы оқытумен қатар кейбір басқа әдістер де керек екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл, атап айтқанда, халықтың түрлі оқу орындарында оқу мүмкіндігі жоқ ересек тобына қатысты. Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдық, материалдық және техникалық жағдай жасау туралы Конституцияның 93-бабының талабы аталған топқа да қолданылуға тиіс. Өз бетімен оқып-үйренуге арналған теле- және радио хабарлар, газеттердегі арнаулы жарияланымдар сияқты қазақ тілі сабақтарын өткізудің түрлі нысандары кеңінен енгізілгені дұрыс.

Алайда, бұл жерде басты бағыт мемлекеттік тілді жеделдетіп оқытуға арналған тегін тіл курстарының жүйесін ұйымдастыру мен қолдану болуға тиіс. Мұндай курстар жұмыс орындарында арнайы нормативтік актіге сәйкес құрылғаны жөн. Курстарда оқудың нәтижелілігіне мүдделілікті арттырудың тиімді тетіктерін әзірлеу керек. Курстарда оқудың нәтижесі қызметкердің негізгі кәсіби қызметінің нәтижелерімен бір деңгейде қаралуға тиіс. Аталған ереже тіл туралы заңдардың талаптары қолданылатын қоғамдық қызмет салалары үшін міндетті болуға тиіс. Мұндай курстар сонымен қатар түрлі деңгейдегі әкімияттарда ашылып, жергілікті бюджеттен қаржыландырылуы мүмкін. Курстарды ұйымдастыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін қосымша қаржылай қолдау Қазақстан халықтары тілдерін қолдау қорын құрудың нәтижесінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Қолданыстағы заңдарға сәйкес ресми пайдаланылатын тілдің қолданылуы қоғамдық өмірдің барлық саласында іс жүзінде тұрақты болып отыр және мемлекеттің күш-жігері бұл жерде осы жағдайды қолдауға бағытталуға тиіс.

Қазақстан халықтарының тілдерін қолдау мақсатында қарымқатынас, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауға конституциялық құқықты іске асыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету қажет. Ана тілін үйретететін таңдаулы жексенбілік мектептер тәжірибесін жинақтау мен тарату мақсатқа сай келеді. Жексенбілік мектептерге мүмкіндігінше одан әрі қолдау, соның ішінде кітап және оқу-әдістемелік қорын құруға көмек көрсету керек. Елдің орта арнаулы және жоғары оқу орындарында ұлт тілдерін оқытатын мамандарды даярлау жөніндегі қызметті жалғастырған жөн.

Ғылыми қамтамасыз ету

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру әлем тілдерін дамыту тәжірибесіне сәйкес жаңа әлеуметтік-мәдени және ғылыми болмыс аясында оның лексикалық және семантикалық тынысының мүмкіндіктерін кеңейтуді талап етеді. Аталған саладағы негізгі міндет, терминологиялық шығармашылықты қоса алғанда, жаңа лексикалық бірліктерді енгізу процестерін бірыңғайлау болып табылады. Терминологиялық жұмыстың негізгі принциптерін тұжырымдау қажет. Терминологиялық шығармашылық жоспарлы түрде жүзеге асырылатын қызмет жүйесінің бірыңғай принциптеріне сүйенген, орталықтандырылған ғылыми негізделген болуға тиіс.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің грамматикалық нормаларының біріздiлігін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында орфографиялық кеңес құру мүмкіндігін көздеу қажет. Оның қатысуымен қазақ әліпбиі мен орфографиясын жетілдіру жөніндегі қызметті жалғастырған жөн.

Қазақ тіліндегі ғылыми шығармашылықты одан әрі дамыту талап етіледі. Бұл мақсатта диссертация қорғау жөніндегі ғылыми кеңестер қызметін кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшіру жұмыстарын жалғастыру қажет.

Мемлекеттік тілді дамыту мәселелерін ғылыми қамтамасыз етуде А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты басым рөлге ие болуға тиіс. Осы мақсатта оның материалдық-техникалық базасын күшейту, мамандар құрамын ұлғайту, іргелі және қолданбалы лингвистикалық зерттеулерді әзірлеуге мемлекеттік тапсырысты кеңейту қажет. Инсти-

тут лингвистиканың теориялық және қолданбалы мәселелері бойынша сараптамалық бағалау мен қорытындылар беруде жетекші орында болуға тиіс.

Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары, денсаулық сақтау мен халыққа қызмет көрсету салаларындағы тілдік даму

Мәдениет саласында неғұрлым бұқаралық әрі көрініс ті нысандарға айрықша назар аудару қажет, бұл кино, мультипликация, телешоу, сазды бағдарламалар, жастар журналдары. Солардың арасында мемлекеттік тілде шығарылатын теле- және радио хабарлар, журналдар, көркем және анимациялық фильмдердің жалпы саны мен сапасы егемен Қазақстанның қажеттіктерін қанағаттандыра алмай отыр. Қоғамдық қызметтің аталған саласында мемлекеттік ынталандырудың тиімді тетіктерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекет бұл ретте белсенді позиция ұстануға тиіс. Бұл сонымен қатар мемлекеттік тілді компьютерлендіру мәселелеріне, оны ғаламдық компьютер желісіне енгізуге қатысты.

Мемлекеттік тілдің жұмыс істеуін қамтамасыз етудің неғұрлым күрделі учаскелерінің бірі халыққа қызмет көрсету саласы болып отыр. Бұл аталған саладағы тілдік қызметті мемлекеттік реттеудің күрделілігімен сабақтасып жатыр. Алайда, мемлекеттік тілдің денсаулық сақтау, сауда, көлік және байланыс сияқты салаларға енуі мүмкіндігінше мұндай ықпал ету мемлекет тарапынан жүзеге асыруға болатын жерлерде іске асырылуға тиіс. Бұл үшін, бірінші кезекте, елдің мамандандырылған оқу орындарында - жоғары, орта арнаулы және кәсіптік оқу орындарында мамандарды тиісті даярлауды кеңейту қажет. Одан басқа, аталған талаптар атқаруға тиісті кәсіби міндеттерінің қажеттігімен сабақтасып жатқан салаларда мемлекеттік тілді меңгеру бөлігінде міндетті талаптарды белгілеу қажет. Оларға денсаулық сақтау, байланыс, көлік ұйымдары, банктердің есеп-кассалық бөлімдері жатады.

Мемлекеттік тілді дамыту мақсатында қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, ауызекі және көрнекі әсер етудің түрлі нысандары мен әдістерін пайдалана отырып, мемлекеттік тілді насихаттау және енгізу жөніндегі шараларды әзірлеу қажет.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметкерлерінің қазақ тілін білу деңгейін объективті бағалау мақсатында қазақ тілін оқытудың әдістемесі мен тестілеудің әмбебап жүйесін әзірлеу қажет. Бұл ретте, шетел тілдерін оқытудың халықаралық тәжірибесі мен озық технологияларын ескеру қажет.

Қазақстан Республикасында тұрып жатқан шет мемлекеттер азаматтары санының өсу үрдісін назарға ала отырып, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесін жасауды және TOEFL, IELTS т.б. сияқты тілді меңгеру деңгейін анықтауға арналған жүйені әзірлеуді қарастыру керек.

5.1-1. Мемлекеттік тілді насихаттау және қоғамдық өмірдің түрлі салаларына енгізу

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың басты шарттары Қазақстан Республикасы Конституциясының, тілдер туралы заңнамасының сақталуы жөніндегі дәйекті шараларды жүзеге асыру, мемлекеттік тілді республиканың барлық азаматтарының еркін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдай жасау болып табылады.

Ол үшін сапалы жаңа оқу бағдарламалары, оқу және әдістемелік, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде де құралдар жасалуға тиіс. Арнайы компьютерлік бағдарламаларды жасау кезінде инновациялық технологияларды пайдалануға ерекше көңіл бөлгені жөн.

Барлық өңірлерде, бірінші кезекте ауылдық жерлерде қазақ тілінде тәрбие беретін және оқытатын мектепке дейінгі балалар мекемелерінің санын, республиканың оқу орындарындағы қазақ тілі сағаттарының санын жоспарлы түрде ұлғайтуды қамтамасыз ету, сондай-ақ оқыту сапасын арттыру, мемлекеттік қызметшілердің және кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері басқа санаттарының мемлекеттік тілді кеңінен оқуы жөнінде шаралар қолдану қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдарының оңтайлы тілдік орта қалыптастыру, халықтың түрлі тобына арналған әр алуан көкейкесті теле және радиобағдарламалар шығару арқылы көркемдік талғамын тәрбиелеу жөніндегі рөлін арттыру қажет.

Лингвистика мамандарын тарта отырып және бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланып, қазақ терминологиялық лексикасын біріздендіруді қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастырған жөн.

Мемлекеттік тілді насихаттау мен енгізу жалпы тілдік ахуалға жасалған нақты әрі ғылыми талдаусыз табысты бола алмайды. Әлеуметтанушылық және әлеуметтік лингвистикалық мониторинг тілдік процестердің жүру қарқынын және демографиялық, әлеуметтік, этникалық өлшем бойынша оның өңірлік саралануын көрсететін тіл саясатындағы тұрақты түзетулерді қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту жөніндегі бағдарламаны табысты іске асыру үшін тіл саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық базаны одан әрі жетілдіру жөніндегі шараларды қолдану қажет.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық ынтымақтастық іс-тәжірибесінде халықаралық шарттарды дайындау және жасасу кезінде мемлекеттік тілді пайдалану міндетті талап болуға тиіс. Ресми іс-шараларды мемлекеттік тілде жүргізу, бұл ретте басқа тілдерге сапалы ілеспе аударманы қамтамасыз ету қажет. Нормативтік-құқықтық актілер, лауазымды тұлғалардың сөйлейтін сөздері, қызмет бабында пайдалануға арналған құжаттар ең алдымен мемлекеттік тілде дайындалуға тиіс.

Мемлекеттік тіл бірқатар мемлекеттік басқару органдарында қолданылмайды немесе мардымсыз қолданылады. Осыған байланысты мемлекеттік органдар іс жүргізуді, есептік-статистикалық, қаржылық және техникалық құжаттаманы 2010 жылға дейін мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 2-тармағындағы қағиданы сақтай отырып жүргізуі қажет:

2006 жылы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының және Алматы қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдары;

2007 жылы – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық

қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (Қаржы полициясы), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі, Алматы, Павлодар облыстарының және Астана қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдары;

2008 жылы – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдары;

2009 жылы – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының өңірлік қаржылық орталығы қызметін реттеу агенттігі.

5.2. Бағдарламаны іске асыру тетіктері

Бағдарламаны іске асырудың негізгі тетігі Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарында (бұдан әрі - Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары) көзделген Іс-шаралар жүйесін жыл сайын кезең-кезеңмен орындау болып табылады. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын уәкілетті орган Бағдарламада қойылған міндеттерді іске асыру нәтижесінде бұдан алдыңғы кезеңде болған өзгерістерді ескере отырып, әрбір келесі екі жыл сайын жасайды. Мұндай жоспарлау Бағдарлама ережелерінде айқындалған ұзақ мерзімді стратегиялық перспективаларды міндетті түрде ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс. Мұның алдындағы Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру тәжірибесі орындалуы қысқа мерзімге есептелген іс-шаралар жүйесін жүзеге асыру - шешімі ағымдағы перспективада айқындалған міндеттерді жүзеге асыруға орай әлеуметтік-лингвистикалық ахуалдағы өзгерістерге неғұрлым икемді оңтайласуға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Осындай ұзақ мерзімді перспективаны ескере отырып жасалған ағымдық жоспарлау барынша нақтылығымен және нәтижелерінің шынайылығымен ерекшеленеді. Сонымен бірге, бұл Тікелей орындаушылардың жауапкершілігі мен Бағдарламада көзделген іс-шараларды іске асыруға бақылауды қамтамасыз ету мүмкіндіктерін арттыруға жәрдемдеседі.

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру оның қолданылуының аумақтық және әлеуметтік тынысын кеңейтетін аймақтық және салалық бағдарламалар елеулі рөл атқаруға тиіс.

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру оны іс жүзінде жүзеге асыру үшін неғұрлым тиімді әрі нақты мүмкіндіктермен қамтамасыз етілуге тиіс.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды тиімді жүзеге асыру мынадай негізгі принциптерді сақтау негізінде ғана мүмкін болады:

сандық және сапалық деңгейді тұрақты өсіруді (жинақтауды) қамтамасыз етуді көздейтін кезеңдік және ұдайылық;

орындалуына қатаң бақылау жасаумен ұштастырылған жан-жақты мемлекеттік қолдау;

тілді меңгеру саласындағы талаптарды мемлекеттік тілді еркін және тегін оқып-үйрену үшін мүмкіндіктер жасаумен ұштастыру;

моральдық және материалдық мүдделілік жағдайын жасау;

қоғамдық пікірді белсенді түрде қалыптастыру;

тіл құрылысын жүзеге асыру кезінде функционалдық-лингвистикалық тепе-теңдікті сақтау;

Тілдерді дамыту бағдарламасындағы іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету.

6. Бағдарламаны қаржыландыру

Бағдарламаны іске асыруға қажетті қаражат жыл сайын республикалық бюджетте көзделеді. Аймақтық және салалық бағдарламалар жергілікті бюджеттердің есебінен және тиісті министрліктер мен ведомстволарға республикалық бюджеттен көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылады.

7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтиже

Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру Қазақстан аумағында пайдаланылатын тілдердің қажетті функционалдық арақатынасының жетістігімен айқындалатын, елде оңтайлы әлеуметтік-лингвистикалық кеңістік құруды көздейді. Бұл мыналар:

қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нақты іске асыру, оның заң жүзінде бекітілген әлеуметтік функцияларын күллі республика аумағында қоғамдық қатынастардың барлық салаларында жүзеге асыру;

орыс тілінің Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік берген негізгі функцияларын толық көлемде сақтау: ол мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми пайдаланылатын тіл болып қалады, оның білім беру, ғылым, мәдениет

және басқа да қоғамдық мәні бар салаларда қолданылуы қамтамасыз етіледі;

Қазақстан халықтарының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін және әрбір азаматтың ана тілінде қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға конституциялық құқығын іске асыруға жағдай жасау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылатын қазақ тілінің қолданылу аясын одан әрі кеңейту;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарында іс жүргізуді мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіруді жүзеге асыру.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2001 ЖЫЛҒЫ 7 АҚПАНДАҒЫ № 550 ЖАРЛЫҒЫНА ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 мамырдағы № 127 Жарлығы

Қазақстан Республикасының
ПҮАЖ-ы, 2006 ж., №20, 194-құжат;
"Егемен Қазақстан" 2006 жылғы
31 мамыр №117-120

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 наурыздағы №528 өкімімен бекітілген Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарының 21-тармағын орындау мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2001 ж., № 7, 73-құжат; 2004 ж., № 14, 173-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

3-тармақтағы "Мәдениет" деген сөзден кейін "және ақпарат" деген сөздермен толықтырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында:

1-бөлімде:

үшінші абзацтағы "Мәдениет" деген сөзден кейін "және ақпарат" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзац мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"мемлекеттік тілді насихаттауды және қоғамдық өмірдің түрлі салаларына енгізуді жүзеге асыру.";

4-бөлімнің 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік тілді насихаттауды және қоғамдық өмірдің түрлі салаларына енгізуді жүзеге асыру;";

5-бөлімнің 5.1-кіші бөлімінде:

"Тіл - Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында" деген тарауда:

бірінші абзацтағы "мәдениет" деген сөзден кейін "және ақпарат" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік тілді елдің мемлекеттік басқару, заңнама, сот ісін жүргізу салаларында, Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдарында, халықаралық қызметінде қолдану жөніндегі шараларды жүзеге асыру және қабылдау қажет.";

"Білім беру және тіл оқыту салаларындағы тілдік даму" деген тарау мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Өскелең ұрпақтың рухани-имандылық дамуы және елінің мемлекеттік тіліне деген қызығушылығын дарыту мақсатында мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды қазақ тіліндегі көркем, танымдық әдебиетпен, әдістемелік құралдармен, мерзімді басылымдармен толық және сапалы қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу қажет.";

"мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары, денсаулық сақтау мен халыққа қызмет көрсету салаларындағы тілдік даму" деген тарау мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Мемлекеттік тілді дамыту мақсатында қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, ауызекі және көрнекі әсер етудің түрлі нысандары мен әдістерін пайдалана отырып, мемлекеттік тілді насихаттау және енгізу жөніндегі шараларды әзірлеу қажет.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметкерлерінің қазақ тілін білу деңгейін объективті бағалау мақсатында қазақ тілін

оқытудың әдістемесі мен тестілеудің әмбебап жүйесін әзірлеу қажет. Бұл ретте, шетел тілдерін оқытудың халықаралық тәжірибесі мен озық технологияларын ескеру қажет.

Қазақстан Республикасында тұрып жатқан шет мемлекеттер азаматтары санының өсу үрдісін назарға ала отырып, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесін жасауды және TOEFL, IELTS т.б. сияқты тілді меңгеру деңгейін анықтауға арналған жүйені әзірлеуді қарастыру керек.";

мынадай мазмұндағы 5.1-1-кіші бөліммен толықтырылсын:

"5.1-1. Мемлекеттік тілді насихаттау және қоғамдық өмірдің түрлі салаларына енгізу

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың басты шарттары Қазақстан Республикасы Конституциясының, тілдер туралы заңнамасының сақталуы жөніндегі дәйекті шараларды жүзеге асыру, мемлекеттік тілді республиканың барлық азаматтарының еркін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдай жасау болып табылады.

Ол үшін сапалы жаңа оқу бағдарламалары, оқу және әдістемелік, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде де құралдар жасалуға тиіс. Арнайы компьютерлік бағдарламаларды жасау кезінде инновациялық технологияларды пайдалануға ерекше көңіл бөлгені жөн.

Барлық өңірлерде, бірінші кезекте ауылдық жерлерде қазақ тілінде тәрбие беретін және оқытатын мектепке дейінгі балалар мекемелерінің санын, республиканың оқу орындарындағы қазақ тілі сағаттарының санын жоспарлы түрде ұлғайтуды қамтамасыз ету, сондай-ақ оқыту сапасын арттыру, мемлекеттік қызметшілердің және кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері басқа санаттарының мемлекеттік тілді кеңінен оқуы жөнінде шаралар қолдану қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдарының оңтайлы тілдік орта қалыптастыру, халықтың түрлі тобына арналған әр алуан көкейкесті теле және радиобағдарламалар шығару арқылы көркемдік талғамын тәрбиелеу жөніндегі рөлін арттыру қажет.

Лингвистика мамандарын тарта отырып және бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланып, қазақ

терминологиялық лексикасын біріздендіруді қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастырған жөн.

Мемлекеттік тілді насихаттау мен енгізу жалпы тілдік ахуалға жасалған нақты әрі ғылыми талдаусыз табысты бола алмайды. Әлеуметтанушылық және әлеуметтік лингвистикалық мониторинг тілдік процестердің жүру қарқынын және демографиялық, әлеуметтік, этникалық өлшем бойынша оның өңірлік сараланyын көрсететін тіл саясатындағы тұрақты түзетулерді қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту жөніндегі бағдарламаны табысты іске асыру үшін тіл саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық базаны одан әрі жетілдіру жөніндегі шараларды қолдану қажет.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық ынтымақтастық іс-тәжірибесінде халықаралық шарттарды дайындау және жасасу кезінде мемлекеттік тілді пайдалану міндетті талап болуға тиіс. Ресми іс-шараларды мемлекеттік тілде жүргізу, бұл ретте басқа тілдерге сапалы ілеспе аударманы қамтамасыз ету қажет. Нормативтік-құқықтық актілер, лауазымды тұлғалардың сөйлейтін сөздері, қызмет бабында пайдалануға арналған құжаттар ең алдымен мемлекеттік тілде дайындалуға тиіс.

Мемлекеттік тіл бірқатар мемлекеттік басқару органдарында қолданылмайды немесе мардымсыз қолданылады. Осыған байланысты мемлекеттік органдар іс жүргізуді, есептік-статистикалық, қаржылық және техникалық құжаттаманы 2010 жылға дейін мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 2-тармағындағы қағиданы сақтай отырып жүргізуі қажет:

2006 жылы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының және Алматы қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдары;

2007 жылы – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Республикалық

бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (Қаржы полициясы), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі, Алматы, Павлодар облыстарының және Астана қаласының жергілікті өкілді және атқарушы органдары;

2008 жылы – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдары;

2009 жылы – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының өңірлік қаржылық орталығы қызметін реттеу агенттігі.”.

7-бөлім мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

“Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылатын қазақ тілінің қолданылу аясын одан әрі кеңейту;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарында іс жүргізуді мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіруді жүзеге асыру.”.

2. Осы Жарлық алғаш жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Ә Назарбаев

Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫНЫҢ II ҚҰРЫЛТАЙЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Алматы қаласы,
1992 жылғы 26 қараша)

Ағайындар!

Кейінгі кезде қолға алынған алуан түрлі шаруалар, олардың нәтижесінде қоғамда қилы-қилы пікір бар. Жұртты көбі қазір қиыншылықпен күн кешіп, экономикалық дағдарыстың ауыртпалығын сезінуде. Рухани байлық, парасаттылық жағынан жоғалтып жатқан қазыналарымыз да қыруар. Бірақ қалай дегенде де, тіршілігімізде соңғы жылдарда бой көрсеткен жақсылық та баршылық. Солардың ең бастысы – адамның рухының, сол арқылы халық рухының еркіндік алуы. Қадірлей білсек, қазақ халқы да кейінгі екі-үш жыл шамасында талай-талай асулардан асты, ғасырлар бойы қол жеткізе алмаған, тарихтың түрлі теперішінде жоғалта жаздаған қымбат қазыналарына ие болды.

Бүкіл ұлттың мерейін тасытып, айбынын асырған игі істің бірі – біздің ана тіліміздің, бай да құнарлы, әсерлі де әуезді қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, оның өмірдің сан саласында кеңінен қолданылуына жол ашылуы. Атасы мен немересі екі тілде сөйлеп, әр ұрпақ өкілдері бір-бірін түсінуден қала бастаған, ана тіліміздің басынан бағы тайып, негізінен ауызекі әңгіменің құралы деңгейіне дейін төмендеген тұста ұлттық сана-сезім оянды да, қоғам өмірінде жаңа қанат жая бастаған демократиялық үрдістер арқасында республикада тіл туралы Заң қабылданды, тіл тағдырын ел тағдыры деп қараған абзал азаматтардың арқасында «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Міне, содан бері үш жыл өтіпті.

Үш жыл аз мерзім емес. Тындырған істі таразылауға, болған жайды бағамдауға, қателіктерден тағылым алуға жеткілікті уақыт. Ең бастысы

– бұл кезең «Қазақ тілі» өмірдің өзі туғызған, ел тілегінен жаралған қоғам екенін көрсетті. Халықтың өзі құрған қоғам халықтың сөзін сөйлей білді, қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, көсегесін көтеруге үлкен үлес қосты. Бұл қоғамға жан аямай қызмет еткен халқымыздың зиялыларына, жанкүйерлеріне, әсіресе академик ағамыз Әбдуәли Қайдари мырзаға рахмет айтқанды жөн көреміз.

Алдыңғы күні ғана туғанына 90 жыл толуы аталып өткен сырлы суреткеріміз, сөз зергері Ғабит Мүсірепов: «Ана тілі – дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» - деген екен. Ойланатын сөз. Халықтың мәңгілігінің мәселесі. Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін, бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз. Егер ертеңгі келер ұрпақ мына сайын дала төсінде бойыңды балқытып, жан дүниеңді шымырлататын қазақ тілінде сөйлемейтін болса, онда ол күнге ұмтылудың да мәні шамалы шығар деп те ойлайтынбыз. Шүкір, ондай қауіптің беті аулақ. Шүкір, ел есін жиды, тілден артық қазына, тілден артық қасиет жоқ екенін кештеу болса түсіндік.

Тіл туралы заңның жүзеге асуына қамқорлық жасауды мен қазақ халқының бір перзенті ретіндегі өзімнің парызым деп санайтынымды бұрыннан айтып кеткен едім. Бүгінгі құрылтай делегаты ретінде қатысып отырған мен қоғамның мүшесі емеспін, сонда кіммін? Республика Президентінің арнаулы қаулысымен қазақ тілін және басқа ұлт тілдерін дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылғанын, Президент пен Министрлер Кабинеті аппаратында тіл секторы ашылғанынан сіздер хабардарсыздар деп ойлаймын. «Қазақ тілі» қоғамының өзіндік ерекшелігін, атқарар міндетінің маңызын ескере келіп, республика өкіметі биыл қоғамға едәуір көлемде қаржы бөлді. Облыс, аудан әкімдері тарапынан қоғамның жергілікті ұйымдарына жасалып жатқан көмекті өздеріңіз көріп-біліп отырсыздар. Жаңа да айтылып жатыр. Оның бәрі өзінен-өзі жасалып жатыр деп ойламаңыздар. Әкімдермен жеке кездескенде қандай әңгіме болатынын мен қазір айтпай-ақ қояйын. Бүгінгі құрылтай да Қазақстан үкіметінің демеуімен өтуде. Қоғамның

осы үш жыл ішінде тындырған ісінің ең бастысы – қазақ тіліне деген қоғамдық пікірдің түбегейлі өзгеруіне қозғау салғаны. Халқымыздың баланы ана тілінде тәрбиелеуге, оқытуға, ынта-ықыласының анағұрлым артқанын дәлелдейтін бірер мысалды ғана келтірейін. 1990 жылмен салыстырғанда қазақ тілінде тәрбиеленетін мектепке дейінгі балалар мекемелерінің саны 291-ге, аралас тілдегі балабақшаның саны 364-ке өскен, жаңадан 292 қазақ мектебі ашылған. Осыдан үш жыл бұрын 105 мың бала қазақ мектебінің табалдырығын аттаса, биыл ол мектептерге 145 мың балдырған барыпты. Бағалай білсек, бұл – тарихи бетбұрыстың басталғанының, халқымыздың келешегінің жарқын екенінің даусыз дәлелі.

Республика үкіметі алдағы кезде қазақ тілін, өзге де ұлттар тілдерін дамытуға нақты қамқорлық жасап отырған мемлекеттік құрылым мәселесін жан-жақты ойластыруға тиіс. Жаңа айтып жатырсыздар ғой, мемлекеттік комитет болуы керек, анау болу керек, мынау болу керек деп. Ешқандай комитет, ешқандай министрлік, егер де оның қолында қаржысы болмаса, керегі жоқ. Ең бірінші мәселе – қолдан келсе, қазір қысқа жіп күрмеуге келмей, көрпе аяғыңа тартсаң, басыңа жетпей, басыңа тартсаң аяғыңа жетпей жатқан кезде ол ақшаны мекен жайға емес, жеңіл машинаға емес, кабинеттер жасауға емес, оның бәрі бюрократтардың жұмысы, ол қаржыны мысалға, біз басқа ұлттарға қазақ тілін үйретететін мұғалімдердің жалақысын 20 пролцентке көбейтуге, сол мұғалімдерді дайындайтын Қазақстанның барлық жоғары мектептерін кеңейтуге жұмсап, содан кейін қазақтың тілін үйренемін деген басқа ұлттың азаматтарына демалыстарына үш күн қосып берсек, жаңа мектеп, оқу орындарын ашу және тағы сол сияқтыларға арнасақ дұрыс болар. Міне, бұларға мемлекет, Президент ақша тапсын, өйтсін-бүйтсін десеңдер, оны түсінемін. Ал енді астыма кресло бер, жеңіл машина бер – оның бәрі баяғының сөзі.

Қазақ деген халық болмаса, оның мен сияқты Президенті бола ма? Жүрегіміз қазақ болғаннан кейін, әрине қазақпыз. Бірақ та мән-жайды ойлау керек. Егер мен Президент болып мына жерге тұрмай, залда отырсам, сіздермен бірге шапалақты ұрар ма едім. Халықтың қамы ертең не болады? Екі иығымда батпандай халықтың болашағы тұр. Бүгінгі күнмен ғана жүруім керек пе? Ертең тәуелсіздікті тік тұрғызу үшін не керек?

Ағайын осыны ойлаңдар. Тіл керек. Тілдің болуы үшін алдымен қазақ быт-шыт болып қаңғып кетпеуі керек. Мемлекеттілік керек.

Ардақты ағайын!

Сіздер Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің алдағы сессиясында талқыланатын Конституция жобасындағы мемлекеттік тіл мәртебесіне байланысты пікірталасты алаңдай қадағалап отыратындарыңызды білемін. Мен бұл мәселе жөнінде таяуда ғана екі рет пікір айттым. Теледидар арқылы сөйлеген сөзімде де, облыс, аудан әкімдерімен кездескенде де Қазақстанда мемлекеттік тіл қазақ тілі болу керек, Қазақстан Республикасында орыс тілінің мемлекеттік тілмен бірдей еркін қызмет етуі қамтамасыз етілетіні Негізгі Заңымызда көрсетілуі керек дедім. Өз басым Конституция жобасындағы қазақ тіліне қатысты бап өзгермейтініне сенімдімін. Ал енді, кешіріңіздер, бірақ тек қана қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын, басқа тілдерді елеп-ескермеу керек дегенге мен ешқашан көне алмаймын. Неге көне алмайтынымның себебі – қазақтың болашағын ойлағаннан. «Ана жақта сөйтсін, мына жақта бүйтсін, аналардың бәрін тастау керек, тәуелсіз ел болғаннан кейін күштеу керек...». Кімге күш көрсетеміз? Жан-жақты көршілермен қырғиқабақ болып, ертеңгі күні елімізді үлкен-үлкен ұлттарға, елдерге қарсы қойып, талан-таражға түсірсек, тіл тұрмақ бас қайғы болады. Шыдау керек. Көпірден өтетін уақыт онша көп емес. Бір он бес-жиырма жыл уақыт керек.

Қазіргі таңда елім деген әр азаматтың ойынан шықпауы тиіс негізгі мәселе – тәуелсіздіктің тағдыры болса деймін. Тәуелсіздік – тарихтың біздің ұрпаққа берген, тағдырдың қазаққа берген басты бақыты, баға жетпес дәулеті. Ғасырлар бойы аңсап келген, енді ғана қол жеткізген мемлекеттік тәуелсіздікті алдағы кезде қалай ұстап тұрамыз, қалай нығайтамыз деген ой санамызды қамшылап, халық алдындағы, тарих алдындағы жауапкершілік жүгін бір сәт те жеңілдетпеуіміз керек. Бүгінгі біздің басты міндетіміз – Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының негізгі бағыттарын дәл айқындап, нақты қадамдар жасай білу.

Егемендігіміздің өзіндік сипатын, табиғатын айқын ажыратып алудың мәні зор. Біздің біраз ағайын Қазақстан егемендігінің этникалық – саяси тұрғыдан ерекшеліктері барлығын ескергісі келмейтін сияқты.

Шынтуайтында ол ұлттың егемендігінің және Қазақстан халқының тұтас этно-саяси қоғамдастығы егемендігінің өзіндік жиынтығы болып табылады. Біздің ішкі саясатымыздың іргелі қағидасы ұлтаралық келісім принципі болуға тиістіміз де сондықтан. Қазақстанның гүлденуі үшін Республиканың барлық халықтарының ынтымақтасуына, осында тұратын әр адамның бақыты мен бостандығына, барлық азаматтардың материалдық және рухани мәдениетін көтеруге қамқорлық жасау керек дейтініміз де сондықтан. Өз басым қазақ халқының әуелден-ақ кез келген ұлттар мен ұлыстардың өкілдерімен ынтымақта, татутәтті тұра білетін дәстүрлі салиқалығына, біздің табиғат жаратқан кеңпейілдігіміз бен көршінің мүддесіне бөлекше құрметпен қарайтын салтымызға сүйене отырып, ұлтаралық келісімге қол жеткізе аламыз деп ойлаймын. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін шын мәнінде баянды ете білсек, қазақ тілінің тағдыры баянды болады. Мемлекеттің өзі мемлекет болмай тұрып оның мемлекеттік тілі де өз дәрежесіне көтеріле алмайды. Қалай дегенде де тіл – құрал, қарымқатынас құралы, мақсатты орындаудың құралы. Ал, егер құралдың өзін мақсатқа айналдырып жіберсек, түпкі мақсаттың ауылы алыстай беретін болады.

Әңгіменің ашығы керек: Қазақстандағы қазіргі қалыптасқан қоғамдық-саяси ахуалды қадірлей білмесек, абайсыз айтылған жел сөзге немесе арандатқан айқайға еріп ұлт пен ұлттың арасын ашып алсақ, онда қазір сіз бен біз бас қосып, талқылағалы отырған мемлекеттік тіл мәселесі тұрмақ, сол мемлекеттің өзінің ертеңгі тағдыры не күйге түсері белгісіз. Халқымыз ұлтаралық жарастықты жүзеге асырса, айналадағы елдермен, өз республикамыздағы өзге ұл өкілдерімен ынтымақты тұрса ғана өркениетті мемлекет құра алады. Күні кеше өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында да айтқанмын, тағы да айтамын: «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады. Ашу – дұшпан, ақыл – дос. Ашу емес, бәрін ақыл шешу керек. Елдің тыныштығын бұзу, ұлтымыздың болашағына балта шапқанмен бірдей. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды. Тарихи болашағымыз үшін осынау жауапты сәтте баршамыз саналылық пен парасаттылық

көрсетіп, байсалдылық пен ұстамдылық сақтауға борыштымыз. Қазіргі алмағайып кезеңде бұл ерекше қажет.

Осындай саналылықтың үлгісін ең алдымен интеллегенция өкілдері көрсетуі тиіс. Бүгінгі орайлы сәтті пайдаланып, қоғамның жер-жердегі мүшелеріне, осы құрылтайға қатысып отырған қадірменді азаматтар, сіздерге ұлтаралық қатынастың қандайлық күрделі мәселе екенін жауапкершілікпен сезінетіндеріңізге разылық білдіргім келеді. Сонымен қатар ұсақ-түйекті тергіштеп, түймедейді түйедей етіп көрсететін, қазақтың өзі толық игере қоймаған қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне білсін деп, өзіміз әлі қадіріне жетпей жатқан тілді өзгелер құрметтесін деп қисынсыз талаптар қоятын, сөйтіп жоқ жерден ашындырып, тілге қарсылықты қолдан қоздыратындар да арамыздан табылады. Үйрене қоймадың деп байбалам салып, тіл білмейтіндердің бәрін қазақ тілінің қас жауындай көретін шолақ белсенділеріміз де аз емес. Қоғамның кейбір облыстық бөлімшелерінің қызметі саясиланып бара жатқаны, әкімшіліктің ісіне қол сұғып, кадр саясатына араласып, «анау қазақ тілін білмейді, ол жерде отыруына болмайды» деп нұсқау беруге бейім тұратындық та әбестік. Қазір төрт құбыласы теңеліп тұрған адам аз. Қымбатшылық қыспағына түсіп, жүйкесі жұқарып жүрген жанға «біздің тілді білмейсің» деп өкпелеудің де дәл бүгін қисыны жоқ.

Қазақ тілі – қазақ халқының тілі. Ол ең алдымен қазақ халқына керек. Ол ең алдымен қазақ халқына қызмет етуі керек. Тіл туралы заңда көзделген, бұйыртса таяуда Конституциямызда бекітілетін мемлекеттік тіл мәртебесі оның қолданылу аясын барынша кеңейтті, мүмкіндігін молайтты. Қазір ана тіліміздi пайдалануға ешқандай кедергі жоқ. Енді бәрі өзімізге байланысты. Кінәні өзгеге аударып, жалқаулығымызды, енжарлығымызды, намыссыздығымызды түрлі себеп-сылтаумен бүркемелеуге бейім тұрамыз. Әйтпесе өз балаларымызбен қазақша сөйлесуге қандай қосымша жағдай керек! Үйде отырған өз немерелерімізге қазақша үйретуге қандай жағдай керек?! Осы күні әр елге барып-келіп аралап жүрміз. Қай жерге барсаң, бір топ қазақ болса, маған келіп кездеседі. Он үй тұратын қазақтар балаларымен, немершөберелерімен таза қазақша сөйлегенде қандай ойға келесің?! Бонның төңірегінде жиырма отбасы тұрады, төңірегінде қазақ тілінің көрінісі жоқ. Бірақ бәрі қазақшаға судай. Кім кінәлі сонда?

Қазақтың қыр соңынан қалмай келе жатқан тағы бір дерт туралы айтпай тұра алмаймын. Республика Президенті ретінде мені ұлттық бірліктің жайы кәдімгідей алаңдатып отыр. Сіздерге айтпасам, кімдерге айтамын мұны?! Жүзге, руға бөлушілік әңгіме көбейіп барады. Мұның өзі – қоғамды артқа тартатын, ұлт тұтастығына нұқсан келтіретін нәрсе. Кез келген ұлт әу баста тайпалардан құралады. Заман өте келе, ұлттық сана өсе келе ол тарихтың еншісіне айналады. Өркениетті дүниеде арғы тегім пәлен тайпадан деудің өзі ұят саналады. Ал біздің біраз ағайын ата-бабаларының тұсындағы атауды әлі жамылып жүр. Ол былай тұрсын, руы бойынша жақындасу, бірігу, тіпті «бір атаның балалары» бас қосқан жиындар өткізу, қор құру сияқты жайлар бой көрсетуде. Біз тіпті кейінгі кездегі түрліше мерейтойлардың өзін бәсекеге, батыр санасып, би салыстыруға пайдаланып барамыз. Бұл – масқара. Басқа айтар сөзім жоқ. Егер де осындай пәледен ажырай алмасақ, біз дүние жүзіне әлі де ұлт болып қалыптаспағанымызды көрсетеміз. Мемлекет боламыз дейміз, ел боламыз дейміз, бірақ тұтас халық жоқ. Әлі екі жүз жыл бұрынғыдай ру-ру болып жүрміз. Олардың бәрі болған баяғыда, кінәздік те болған, рушылдық та болған. Шығыста да болған. Бірақ қазір жоқ. Шеттегі қай мемлекттен көрдіңіздер оны. Мына Түркияның өзін алайық, қайсысы ру-ру болып отыр? Бізді басқа мемлекеттердің айтуы мүмкін: «Бұлар әлі мемлекет болуға піскен жоқ» деп. Өзіміз болмасақ, кім айту керек бұл мәселені?! Бұлай бола берсе, біз ел бола алмаймыз, досқа күлкі, дұшпанға таба боламыз. Біртұтас мемлекет құрып, тәуелсіздік алғанда басымыз қосылмаса, мұны келер ұрпақ кешірмейді, тарих кешірмейді.

Тарих демекші, қазақтың өткен өмірінің қай кезеңінен алсаңыз да, осы бөлінушіліктен, жіктенушілктен тартқан зардабымыз, көрген қорлығымыз аз болған жоқ. Осындай алауыздықтың кесірінен қазақ талай адамынан айырылған жоқ па?! 37 жылы зиялылары ең көп қырылған – қазақ. Аталған қазақтар қазақтың сұқ қолының ұшында кетті. Бірлік болғанда, ынтымақ болғанда кешегі Мәскеудің басшылығы бірімізді бірімізге жүз-жүз қылып айдап салып, осындай республиканы көлденең көк аттыға билетіп қоя алмас еді. Тіпті алысқа бармай-ақ қояйық, осының, жерлестіктің салдарынан Тәжікстанда болып жатқан масқараны алайық. Күнде кешке жақын менің жіберген адамым маған

хабарлап отырады. Бағыдан бері басшылар Ленинабадтан болады екен дейді, ал Қорғантөбеден болмайды екен дейді. Сонда тәжік тәжікті, енді қаншалықты екенін нақты айта алмаймын, бірақ та үш айдың ішінде елу мың адам опат болды, қырылды, тәжікті тәжік қырды. Кейде мен де естимін, мына жағымыз бай, өзіміздің патшамызды өзіміз сайлап алып, өзіміз отырсақ дегенді. Міне, масқара қайда?! Ал енді сондай ой шығатын болса, іліп-ақ әкететіндер толып жатыр сыртымызда да, ішімізде де. Сол керек деп отырған адамдар бар. Сондықтан, ағайындар, бөлінгеннен ешкім опа таппайды. Бұл жалғыз менің қызметім деп ойламаңдар. Мен – қазақтың бір перзентімін, елдің әйтеуір сенімімен елді басқарып, Президент болып отырмын. Менде тұрған мәселе жоқ. Елдің мәселесі. Әр қазақтың мәселесі.

Бұрын тып-тыныш елдерде азамат соғысы өрбіп жатса да, әр қадамымызды, бір-бірімізге қараған қабағымызды әркім-әркім аңдып отырғанда жіктеліп, желіктенер болсақ, онда біздің өз алдымызға мемлекет құрудағы еңбегіміз еш болатынын, зая кететінін мойындауымыз керек.

Қазақтың бөлінуі де бар, қазақты бөлу де бар. Рушылдықтың XIX ғасырдағы болыс сайлауынан өрши түсетіні тіпті де тегін емес. «Өзіміздің жігіт екен, соған дауыс берейік» деп үгіт жүргізгені де жасырын емес. Осы қоғамның кейбір басшыларының өзі айтатын «қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ» дейтін «теорияның» да тиянағы шамалы. Өз халқыңды өзің жерлей бергеннен ұтарың не? Бірімізді біріміз дос көрмейінше, бірімізге біріміз сүйеу, таяныш болмайынша ешқандай пәтуәлі іс бітпейді.

Тіл туралы айтқанда дінді де қозғамай кете алмаймыз. Қоғам өмірін демократияландыруға бағыт ұстаудың арқасында, шүкір, бұл салада да жаңалық көп. Дінге сенушілер тиісті рәсім-жоралғыларын қысылмай-қымтырылмай атқаратын болды. Қазір республикада 68 мешіт салынып жатыр. Басқа конфессиялар да өздерінің діни орындарын ашуда. Халықты парасат тәрбиесіне, отбасы жарастығына бейімдеп, имандылыққа, төзімділік пен пәтуаға шақырып, алауыздыққа жол бермеуде діннің игі ісі талассыз. Дегенмен біздің қандай шаруаны, кез келген іс шараны да науқанға айналдырып жіберетініміз қынжылтады, ретті жерде де, ретсіз жерде де құран шығарылып

жататыны, баспасөзде дінді насихаттау күшейіп кеткені анық. Әсіресе, оң мен солын айырып үлгермеген балаларды ерте бастан дінге бейімдеу етек алып барады. Дінді саясат құралына айналдырғысы келетіндер де жоқ емес. Кейбіреулер менің әкімдердің алдында сөйлеген сөзімнің өңін айналдырып «Президент дінге қарсы пікір білдіріпті» деп жүрген көрінеді. Базбір шаш ал десе, бас алатын басшылардың мені теріс ұғып, діндарлардың талап-тілектеріне атүсті қарай бастауы да мүмкін. Сондықтан басын ашып айтамын: біздің елде дінге сенушілерге ешқандай қысым жасалмайды, бұл Конституция жобасында да көзделіп отыр. Дінге сену немесе сенбеу – әр адамның өз ісі. Тек мұндай күрделі процесті қолдан жеделдетудің жөнсіздігін ескерткім келеді. Өз пікірімше, біздің Қазақстанда ислам фундаментализміне де, діни фанатизмге де тарихи, әлеуметтік негіз жоқ.

Біз тәуелсіз Қазақстанның болашағы үшін осындағы жетекші этнос – қазақтардың ерекше жауапты екенін ұғынуымыз керек. Ұлттық томаға-тұйықтық, қысқа күндік үнемді ойлап, әлемдік қауымдастықтан бойды аулақ салушылық, халықаралық байланыстарда тек тарихы, тілі, діні ортақ елдермен ғана жақындасуға бейімдік ешкімге абырой әпермейді. Қазақ мемлекетінің тұтастығына, осындағы ұлтттардың өзара жарастығына да біз ерекше мүдделіміз.

Таяуда желтоқсанның 13-15-і аралығында менің жарлығым бойынша астанамызда Қазақстан халықтарының форумы өткізіледі. Біз бұл жиынға үлкен мән беріп отырмыз. Онда көпұлтты республикадағы жарастық, татулық ахуалын сақтаудың, халықтар достығын нығайтудың сан қырлы мәселелері қозғалады. «Халықтар достығы» деген сөзді әдейі айтып, қадап көрсетіп тұрмын. Осы ұлы ұғымды ауызға алмайтын болып барамыз. Қаншама қара аспанды төндіре сөйлегенімізбен, ардақты ағайын, халықтар арасында достық болған, қазірде де бар, бола да береді. Қарапайым адамдар қай кезде де бір біріне қол ұшын беріп, ұрыспай-таласпай, тату-тәтті өмір сүре білді. Олардың арасын суытса, саясатты саудаға салып, әрқайсысы өз ұлтының жақтаушысы, жоқтаушысы бола қалған жауапсыз желікбастар суытады. Қазақстанның өзіне де, одан тысқары жерлерде де біздің татулығымызды көре алмайтын, болмашы нәрсе үшін ұлт пен ұлтты қырылыстырып қоюдан тайынбайтындар да бар. Сондайлардың

арандатуына түсіп, араздыққа алауыздыққа жол берсек, тілімізді өркендету тұрмақ, басымызбен қайғы болып кетеміз. Сондықтан астам пиғылдағы саяси содырлардың әрекетіне де, қазақтың қамын өзінен басқа ешкім ойламайтындай намысына тиетін түрліше топтардың қимылына да ерекше абай болуымыз керек. Әсіресе, алып көршіміз Ресеймен, талайдан тағдыр қосқан, бүгінгі биігімізге бірге шыққан орыс халқының өкілдерімен тату-тәтті, тіл табысып тұрудың маңызы ерекше. Қазақстанда бөлісе алмайтын ештеме жоқ. Көңіл сыйса, бәрі де сыяды, ең бастысы – бізде мүдде ортақтығы бар. Туған Қазақстанымыздың дәулетіне сәулеті сай демократиялық елге айналдыруға құлшыныс бар. Біздің қазіргі экономикалық дағдарыстан шығатынымыздың сенімді кепілі де – сол. Қолда тұрған қазынамыздың қадірін білейік.

Тағы бір жағдайды айтқым келеді. Қазақстанның егемендігі дегенде, тәуелсіздігі дегенде айтатын сөз қалмайды. Осы егемендікті, тәуелсіздікті, жерімізді, шекарамызды кім қорғауы керек, біз қорғамасақ. Осы күнгі әскерге шақырылатын жастардың бәрін Қазақстанның өз армиясына шақырып жатырмыз. Бұйыртса, бір-екі шақырылымнан кейін әскердің саны да, сапасы да басқа болады. Соған әнеугүні Парламентте шуылдадық та, әскерге шопанның баласын алмайық, жалғызілікті әйелдің баласын алмайық дедік – сонда кім қорғайды қазақтың жерін? Барған балаларымыз Талдықорғаннан Шымкентке қашып барады. Сонда қандай ата-ана ұлын ел қорғауға барады деп айтады? Заң орындалмаса, мемлекет болмайды. Айтқанда көп айтамыз, іске келгенде жәрдеміміз қалай? Сондықтан мемлекеттік патриотизм мәселесі, елтаңбамызды, өзіміздің туымызды, ұранымызды кім мақтауы керек, кім жақтауы керек, кім айтуы керек? Өзіміздің бай қазақ тілімізді ардақтайтын қоғам осы мәселелерді ұмытпаса екен деп ойлаймын.

Сөзімнің соңында халықтың асыл мұраты жолында игі іс атқарып келе жатқан «Қазақ тілі» қоғамының алдындағы қыруар міндеттерді жүзеге асыруға Президент, Үкімет тарапынан қолдау болатынын айтқым келеді. Қоғам мүшелері, оның осы құрылтайда сайланатын жаңа басшылары Отанымыздағы бірлікке, татулыққа, тыныштыққа қамқор болуына, қасиетті ана тіліміздің көсегесін көгертіп, абыройын асыруды өздерінің перзенттік парызы деп білетініне сенім артып, құрылтай жұмысына сәттілік тілеймін.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫНЫҢ III ҚҰРЫЛТАЙЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА

(Елбасының қоғамның III құрылтайына құттықтауы, 1996 жылғы 20 қараша.)

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының III құрылтайын қатысушыларды шын жүректен құттықтаймын.

Мен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын тек қазақ тілі ғана емес, жалпы ұлттық мәдениет, ел бірлігі мен халықтар достығы саласындағы қоғамдық пікірді орнықтыруға ат салысып жүрген ұйым ретінде тани отырып, ол құрылған күннен бастап қамқорлық көрсетіп, әрбір құрылтайына үзбей қатынасып, келгенмін. Осы жолы мемлекеттік істердің қауырттығынан оның сәті түспей отыр.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында дәл осылай деп жазылған. Сондықтан оны қадір тұту – барша республика халқының азаматтық борышы. Ел басы ретінде тіл тағдырына мен де сергек қарап отырамын. Оның айқын дәлелі ретінде жақында ғана өз Өкіміммен бекіткен Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасын айтсам да жеткілікті болар деп ойлаймын.

Сіздердің бұл жиындарыңыздың қазақ халқының рухани марқаюына, тәуелсіздігіміздің нығаюына, ел іргесінің тыныштығы мен Қазақстанды мекендейтін барша ұлыстардың берекесіне қосатын үлесі зор болады деп сенемін.

Ел тәуелсіздігінің бес жылдық мерейтойы қарсаңында баршаңызға зор денсаулық, жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа 1999 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Ана тілі айбары» атты алтын белгісінің тапсырылуы салтанатындағы ЕЛБАСЫНЫҢ СӨЗІ

Құрметті Әбеке, Өмеке, қоғам мүшелері. Мен марапаттаудан кенделік көріп жүрген адам емеспін. Өздеріңіз білесіздер, өз елімізде де, басқа мемлекеттерден де алып жатырмын, дегенмен де бүгінгі марапаттау, бүгінгі қазақ тіліне деген еңбегі үшін деген мәселе – менің мойныма жүктелген үлкен жүк, парыз деп санаймын. Сіздерге, бүкіл Халықаралық «Ана тілі» қоғамының мүшелеріне осы шешімі үшін шын жүрегімнен зор ризашылығымды білдіремін. Бұл – тарихи мәселе. Елбасына елдің ана тілінің қамын ойла деп тапсырылған тапсырма деп санаймын.

Әр адам баласы атасы мен анасынан дүниеге келгенде ең алғашқы қадірлісі оның тілі болады. Егер де біз Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болғанын үлкен алтын күмбез деп санасақ, сол алтын күмбездің басындағы Айшығы менен жұлдызы біздің тәуелсіздігіміз деп санайтын болсақ, сол күмбездің нық тұруына қызмет ететін төрт негізгі діңгегі болуы керек: ол – елтаңбасы, ел ұраны, біздің туымыз және қазақ тілі. Қазақ тілін тіпті, өз тілімізді, ана тілімізді бірінші орынға қоюға болады.

Біз Кеңес Өкіметі кезінде дамыған әдебиетіміз бар, алты жүзден артық халық жазушылары бар, ақындарымыз бар деп басымызды жоғары көтеріп мақтанып жүрдік. Ал енді мына тәуелсіздік алып, соның шылбыр-тізгіні қолымызға тиген кезде, ойлап қарасақ, енді бір 20 жылдың ішінде біз мүлдем тіліміздан айырылады екенбіз, байқадыңыздар ма? Ал енді осы жөнінде өсіп келе жатқан біздің балаларымызды айыптауға болады ма, меніңше болмайды. Сондықтан

менің әр уақытта айтатыным, бұл мәселеге бүкіл халықты көтеру керек. Қоғамдастықтардың жұмысын жандандыру керек. Бүкіл қазақ болып, әр адам өзінен бастасыншы. Менің бір айтқаным бар еді – қазақтар қазақпенен қазақша сөйлессін. Өзіміздің қазақтарымыз балаларының тілін ана тілінде ашсын, сол балаларына, біздің немерелерімізге қазақ тілін үйретіп, қазақ мектебінен білім беріп шығарсын. Сондықтан, жаппай барлығын қойып, тек қана Қазақстанда бүгін қазақ тілін жүргізейік деген дұрыс жалпы. Себебі, қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесі бар. Бірақ та соны орындау мәселесі ақылмен істелуі керек деп санаймын. Мәселе басқа халықтардың наразы болатынында тұрған емес қой. Ондай жалтақтаудан біз баяғыда кеткенбіз. Өз қазағымыздың ішінен бөлініп кететін жағдайлар бар. Сондықтан қазақ тілін өркендетудің екі мәселесі бар деп санаймын. Бірінші мәселе ол бүкіл халық болып өзіміз қазақ халқы қазақ тіліне қамқор болуымыз керек. Баяғыдай он қазақ отырса, ішіндегі бір адам бөтен болса, соны ренжітпейік деп барлығы орысша сөйлейтін заманнан өткенбіз. Соны қою керек. Жасқаншақтықты қою керек. Біздің, әлгі, денеміздегі әбден құлдыққа үйренген мінез-құлқымыздан ажырауымыз керек. Ол – бірінші мәселе. Екінші мәселе – мемлекеттік тілге қоғамның әр саласында қолданатын дәрежеге жеткізу үшін бізге әлі көп сөздіктер керек. Мысалы, сот жүйесіменен сөйлейтін сөздер, техника мәселесімен сөйлейтін сөздер, әлеуметтік және ел басқару мәселесінде сөйлейтін сөздер болу керек деп санаймын. Осы екі мәселені әр уақытта қолға алуымыз керек. Барша халыққа, барша жұртыма айтатын сөзім – қазақтың тілі ең бірінші дегенде қазақтың қолында. Ешкім бізге алып келіп аузымызға салмайды, қолымызға бермейді. Біз өзіміз, қазақ халқы, халық болып, ұлт болып бәріміз тілімізді қолдауымыз керек және бүкіл қазақстандықтарға осы тілді қастерлеп үйретуіміз керек. Мысалы айтайық, біздің Парламентіміздің әрбір отырған орындықта жедел аударманың барлық техникасы тұр. Сонда әр адам мінбеге шығып өз тілімен сөйлеуге болады ғой ешкімді ренжітпей. Осындай мәселе Үкіметте болу керек, Президенттің сарайында болу керек, әрбір әкімшілікте болу керек, жұртқа үйрету керек – әркім өз тілімен сөйлесін. Әркім өзінің тілімен сөйлесін. Әркімге ешкімге ренжітпей, кемітпей аударып береді деген мәселелер болу керек.

Ақпарат құралдары, сондықтан менің айтатыным, «Ана тілі» қоғамы, сіздердің істеп жүрген қызметтеріңіз осы арада қыруар көп. Оны Халық бағалайды деп сенемін. Халық оны әр уақытта ұмытпайды деп сенемін. Сіздердің осындай істеп жүрген игі жұмыстарыңызға мен өзім Елбасы ретінде зор рақметімді айтқым келеді. Бүкіл қоғам мүшелеріне рақметімді айтқым келеді. Осы сәтті пайдалана отырып барлық Үкімет мүшелеріне, барлық әкімдерге айтатыным «Ана тілі» қоғамдастығына жергілікті жерде қамқор болыңыздар. Мен қолымнан келген жұмыстың барлығын істедім. Ата Заңымызда бар, Тіл туралы Заң бар, бағдарлама бар және сол бағдарламаны орындайтын бюджеттен жергілікті шығарған біздің қаражат бар. Ал енді барлық мәселе жұмысқа келіп тіреледі. Біздің ғалымдарымыздың да істейтін жұмыстары көп бұл жөнінде. Тіл ғалымдарының, тіл білімгерлерінің де істейтін жұмыстары көп. Сіздер де осы жолды бәсеңдетпей, осы жұмысты ары қарай жандандыра береді деп сенемін. Әнеукүнгі Президент сайлауындағыдай кандидаттарға олқылықтарды бұдан былай қойыңыздар. Кей жерлерде олқылық жасап жібересіздер. Тіл деген жерде, қорғауда жұртқа түсіндіру керек – бұл ойын емес, күлкі емес, «тіл білмесең – болмайсың» деген мәселені қою керек. Ата Заңда жазылған ғой. Сондықтан тағы да айтатыным – зор рақметім өздеріңізге. Мынау маған осындай ұлы белгі беріп тұрғаныңыз үшін. Әсіресе өзімнің ана тілім үшін беріліп тұрғанына мен өте қуаныштымын және толғанып тұрған жағдайым бар. Көп рақмет!

ЕЛБАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫНЫҢ IV ҚҰРЫЛТАЙЫНА ҚҰТТЫҚТАУЫ

(2004 жылғы 9 қараша)

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының
IV құрылтайына қатысушыларға!

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының IV құрылтайының ашылуымен сіздерді шын жүректен құттықтаймын.

Қоғамның алғашқы құрылтайы өткен кезден бергі 15 жыл ішінде тарихымызда ірі өзгерістер болғанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Еліміз тәуелсіздік алды. Саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмірімізде нарықтық қатынасқа негізделген реформалар жасалды. Олар әлі де жалғасуда.

Ең бастысы, еліміздің азаттық туына қол жеткізуінің шынайы көрінісі – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге көтерілуі болды.

Халқымыздың болашақ тағдырын айқындайтын осы бір тарихи оқиғаны түбегейлі етіп, ана тіліміздің мәртебесін еліміздің бірлігіне, ынтымағына, рухани өрлеуіне жарату жолында «Қазақ тілі» қоғамы үлкен еңбек етуде. Оның халықаралық сипат алуы, ұлттық мүдде төңірегінде қоғамдық ой пікірлердің қалыптасуына ықпал жасап жүруі осының айғағы.

Ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты талап ететін бүгінгі күрделі саяси ахуал тұсында «Қазақ тілі» қоғамының алдындағы міндет бұрынғыдан да жоғары болмақ.

Сол міндетті абыроймен атқару жолында қоғам қолда бар мүмкіндіктің бәрін де пайдаланып, аянбай еңбек етеді деп сенемін.

Бүгінгі Құрылтай жұмысына, тәуелсіздігіміздің тірегі – ана тіліміздің қауымшылдық қасиетін кемелдендіре түсетін Сіздердің азаматтық істеріңізге табыс тілеймін!

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Ә. Назарбаев

«ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ ЖЕДЕЛ ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДА»

(Елбасының Қазақстан халқына 2005 жылғы Жолдауынан)

3.5. XXI ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау

XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін қадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз. Демек барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт.

Қазақстан жоғары оқу орындарының міндеті - әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру. Ал жетекші оқу орындарының дипломдары күллі әлемде танылуға тиіс. Олар мұны істеуге міндетті.

Біздің әрбір қазақстандықтың жоғары білім алуына нақтылы кепілдік беруіміз керек.

Студенттердің оқуын бюджеттен қаржыландырудың бірыңғай жүйесін құру мақсатында Үкіметке білім беру кредиттерінің есебінен білім беруге арналған кредиттердің мөлшерін 50 пайызға арттыруды тапсырамын.

Сонымен бір мезгілде осы аталған кредиттердің қайтарылуына мемлекеттің кепілдігін беруді қамтамасыз ете отырып, екінші деңгейдегі банктер арқылы студенттерге кредит бөлудің осы заманғы жүйесін жасау керек.

Үкіметтің каникул кездерінде студенттерге тұрғын үйлер тұрғызатын құрылыс отрядтарында жұмыс беру, елімізді көгалдандырудың «Жасыл ел» бағдарламасын өрістетіп, бұл игілікті іске студенттерді қатыстыру мәселесін нақтылы қарауы міндет.

Енді оқытушылар жайында. Олардың проблемалары да бізге жақсы мәлім, бұл проблемалар шешіліп те жатыр, алайда бәрін бір сәтте шешіп тастау да мүмкін емес. Білім министрлігі Жоғары оқу орындарының ассоциациясымен бірлесіп, профессор-оқытушылар

құрамына қолдау көрсету жүйесін ойластырғаны жөн. Айталық, қазірдің өзінде кез келген шетелде тәжірибеден өтуге баруды қарастыратын әрі бір жыл бойы ғылыми зерттеулер жүргізуге берілетін гранттың мәртебесіне ие «Үздік оқытушы» мемлекеттік стипендиясын тағайындауға болар еді.

Менің тапсырмам бойынша биылғы жылы Қазақ Ұлттық университеті мен Еуразия Ұлттық университетіне 20 шетелдік оқытушы кеңесшілер тарту үшін 2 млн. доллар бөлінді. Ендеше Батысқа танымал өзіміздің үздік мамандарымызды дәл осылайша неге марапаттамасқа!

Өзіміз зәру болып жүрген, әрі кадрларды сырттан шақыруға мәжбүр етіп отырған техникалық мамандықтарды бірінші кезекте дамыту керек деп санаймын.

Бәрі де мектеп қабырғасынан басталады. Сондықтан біздің 2008 жылдан бастап, 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшіп, педагогтардың кәсіптік деңгейін , оқулықтар мен білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруымыз керек.

Біз мұғалім мамандығының беделі мен абыройын қайтаруға міндеттіміз.

3.8 Рухани даму мен конфессиялар аралық келісім

«Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруды жалғастыра беру, сөйтіп өткенді пайымдау арқылы қазіргі заман мәдениетін жан-жақты дамыту қажет. Біз осы саланы мемлекеттік қолдаудың толымды бағдарламасын қалыптастыруымыз керек.

Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігер жұмсауымыз керек. Қазақ топырағы арқылы барлық әлемдік діндер өткен, сондықтан да жатырқаушылық немесе діни фанатизм сезімі бізге жат. Осынау рухани дәстүр, Жаратушының қандай жолмен болса да түскен сөзіне жүрегіміздің ашықтығы – Қазақстандағы конфессиялар аралық татулықтың аса маңызды тұғырларының бірі. Біз өзіміздің жатсынбас тұрпатымызбен, этностар аралық, конфессиялар аралық татулығымызбен және өзара үндесуімізбен күллі әлемге танымалмыз. Еліміздің өсіп келе жатқан бітімгершілік әлеуеті алдағы уақытта да мұқият сақталып, дамытыла береді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ III ҚҰРЫЛТАЙЫНДА 2005 ЖЫЛЫ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН

Тәуелсіздік алған 14 жыл ішінде Қазақстан ғасырларға бергісіз қиын да күрделі кезеңнен өтті.

Атам қазақтың әр уақытта жер, шекара, шеп мәселесіне ерекше көңіл бөлгені баршаңызға мәлім ақиқат. Біздің де тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ең бірінші қолға алғанымыз осы мәселе болды.

Қазақстан кешегі Кеңес Одағы кезінде дербес мемлекет болған емес. Ол әуелі екі ғасыр патшалық Ресейдің боданы, ал жетпіс жылдан астам уақыт бойына Кеңес Одағының қатардағы республикаларының бірі ғана болды. Сол Кеңес Одағы күйреп, он бес республика өз алдына бөлініп шыққанда, қазақтың кең байтақ жеріне көз алартушылар аз болмады. Бүгін солардың атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын: ата тарихын жақсы білетін сіздер оны өздеріңіз де аңдап отырған шығарсыздар, бірақ ондай мемлекеттер де, тіпті мұндай ұшқары пікірді ресми түрде айтып қалған оның басшылары да табылды. Міне, осындай ұлт тағдыры тарих талқысына түскен сын сағатта, біздер, сабыр сақтап, алыс-жақын көршілеріміздің бәрімен келелі келіссөздер жүргізіп, іргемізді бүтіндеп, шекарамызды бекітуге кірістік. Ең алдымен, Қытай Халық Республикасымен шекарамызды анықтап, халықаралық хаттамаға қол қойдық. Осы залда отырған Қытайдан келген қандастарымыз куә, Қытай патшалық Ресеймен де, кешегі жарты әлемді билеген Кеңес Одағымен де шекара мәселесін түпкілікті шешкен емес. Қазақстанмен шешті және мәңгілікке, ешбір күмәнсіз, күдіксіз шешті.

Ең әуелі, туған тілімізді түлеттік. Егер 1990-91 жылдары республикамызда қазақ тілінде оқытатын 2768 мектеп болса, 2005 жылы олардың саны 3700-ге дейін жетті. Соның нәтижесінде республика мектептерінде

қазақша оқитын балалардың үлесі 60 пайызға дейін көтерілді. Қазақ тілінде білім беретін жоғары оқу орындарының саны да арта түсуде. Жыл сайын ана тілімізде шығатын кітап, газет-журнал өнімдерінің таралымы көбейіп, теледидар, радио хабарларының мөлшері де арта түсуде. Қазір Қазақстанның 14 облысының бесеуінде іс-қағаздарын жүргізу қазақ тіліне көшірілді.

Ең бастысы, елімізде қазақ халқының үлес салмағы артты. Егер 1989 жылы республикадағы қазақтардың үлесі 40 пайызға жетер-жетпес болса, қазір бұл көрсеткіш 58 пайызға жетті. Кеңес заманында биліктің есігін сығалап жүретін қандастарымыздың мемлекеттік қызметтегі үлес салмағы 80 пайызға көтерілді. Әрине, бұл салада қолға алатын істер әлі де баршылық, бірақ қол жеткізген нәтижелеріміз де ауыз толтырып айтарлықтай.

Үшіншіден, кешегі қызыл империя кезінде жұтылып кетудің аз-ақ алдында тұрған ұлттық мәдениетімізді қайта түлетіп «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жасадық. Бұл бағдарлама бойынша қазақ жеріндегі барша тарихи, мәдени ескерткіштер қалпына келтіріліп, халқымыздың аса бай ауыз әдебиеті, әдеби, мәдени және музыкалық мұрасы жүздеген том болып жарық көруде.

Осыдан дәл он үш жыл бұрын, тұңғыш Құрылтайдың мінберінен: “Заман тыныштығын берсе, бүгінгі дағдарыстан да шығармыз. Тәуелсіз Қазақстан дәулетіне сәулеті сай қуатты мемлекетке айналар. Қазақ халқы әлемдік өркениетке қазіргіден гөрі қомақты үлес қосар. Даламызда да, қаламызда да шадыман тұрмыс, шат тірлік орнар. Бұйыртса, бүгінгі Құрылтайға қатысқан қадірменді қонақтарымыздың өзі туған Қазақстанымыздың гүлденіп-көркейгеніне таяу жылдарда-ақ куә болады деп кәміл сенеміз”, - деген едім.

«Таяу жылдарда-ақ» дегенді аузыма құдай салған екен.

Сол күнге бүгін келдік, ардақты ағайын!

Бізде ел байлығы бар. Ел байлығы деген не? Ол – ғылым мен білім, ол – жаңа технология, ол – осы заманғы инфрақұрылым, ол – экономиканы әртараптандыру. Міне, сондықтан алдағы жылдары ғылым мен жаңа технологияны дамытуға бөлінетін қаржы мөлшері 25 есеге дейін өсетін болады. Бұл еліміздегі осы заманғы әлемдік бәсекелестікке төтеп

беретін жаңа техника мен технологияны дамытуға мол мүмкіндіктер туғызатын болады.

Бізде рух байлығы бар. Ол – бәрінен бұрын, отаншылдық сезім, қазақстандық патриотизм. Оның басты өлшемі – татулық, тыныштық, тұрақтылық. Қазақстан бұл жағынан да баянды байлыққа ие. Қазақ жерін мекен етіп жатқан 120 ұлт пен ұлыстың, 46 конфессия мен деноминацияның өкілдері еліміздегі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді берік ұстанып отыр. Бүгінгі қазақтар Абай атамыздың "Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп" деген өсиетіне адалдығын әрқашан танытып-ақ келеді және алдағы уақытта да таныта беретін болады.

Әрине, біздің, ең алдымен, мемлекетті ұйыстырушы ұлттың – қазақ ұлтының бүгіні мен болашағына баса назар аударуымыз керек. Бүгінгі, үшінші Құрылтай әлем қазақтары бірлесуінің жаңа бір белесі болмақ. Сіздер бұл жиынға дүниенің түкпір-түкпіріндегі 32 елден келдіңіздер. Қатысушылар саны да қомақты – осы залда 300-ден астам шетелдік қандасымыз отыр. Араларыңызда министр де, академик те, әкім де, әртіс те, ректор да, жазушы да, ірі бизнесмендер де бар. Сіздер кеше Құрылтай шеңберінде ұйымдастырылған төрт секцияның жұмысына қатыстыңыздар, атап айтқанда, көші-қон проблемаларын, қазақ диаспорасының мәдениеті мәселелерін, шетелдік қандастарымыздың білім алуының жай-күйін, бауырларымызды шағын және орта кәсіпке баулудың қыр-сырын талқыладыңыздар. Ресей мен Қытай, Түркия мен Германия, АҚШ пен Франция, Швеция мен Иран, Өзбекстан мен Қырғызстан, Түркіменстан мен Ауғанстан… – тағдырдың тәлкегімен жұмыр жердің жүзіне жайылып кеткен бауырларымыздың Қазақстанға, Астанаға жеткен жолы сан тарау.

«Жол жүрсе өнеді» дейді дана халқымыз, ал ең басты жол – Отанға бастайтын жол, ол жырақта жүріп сағыныштан сарғайған қандастарымыздың жүрегі арқылы өтетін жол. Сол жол, міне, он төрт жылға жуық уақыттан бері сіздерді жиі-жиі атамекенге алып келуде. Талайларыңыз атамекенге жүрек жолымен келіп, туған жер төсінде тұрақтап қалып та жатырсыздар. Оттан да ыстық Отанның ыстығына күйіп, суығына тоңып келесіздер. Қай жерде жүрсеңіздер де, атаме-

кенді ардақтаған адал жүректеріңізбен туған жеріміздің жақсы атын шығарып келесіздер. Сол үшін Сіздерге мың да бір рахмет айтамын.

Қазақтар бүгінде дүние жүзінің қырықтан астам елінде, басым көпшілігі Қазақстанмен шекаралас мемлекеттерде тұрып жатыр. Соңғы кездегі деректер бойынша, Өзбекстанда бір жарым миллион, Қытайда 1 миллион 500 мың, Ресейде миллионға жуық, Түркіменстанда 100 мың, Моңғолияда 80 мың, Қырғызстанда 45 мың қазақ бар. Өзге елдердің арасынан Түркия, Иран және Ауғанстанда қазақтар біршама көп және олар жинақы орналасқан. Еуропа мемлекеттерінде қазақтар қадау-қадау, ал мұхиттың арғы жағындағы елдерде тіпті бірен-саран кездесетіні белгілі. Әрбір үшінші адамы шекараның сыртында өмір сүріп жатқан қазақтың қилы тарихы осылай қалыптасты, енді өткенге өкіне бергеннен ештеңе өзгермейді.

Жалпы, шетел қазақтарының, оралмандардың мәселелерімен Сыртқы істер, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Мәдениет, ақпарат және спорт, Білім және ғылым министрліктері, басқа да ведомстволар ұдайы айналысуға, өздеріне қатысты проблемаларды шешіп отыруға тиіс.

Құрылтайда айрықша қозғалатын мәселенің бірі шетелдегі ағайындарымызға оқу-білім жөнінен көмек көрсетудің жайы болады деп білемін. Шетелдік қазақ жастарына арналып жыл сайынғы мемлекеттік білім грантынан екі пайыздық орын бөлінуі, олар үшін жоғары оқу орындарының жанынан дайындық бөлімдерінің ашылуы - осындай қамқорлықтың нақты үлгісі. Алдағы уақытта мұндай шаралардың аясын кеңейте түскен жөн.

Қазақ диаспорасының проблемалары республиканың бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі қозғалып келеді. Бұл орайда атқарылған жұмыстардың ең ірісі де игіліктісі – хабарларын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, ең бастысы – ғарыштық байланыс жүйесі арқылы таратын "CaspioNet" телеарнасының ашылуы болды. Осы арқылы қазір әлемнің кез келген жеріндегі қазақ азаматы Қазақстанның тынысын күнбе-күн сезінуге мүмкіндік алып отыр.

Кейінгі жылдарда туған жерімізде қолға алынған тағы бір іргелі іс жайында сіздерге разылықпен айтқым келеді. Ол – мемлекеттік "Мәдени мұра" бағдарламасы. Мұндай бағдарлама әлемнің ең дамыған елде-

рінде де сирек кездеседі. Аса ауқымды бағдарлама шеңберінде Ресей, Қытай, Монғолия, Иран, Түркия және араб елдері мұрағаттарындағы қазақ тарихына қатысты деректер жинастырылып, алды жариялана бастады. Енді осы елдерде тұратын қандастарымыздың аса бай әдеби, фольклорлық және музыкалық мұрасы да зерттеліп, жарық көруге тиіс.

Қазіргі таңда 11 елде қазақ ұлттық-мәдени орталықтары жұмыс істейді. Олардың ең көбі – Ресейде. Қазақстанмен шектесетін мемлекеттердің баршасында, сондай-ақ Түркияда, Англияда, Германияда, Австрияда, Швецияда, Венгрияда, Украинада қазақ-мәдени орталықтары игілікті шаруа атқаруда. Олардың бәріне де біз қолдан келген көмекті көрсетуіміз керек.

Шетелдік қандастарымызға көмек көрсету дегенде алдымыздан алфавит мәселесі алдымен шығатыны түсінікті. Бұл – өте күрделі мәселе. Қазір жер бетіндегі қазақтың үш бірдей алфавитті ұстанып отырғаны мәлім. Қазақстандағы, Ресейдегі, ТМД-ның бірқатар елдеріндегі жазу – кириллица. Түркиядағы, Батыс Еуропадағы жазу – латиница. Кейінгі кезде бұл жазуға Орталық Азиядағы кейбір көршілеріміз де көшіп алды. Қытайдағы қазақтардың ұстанатын жазуы – арабшаның төте жазу үлгісі. Біздің өзімізде де бұл жөнінде талай пікірталас жүріп жатыр. Біреулер: "Латынға көшпей болмайды, бұл түркі әлемін біріктіретін бірден бір жол, бүкіл әлем түбінде сол жазуға көшуі мүмкін", деседі. Біреулер: "Латынға көшсек қазақ фонетикасына тән бірқатар дыбыстардан айырыламыз, кириллицада жарық көрген жүздеген миллион кітаптарда жинақталған білімнен қол үземіз" деседі. Екі пікірдің де жаны бар. Сондықтан мен бұл тақырыптағы пікірталастарды біздің ғалымдарымыз бен зиялы қауым өкілдері барынша зейінмен зерделеп, халқымыздың тағдырына қатысты аса маңызды мәселеде бір тоқтамға келгені жөн деп есептеймін.

Мұндай мәселені асықпай, аптықпай қарап, «жеті өлшеп, бір кескен» жөн.

Ардақты ағайын!

Менің есімнен Мекке мен Мединеге барған сапарым ешқашан кеткен емес. Жақында марқұм болған патша Фахд қасиетті Қағбаға кіруіме жағдай туғызған еді.

Қағбаның ішіне кіргенде аспан мен жердің арасында қалқып бара жатқандай болдым. Қағбаға кірерде патша маған: "Алладан тілек тілеу керек. Қазір бермесе де, кейін береді", деген еді. Сол сапардан кейін менен: "Сонда не тіледіңіз?" деп сұраушылар болды. Тәңірім куә, мен еліме, халқыма, қазақтарға шапағатыңды аяма деп тіледім Алладан.

Сол тілекті Жаратқан Иеміз бере бастаған сияқты.

Мен, Аллаға шүкір, жастайымнан атақ-мансап, лауазымнан кенде болған жан емеспін. Бірақ қандай қызметте жүрсем де, алдыма бір ғана мақсат қойдым: ол халқыма адал қызмет істеу, қазағымды әлем елдерінің алдына шығару. Елбасы ретінде барлық күш-жігерімді осыған жұмсадым және Қазақстанның бүгінгі қол жеткізген жетістіктері сол адал қызметімнің айқын нәтижесі деп білемін.

Елбасының Қазақстан халқына «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» жолдауынан (2006 жыл)

Мен өзіміздің әлемдік рейтинг кестесінің жоғары бөлігіне іліккен елдер тобының ішінен орын алуымызға мүмкіндік беретін басты негіздер мыналар деп білемін...

Алтыншыдан, біз қазақ халқының санғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XI сессиясында сөйлеген сөзінен

ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ МОЛ

Азаматтық бейбітшілік пен келісімнің, этносаралық және конфессияаралық үнқатысудың мемлекеттік саясатын біз басты бағытқа жету – өркенді көп ұлтты Қазақстанды құру мақсатында нығайтып, дамытатын боламыз, деп атап өтті Нұрсұлтан Назарбаев.

Теңдестірілген тіл саясаты, Қазақстан халқының лингвистикалық байлығын молықтыру біздің бірлігіміз бен прогрестің негізі болып табылады.

Менің терең сенімім мынада: қазақ тілі мен мәдениетін дамыту міндетін шешпейінше, ұлттық саясат мүмкін болмайды.

Өткен жылдарда қоғамымызда біздің мемлекеттіліктің бүкіл ғимараты тұрғызылған іргетас ретінде қазақ тілі мен мәдениетінің рөлін терең түсінудің орын алуы мен үшін өте маңызды.

Сонымен бірге біз еліміздің жаһандық дүниеге интеграциялануының маңызды шарты ретінде орыс тіліне қолдау жасау саясатын бұрынғысынша жүргізе беретін боламыз.

Біз сондай-ақ осы заманғы әлемге бастайтын жолымыз ағылшын тілін білуді де талап ететінін түсінуге тиіспіз.

Біздің саясатымыз осынау үдерісті дамытып, тереңдетуі тиіс. Егер Ассамблеяның барлық мүшелері қазақ мәдениетін зерттеу мен таратуға барынша тікелей қатысатын болса, біз ел мен болашақ ұрпақтар алдындағы парызымызды өтеп шығамыз.

Астана қаласы, 2005 жылғы 22-қараша
"Егемен Қазақстан", 23-қараша

Нұрсұлтан Назарбаев:

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ»

(Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы 11-17 мамырда «Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан):

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы ел өміріндегі ең маңызды оқиғаның бірі деп білемін.

Еліміз көпұлтты мемлекет болған соң тіл мәселесін тізеге салып шешуге болмайтынын да ұмытпаған абзал.

Туған тілімізге тиісті мәртебе беруде біз ешкімнен кейіндеп, кешеуілдеп қалғанымыз жоқ.

Ұлт пен тіл мәселесіне келгенде, ең бастысы, ұлттық оқшауланудан, томаға-тұйықтықтан қашу керек.

… мемлекеттік қызметке қабылданған қазақ қазақша сөйлеуі керек.

Қайталап айтайын: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесіңдер, балаларыңның тілін қазақша ашыңдар».

Дауға салса – алмастай қиған, сезімге салса – қырандай қалқыған, ойға салса – қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?!

Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ 2006 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XII СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН

Тәуелсіздіктің бастауында біздің мемлекеттік ұлттық саясатымыз екі мәселені шешуге тиіс болды.

Бұл мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақтардың құқықтарын іске асыру және барлық азаматтарымыздың ұлттық белгілері бойынша құқықтарын шектеуге жол бермеу. Біз екі міндетті де сауатты түрде шеше алдық.

15 жыл ішінде қазақтар статистика бойынша ғана емес, іс жүзінде де шынайы қалалық ұлтқа айналғанына назар аударушылар некен-саяқ. Қазақстандық қалалардың әлеуметтік құрылымында шағын партиялық буын мен гуманитарлық зиялылардан басқа қазақтардың басым бөлігі еңбекақысы төмен және беделі аз жұмыспен айналысқаны бәріміздің есімізде. Қазіргі таңда бизнестің барлық құрылымдарында, менеджмент, ақпараттық-технологиялық және басқа да барынша беделді салаларда қалалық қазақ тұрғындары кеңінен қамтылған. Қоғамда болып жатқан өзгерістерді түсінуде бұл ілгері қадамның қағидаттық маңызы бар. Қазақтардың ұлттық мәртебесі мен ұлттық өзін-өзі бағалау деңгейі мемлекет құраушы ұлт мәртебесіне сай келді.

Елдің білім беру ортасы қағидаттық тұрғыда өзгерді. Кеңестік кездегі халықтардың тең құқылығы жөнінде сөз қозғайтындар, мысалмен келтірсек, Алматының өзінде ұзақ жылдар бойы тек бір ғана толыққанды қазақ тіліндегі мектептің болғанын ұмыта отырып, қатты өтірік айтады. Бүгінде мектеп оқушыларының 60 пайызға жуығы қазақ тілінде білім алуда. Бәзбіреулер қазақ тілінде білім беру стандарты әзірге қазіргі заман талаптарына сай келмейді-міс деген байлам жасауда. Мен мұнымен үзілді-кесілді келіспеймін.

Міне, нақты мәлімет – халықаралық мектеп олимпиадалары жеңімпаздарының 64 пайызы қазақ мектептерінде оқитындар.

Бүгінгі таңда республиканың 119 жалпы білім беретін мектептерінде 15 ұлттың өкілдері өз ана тілдерін оқуда. Тағы бір мәлімет: Қазақстанда жалпы білім беретін мектептердің 40 пайыздан астамы орыс тілінде оқытып келеді. Осының барлығы мемлекеттің ешкімнің ұлттық ерекшеліктеріне шектеу жасамастан, стратегиялық міндеттерді шешіп, табысымыздың екінші факторына айналдыра алған сарабдал ұлттық саясат жүргізгенін айғақтайды. Біз мұндай саясатты одан әрі де жүргізе бермекпіз.

Өз Отаныңның патриоты болу – бұл Қазақстанды өз жүрегіңде ұялату. Мен сіздерді осыған шақырамын.

Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңыздағы мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді дәл сондай нышан. Және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс.

Тәуелсіздіктің барлық жылдарында біз бүкіл посткеңестік кеңістікте ең либералды тіл саясатын жүргіздік.

Қоғамға біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек және дәлірек түсіндіру керек.

Ол кез келген мемлекеттің ұлт саясатының өзегі болып табылатыны жақсы мәлім. Әлемде көп ұлтты елдер аз емес. АҚШ-ты, Ұлыбританияны, Францияны, Германияны, Ресейді алып қарайық. Олар көпұлтты және бұл елдерге көптеген эмигранттар келіп жатады. Бұл мемлекеттерде мемлекеттік тілді білмей өмір сүруге және жұмыс істеуге бола ма? Әрине, жоқ. Біз бұл мәселеде қажетсіз саясаттандырушылыққа ұрынбадық, тіл проблемасын ел халқының тілдік сұраныстарын ескере отырып, өркениетті әдістермен шешуге ұмтылып келеміз.

Егер тіл туралы алғашқы заң бұдан 17 жыл бұрын, 1989 жылы қабылданғанын, ал мемлекеттік тілде іс жүргізуге 16 өңірдің тіпті жартысы да көшірілмегенін еске түсірсек, біздің елдегі қазақ тілінің шынайы жағдайы айқын бола түседі.

Іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру тағы да бәзбіреулерге қысым

жасауды емес, орыс тілін иеленушілерге оны аудару және пайдалану мүмкіндігін беруді көздейді.

Турасын айтайық, мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру жақсартуды қажет етеді.

Солай болсадағы бүгінде біздің қоғамда мемлекеттік тілді білудің маңыздылығы мен қажеттілігін түсінушілік бар. Мен мұндай пікірді мынадай жәйтке байланысты айтып отырмын. Өңірлерде болғанда мен қазақ ұлтынан емес жастардың қазақ тілін өте жақсы білетінін жиі көріп жүрмін. Оларға барлық жерде қолдау білдіріп, назардан тыс қалдырмау керек. Қазақ тілді бақшалар мен мектептерге балаларын әртүрлі ұлттың ата-аналары беруде. Мемлекеттік тілге деген көзқарастың ең айшықты оң көрсеткіші осы емес пе? Жалпы, бұл тақырыпқа сөз көп болды. Ал қажеті бірнеше нақты қадамдар еді. Мен Үкіметке бір айдың ішінде мемлекеттік тілді білетін қазақ ұлтынан емес мемлекеттік қызметшілерді айтарлықтай материалдық ынталандыру жөнінде ұсыныс әзірлеуді тапсырамын.

Ал қазақтар үшін мемлекеттік тілді білу – міндетті талап болуы тиіс.

Үкімет сондай-ақ тілдер жөніндегі бағдарламаны қайта қарап, мектептерге, мекемелерге мемлекеттік тілді үйрену, әдістемелер мен оқулықтар жасау жөнінде айтарлықтай қолдау көрсетуі керек. Қазақ тілі оқытушыларын даярлауға және оларды материалдық ынталандыруға айрықша назар аудару қажет.

Мемлекеттік тілді үйрену курстарын ұйымдастыру жөніндегі орыс және славян бірлестіктерінің қазіргі бар тәжірибелерін оң тұрғыда бағалай отырып, қолдау көрсеткен жөн. Бұл бастамаға басқа да ұлттық-мәдени орталықтар қолдау білдірсе, жақсы болар еді. Ал бүгінде қазақ тілінің барынша жақтаушысы болып жүргендерге мен мұны осынау ұйымдардың оқуына нақты көмекпен дәлелдеуді ұсынамын.

Әрі қарай, бізге кейбір пәндерді мектепте оқыту бір мезгілде қазақ тілінде де, орыс тілінде де жүргізілуі туралы ойласу керек. Бұл біздің бүкіл білім беру жүйеміз үшін жаңа міндет, оны талдап жасауға уақыт қажет. Мұны байыпты зерттеу керек. Бірақ та келіңіздер, жағдайға басқа қырынан қарап көрейік. 1992 жылы 1-ші сыныпқа барғандар 21 жасқа келді. Егер олар осы кезге дейін іс жүзінде қазақ тілін білмесе,

оларды қалай оқытыпты және мемлекеттік тілді білуге деген талап қандай болыпты? Тағы да 10 жыл өтер, содан кейін біз білім алу және тілдік кедергілермен бөлінген жастарды алатын боламыз. Мен аға ұрпақтың адамдарына тілді күштеп үйренуге мәжбүрлеуге болмайтыны туралы талай рет айттым. Қазір де сол пікірімде қаламын.

Алайда Қазақстандағы жастар мынаны білуге тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеу мүмкін болмайды. Мемлекеттік тілде қойылған сұрақтарға сол тілде жауап беруге тура келеді. Уақыт бар, мүмкіндік бар, мемлекеттің қолдауы бар – өз функцияларыңды қажетті деңгейде жүзеге асыру үшін тілді үйрену керек. Бұл әбден қалыпты және өркениетті шарт.

Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз. Және мұнда қазақ тілінің ғалымдарына, лингвистеріне ғылым мен осы заманғы технологиялардың, ал нарықтық қазақ тілінің тіпті де терминдерін жасаумен айналысуы керек. Бұл – шұғыл мәселе. Үкімет барлық проблемаларды кешенді түрде зерттеп, шара қабылдауы тиіс.

Екіншіден, орыс тілінің жағдайы. Қазақстанда бүкіл жиырмасыншы ғасырда орыс тілі орнықтырылған әдістерді – миллиондаған қазақтардың өз ана тілін ұмытуына соқтырған әдістерді айыптауға болады. Бірақ та осы үшін қазақтардың орыс тілін жаппай білуінен бас тартуға болмайды.

Мәселе мынада, халықаралық тілдердің бірі болып табылатын орыс тілін миллиондаған қазақтардың жаппай білуі — осы заманғы дүниеде ақпараттық кеңістікті кеңейтетін фактор. Көз жетерлік болашақта орыс тілі біздің бәсекеге қабілеттілігіміздің факторы болып қала береді. Бұған ешқандай күмән жоқ. Сондықтан Қазақстанда орыс тілін білу деңгейі жоғары болып қалуы тиіс.

Көріп отырсыздар, мемлекеттік тілді және орыс тілін білуде бір-біріне қарай қозғалыс керек. Бұл елдегі өзара құрметтің және тұрақтылықты нығайтудың факторы қызметін атқарады.

Үшіншіден, ағылшын тілін білу қазіргі кезде тілекке қарай, ал ертеңгі күні қажеттілік болады.

Мен бұған дейін қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кем дегенде үш тілді болып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін білуі тиіс дегенмін. Еуропада көптілділік қалыптылыққа айналды, біз де осыған сөзсіз келуге тиіспіз.

Ағылшын тілін кеңінен білмейінше, ұлттың бәсекеге шынайы қабілеттілігі туралы айту қиын болады.

Мен бұл жерде еліміздің барлық азаматтары жайында айтып тұрмын. Тіпті төрт мың жылдық ұлттық тарихы мен мәдениеті бар бір жарым миллиардтық Қытайдың өзі ағылшын тілін белсенді түрде меңгеруде. Жапония, Үндістан, Сингапур, Малайзия сияқты елдердің экономикалық табысқа жетудегі маңызды факторларының бірі халықтың жаппай ағылшын тілін білуі болды.

Еліміздің барлық жалпы білім беретін мектептері мен жоғары оқу орындарында ағылшын тілін терең әрі қарқынды түрде оқытудың арнайы бағдарламасын жасаудың уақыты келді деп ойлаймын. Бұл бағдарламаға Ұлыбритания мен АҚШ-тың білім беретін ірі құрылымдарын тарту жөнінде ойлану қажет. Үкімет екі ай ішінде тиісті ұсынысты дайындауы тиіс.

Мен барлық ата-аналарды балаларын үш тілде оқытуға шақырамын. Бұл олардың болашағы үшін маңызды.

Төртіншіден, қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие. Және де көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жыл ішінде мәселені зерделеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс.

Біздің балаларымызға ағылшын тілін оқыту қазірдің өзінде латын әліпбиін көздеуде. Олай болса, бұдан қорқатын ештеңе жоқ. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның плюстері мен минустарын зерделеуіміз керек.

"Егемен Қазақстан",
2006 жылғы 25 қазан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың республикалық БАҚ тілшілеріне берген сұхбатынан

ТҰРАҚТЫЛЫҚ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

Думан Хамит, "Қазақстан" ұлттық телеарнасы:

Сіз үнемі тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді сақтау туралы айтып келесіз. Неліктен осы екі мәселеге ұдайы көңіл бөле бересіз?

Н.Ә. Назарбаев:

– Қазақта "Армансыз елдің ақылы дұрыс болмас, қазақ бірікпей бақ қонып, ырыс қонбас" деген бір керемет сөз бар. Осы тұрғыдан бастап айтатын болсақ, халықтың барлығы оны түсінуі керек. Кейбіреулер тұрақтылық туралы қайталап айта береді дейді, бірақ бізге дүниеде осыдан ештеңе артық емес. Біздің барлық жетістіктерімізді, істеген шаруаларымызды халық қолдап жатыр, елді аралағанда осыған көз жеткіздік, қазір де көріп отырмыз. Осының барлығы ел ішіндегі тұрақтылықтың нәтижесі. Ең алдымен, біздің қазақ халқы бірлікте болуы керек. Егер де Қазақстан халқының ішіндегі небәрі 8 миллионның ар жақ, бер жағындағы қазақ екіге жарылып, бір-бірімен бақ таласқа, тақ таласқа, ауыл таласқа түсетін болсақ, біз бүгінгі жетістіктерімізден айырылып қана қоймаймыз, біз тәуелсіздігіміз бен мемлекеттігімізден айырыламыз. Тарихта талай рет солай болған. Бұл мәселені біздің зиялы қауым, ертеңін ойлайтын қазақ, арғы жағы, бергі жағын бағамдай білетін қазақтың барлығы біледі. Екінші жағынан, көпұлтты мемлекет екеніміз ешкімге жасырын емес. Басқа да ұлттардың құқын сақтап, тілін, ділін құрметтеп, ата-бабамыздың салып кеткен жолымен жүретін болсақ, сонда ел іші тыныш болады. Ел іші тыныш болса, бізді сыртқы жұрт сыйлайды, ішіміз тыныш болса, ештеңеге алаңдамай, экономикамызды өркендетіп, халықтың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндігіміз болады. Елдегі тұрақтылық пен ішкі бірлік туралы үнемі айтатыным сондықтан. Біздің бар тірлігіміз осы сайлаумен бітіп қалмайды ғой. Алдымызда үлкен-үлкен міндеттер бар. Ол міндеттерді орындау үшін елдегі тыныштық керек. Төңірегімізге

қарайтын болсақ, сол тыныштығымызға қауіп төндіретін жағдай өте көп. Көршілерімізде болып жатқан оқиғаларды, арыға барсақ, өзіміз куә болған Тәжікстандағы азамат соғысын алайықшы. Не болды, міне, әлі күнге дейін біздің 1994 жылғы ахуалдан аса алмай отыр.

Тағы да атап көрсетейін, осы жылдардың бәрінде Қазақстанда тыныштықтың сақталуы өз-өзінен бола қойған жоқ. Ол үшін Қазақстандағы барлық адамдардың, барлық ұлттардың, барлық діндер мен мәдениеттердің теңдігін қамтамасыз ететін арнайы заңдар қабылдау қажет болды. Бұл, біріншіден. Бірақ та заңдарды қабылдап қою аз, олардың жұмыс істегені және адамдардың Қазақстанда шынында да баршаның тең құқығы сақталып, қамтамасыз етілгенін көзімен көріп, сенгені керек. Нақ осы негізде, нақ сондықтан біздің елімізде адамдар арасындағы достық, сенім, тұрақтылық сақталып отыр. Мұны Қазақстанға құдай берген бақыт деуімізге болады. Сондықтан президентпен бір арнада жұмыс істейтіндер болсын, оппозиция болсын – олардың бәрі біздің тұрақтылығымыз бен тыныштығымыз – бұл халықтың байлығы екенін түсінуі тиіс. Бұл – біздің болашақ дамуымыздың негізі, сан қырлы өзегі екенін түсінуі тиіс. Сайып келгенде, бұл – көрші елдермен достығымыздың, ізгі қатынастарымыздың негізі. Және бұл – құрлықтың осы бөлігінде Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі өтуіне болатын, Азия континентіндегі елдер басшылары кездесе алатын бірден-бір мемлекет ретінде бізді әлемнің құрметтеуінің негізі, өйткені басқа қолайлы мұндай орын табылмады. Бұл – тыныштық пен халықтар достығының оазисі. ЕҚЫҰ-ның келесі жылы бізде төзімділік және азшылықтың құқығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша конференция өткізуді ойластырып отыруы кездейсоқ емес. Біз қазақстандықтар ретінде мұны мақтаныш етуге тиіспіз.

Сондықтан да мен баршаға шын жүректен қайырылып, тұрақтылықты сақтау – барша қазақстандықтардың қолында дегім келеді. Біз мұны құрметтеп сақтауға тиіспіз, өйткені біздің болашағымыз, балаларымыздың болашағы, ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасының өркендеуі осыған байланысты.

2006 жыл

«ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН»

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауынан (2007 жыл)

Жиырма алтыншы бағыт – Қазақстан халықтарының рухани дамуы және үштұғырлы тіл саясаты

Біріншіден, "Мәдени мұра" бағдарламасының шеңберінде жүргізілген жұмысты жалғастыра отырып, "Қазақстан Халықтарының Рухани Даму Қорын" құру туралы мәселені жете зерделеу керек. Қор тұрақты мониторинг жүргізіп, мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің көмегімен және тиісті қоғамдық ұйымдарды қатыстыру арқылы біздің халықтарымыздың мәдени құндылықтары мен дәстүрлерін дамытуды қолдап отыруға тиіс. Қорды басқару корпоративтік басқару қағидаттарының негізінде жүргізілуге тиіс.

Екіншіден, "Тілдердің үштұғырлығы" мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Мәдени мұра" бағдарламасын іске асыру жөніндегі мәжілісте сөйлеген сөзінен

Үшіншіден, қазақ шын мәнінде бір дүниесімен мақтанар болса, ол - фольклорымыздың байлығы ғой. Ежелден сөз өнерін қасиет тұтқан елміз. "Қазақ халқының фольклоры жүз томнан асады" деген әңгімені біз естігелі қанша заман болды! Сөйте тұра, осы шаруада да істен гөрі сөз көбірек болды. Ертегісі бар, батырлар жыры бар, айтысы мен дастаны бар оннан астам кітапты анау бір жылдары шығарғанымыз есімізде. Сосын оның аяғы да құрдымға кетті.

Осыған байланысты мамандарға ауыз әдебиетінің бар байлығын жарқырата шығарып, қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін зерделеудің тұтастай жүйесін жасау міндеттелді. Ұлттық әдебиет пен жазуымыздың көп ғасырлық тәжірибесін қорытып, том-том етіп оларды кітап түрінде тарату жүктелді.

Сондай-ақ, әлемдік ақыл-ой мұраларын қазақ тіліне аудару жұмысында аудармашыларға қойылар талапты күшейтіп, сапа жағына қаттырақ көңіл бөлгендеріңіз жөн болады.

Аудармамен ең алдымен тілдің мамандары, кәнігі қаламгерлер айналысқаны жөн. Ғалымдар көбіне сарапшылық, кеңесшілік қызмет атқарса ортақ іске көбірек пайда тигізеді. Қандай күрделі шығармалар да қазақтың қара тілімен төгіліп, жатық сөйлеп тұрмаса, біз адамзаттың алтын қорын төл мұрамызға айналдырдық деп айта алмаймыз.

Бағдарлама бойынша шығарылып жатқан кітаптардың тиражын да қарастыру керек. 2-3 мың дана кімге жетеді? Олар тіпті кітапханаларды да толық қамтамасыз етпей отырғаны белгілі. Шығарылған аз таралымның өзі дұрыс бөлінбейді деген сын орынды. Білім және ғылым министрлігі өзінің саласына бөлінетін кітаптардың санын қайта қарап, сала бойынша оңтайлы орналастыруы жөн.

(Дерек көзі: http://www.akorda.kz/www/www_akorda_kz.nsf/sections?OpenForm&id_doc=AFB9F6283E0A7CE2462572850026A6FB&lang=kz&L1=L2&L2=L2-15)

2007 жыл, ақпан

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қазақстандық телеарналардың авторлық бағдарламалар жүргізушілеріне берген сұхбатынан

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН — ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ИДЕЯСЫ

Ф.Курепин:

– Нұрсұлтан Әбішұлы, мен ұлтаралық саясаттың тағы бір, нақтылап айтқанда – тілдік қырын қозғағым келер еді. Соңғы уақытта іс жүргізу мәселесі жөнінде өте көп түсініктемелер болды. Бұл мәселеде депутаттардың сұрау салуы да, Конституциялық Кеңестің түсіндірмесі де болды. Сізге нақ қазір мемлекетке бұл мәселедегі өз ұстанымын барынша айқын да айшықты нақтылауы керек болып көрінбей ме?

Президент:

– Мұнда нақтылайтын ештеңе жоқ. Бәрі Конституцияда және Тіл туралы заңда айтылған. Соңғы нақтылауды Конституциялық Кеңес жасады. Ол бәрін айқын түсіндірді. Конституцияда мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп жазылған. Орыс тілі – ресми тіл, ұлтаралық қатынас тілі, ол мемлекеттік органдарда қазақ тілімен тең қолданылады. Бітті.

Біріншіден, Конституцияның Қазақстанда кімді де болсын ұлтына, мәдениетіне, нанымына және соның ішінде тіліне байланысты кемсітушілікке тыйым салынатыны айтылған тиісті баптарын есте ұстау керек. Сондықтан барлық шенеуніктер, әкімдер мемлекеттік тілде іс жүргізуді енгізу мәселесі нақ мемқызметшілердің мемлекеттік тілді білуін көздейтінін түсінуі керек. Мемлекеттік тілді білу үшін уақыт талап етіледі. Сондықтан мемлекеттік тілде іс жүргізуді біртіндеп, 2010 жылға дейін енгізу қажет.

Үкіметке, Конституцияда жазылғанындай, мемлекеттік шенеуніктерге мемлекеттік тілді тегін үйрету үшін, тиісті әдістемелер мен оқулықтарды жасау үшін ақша бөлуге арнайы тапсырма берілді.

Егер мемлекеттік шаралар мемлекеттік тілде өткізіліп жатса, онда залда ілеспе аударма болуы немесе баяндамалардың аудармалары берілуі керек.

Біз мемлекеттік тілді білмегені үшін ешкімді жазғырмаймыз. Әрбір азаматты біздің Конституциямыз бен заңдар қорғайды. Бірақ та, екінші жағынан, мемлекеттік тіл бір ұлттың тілі болып қалмауы керек, оны білуге барлық қазақстандықтар ұмтылуы тиіс.

Мен бүгінде кез келген қазаққа қарағанда қазақ тілінде жақсы сөйлей алатын жас жігіттерге, студенттер мен оқушыларға ризамын. Осынау жігіттер мен қыздарды дикторлыққа қабылдаған телекомпанияларды ынталандырып, қолдау білдіремін.

Мен осындай жігіттерді барлық деңгейдегі, өңірлерде, қалалар мен облыстардың әкімдіктеріне мемлекеттік қызметке қабылдауға пәрмен беремін. Осының өзі ынталандыру болып табылады. Біз тіпті бұл адамдарға қосымша ақы төлеу туралы айтып жүрміз.

Екінші жағынан, ұлы Абай егер сен басқа халықтың тілін білсең, сен онымен тең боласың деген. Бұған алып-қосатын не бар?

Сондықтан, біздің азаматтар атқарылып жатқан шаруаның барлығы Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, қазақ халқының болашағына жұмыс істеп келе жатқанын түсінуі керек. Көріп отырмыз ғой, біздің жас кезімізде қазақты кемсітетіндер де бар еді. Қазір аузына құм құйылды бәрінің, солай ма?

Біздің 15 миллион халқымыз экономиканың өркендеуіне жетпей отыр. Қазір 5-6 миллион басқа халықты шақырсақ, экономикаға жақсы болар еді. Сондықтан бұл жерде ақылдылық пен байсалдылық керек. Егерде Қазақстанда бір адамның құқығы бұзылса, барлық қазақстандықтардың құқығы бұзылды деп санауға болады. Егер бізде дәлелдеуді қажет етпейтін осындай ұстаным әрекет ететін болса, онда бізде даму да болады, жарқын болашақ та болады.

Қазақстандағы жұрттың бәрі біздің тұрақты да дамыған мемлекет болуымызды қалайды. Біз жүргізіп келе жатқан саясат бүкіл әлем ұмтылып отырған қалыптарға сай келеді. Сондықтан осының бәрі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында батыл түрде айту керек.

Менің тағы да бір айтатыным бар, біздің ағайынға. Ана артыңнан еріп келе жатқан балаларың мен немерелерің қай тілде сөйлеп келе жатыр, соны қара алдымен. Біздің, 9 миллион қазақтың 4 миллионы, одан да көбі қазақша жөндеп сөйлей алмайды. Соларды сөйлетіп алайық та алдымен. Тағы да айтамын: өзімізбен өзіміз қазақша

сөйлесейік. Өзіміздің балаларымызды қазақша сөйлетіп алайық. Ағайын-туысқанымызды сөйлетіп алайық. Сонда, міне, біз бәріміз қазақша сайрап тұрмыз, сендер неге сөйлемейсіңдер деп айтамыз.

Біз өзіміз қазақша сөйлей берсек, тыңдап отырған мына Федор да үйренеді, біз сөйлемесек, оған қазақша үйретпесек, ол қалай сөйлейді? Өзіміз сөйлемей жатып, басқалардың барлығын сөйлетеміз дегеніміз не? Бұл жерде тұжырымдап айтатын бір мәселе бар, терең мәселе, көкейкесті мәселе. Бізге ең алдымен елдің ішіндегі тыныштық, содан кейін қазақтың баянды болашағы қажет, соның арқасында тіл де болады, мәдениет те болады, ғұрып та болады, дәстүр де болады, бәрі болады. Шыдам керек, бір күнде еш нәрсе бола қалмайды, бір сағатта үлкен мәселені шешуге болмайды. Төңірегімізге қарауымыз керек, үй өзімдікі деме, үй сыртында кісі бар деген қазақ атамыз.

«Егемен Қазақстан»,
2007 жылғы 10 сәуір

(http://www.akorda.kz/www/www_akorda_kz.nsf/sections?OpenForm&id_doc-=B021400766525AA8462572BA002E22A0&lang=kz&L1=L2&L2=L2-18)

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Интернет-конференциясы

(Астана, 2007 жылғы 7 маусым)

Оксана Петерс:

Сұрақтардың біршама бөлігі тіл саясатына қатысты түсіп жатыр. Жекешелей алғанда, қашан қазақ тілі латын алфавитіне көшеді? Ал жалпылай алғанда, қазақ тілінің дамуына Сіздің көзқарасыңыз?

Президент:

Мен бұл мәселені Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12-сессиясында, сондай-ақ "Ана тілі", "Қазақ әдебиеті" газеттеріне берген сұхбаттарымда айтқан болатынмын. Латын әрпіне көшу – бұл қазір ғалымдар айналысатын мәселе. Бұл мәселені ғалымдар талқыласын, біз алды-артын ойланайық. Бұл бүгін не ертең шешпесек, бірдеңе бола қалармықтай асығыс мәселе емес. Жалпы бұл – болашақтың мәселесі. Біз қазір Интернет, ақпараттық технологиялар жөнінде айтып отырмыз. Интернеттің тілі – латын әрпі. Интернетпен өзіміз де, болашағымыз да тығыз байланысты.

Біздің балаларымыз барлығы 1-сыныптан бастап ағылшын тілін оқып жатыр, яғни латын әріпін оқып жатыр. Ал енді қазақтың тілін латын қарпіне қалай бейімдеу керек? Осы орайда түрік ағайындардың қандай артықшылығы, кемшілігі бар? Көрші ағайындарымыз Өзбекстан мен Түркіменстан латын қарпіне көшіп жатыр, солардың тәжірибесін зерттеуіміз керек.

Ал біз бұл мәселеде асығыстық жасамауымыз қажет. Ғалымдарымыз бұл мәселе пісті-жетілді, мінеки әліппенің бәрін жөндедік, қазақтың дыбыстарының бәрін ретке келтірдік дегенде ғана қолға алғанымыз дұрыс болады деп ойлаймын. Оған уақыт керек.

Қазақ тілінің мәселесіне келетін болсақ, Конституциямыз бойынша, қазақ тілі — мемлекеттік тіл. Тіл туралы заңда қазақ тілін одан әрі қалай дамыту мәселесі толық жазылған. Тілді дамытпай жатыр деген алып-қашпа әңгімелерге ешқандай негіз жоқ. Осы бағытта арнайы жұмыстар жасап жатырмыз.

Қазір біздің Үкіметіміз осы мәселеге 2 миллиард 700 миллион теңге қаржы бөліп, шенеуніктерді және басқаларды тегін оқыту жөнінде жұмыстар жүргізіп жатыр.

Мінеки, менімен сөйлесіп отырған Оксана, өзіңіз қазақша жақсы сөйлеп отырсыз ғой. Сондай-ақ, мәліметтер бойынша бүгінде Қазақстанда тұратын 30 пайыз болгарлар, 30 пайыз корейлер, 17 пайыз еврейлер, 10 пайыз поляктар қазақша сөйлейді. Мұндай жағдай ешуақытта болған емес. Қазақстандағы 60 пайыз мектеп қазақ тілінде білім береді. Сол мектептерде 20 мың өзге ұлт өкілдері қазақ тілінде білім алып жатыр. Бұл біздің жүргізіп отырған саясатымыздың дұрыс екенін, жағдайдың осыған қарай өзінен-өзі бейімделіп келе жатқанын көрсетеді. Айталық, Қазақстанда 15 миллион халқымыз бар екен, соның 45 пайызға жуығы қазақ емес, басқа ұлт, ал қалған 57 пайыз қазақты алатын болсақ, сол қазақтың 40 пайызы не қазақша сөйлей алмайды, не оқи алмайды, немесе қазақша жаза алмайды. Сондықтан бар мәселе өзімізде. "Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін" дегенді тағы да қайталап айтамын. Бала-шағамызды қазақша үйретіп-оқытайық. Ал басқасы болашақтың еншісінде. Басқа жұрттың барлығына жағдай жасауымыз керек. Егде адамдарға, тәрбиеленген адамдарға сен қазір үйрене қал демейміз. Ал жастарды 1-сыныптан бастап, институт, университеттерде қазақ тілін оқытып, солардан біз талап етеміз. Сондықтан дабырататын ештеңе де жоқ. Бәріміз жұмыла жұмыс істеуіміз керек. Қазақ тіліне қамқор болуымыз керек. Басқа ұлтқа түсіндіруіміз керек, бұл деген басқа ұлттың халқына қысым жасау емес. Бұл — елді біріктіретін тіл, мемлекеттік тіл, бәрімізге керек тіл. Қазақшаны білген басқа ұлттың өкілдері қазақ жұртына жақындай береді. Олардың тілін білген қазақтар оларға жақындай береміз.

Сөйтіп біз бір ұлт, бір халық болып бірігіп, елдің игілігіне жұмыс істеп, елімізді өркендететін боламыз.

"Егемен Қазақстан" газеті,
2007 жылғы 8 маусым

http://www.akorda.kz/www/www_akorda_kz.nsf/sections?OpenForm&id_doc=11AA8E023D73D7EB462572F3003801B4&lang=kz&L1=L2&L2=L2-16

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ —МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ» ЖОЛДАУЫНАН (2008 жыл)

Үшінші. Үкімет **"Тілдердің үш тұғырлылығы" мәдени жобасын** іске асыруды жеделдетуі тиіс. Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді.

Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу-құралдарын, аудио-бейнематериалдарды әзірлеу керек.

Қазақ тіліндегі оқулықтар шығаруға арналған тендерді үнемі жеңіп алатын бір-екі баспа ғана бар. Сонда оқулықтардың сапасын жақсарту үшін қандай бәсекелестік болмақ. Қазақ тіліндегі оқулықтардың сапасы сын көтермейді. Олар адамдарды қазақ тілін үйренуге емес, қазақ тілінен қашуға итермелейді. Осы салаға жауапты тиісті органдар нақты шешім қабылдауы тиіс.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың отандық жетекші телеарналардың журналистеріне берген сұхбатынан (2008 жыл)

БІРЛІК ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗЕДІ

Ә. Алпысбай:

Құрметті Президент мырза! Соңғы уақыттағы әлемдік оқиғаларға, Қап тауындағы жағдайға үңілген сайын көпұлтты Қазақстандағы тұрақтылықтың соншалықты өзекті екеніне көзіміз жетіп отыр. Екінші мәселе, мынау мемлекеттік тіліміздің мәртебесі, қолдану аясының кеңеюі жөніндегі жайт, осыған өзіңіздің бастамаңызбен республикалық қор құрылып, істер атқарылуда. Енді оның қандай жағдайда жүріп жатқаны туралы ойыңызды білгім келеді?

Президент РК Н. Назарбаев:

Қазақтың тілі деп байбалам салып жүрген ағайындарымыздың сөзінің барлығын мен естіп жатырмын. Бұл мәселеге бір қазақтың іші ашитын болса, менің ішім ашиды. Біз өзіміз тілімізді ардақтауымыз керек.

Ол ағайындарымыздың айтатыны былай: неге мынау Үкімет, Парламент ертеңнен кешке дейін қазақша сөйлемейді? Дұрыс. Парламент сөйлеуі керек, оған сөйлеткіземіз. Үкімет басшысынан бастап барлық мемлекеттік қызметкерлер сөйлеуі керек, сөйлейді. Үкіметтің ішінде синхрондық аударма бар.

10 миллион қазақ дейік, соның қаншасы қазақша сөйлемейді. 6 миллионы түсінеді, 4 миллионы түсінбейді. Әрине, бұл деген масқара. Ол Совет Одағының жасаған саясаты бізге деген.

Мен қай қазақтан кем сөйлеп отырмын қазақша? Әрине, біздің азаматтардың қазақ тіліне қамқор боп жүргеніне мен ризамын. Себебі, айту керек, сөйлеу керек. Оны өз арасында күбірлеп отырмай, мынау солтүстіктегі қазақша білмейтін өзіміздің ағайындарға жеткізу керек, үйрету керек. Солай емес пе?

Мен жақында қазақ тіліне қамқор болатын қор құрдым. Әдейі. Ол қордың басшылығына нағыз жанашыр, іс адамдарын апарып қойдық. Ол неге керек? Бүгінгі күні бүкіл қазақстандықтардың, қандай ұлт өкілі болса да, қазақ тіліне деген ынтасы бар. Сол ынтаны қолдап жіберуіміз керек. Тілді оқытатын мектептер құрып, әрбір мекеменің ішінен курстар ашу қажет.

Екінші, заңда жазылған, халықпен жұмыс істейтін адамдар, мысалы, мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік тілді білуі тиіс. Оларды жұмысқа алған кезде мемлекеттік тілді игеру деңгейін қадағалау керек.

Бұл мәселеде сабыр да керек. Кешегі Кавказдағы жағдай кезінде, Ресейдің кейбір саясаткерлері бізден басқа ешкім жоқ деп көкірек соққан кезде, сол Ресейдің ішіндегі басқа ұлттар не ойлап отырды? Біз не ойлап отырдық? Біздің ішімізде тұрып жатқан ағайын не боп отырды? Сондықтан, тағы да айтамын, бұл мәселеде сабырлылық керек.

Бұл мәселе біреудің керітартпалығынан, қазақ тіліне жаны ашымағанынан туындап отырған жоқ. Ең бастысы, қазақтың тілінің болашағы – Қазақстанның тәуелсіздігінде. Тәуелсіздігіміз беки берсе бәрі-бәрі де өз орнына келеді.

Халықтың мүмкіндігінше бақуатты болғанын мен де қалап отырмын. Біз барлығы да тез болса екен дейміз. Бірақ, ол болмайды. Келе жатқан арбаны шұғыл бұрып, аударып тастауға да болады. Қазақтың мақалы бар ғой: «Асықпасаң, арбамен қоянға жетесің» деген.

Біз жас-кәрі демей, еліміздің болашағын, қазақтың мәдениетін, тарихын, қазақтың тілін ойлайтын болсақ, елдің іші шайқалмауын ойлауымыз керек. Елдің іші шайқалатын болса, ертеңгі күні бөлініп шығамыз дегендер толып жатыр. Ол бізге керек емес. Сондықтан біз өзіміз қазақша сөйлеп, өзге ұлттың адамдарын тартуымыз керек. Қазір жастардың ішінде қандай, мектепке барсаң, украины болсын, орысы болсын, басқасы болсын, барлығы сайрап тұр.

Бізге ұлттық намыс керек. Бірақ біз шаруамызды басқаның намысына тимей жасауымыз керек. Баяғыда біздің намысымызды таптады деп, біз де біреуді жаншимыз ба? Сөйтіп елдің ішін бөлеміз бе? Ондайда қоқаңдап шыға келетін ағайын төңіректе толып отыр. Соны тілеп отыр.

Қазақтың ішіне іріткі салуды, Қазақстанды әлсіретуді көксеп отыр. Ал әлсіреген мемлекет, өз ішінде татулық жоқ мемлекет өзгеге кіріптар болады. Құдай содан сақтасын. Біздің күштілігіміз, мықтылығымыз ең алдымен қазақ халқына керек. Болашағына керек. Сендер ақпарат құралдарында осыны түсіндіріп, айтуға тиіссіндер.

Әрине, мұның барлығы қазақ тілінің мәселесін қоя тұрайық деген сөз емес. Жоқ, қоя тұрмаймыз, бұл бағыттағы іс-шараларды жүргізіп жатырмыз, жүргізе береміз.

Дереккөз: http://www.akorda.kz/www/www_akorda_kz.nsf/sections?OpenForm-&id_doc=CFBF451E8B9C3F0C062574E50016CE0B&lang=kz&L1=L2&L2=L2-16)

Нұрсұлтан Назарбаев:

«ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ ЖОЛЫНДА ҰЙЫСАЙЫҚ»

(2008 жылғы 29 мамыр)

2008 жылы мамырдың 29-ы күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада бір топ қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен кездесіп, ұлттық жаңғыру және халқымыздың бәсекеге қабілеттілігі аясындағы келелі мәселелер бойынша кең көлемді сұхбат берді. Әңгімеге «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының президенті Сауытбек Абдрахманов, «Айқын» газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп, «Түркістан» газетінің бас редакторы Шәмшидин Пәттеев, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Жұмабай Шаштайұлы, «Ана тілі» апталығының бас редакторы Мақсат Тәж-Мұрат қатысты.

М. Тәж-Мұрат:

Зиялы қауым өкілдерінің арасында қазір қолға алынып жатқан «Тілдердің үштұғырлылығы» бағдарламасына байланысты алаңдаушылық та бар. Атап айтқанда, осы бағдарламаның аясында қазақ тіліне қамқорлық кеміп кетпей ме, ол үш тілдің біреуі ғана болып қалмай ма деген қаупін айтады. Сіз бұл жөнінде не дер едіңіз?

Н.Ә. Назарбаев:

«Мен ондай жарияланымдарды оқымай жүргенім жоқ. Барлығы маған белгілі. Зиялы қауымды жинап, басқа ұлттардың да өкілдерін, ғылымның, білімнің өкілдерін қатыстырып, бір әңгіме өткізу керек бұл жайында. Мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты мемлекет өз тарапынан жасалуға тиісті нәрсенің бәрін жасап жатыр. Мен ана жылы «Егемен Қазақстанға» берген сұхбатымда соларды санамалап та шыққанмын. Өздеріңіз қараңыздар. Біздің елімізде бұл мәселеге қатысты тиісті конституциялық бап бар. Қазақ тілінің тиісті мемлекеттік мәртебесі бар. Тиісті заң бар. Ол заң іс қағаздарын мемлекеттік

тілде жүргізуге мүмкіндік береді. Ол заң кез келген жерде мемлекеттік тілде сөйлеуге, кез келген қағазды мемлекеттік тілде жазуға, қажет жерінде сол тілде жауап алуға жағдай жасайды. Еліміздің өңірлері бірінен соң бірі іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшіп жатыр. Енді мына деректерге назар аударайық. Мемлекет тілді дамытуға 2005 жылы 133 млн. теңге бөлсе, 2006 жылы 560 млн. теңге, ал 2007 жылғы қаржы көлемі 3 млрд.-тан асып кетті. Ал, биылғы 2008 жылы тілге бөлінетін қаражат 5 миллиард теңгеге жетіп отыр. Бұл - қыруар қаржы. Орнымен пайдалана алса, осы қаржымен талай іс тындыруға болады. Басқа шығындарды шектесек те, тілге бөлінетін қаржыны қысқартпайтынымыз анық. Қазақ тіліне деген мемлекеттің қамқорлығы одан әрі артып отыр деп айтуға болады. Мына жайдың басын ашып алайық. Барлық жерде тек қазақша сөйлейік деген сөз айтылады. Ал енді осыны талдайық. Қазақстанда он бес жарым миллионнан астам халық бар. Соның 9 миллионы қазақ. Сол 9 миллион қазақтың 40 проценті қазақша еркін сөйлей алмайды. Не оқи алмайды, не жаза алмайды, не сөйлей алмайды. Сонда елде шамамен 9 миллиондай адам қазақша не түсінбейтін, не еркін түсінбейтін болып тұр ғой. Сонда не істеу керек, анау 9 миллион халық мені түсінсе де, түсінбесе де өзі білсін деу керек пе? Сондай бола ма екен? Сөйтіп ел басқаруға бола ма?! Бізге Балтық бойындағы елдерді үлгі етіп сөйлейтіндер бар. Ондағы жағдай басқа, біздегі жағдай басқа, олар Кеңес одағының құрамына 1940 жылы ғана кірген. Өздері Еуропаның қақ ортасында отыр, өздері Еуроодақтың мүшесі болып отыр. Оларды қолдайтындар да жетеді, қорғайтындар да жетеді. Сондықтан тілге қамқорлықты алдымен тыныштыққа қамқорлықтан бастау керек. Қоғамда тыныштық болса, ел бүтін болса, ептеп-ептеп бәрін ретіне келтіреміз. Менің ел басшысы ретіндегі де, қазақ ретіндегі де парызым қазақ тілін өсіріп-өркендету. Қазақша мектептер көбейіп келе жатыр, қазақша оқитын өзге ұлттың балалары көбейіп келе жатыр. Заң да бар, бөлінген қаражат та бар. 5 миллиард теңге аз ақша емес, оның қайда жұмсалып жатқанын да қарау керек. Мен жақында бір топ сенаторларды қабылдағанда осы тіл мәселесіне де тоқталдым. Қазақ тілі басқа тілдерге залал келтірместен дамитындығын айттым. Қазақ тілін дамытудың қоғамдық қорын құруды ұсынып отырмын. Оған ана

тілін ардақтайтын, қолында мүмкіндігі бар азаматтардың қаржы жинайтынына сенемін. Әуелде біз оған Тұңғыш Президент қорынан бастапқы қаржы аудара аламыз. Қордың аумағы жылдан-жылға өсе түсуге тиіс. Қазақтың мемлекеттілігінің, Қазақстандағы тұрақтылықтың арқасында бай болған, қалталы біздің қазақ жігіттері толып жатыр ғой, ақшасын кім көрінгенге шашып жүрген, ана жақтан, Мәскеуден әртістерді алып келуге, қабат-қабат үй салуға, мәшине алуға ақша аямайтын. Солар еліне, жұртына, қазағына ақшасын салсын. Тілге жаны ашитын адамдардан кеңес құрылсын. Қазақ тілінің ең қаржыны қажет ететін мәселелеріне осы қор есебінен де көмектесетін боламыз. Бірақ біз мұны өзге тілдің есебінен жасамаймыз. 1991 жылы Тәуелсіздігімізді жариялаған кезде қазақ Қазақстанда 42 процент болатын. Ішімнен тынып, жағдай қалай болып кетер екен деп ұсыныспен шыққанмын. Қазақстан тәуелсіз мемлекет бола алмайды дегендер соған сүйеніп айтатын. Ал қазір, құдайға шүкір, жағдай басқаша ғой. Қазақтар 60 проценттен асты. Келесі жылғы санақта тағы көреміз. Мен баяғыда Теміртауға барған кезде сонда қазақ 3-ақ процент болатын. Соның өзінде жақсы айлық табатын жерге қазақтарды жібермейтін, өсетін жерге жібермейтін. Қазір барлық мамандықты қазақтың балалары үйреніп келе жатыр. Көп нәрсе тілді оқытуға байланысты. Ол жағын да ойластырып жатырмыз. Мемлекеттік тілді оқыту жүйесін жетілдіру мақсатында бүгінгі күні 16 аймақтық, 15 қалалық, аудандық тіл оқыту орталықтары құрылған. Биылғы жылы жергілікті атқарушы органдар республика бойынша 30-дан астам осындай орталықтар ашпақ. 2010 жылға қарай республика аумағында жүзден астам оқыту орталықтары жұмыс істейтін болады. Мемлекеттік тілдің ақпараттық кеңістігін ұлғайту мақсатында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» веб-порталы интернет жүйесінде іске қосылды. Бұл веб-порталда сөздіктер, оқулықтар, балаларға арналған мультимедиялық кешендер орналастырылуда. Өткен жылдың қорытындысы бойынша 20-дан астам компьютерлік бағдарламалар дайындалып, барлық орталық және жергілікті органдар қамтамасыз етілді. Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз. Бұл аз уақыттың аясында тындырып тастайтын іс емес. Бұл мемлекеттік тұрғыдан, ұзақ жылдар бойы,

ұдайы айналысатын іргелі іс. «Батпандап кірген ауру мысқалдап шығады» дейді қазақ. Қазақтың қазақтығының басты белгісі – қазақша сөйлеуі. Үйде де, түзде де. Баласымен де, немересімен де. Досымен де, туысымен де. Бажасымен де, құдасымен де. Тек осыны жасаған адамның өзі ана тілін өркендетуге өзінің титтей де болса үлесін қоса алады. Өз баласын қазақша сөйлетпеген қазақтың «қазақ тілі» деп сарнауының ешбір реті жоқ. Өркениет өнегесі – өз тіліңмен өмір сүру. Әлі-ақ қазақ тілі тіршілігіміздің барлық саласында кеңінен қолданылатын болады. Оған ешқандай күмәнданудың керегі жоқ. Тәуелсіздік жылдарында 883 қазақ мектебі іске қосылды. Қазірдің өзінде еліміздегі барлық 7721 мектептің ішіндегі таза қазақ мектептері 3788. Қазақ мектептерінің үлесі елу пайыздан асуда. Сол 3788 мектепте 1 млн. 545 мыңнан астам жеткіншек мемлекеттік тілде білім алуда. Бұл көрсеткіш жылдан жылға артып келеді. Арта беретін болады. Ал сан сапаға айналмай қоймайды. Бұл – басы ашық ақиқат. Не нәрсенің де бағасы салыстыру арқылы анықталады ғой. Сол тұрғыдан қарасақ, біз тәуелсіздік табалдырығында тұрған 1991 жылы республикадағы барлық мектептің небәрі 28 пайызы қазақ мектебі болғанын естен шығармаған жөн. Ол кез бен қазіргі кездің айырмасы алшақ екенін осы сандардан да көре аламыз. Бұл бағытымыз дұрыс деген сөз. Бәрі бірден бола қалмайды. Баспалардың мүмкіндіктері де артып келеді. Тәуелсіздік алған тұста бізде 14 баспа бар еді, қазір жүзден астам баспа бар. Билік басындағылар туған тілін ойламайтындай топшылау да тіпті ретсіз. Халқымызды біз де жанымыздай жақсы көреміз. Осындай жұмыста уақыт тауып, қазақ қаламгерлерінің де кітаптарын оқып тұрамын, кейбір авторларға шығармаларынан алған әсерімді хат күйінде жазып та тұрамын. Қазақ тілі – ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап. Тек оны насихаттай білуіміз керек, оқыта білуіміз керек. Ғажап тілді азап тіл сияқты етіп көрсететін оқулықтардан құтылуымыз керек. Қазақ тілін оқытуды біз бірінші сыныптан бастаймыз. Бұл – кеш. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қазақ тілі бөлекше орын алуға тиіс. Қазір бүкіл әлемдегі мамандар адамның қабілетін бес жасқа дейінгі кезең айқындайтынын айтып отыр. Үш тұғырдың біреуі – орыс тілі. Қазақ халқының орыс тілін жаппай, еркін игеруі – біздің байлығымыз. Ғылымның, білімнің тілі, достықтың тілі ретінде орыс тілінің қадір-қасиеті бөлекше. Орыстың

тілі экономиканың да бір тетігі. Біздің басты базарымыз – Ресей. Қазірше біздің шығарған тауарларымызды Батыстың озық елдері алмайды, оның деңгейінде шығаратын тауарымыз жоқ. Ресей біз үшін нағыз нарықтық кеңістік. Екінші жағынан, өтіп кеткенді еске алып өкси бергеннен, баяғыда сондай едіңдер, сөйтіп едіңдер, бүйтіп едіңдер дей бергеннен не шығады. Өйтетін болса мына орыстар ана немістермен амандасуды қояр еді ғой кешегі соғыстан кейін. Тарихтан тағылым алу керек. Бірақ, ең бастысы – алға қарау керек. Орыс тілін еркін меңгергеніміздің арқасында да ұлы көршімізбен жақсы тіл табысып отырмыз. Ресейдің басшысымен жақын қарым-қатынастың арқасында 7,5 мың шақырымдық ортақ шекарамызды бекітіп, ол құжатты Біріккен Ұлттар Ұйымына тапсырдық. Біз барлық табыстарымызға адамгершілігіміздің арқасында, көп ұлттарды құшағымызға сыйғызғанның арқасында жетіп отырмыз. Мен ешуақытта баяғыда Қарабаққа соғыс кезінде барғанымды есімнен шығармаймын. Сонда Бакудің дәл ортасында 1 миллион босқынды көргенмін. Шатырлардың ішінде сабақ оқып, сонда бала туып, отбасы құрып жатқан адамдарды көріп жағамды ұстағанмын. Сондықтан тәуелсіздіктің басты тірегі, басты кепілі тыныштық екенін ескеру керек. Мұндай тыныштық бізге мәңгі-бақи, біржолата берілген, болды, бітті деп санау шалағайлық. Тәуелсіздікті күн сайын қорғау керек, ай сайын қорғау керек, жыл сайын қорғау керек, нығайту керек, өркендету керек. Ал әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түсетіндігін айтудың өзі артық. Ағылшын тілін біздің халқымыздың жаппай меңгеруі сол тілде жасалған, жасалатын шексіз байлықты аудару жөніндегі машақаттан, артық шығыннан құтқарады. Бұл – мәселенің бір жағы ғана. Негізгі жағы – ағылшын тілінің қазақтарды, қазақстандықтарды шын мәнінде әлемдік аренаға алып шығатындығы. Демек, балаларымыздың ағылшынша білуі – уақыт талабы. Ата-бабаларымыз «Жеті жұрттың тілін біл» деп өсиет айтқан жоқ па еді? Біз кемінде үш тіл білуді нақты мақсат етіп қоя аламыз, ол мақсатқа жете аламыз. Тек әр адамның ынтасы-ықыласы керек. Кім де кім уақыт талабына жауап бере алмаса, онда ол замана көшінен қалып қояды. Ағылшын тілі – XXI ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын

тіл. Оны АҚШ-тың, Англияның тілі деп қарау жөнсіз. Бір кезде мынау отаршылдардың тілі деп үнділер тәуелсіздік алысымен ол тілден бас тартқан. Артынша ағылшын тілі ғылымның, экономиканың, технологияның тілі екенін түсініп, қайта оралған. Малайзия мен Сингапур да солай еткен. Ағылшын тілін ортамызға жібермейміз деген бос әурешілік. Ол бұзып-жарып-ақ кіре алады. Жастардан, студенттерден сұраңдаршы, олар бұл тіл қажет, қажет емес дегенге қазір бас ауыртпайды. Бәрі түгел оқып жатыр. Себебі - қажет. Интернеттің негізгі тілі де - ағылшын. Біз жаһанданумен күресуді емес, жаһандануға бейімделуді алдымен ойлауымыз керек. Сөйткенде ғана тілімізді, дінімізді, дәстүрімізді, салт-ғұрпымызды сақтап қала аламыз. Осы үш тілдің үйлесіміне қол жеткізу арқылы».

С. Абдрахманов:

Сонда да осы үш тұғырдың басында қазақ тілі тұрады ғой, әрине?

Н.Ә. Назарбаев:

«Әрине. Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Оған көңіл де, қаржы да солай бөлінеді. Қазақ тілі - өзіміздің ана тіліміз. Біз бәріміз ана тілімізді ардақтаймыз. Мен де ауылдан шыққанмын, он жылдық мектепті қазақша бітіргенмін. Кеше ғана Абай атындағы мектепті айтып жатты ғой. Бәріміз кемпір-шалдың қолында өскенбіз, ата-ананың тәрбиесін көргенбіз. Бәрін де біліп, ескеріп отырмыз. Еліміз дамудың жаңа сапасына көтерілейін деп жатыр. Осындай кезде елді етектен тартқан деген ол кертартпалық болады. Қазаққа кесір болады ол. Өз тіліңді ұмыт деп отырған ешкім жоқ, соған қоса заман, уақыт талап еткен тілдерді меңгер деп отырмыз. Ал қазақтың тілі ең негізгі тіл болып қалады. Ол – мемлекеттің тілі».

М. Тәж-Мұрат:

Тіл мәселесін шешу үшін алдымен қандай міндеттерге назар аудару керек деп санайсыз?

Н.Ә. Назарбаев:

«Ең алдымен, қазақ азаматтарының намысына салмақ салмай болмайды. Екі тілді, реті келіп жатса үш тілді қатар меңгерген адамдарға қызмет бабында артықшылық беру керек. Лауазымды жоғарылату мәселелері қаралғанда осы жағын да ескерген жөн. Ана тілін білмеу қазақ азаматы үшін ұят саналуға тиіс. Мемлекеттік тілге, өзінің ана тіліне құрметпен қарамауы оның қызмет бабында өсуіне де әсер ететін болуы керек. Өйткені, екі тілді, үш тілді еркін меңгерген маманның өз міндетін жақсырақ атқаруға жалғыз тілмен жүргендерден гөрі мүмкіндігі мол екені анық. Өзге ұлттың өкіліне: «Біз сізді бұл орынға қабылдай алмаймыз, өйткені, сіз мемлекеттік тілді меңгермеген екенсіз» деуге қазірше болмайды, өйткені, қазақ тілін оқып-үйренуге тиісінше жағдай бұған дейін жасалған жоқ. Ал қазаққа айта аламыз, айтуға тиіспіз де. Осы 17 жылдың ішінде ол өзінің ана тілін үйренуге міндетті еді. Бұл талап ешқандай да адам құқына қол сұғу ретінде қаралмауға тиіс. Бұл - парыз. Перзенттік парыз. Адамдық қарыз. Қазақ елі барда қазақ тілі де болады. Өседі. Өркендейді. Мен «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деген сөзімді тағы қайталағым келеді. Қазақ тіліне қамқорлық жасау менің перзенттік те, президенттік те парызым. Бірақ бұл шаралардың бәрін кезең-кезеңімен, ретімен жасауымыз керек. Тіл мәселесіне байланысты бірқатар жайларды жаңадан қабылданатын үш жылдық бюджетте жан-жақты қарастыруға мүмкіндік бар. Тіл мәселесі - аса күрделі, аса жауапты мәселе. Асығатын, аптығатын, ретін тауып саяси ұпай жинап қалатын жер бұл емес. Науқаншылыққа орын болмауға тиіс. Басқалардан қалып қоймайық деп қазірше қолдан келмейтін, тек қоғамды ырың-жырыңға түсіргеннен басқа ештеме бермейтін жоспарларды, баянсыз бағдарламаларды қою керек. Біз қай іске де ең алдымен тәуелсіздіктің, елдіктің, мемлекеттіліктің мүддесінен қарайтын боламыз. Өзі ешнәрсеге жауап бермейтін адамның батырсынуы, батылсынуы, өзгені сынауы оп-оңай. Бәрінен бұрын елдегі татулықты сақтау шарт. Татулық, тыныштық сақталса, бәрі де өз кезегімен, жөнімен, жолымен келетін болады. Осы қарапайым қағиданы түсінбегендер – сөз жүзінде халық қамын көздегенмен, іс жүзінде халқына қарсы жұмыс істейтіндер. Жұрт осыны білсін».

Ш. Пәттеев:

Кейінгі кезде түрлі мақалаларда «қазақстандық ұлт» деген ұғым қолданылып жүр. Осыған байланысты мұның өзі жаңа ғана мемлекет құрған ұлтты өзіндік табиғатынан айырады деушілер бар. Осы жөніндегі Сіздің пікіріңізді білгіміз келеді.

Н.Ә. Назарбаев:

«Бұл арада мына мәселені де ескеруіміз керек. 1991 жылы мемлекетімізді құрған кезімізде қазақтар 42 пайыз және қалғаны басқа ұлт өкілдері болатын. Яғни, жаңа мемлекетіміздің шаңырағын қазақтармен қатар өзге де отандастарымыз бірге көтерісті. Осыны ұмытпайық. Тәуелсіздік – Қазақстан халқының ортақ жеңісі, ортақ қуанышы. Сол себепті осынау ұлы мұратты жүзеге асыра алған бәріміздің тарихи ерлігіміз болып табылады. Тарихымыз бізді көп ұлтты ел ретінде қалыптастырды. Бұл біздің кемшілігіміз емес, керісінше, бізді ұлттық томаға-тұйықтықтан сақтап тұратын фактор. Солай болғандықтан біз барлық қазақстандықтарды біріктіретін ортақ ұғымның төңірегінде топтасуымыз керек. Қазақстан халықтары Ассамблеясын Қазақстан халқы Ассамблеясы деп өзгерткенімізді қоғам түсіністікпен қабылдап отыр ғой. Бізде халық біреу - Қазақстан халқы. Түптеп келгенде, біз осы идеологиялық қадамның қазақтың ұлт ретінде одан әрі нығаюына, этностық топтар өкілдерінің жәй ғана қазақстандық тұрғын емес, ділі мен дүниетанымының қазақстандық рухта қалыптасуына барынша ықпал ету жағын басты нысана етіп алуымыз керек. Бұл жолда қазақ халқының алдына өзге этностарға өзінің рухани құндылықтарын сіңіре отырып, тұтастай елдікті қалыптастыруға қатысты тарихи рөл жүктелмек. Жалпы, бұл жерде бір түсінбеушілік бар сияқты. «Единая казахстанская нация» дегенді «Біртұтас қазақстандық ұлт» деп аудару дұрыс болмас. «Нация» мен «национальность» (ел-жұрт және ұлт) деген ұғымдар бар. Қазақстан - қазақ ұлтының негізінде құрылған мемлекет. Қазақстан деген сөзде қазақтың мемлекеті деген ұғым жатыр. Сондықтан да бұл идеяны, менің ойымша, қазақ тілінде «қазақстандық ұлт» емес, «қазақстандық ел» деп атаған жөн тәрізді. Өйткені, халқымызда «ел» деген ұғымның астарында аса үлкен біріктіруші, топтастырушы күш жатыр. Ерте замандардың өзінде

«егемен болмай ел болмас» деген бабаларымыз елдікке шақыру, ел болуға үндеу арқылы мемлекеттіліктің берік іргесін қалап келген. Сонымен бірге «Қазақстан» сөзінің өзі «Қазақ елі» дегенді білдіреді ғой. Біз әлі күнге дейін баяғыша отарлық пиғылдан шыға алмай сөзге жармасып, өзімізді кемітіп, қуыстанып жүргендейміз. Біз тәуелсіз мемлекетпіз. Түптеп келгенде, қазақтың тәуелсіз еліміз. Ал қазір қалай бұрсаң да 9 млн. қазағымыз бар, 6 млн. басқа ұлт өкілдері бар. Осы елдің басын біріктірмесек, басқаның бәрі бос сөз болып қалады. Ел іші бұзылады. «Қазақстандық ел» – Қазақстан халқын одан әрі біріктіретін ортақ ұғымды орнықтыру жолындағы бір ой. Бұл біздің бәрімізге «қазақстандықпыз»деп айтуға мүмкіндік беретін ұғымға айналатын да шығар. Мұның бәрін уақыт көрсетеді. Қалай дегенде де оның түбірінде «қазақ» сөзі тұратынын ұмытпайық. Одан қазақ қазақ болмай қалмайды. Оның есесіне өзге ағайындар қазаққа жақындай түседі. Өйткені, олар осы арқылы «қазақстандық азаматтар», яғни қазақ елінің азаматтары атанады. Бір мемлекеттің халқын бір атау біріктіріп тұрғаны жақсы. Мына жайдың басын ашып айтқым келеді. Бұл ұғым әлі де теориялық тұрғыдан жан-жақты қаралуы, практикалық тұрғыдан тиянақталуы қажет».

М. Тәж-Мұрат:

Қай жазуды таңдаймыз деген мәселе төңірегінде әртүрлі пікірлер айтылып жүр. Бұл таласқа Сіздің Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзіңізде латын жазуы туралы айтқаныңыз да қозғау салып отыр. Кейбіреулер мұны тікелей тапсырма ретінде қабылдаған сияқты. Біздіңше, Сіз осы мәселені жан-жақты зерттеп көру қажеттігі жөнінде айттыңыз. Осы туралы не дер едіңіз?

Н.Ә. Назарбаев:

«Дұрыс айтып отырсыз, мен алфавитке көшу жөнінде емес, осы мәселені ғалымдардың зерттеп көруі жөнінде тапсырма бергенмін. Неге десеңіз, бұл - өте күрделі мәселе. Қазір жер бетіндегі қазақтың үш бірдей алфавитті пайдаланып отырғаны мәлім. Қазақстандағы, Ресейдегі, ТМД-ның бірқатар елдеріндегі, Моңғолиядағы жазу - кириллица. Түркиядағы, Батыс Еуропадағы жазу - латыница. Қытайдағы

қазақтардың пайдаланатын жазуы - арабшаның төте жазу үлгісі. Біздің өзімізде де бұл жөнінде талай пікірталас жүріп жатыр. Біреулер: «Латынға көшпей болмайды, бүкіл әлем түбінде сол жазуға көшеді, оның үстіне қазіргі қазақ алфавиті Интернетке жарамайды», деседі. Біреулер: «Латынға көшсек, қазақ фонетикасына тән бірқатар дыбыстардан айырыламыз, сол арқылы қазақ тілін әуезділігінен айырамыз, миллиондаған кітаптарда жинақталған білімнен қол үземіз, ең бастысы - кириллицаның өзімен туған тілге тарта алмай жүрген қандастарымыздың ана тілін енді латыницада тіл үйренуге ниет білдіруі тіпті қиын», деседі. Екі пікірдің де жаны бар. Дегенмен, қазақ алфавиті Интернетке жарамайды деген алғашқы кездегі қауіп орынсыз болып шыққанын, қазір қазақша жазылған мәтіндердің Интернет сайттарында да, порталдарда да бар екенін, электронды поштамен де жөнелтіліп, тиісінше ашылып, оқылып, қайта басылып жатқанын ескеру керек. Ең бастысы - біздің шын мәнінде кириллицаның дәл өзін емес, соның негізінде жасалған қазақ алфавитін пайдаланатынымызды түсіну. Бұл – қазақ алфавиті. Әлемде өзінің ежелгі, дербес жазуын сақтап қалған, соны пайдаланып отырған елдер өте аз. Орысша сөйлейтін, жазатындар пайдаланып жүрген кириллицаның өзі, сөздің толық мағынасында алар болсақ, славяндардың төл жазуы емес. Ол да латын жазуының біршама бейімделген түрі, әріптерінің басым бөлігі сол күйінде алынып, оларға басқаша дыбыстау берілген. Бұл тақырыптағы пікірталастарды барынша зейінмен зерделеу, халқымыздың тағдырына қатысты аса маңызды мәселеде бір тоқтамға келу үшін бәріне де асықпай, салқын сабырмен қарау қажет. Біз бәрінен бұрын мына қарапайым қағиданы - бір мемлекетте екі түрлі алфавит қолданылуының қиындығын түсінуіміз шарт. Бұл таяу болашақта шешіле қоймайтын мәселе. Алфавит өзгерту қазақ тілін игеруді қиындата түсе ме, әлде керісінше оңайлата ма, осыны түсінуге тиіспіз. Қазақты қазақшаға өзі білетін жазуымен үйретудің өзі оңай болып жатқан жоқ қой».

Ш. Пәттеев:

Ақпарат кеңістігінің қауіпсіздігі - ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Бірақ қазіргі таңда республикадағы беделді электронды ақпарат

құралдарының дені - орыстілді. Бірқатар телеарналар ресейлік арналардан ретрансляция жасау арқылы эфирді толтыруды әдетке айналдырған. Шетелдік өнімді сол қалпында халыққа ұсыну - болашақта ұрпақ тәрбиесіне, мемлекеттік идеологиямызға төнген қауіп емес пе?

Н.Ә. Назарбаев:

«Бұл мәселелердің барлығы тиісті заңда көзделген. Заң талабын сақтау керек. Қазақ тіліндегі хабарлары эфирдің жартысына жетпейтін арналар болса, олар заңды бұзушылар ретінде қаралуға тиіс. Заң бұзуға қолданылатын тетіктер ойластырылған. Мәселені елу де елу пайыз деп те қоюға болмайды. Қазақ жерінде, қазақ елінде қазақ тіліндегі хабарлардың үлес салмағы мұнан әлдеқайда артық болуы керек. Оны қазіргідей түнгі концерттердің есебінен шешіп жүрген арналардың басындағы азаматтардың арына сын бұл. Қазақ тіліндегі хабарлар жұрт көп көретін, прайм-тайм делінетін уақыттан көбірек орын алуына ұмтылу керек. Бірақ мұны бұйрық беру, әмір ету жолымен шешу жөнсіз. Қазіргі ақпараттық технологиялар мен интернет елдің басқа арналарға бұрылып кетуіне әкеп соқтырады. Бұл арада мәселенің мына жағын да ескеруге тура келеді. Сол прайм-таймға көшірілген қазақша хабарлар қызықсыз, тартымсыз шығып жатса, көрермен қолындағы пульттің бір нүктесін басып қалады да басқа арнаға, көбіне шетелдік арнаға ауысып кетеді. Онан біздің тек ұлттық мүддеміз ұтылады. Сондықтан қазақ тіліндегі теледидар хабарларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру деген ұдайы есте ұстайтын мәселе. Шетелдік арналардың бәрінен шошынта сөйлеу де дұрыс емес. Кейбір арналар арқылы қаншама тартымды хабарлар көрсетіледі. «Дискавери», «Культура», «История» сияқты арналардың танымдық құндылығы ерекше жоғары. Өзімізде ондайлар жоқ. Елдің білімін көтеретін, көп мағлұмат беретін сол арналардан үйренуіміз керек. Бара-бара ондай тақырыптық арналарды біз де ашатын боламыз. Мен жақында «Жас Отан» жастар қанатының съезінде қазіргі «Еларнаның» негізінде мәдениет, спорт және жастардың рухани-имандылық құндылықтары мәселелеріне арналған телеарна құру туралы мәселені шешуді тапсырдым».

Ж. Шаштайұлы:

Сіздің бастамаңызбен қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасы біздің ұлттық рухани өрлеуімізге ерекше серпін беріп отыр. Осы бағдарламаның орындалу барысы жөнінде не дер едіңіз?

Н.Ә. Назарбаев:

«Негізінен алғанда жұмыс көңілдегідей жүріп жатыр. Бір ғана бағытты - кітап шығару ісін, соның бір ғана саласын - жүз томдық «Бабалар сөзі» деген қазақ фольклорының жинағын алайықшы. Фольклорын жүз томға жинап, бастырып жатқан бізден басқа ел бар ма екен әлемде өзі - Дүние жүзі әдебиетінің ең таңдаулы туындыларын жүз томға біріктіріп, ана тілімізге аударып, жариялап жатқанымыз да жарқын жетістігіміз. Осы жылдар ішінде қаншама жәдігерліктеріміз жаңартылды, бұрын беймәлім болып келген қаншама құнды құжаттар табылды. Өткен төрт жыл ішінде Қытай, Моңғолия, Түркия, Египет елдері мен Батыс Еуропадағы Париж, Мадрид, Берлиннің Ұлттық кітапханаларынан, Ватиканның құпия мұрағатынан халқымыздың көне тарихына қатысты 5 мыңнан астам сирек қолжазбалардың көшірмелері әкелінді. Осы кезеңде ел аумағындағы іргелі 35 тарихи және мәдениет ескерткіші жаңғыртылып, 30-ға жуық қалашықтарда, қоныстар мен қорғандарда археологиялық зерттеу жүргізілді. Қазақстанның тарихи қалалары мен этномәдени орталықтарын жаңғырту, туризм инфрақұрылымын құру және халықаралық туризм жүйесіне кіру жұмыстары қолға алынды. Бағдарлама аясында Дамаск қаласында әл-Фарабидің кесенесі мен этномәдени орталығын салу, сол қаладағы Бейбарыс сұлтанның кесенесін және Каир қаласындағы Бейбарыс мешітін қалыпқа келтіру, Дамаск қаласында әл-Фараби мен Бейбарысқа монумент ескерткіш орнату шаралары қолға алынды. Жалпы, «Мәдени мұра» бағдарламасының бірінші кезеңіне республикалық бюджеттен 2 млрд. 729 млн. теңге бөлінсе, екінші кезеңіне, яғни 2007-2009 жылдарға 4 млрд. теңгеден астам қаржы бөлініп отыр. Бұл қаражат негізінен тарихи-мәдени ескерткіштерді реставрациялау ісіне, археологиялық зерттеулер жасауға, қазба жұмыстарын консервациялауға, осы саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына, сондай-ақ әдебиет, мәдениет, ғылым саласына қатысты кітап серияларын шығаруға жұмсалады. Айта берсек, бұл

бағытта атқарылған жұмыс ауқымы зор екенін бағамдауға болады. Міне, осы орасан іс-шаралар арқылы біз ұлттық рухқа серпіліс жасай алдық. Біз тарихи жадымызды жаңғырту арқылы ұлттық мақтаныш сезімін, қазақстандық отаншылдық сезімін орнықтырамыз. Тек бір айтарым: науқаншылдыққа салынбау керек, қай жұмысты да шын кәсіби деңгейде, нағыз ғылыми негізде жүргізу керек. Ең алдымен, туристер бара алатын өңірлерге назар аударып, ақшаны сонда бөлу керек. Біз бұл бағдарламаны ел халқының рухани қазынасын өзіне таныту үшін, сонан кейін әлемге таныту үшін қолға алғанбыз. Біздің бүгінгі экономикалық табыстарымызға, саяси жетістіктерімізге ата-бабалардан ауысқан асыл дәстүрлердің, елдік дәстүрлердің тікелей әсері бар. Біз бәрінен бұрын адамшылықты ардақтаған, «Жаным - арымның садағасы» дейтін, яғни арын сақтап қалу үшін жанын қиып беруге бар халықтың өкілдеріміз. Ең баянды байлық жүректе жатады. «Мәдени мұра» бағдарламасы әрбір адамға осыны ұғындыруға тиіс. Кейінгі кездегі қоғамдық формациялар ауысуы талай адамды құнды қасиеттерді қайта қарауға, қайта бағалауға мәжбүр еткенін, бұл жағдай, өкінішке қарай, әлі де жалғасып жатқанын айқын түсіну керек».

Дереккөз: (http://www.inform.kz/kaz/article/1205699)

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XIV сессиясында 2008 жылы сөйлеген сөзінен

Четвертый принцип – консолидирующая роль казахского этноса.

В разные периоды казахи приняли на своей земле многие народы. Это были переселенцы и ссыльные из дореволюционной России, жертвы репрессий и депортаций советского режима.

Вдумайтесь, в 40-е годы прошлого столетия в Казахстане оказалось миллион двести тысяч так называемых спецпереселенцев. В те трагические годы многие немцы, чеченцы, ингуши, корейцы, греки, поляки и другие народы, оставленные в степи в лютый мороз, нашли кров в казахских семьях, получили братскую поддержку.

Потом была целина. В Казахстан прибыло более 600 тысяч человек со всего Союза, из них 350 тысяч составляла молодежь. Многие из тех, кто приехал, остались и обрели здесь свою новую Родину.

Одним из наиболее почитаемых в Великой Степи был древний закон гостеприимства. Казахи с радостью принимали гостей, входящих под шанырак юрты с добрыми намерениями.

Казахский народ всегда был интегратором. **Он и в будущем должен оставаться ядром, консолидирующим наше общество.**

А это налагает особую ответственность на казахский народ за будущее страны.

В-четвертых, Ассамблея должна активно пропагандировать необходимость изучения государственного языка.

Я уже говорил о том, какой поток переселенцев пришлось принять Казахстану. Такому миграционному давлению кроме казахов не подвергался, пожалуй, ни один народ в мире. Это привело к тому, что в 70-ые годы казахи оказались в меньшинстве на своей исконной земле.

Чтобы общаться со всеми, кто приехал в Казахстан, казахам пришлось выучить русский язык. Тем более, что такой была политика советского центра. Без русского языка невозможно было найти работу. История и культура были под прессом идеологии. Это оказало катастрофическое влияние на казахский язык и культуру. В этом нет вины

того поколения казахстанцев и тех казахов, которых не учили родному языку. Такой была политика тоталитарной власти, таким было то суровое время.

Академик Дмитрий Лихачев как-то сказал, что если отнять у народа его язык и культуру, тогда нет и народа. В конце 20 века язык и культура казахского народа оказались на грани исчезновения.

Поэтому сегодня стремление казахского народа восстановить утерянное абсолютно закономерно. И мы видим, как другие этносы относятся к этому с пониманием и поддержкой.

Я воспринимаю такую поддержку, с одной стороны, как благодарность тех, для кого Казахстан стал Родиной. С другой стороны, такая взаимная поддержка станет стержнем крепкой дружбы и единства казахстанцев, которые обеспечат спокойное, уверенное будущее наших детей.

В дальнейшем роль казахского языка в Казахстане будет возрастать. Таков естественный ход вещей. Конечно, мы также продолжим поддержку развития русского, английского и других языков.

Государственный язык должны знать наши дети. И тогда через какое-то время, его будут знать все граждане Казахстана. Этот процесс уже идет.

Для этого создаются все условия – разработана необходимая нормативная база, выделяются большие средства. В этом году на поддержку государственного языка из бюджета было направлено пять миллиардов тенге. В 2005 году эта статья в бюджете составляла всего 133 миллиона.

Сейчас **на казахском языке в школах обучается более 25 тысячи детей других национальностей.** В детских садах в казахских группах обучается около **10 тысяч** детей других национальностей.

Обучение на казахском языке осуществляется в 5800 школах с казахским и смешанными языками обучения, что составляет 76 процентов всех школ республики. В 1991 году таких школ было около 50 процентов.

В общей сложности сегодня **60%** казахстанских школьников учатся на казахском языке. В 1991 году этот показатель составлял **30%**.

С каждым годом увеличивается количество казахстанцев неказахской национальности, которые прекрасно владеют государственным языком.

Знание казахского языка становится одним из важнейших условий личной конкурентоспособности. Родители, думая о будущем своих детей, должны позаботиться о том, чтобы они знали казахский язык.

К сожалению, в большинстве образовательных учреждений пока применяются неэффективные методики обучения. Профессиональный уровень учителей не всегда соответствует необходимым стандартам. У нас есть факты, когда издаются некачественные учебники на казахском языке. Сама грамматика казахского языка требует осмысления и совершенствования.

Правительству необходимо создать специальную комиссию и тщательно проанализировать ситуацию с развитием государственного языка.

Соответствующим государственным органам следует подумать и о том, чтобы **на телевизионных каналах новости, фильмы и в целом основные программы, которые идут на казахском языке, сопровождались субтитрами на русском языке**. И наоборот. Это касается и тех передач на телеканалах, суть которых мы хотим довести до всех граждан страны.

Все вопросы, касающиеся развития государственного языка, необходимо решать в строгом соответствии с Конституцией и законами, без ущемления прав граждан.

Есть Закон «О языках». Его надо четко исполнять.

Хочу сегодня также подчеркнуть, что пора прекратить всякие провокационные разговоры на языковую тему. Если кого-то действительно волнует судьба казахского языка – пусть вкладывает деньги и реализует конкретные проекты. Для этого по моей инициативе создан **Фонд развития государственного языка**.

Нам сейчас нужны эффективные методики обучения языку, подготовленные преподаватели, хорошие книги, интересные телевизионные проекты на казахском языке. У нас даже нет хороших мультфильмов на казахском языке. Необходимо над этим сейчас работать.

А зарабатывать себе политический авторитет на языковой теме, будоражить общество, провоцировать межэтническую напряженность, никому не позволено.

Астана, 23 октября 2008 года

Нұрсұлтан Назарбаев:

«ЫНТЫМАҚ ПЕН ТАТУЛЫҚТЫ НЫҒАЙТА ТҮСУ – БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ»

(Елбасының 2008 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 17 жылдығында сөйлеген сөзінен)

Ана тілі – ардағымызды жойылудың аузынан аман алып қалған да осы киелі күш емес пе?

Желтоқсан көтерілісі кезінде жастарды алаңға алып шығып, ескі тоталитарлық жүйеге қарсы көтерген де сол тәуелсіздікті көксеген асқақ арман болатын.

Осы ерен ерліктер өнегесі тарихи мүмкіндікті мүлт жібермей, біздің бәрімізді тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құруға жұмылдырды. Тарихымызда тұңғыш рет толық тәуелсіздікке қол жеткіздік.

Соңғы жылдары ұлттық мұраны қайта түлету, ұлттық мәдениетті қолдау тұрғысында үлкен-үлкен істер атқарылды. Биылдың өзінде "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында 51 тарихи және мәдени ескерткіштер қалпына келтірілді, ондаған археологиялық ескерткіштерге қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізілді.

Мемлекеттік тілді дамыту жөнінде жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Менің бастамам бойынша "Мемлекеттік тілді дамыту" Президенттік қоры құрылып, қазірдің өзінде бірқатар жаңа жобаларды жүзеге асыра бастады.

Мемлекеттік тілді оқыту жөнінде өңірлік орталықтар жұмысын жасап жатыр. Жаңа сөздіктер шығарылды және бірқатар компьютерлік бағдарламалар жасалды.

Отанға деген сүйіспеншілік – еліміздің келешегіне, оның кемел ұрпағына біздің аманат етер ең қасиетті өсиетіміз деп білейік.

Отанын Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ. Ол: "Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі. Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін! Отан үшін отқа түс – күймейсің. Опасызда Отан жоқ. Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды", – дейді.

Ағылшын ақыны Джорж Байрон: "Өз елінің қадіріне жетпеген адам ешкімнің де қадіріне жетпейді", – деген.

Біздің халқымыз, әсіресе жастар осы қағидаларды естерінде ұстаса деймін.

"Егемен Қазақстан"

«ҰЛТТЫҚ БІРЛІК – БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТАҢДАУЫМЫЗ»

Қазақстан халқы Ассамблеясы 15-ші сессиясында сөйлеген сөзінен (2009 жыл)

Екінші маңызды сұрақ – неге бізге ұлттық бірлікті нығайту маңызды? Мұнда біздің бәріміз **біртұтас пікірдеміз.**

Оны бір түсінікпен білдіруге болады – бұл ел ішіндегі қауіпсіздік. Оған сыртқы қауіпсіздік байланысты. **Бастысы** – бұл елдің өркенді дамуы, ал осыдан барып **біздің бәріміздің берекеттілігіміз** шығады. Осы мінберден **өзімнің барша бауырларыма – қазақтарға айрықша сөз арнағым келеді**.

Ұлыстың ұйытқысы болған қымбатты қандастарым, құрметті қазақ бауырларым!

Бүгінде дүние жүзінде 200-ге таяу мемлекет бар. Ал 3 мыңға жуық этностың өзіндік ұлттық мемлекеті жоқ. Біз ата-бабаларымыздың аңсар-арманына қол жеткізіп, мыңжылдықтың түйіскен тоғысында тәуелсіз мемлекет құрдық.

Біз, қазақтар, араға ғасырлар салып өз жерімізде алғаш рет еркін тыныстап, еңсе тіктедік. Қазақ тілі өркен жайып, балаларымыз ана тілінде тәрбие алып келеді.

Тағдырдың жазуымен, тарихтың талқысымен қазақ жерін паналаған түрлі этнос өкілдерімен бірге ортақ Отанымызды көркейту жолында аянбай тер төгудеміз. Олар біздің қиын кезеңде, сын сағатта көрсеткен қамқорлығымызға риясыз алғысын айтып келеді.

Дәуір алмасып, заман өзгерді. Қазір байырғы қазақ жерінде **жаңа азаматтық қоғам қалыптасуда**. XXI ғасырда қазақтар **мемлекетқұраушы ұлт** ретінде **жаңа белеске көтеріліп, Қазақстан халқының берік өзегіне, сенімді діңгегіне айналуда**.

Бұл ретте тағы бір айта кететінім – Қазақстанның тәуелсіздігінің болашағы үшін, өсіп-өркендеу үшін, нығаюы үшін қазақтың – өзіміздің ұлттың бірлігі керек. Егер бәріміз жармасайық билікке деп жан-жаққа кететін болсақ, осы тәуелсіздіктен, еркіндіктен айрылатын боламыз. Мен мұны әдейілеп айтып отырмын.

Қазақ халқы өзіне жүктелген **аса маңызды жауапкершілікті** сезіне отырып, бұл **тарихи миссияны** абыроймен атқарып шығады деп сенемін.

Екінші бағыт – мемлекеттік тілді одан әрі дамыту. Мемлекет барша қазақстандықтардың қазақ тілін біртіндеп үйренуі үшін барлық жағдайларды жасап отыр.

Енді ҚХА ел халқының мемлекеттік тілді меңгеруінің жалпыұлттық үдерісіне басшылық жасауы керек. Ол үшін ешкімге қысым жасамай және ешкімді төмендетпей, қажетті шаралар кешенін жүйелі де табанды жүзеге асыру қажет.

Демек бұл – **мемлекеттік тілді үйрету орталықтарының желілерін кеңейтіп**, оларды әрбір қалада және аудан орталығында, жоо-лар мен өзге де мекемелерде құру керек деген сөз. Оларға көмектесіп әрі ынталандырып отыру қажет. Мемлекет жеткілікті қаржы бөліп отыр, оларды тек дұрыс пайдалану керек.

Оқытудың инновациялық формаларын батыл және кеңірек енгізу қажет.

Субтитрлері бар мемлекеттік тілдегі телерадио хабарларының үлесін арттырудың, қазақ тілді интернет-кеңістіктерді дамытудың маңызы зор, іскерлік, көркем және басқа да әдебиеттерді қазақ тіліне көптеп аудару қажет.

Кеңестерде қазақ тілінде сөйлей берсін, бірақ ілеспе аударма арқылы сөйлейтін болсын. Ол қиын емес қой.

Бұл істің табыстылығы тек мемлекетке ғана емес, сонымен бірге **бүкіл қоғамның белсенділігіне** де байланысты.

Өзге этностардың өкілдерін қазақ тіліне оқытуда этномәдени бірлестіктердің бастамашылық танытуларына болады.

Мемлекеттік тіл – ол **халық бірлігінің негізгі факторы**. Біздің қоғам, интеллигенция мемлекеттің қазақ тілін дамытуға көңіл бөлмеуі

жөніндегі ұсақ, ызалы және популистік пікірлерден жоғары тұруы тиіс. Оларды мен естіп жүрмін. Әсіресе, егер олар артында ешқандай нақтылы іс жоқ, барлық жауапкершілік тек мемлекетке ғана жүктеле салған, әншейін бос сөздер болса одан бетер орынсыз.

Сонымен бірге **мемлекеттік тілді дамыту оны әлі де білмейтіндерді кемсітуге апарып соқтырмауға тиіс**. Біздің азаматтарымыздың конституциялық құқықтарын бұзуға жол берілмейді, құқық қорғау органдары оларды шұғыл тыйып отыруы керек.

Бүгінде біз қазақстандықтардың өскелең ұрпағының бойында мемлекеттік тілді білуге деген қандай қызығушылықтың оянып жатқанын көріп жүрміз. Мұны барынша ынталандыру қажет. Біздің бірлігіміздің осынау бағытына деген адалдығы үшін олардың ата-аналарына рахмет те айту керек.

Қазақ тілін орыс тіліне қарсы қою қате. Орыс тілі біздің **мәдениет байлығының ажырамас бөлігі**, әлемдік білімдердің қалың қатпарларын танудың, ұлтаралық қарым-қатынастың тілі болған және болып қала береді.

Айтыңыздаршы, бүгінде Қазақстанның этностары өзара қай тілде сөйлеседі? Орыс тілінде. Біз игерген кезде, болашақта ол тіл қазақ тілі болуы мүмкін. Бірақ бүгінде бұл рөлді орыс тілі атқарып отыр. Жұмысты **тілдердің үштұғырлығы** бағдарламасы бойынша белсенді жүргізу маңызды деп есептеймін.

Жалпы, тілді меңгеру үшін **оған өзіңнің жүрегіңді ашуың** керек. Тосқауыл қоюлармен және дөрекі мәжбүрлеумен бұл істе еш нәрсеге қол жеткізе алмайсың.

Және біз қазақ тілінде сөйлеу қалауы әрбір қазақстандыққа табиғи нәрсе болуы үшін бәрін істеуге тиіспіз.

Сонымен бір мезгілде біз Қазақстанда тұратын барлық этностардың ана тілдерін, мәдени мұралары мен дәстүрлерін еркін дамыту үшін бұдан әрі қарай да барлық жағдайды жасайтын боламыз. Сондықтан Тілдердің қызметі мен дамуының 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп, қабылдау қажет.

Тіл туралы Заңның қабылданғанына және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының 20 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушыларға

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Сіздерді тіл туралы тұңғыш Заңның қабылданғанына және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына 20 жыл толуына арналған ғылыми-практикалық конференцияның ашылуымен құттықтаймын!

Осы кезеңде баршамыз еліміздің қоғамдық-саяси, мәдени-рухани өміріндегі елеулі өзгерістердің куәсі болып келеміз. Еліміздің келешегі жолында атқарылып жатқан барлық игілікті істеріміз тәуелсіздігіміздің тұғырын бекітіп, мемлекетіміздің діңгегін нықтауға жаңаша серпін беруде.

Ең бастысы, жиырма жыл бұрын мемлекеттік мәртебеге ие болған ана тіліміздің жылдан-жылға өркені өсіп, өрісі кеңейе түсуде. Бүгінде қазақ тілі – Қазақстан халқын бір мақсатқа топтастыратын, ұлттық жаңғыруымызға серпіліс туғызатын айрықша күшке ие болды.

Шаңырақ көтергеніне жиырма жыл толған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы туған тіліміздің туын желбіретіп, рухын асқақтатуда лайықты үлес қосып келеді.

Ұлтымыздың басты рухани діңгегі – мемлекеттік тілді дамыту мәселелеріне арналған бүгінгі конференция жұмысына табыс тілеймін.

Нұрсұлтан Назарбаев
21 қыркүйек 2009 ж.

«ЖАҢА ОНЖЫЛДЫҚ – ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРЛЕУ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ»

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2010 жылғы Жолдауынан

4.1 Білім беру

2020 жылға қарай қалалық, сол секілді ауылдық жерлердегі барлық балалар мектеп жасына дейінгі тәрбие беру және оқытумен қамтылатын болады. Бізде мемлекеттік-жекеменшік әріптестігінің зор әлеуеті бар. Жеке меншік отбасылық балабақшалар мен шағын орталықтар – бұл мемлекеттік мекемелерге балама.

Үкіметке әкімдермен бірлесіп үстіміздегі жылдың бірінші жартысында-ақ балаларды мектеп жасына дейінгі оқытумен және тәрбиемен қамтамасыз етуді арттыруға бағытталған "Балапан" арнайы бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға кірісуді тапсырамын.

2020 жылға қарай орта білім беруде 12 жылдық оқыту моделінің табысты жұмыс істеуі үшін Үкімет барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс.

Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономиканың қажеттіліктерімен өзара байланыстырылуы керек.

Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі жоо-лар әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енуге ұмтылулары керек.

2015 жылға қарай Ұлттық инновациялық жүйе толыққанды жұмыс істеп, 2020 жылға қарай елде енгізілетін талдаулар, патенттер мен дайын технологиялар түрінде өз нәтижелерін беруге тиіс.

Білім беру саласында Астана қаласында құрылып жатқан бірегей оқу орындары – “Жаңа Халықаралық Университет”, “Арнаулы Қор” және қазірдің өзінде табысты жұмыс істеп жатқан “Интеллектуалдық мектептер” секілді жобалар ерекше басымдыққа ие болмақ.

Мен олардың менің есімімді алуына келісімімді бердім.

Олардың отандық білім беру жүйесінің флагманы болып, осы заманғы оқу бағдарламаларын кейіннен оларды бүкіл республика бойынша енгізетіндей етіп әзірлеу мен байқап көру жөніндегі басты алаңға айналуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасау қажет.

Осы оқу орындарының толыққанды жұмыс істеулері үшін Үкіметке үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында Парламентке тиісті заң жобасын әзірлеуді және Парламентке енгізуді тапсырамын.

«БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕСІН БІРГЕ ҚАЛАЙМЫЗ»

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2011 жылғы Жолдауынан

2.3. Тілдерді дамыту

Көп тілді және көп конфессиялы қоғамдағы бейбітшілік пен келісім – бұл сіздер мен біздің еңбегіміз, құрметті қазақстандықтар.

Қазақстандықтардың өзіміз өмір сүріп, елімізді жақсылықтарға бастап бара жатқан туған жерге атауын берген мемлекеттік қазақ тілін құрметпен және лайықты оқып-үйрене бастағандығын атап өтудің өзі қуанышты.

Бүгінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі басым көпшілікті құрайды.

Бұл Тәуелсіздіктің орасан зор жетістігі.

Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін жеткізу.

Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиіс.

Енді он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығатын болады.

Ол үшін біз бәрін де жасап жатырмыз.

Біз сол сияқты орыс тілін және өзге де қазақстандық этностар тілін дамытатын боламыз.

Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін.

Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін.

Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында сөйлеген сөзінен (2011 жыл)

Четвертое. Одним из приоритетных направлений остаётся содействие овладению представителями всех этносов казахским языком.

Мы поставили цель, чтобы к 2017 году число казахстанцев, овладевших государственным языком, достигло 80-ти процентов, а к 2020 году – еще больше.

Через десять лет 100 процентов выпускников наших школ должны уметь говорить на казахском языке.

Знание всеми гражданами казахского языка – это не просто какой-то лозунг, это значит, он будет знать историю нашей страны, историю казахского народа от древности до сегодняшнего дня, культуру, традиции народа. Это приведёт к ещё большему сближению всех казахстанцев и будет укреплять доверие между нами с каждым днем, каждым годом.

Это и есть цель работы Ассамблеи.

ӨНЕР МЕН ӘДЕБИЕТ – ХАЛЫҚТЫҢ ЖАНЫ

Елбасы зиялы қауым өкілдерімен 2010 жылғы 3 ақпанда кездесіп, жолдаған үндеуінен

(«Егемен Қазақстан», № 40-42, 2010 жыл)

«Халықтың мәдениеті оның тілімен жасалатыны белгілі. Тіл тек қатынас құралы емес, ұлттық бар сипатын анықтайтын оның негізгі кілті. Сондықтан тәуелсіздік алғаннан кейінгі ең үлкен мәселелердің бірі – тіліміздi дамыту болды. Осыған байланысты «тілдерді дамыту мен қолданудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданып, жұмыс істеп келгенін өздеріңіз білесіздер.

Менің тапсырмам бойынша «Мемлекетті тілді дамыту» Президенттік қоры құрылып, жұмыс істеуде.

Мемлекеттік тіл саясатына бөлінген қаражат жыл сайын артуда. 2005 жылы осы мақсатқа 133 миллион теңге бөлінсе, 2009 жылы бөлінген қаржы 5 миллиардқа жетті. Қазір бұл бағдарламаның екінші кезеңі 2011-2020 жылдарға арналған жобасы дайындалу үстінде. Мемлекеттік тілдің артықшылығына ешкім таласа алмайды. Түбінде барша қазақстандықтар мемлекеттік тілде сөйлейтін болады. Өзге өркениетті елдерде мемлекеттік тілдің статусы қандай болса, бізде де сондай болады. Бұл нәзік мәселе, бір халық бір халықтан артық емес. Құдайдың алдында да адам баласы бірдей. Осы ниетпен жүрсек – тілегімізді береді. Рас, кейбір мәселелер біз ойлағаннан әлдеқайда күрделі болып шығуда, бірақ қай уақытта да елдің қауіпсіздігі мен бірлігі бірінші орында тұруға тиіс. Ендеше біз ұстанатын саясат сабырлы болу керек. Біздің жастардың үш тілді меңгеруі жөнінде мен бұдан бұрын да түсінік бергенмін. Жас ұрпақ мектеп бітіргенде үш тілді – ана тілмен бірге дүние жүзіне тараған ағылшын және орыс тілдерін біліп жатса, бәсекеге қабілетті деген сол емес пе? Бір қазақ перзентіндей ана тілімді мен де сүйемін».

АНА ТІЛІНЕ ТАҒЗЫМ

Ж.Б. Нәлібаев,
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының I вице-президенті
Н.Ә. Асқаров,
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жауапты хатшысы

Тәуелсіздік алған елдердің мемлекеттік тіл саясатын сөз еткенде есімізге Мохаммед Махатхир, Ли Куан Ли, Сухарто, т.б. қайраткерлер есімі оралады. Олардың қай-қайсысы да тіл мәселесіне соқпай кеткен емес. Жәй ғана тоқталып қоймай негізгі мәселе ретінде үнемі назарында ұстаған, арнайы көңіл бөлген. Себебі тіл – тәуелсіздіктің тірегі, елдің рухани дүниесінің іргетасы. Іргетастың берік болуы – мемлекеттілік мызғымастығының кепілі.

Әрине бұлар бодан болып, содан іргесін аулақ салған елдердегі жағдайлар. Ал, Франция, Түркия секілді елдерде де ана тілін өзге тілдердің ықпалынан қорғау, тазалығын сақтауға ұмтылу ешуақытта назардан тыс қалған емес. Ғасырлар бойы іркіліссіз жұмыс істеп келе жатқан Француз тіл академиясының француз тілін байытуда атқарған еңбегі өлшеусіз. Ататүрік негізін қалаған Түрік тілі қорымы да түрік тілінің айбынын асырып, мәртебесін асқақтатып келеді. Ататүрік түрік тілін түлету арқылы елді түлетуге, жаңа сапалық дамуға бет алғаны мәлім. Аталған жағдайлар тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, оның белгілі бір халықтың мәдени қатпарларын бойына сақтап, ұрпақтар сабақтастығына жол ашатын, ұлтты тұтастырушылық қуаты зор рухани қазына екендігін көрсетеді.

Қазақ елінде де ана тілі мәселесі тәуелсіздік алар қарсаңда айрықша қызу көтеріліп, бұл ел егемендігіне ұласты. Тіл заңы қабылданды, мемлекеттік бағдарлама түзілді, тиісті мемлекеттік мекемелер құрылды. Әрине, бұл мәселенің сырт жағы. Мұның қай-қайсысының да ішіне

үңілсеңіз, талай-талай тартысты, жұмсалған күш-жігерді байқауға болады. Бұлардың қай-қайсысында да Елбасы Н. Назарбаевтың қолтаңбасы бар. Осы орайда біз Елбасының тікелей өзі мұрындық болған бір ғана жайға тоқталмақпыз.

2005 жылы ел Президенттігіне сайлау науқаны өтетін болды. Конституцияға сәйкес елге басшылық жасайтын адамның осы елдің азаматы болуы, мемлекеттік тілді мүлтіксіз білуі шарт. Алайда бұл шарттарды анықтау тетіктері әлі де нақтыланбаған болатын. Мұның шешімін Елбасы көрсетті. Оның ұсынысы бойынша Президенттіктен үміткерлер мемлекеттік тілден емтихан тапсыруы тиіс. Елбасы осыған дейін де 1999 жылғы сайлау кезінде өзі бас болып, мемлекеттік тілден сынақтан өткен еді. Ол кездегі емтихан материалдары қолымызда болмағандықтан, 2005 жылғы емтихан нәтижесі туралы әңгімелеумен шектелмекпіз.

Елбасы болуға үміткерлердің мемлекеттік тілді меңгергенін байқау үшін Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2005 жылғы 31 тамыздағы № 2/25 қаулысымен белгілі тілші ғалымдардан тұратын арнайы лингвистикалық комиссия құрылды. Комиссия құрамына Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Ұлттық ғылым академиясының академигі, белгілі терминолог ғалым Өмірзақ Айтбайұлы, Ұлттық ғылым академиясының академигі, әдебиеттанушы ғалым Рымғали Нұрғали, тілші-ғалым, профессорлар – Мырзатай Серғалиев, Фаузия Оразбаева және филология ғылымдарының докторы, профессор Дихан Қамзабекұлы кірді.

Президент болатын жандардың қазақ тілінен емтихан тапсыруы – жұртшылықты елең еткізген оқиға болды. Мемлекеттік тілден емтихан тапсыру деген кәдуілгі рәсімдік шара емес, үлкен саяси мәнге ие маңызды қадам болатын. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін биіктететін, абыройын асыратын әрі басқа жұртқа ой салатын тағлымды да ишаралы әрекет еді. Елбасының ана тілінің алдына келіп емтихан бергендегі ойының астары осында жатыр деп білеміз. Шара өз жемісін берді. Қазақ тілінің болашағына сенімсіздікпен қарап, солқылдап жүргендердің пікір ауандары өзгерді. Қазақ тілінде білім беретін білім ошақтарына бет бұрған өзге ұлт өкілдері жастарының да қатары молая бастады.

Емтихан барысы жайлы құжаттар сол лингвистикалық комиссияның төрағасы академик Өмірзақ Айтбайұлының жеке мұрағатында сақталған екен. Бүгін орайы келіп тұрғанда сол тарих қойнауына енген, тәрбиелік те тағлым аларлық мәні зор құжаттарды сөйлетуді жөн көрдік. Бұл келешек ұрпақ үшін ана тіліне әрдайым тағзым етіп, қызмет жаса деген терең ойды меңзейді.

Емтиханда үміткердің мемлекеттік тілде жазу, оқу, сөйлеу біліктілігін тексеруді жүйелі түрде анықтау үшін Орталық сайлау комиссиясының 2005 жылғы 31 тамызда «Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың мемлекеттік тілді еркін меңгергендігін анықтау рәсімі туралы» № 12/26 қаулысы қабылданған. Қаулыда үміткерлердің «Мемлекеттік тілді еркін меңгергендігін анықтау үшін:

1) лингвистикалық комиссия ұсынған тақырып бойынша көлемі екі беттен аспайтын жазбаша тапсырма жазу;

2) лингвистикалық комиссия ұсынған көлемі үш беттен аспайтын мәтінді оқу;

3) лингвистикалық комиссия ұсынған тақырып бойынша көпшілік алдында кемінде он бес минут сөз сөйлеуі көзделген.

Президенттіктен үміткерлерге қойылған сынақтардың салмағын байқау үшін қолда бар деректер негізінде лингвистикалық комиссия әзірлеп, ұсынған тапсырмалардың мазмұнымен де таныстыра кеткенді жөн көріп отырмыз.

«Жазбаша тапсырма тақырыптары:

1. Тәуелсіздік рәміздері.

2.Мемлекеттік тілді дамытудың жолдары.

3. Қазақстан – кенге бай өлке.

4. Елімнің мақтан тұтар перзенттері.

5. Бүгінгі ауыл жағдайы.

6. Қазақстан экономикасының болашағы.

7. Абайдың этикалық көзқарастары.

8. Атақты адамдар өмірінен түйін.

9. Әлем және Қазақстан.

10. Менің елім – менің жерім.

Оқуға ұсынылатын мәтіндер:

1. М. Әуезов. Абай жолы.
2. Абайдың қара сөздері.
3. А. Байтұрсынов еңбектері.
4. Ә. Бөкейханов еңбектері.
5. Е. Бекмахановтың еңбектері.
6. Ж. Аймауытов шығармалары.

Еркін тақырыптар:

1. Қазіргі Қазақстанның геосаясаты.
2. Жастарға білім берудің сапасын арттыру жолдары.
3. Қазақстан спортының көкжиегі.
4. Халық тілінің байлығын игеру – зор талғам, парасатты тілейтін жұмыс.
5. «Ой – ғасырдың жемісі».

Қолдағы құжаттардан емтихан тапсырған үміткерлердің қай-қайсысы да өз білім-біліктерін жоғары деңгейде көрсетіп тұр. Әсіресе, Н. Назарбаевтың орындаған тапсырмаларынан оның білік-білімінің деңгейі, сауатының қарымы, эрудициясының шалқары әлемдік өрені ауқымдап жатқанын айқын байқатып тұр. Елбасы жазбаша тапсырма бойынша «Менің елім – менің жерім» тақырыбында көсіле, шешіле жазған. Қолмен жазғанда 4 беттен тұратын шығармада Елбасы елі мен жерінің өткені, бүгіні және ертеңі жайлы толғана, төгілдіре сыр шерткен. Қара сөзге дес бермес шешендігі де, көпті көрген көсемдігі де, мәселені тұтас қамтып көре алар кемелдігі де осынау шағын шығармадан көрініп тұр. Елбасының емтихан тапсыруын ана тілінің алдында тағзым етуі және өзгелерге де өнеге алыңдар деген тағлымды ишараты деп түсінеміз.

Комиссия мүшелерінің емтихан аяқталғаннан кейін Елбасыға қарата:

« – Сіз бүгін Ана тіліңіздің алдына тағы да бас ииіп келіп, көрегендік жасадыңыз. Сізді сынаққа салып отырған мына бес профессор емес, аяулы Ана тіліңіз. Ел сынынан сан рет өткен жансыз. Тілге жүйріктігіңізге

қарамастан, ел мен тілден биік емеспін деп, төңірегіңіздегі жандарға тағы да ой тастадыңыз.

Сынақтың үш түрінен де мүдірмей өттіңіз. Жазудағы сауатыңызға тәнті болдық. Сіздің сеніміңізге ие болып, билік басына көтерілген тілге шорқақ іні, бауыр, серіктеріңіз осылайша танытса ғой, сауатын...

Қысқасы, ел басқарғысы келетін әрбір қазақ, ең әуелі ана тілінің кәусарынан осылайша қанып ішіп, ындыны кепкен тыңдаушының сусынын осылайша қандырсын да.

Сіз арқылы елдің мерейі мен тілдің мерейі өсіп келеді. Кешегі жолдау мен елге сапарларыңыз халықпен біртұтастықтың шеруіндей болды. Барлық жерде Ана тілі Сізбен бірге жүрді. Тілді құрмет тұтудың асқан үлгісі осы емес пе? Осыған масаттана отырып, әлемнің алып елдерінің алпауыт басшыларымен терезе теңестіріп, тең сөйлесіп жүрген мәртебеңізді мақтан етеміз. Сонымен бірге сондай шетел сапарларында да олар Сіздің өз ана тіліңізде де керемет сөйлейтініңізді сезініп, қазақы үніңізді естісе ғой деп армандаймыз.

Алла жар болып, кемелдік пен көсемдікке қарай жол тартқан ақ кемеңіздің айдыны ашық болғай!» – деген тілегіне біздің де алып қосарымыз жоқ. Осы орайды пайдалана отырып, Елбасының емтихан барысында өз қолымен жазылған «Менің елім – менің жерім» деген шығармасын қаз-қалпында оқырман назарына келесе беттен бастап ұсынуды жөн көрдік. Құжат алғаш рет жарияланып отыр. Ендігі сөз өзіңізде, оқушы қауым.

Менің елім – менің жерім!

Халқымыздың пейілі мен ниетіне де байланысты шығар, біздің қазаққа расында да байтақ жер біткен. Бабаларымыз соның қадірін білін, кезі келгенде оны ақ білектің күшімен ақ найзаның ұшымен, тосін тосен қорғай білген.

Халқымыздың ертегілері мен жырларында, ақыз әңгімелерінде, әрдайым туған жерді, атамекенді қастерсу, қорғау ақсары жатыр. „Ұрпағымыз осынау бай да байтақ жерді пеленін, босбелбеулікпен одан айырылып қалмаса екен" – деген арманы жатқаны анық. Оз басын да мұны осылай деп түсінемін.

Қазақтың жері байтақ деген жай айтылған сөз емес. Ол 2717 мың шаршы шақырым аумакты қамтиды. Бұл жөнінде біз әлемде тоғыздыншы орынды иемденеміз.

Оның үстіне, жеріміз үлкен ғана емес, ол мейлінше әр алуан. Қазақстанда қарасаң басың айналатын қарлы шыңдары бар таулар да, баянқ толы көлдер де, бетпақдала шөлдерде, сынсыған орман да, ақ мен құста – бәрі-бәрісі бар. Неше жылдан бері аралан жүрсемде еліміздің осындай әдемілігіне таңданумен боламын.

Осындайда марқұм ақын Ғафу Қайырбековтың шебелге шығуға құмар еместігінің себебін айтқаны есіме түседі

– 2 –

Сондағы айтатын сылтауы: „Мен әлі өзімнің туған Қазақстанымды да толықтай тағын бітпеген жанмын" – деген болса керек. Росында да кон азаматтырымыз Отаның толық аралан коре алмауы әбден мүмкін.

Қазақ жері қең-байтақ қана емес, сонымен бірге қазба байлықтарына да мейлінше бай. Менделеев кестесінде кездесетін қунды элементтердің кобінің аса мол қоры бар.

Тек қана тәуелсіздік алғалы бері өз жерімізділ байлығын халық игілігіне пайдалануға мүмкіндік алдық. Және оны әйтеуір бір алыс жылдарда емес, мүмкіншілігінше тан осы таяу жылдарда коре бастаудың маңызы ерекше деп ойлаймын. Тіршілік мәңгілік болғанымен, адамның өмірі тым-тым шолақ емес не?

Міне сондықтан, осы жылдары миллиардтаған шет елдік инвестиция алып келу қажет болды. Бұл оте бір оңай шаруа емес еді. Шүкір, бұғанды қолымызды жеткіздік.

Дамыған мемлекеттерді бізге сендіру үшін алдымен тәуелсіздігізді нығайтын, ел бірлігін артырын, кон уытты елімізділ ішкі ахуалы тұрақты екенін сендіру қажет еді. Бұл да жасалды.

Қазақстанда жасалған реформалар, елімізділ өркендеуі, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруы әлем сарапшыларының оң бағасын алды.

– 3 –

Еліміз аз жылдарды ішінде жер-жаһанға жақсы танымал мемлекетке, халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналып үлгерді. Бүгінгі заманның зәру салалары бойынша өз мамандарымызды дайындадық.

Қазақ халқының еңсесі көтерілін, өз мәдениеті, тілі, тарихына шын мәнінде бет бұрды. Тәуелсіздігіміз бұрыс-тала орнады. Себебі:

1. Экономикалық, саяси, әлеуметтік реформаларды мейлінше табысты жүргіздік. ТМД мемлекеттерінің нош бастаушысы атағына ие болдық.

2. Тарихымызда алғаш рет көрші мемлекеттермен шекара шебін айқындадық.

3. Тарыдан шашылып кеткен қазағымыздың ата жұртына қайта оралуына мүмкіншілік жасадық.

4. Өз әскерімізді жасақтан оны қаруландырдық, қазақтан жеткілікті офицерлер дайындадық. Дүнйенің алып ядролық мемлекеттерінен қазақстанның тәуелсіздігімен жерінің тұтас болатынына кепілдік алдық.

5. Еліміздің орта тұсынан жаңа елордамыз – Астана қаласының „Байтерегі" жатқалын, көкке қол созын келеді.

6. Алып көршілеріміз, Ресей, Қытай елдерімен достық қарым-қатнас орнатып, экономикамызды зор базар аштық. Қауыпсыздығымыз нығайды.

– 4 –

7. Еліміздің, халқымыздың болашағын анықтайтын 2030 жылы дейінгі стратегиялық маңызы бар бағдарлама жасап, оны іске асыру үстіндеміз. Қыңқаш осылар. Қалғаны тарихшылар зерттеп айта жатар.

Міне, осы істеріміздің арқасында халқымыздың әлеуметтік жағдайы жыл өткен сайын жақсару үстінде. Енді бандастарымыздың басым көпшілігі дұрыс ішіп-жеп сәнді киінін, алды көңілінің қалауынша үй салып, таңдаған көлігін мінін, шетелдерге сапарларға шығын, ел көрін, жер көрін, әйгілі жоғарғы оқу орындарында білім ала бастады.

Халқымыз нағыз бостандыққа ие болды. Өкімет үстемдігінен қорыққанды ұмытын келеді. Демократиялық үрдіс елімізде қанат жайды.

Осылайша ұшқыр уақыт алға жылжиған сайын елімнің мәртебесі өсіп, Алтын белік-Атамекеніміздің: даламыз бен қалаларымыздың келбеті өзгере түсуде.

Елім мен жерімнің ертеңі бұдан да жарқын болатындығына сенемін. Біздің халқымыздың өзі де осындай өмірге әбден лайықты.

Н. Назарбаев

14.09.2005 ж.
Астана қ.

ЕЛБАСЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ҚҰРЫЛҒАН ЕДІ

Азат Шәуеев,
Мемлекеттік тілді дамыту
Президенттік қорының директоры

Елбасы егемендіктің елең-алаң шағында, дәлірек айтсақ, 1992-ші жылы «Қазақ тілі» қоғамының 2-ші құрылтайында сөз сөйледі. Сонда Мемлекет басшысы «Қазақ деген халық болмаса, оның мен сияқты Президенті бола ма?», – деп ағынан жарылған еді. Қазақстан Президентінің, қазақтың төл перзентінің осы бір жүрекжарды сөздері көпшілік жадында сақталып қалды.

Тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш Президенті – өз тағдыры туған халқының тағдырымен егіз екенін айтып қана қоймай, іс жүзінде дәлелдеп келе жатқан біртуар қайраткер. Ұлт көшбасшысының Ана тіліне деген қамқорлығы соның бір ғана айғағы.

Парламент Сенатының депутаттарымен 2008-ші жылғы кездесуінде сөйлеген сөзінде Елбасы өзінің жүрекжарды ойын тағы да былайша жайып салған болатын: «Мен бір қор құрайын, ол қорға бірінші Президенттің қорынан ә дегенде үлкен ақша саламыз, 500-600 миллион теңге, мысалы. Не істеу керек онымен?.. Онымен қазақтың тілін насихаттау, қазақ тілін оқуға жаңа, жеңіл оқулықтар шығару, аудио, видео деген құралдарды жабдықтау, барлық жерлерде қазақтың тілін оқытатын орталықтар ашу мәселесі. Қазақтың тілін үйренген басқа жұртқа қаржылай көмек беріп, өзгелерге көрсету. Сол жағын ойлауымыз керек».

Мемлекеттік тілді дамыту Президенттік қоры осылайша Елбасы бастамасымен осыдан екі жыл бұрын құрылған болатын. Содан бері өз қызметімізде ел Президентінің отандық жетекші телеарналарға бер-

ген сұхбатындағы: «... Бүгінгі күні бүкіл қазақстандықтардың, қандай ұлт өкілі болса да, қазақ тіліне деген ынтасы бар. Сол ынтаны қолдап жіберуіміз керек» - деген бағдарын басшылыққа ала отырып, қазақ тілін дамыту әрі насихаттау, оның қолданыс аясын кеңейту бағытында жан-жақты жұмыс жүргізіп келеміз.

Қордың басты ұстанымы – отансүйгіштік және Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде деген сенім. Сонымен қатар елімізде тұрып жатқан барлық ұлттар мен ұлыстардың тілдерін сақтай отырып, олардың арасындағы негізгі қарым-қатынас құралы қазақ тілі болатынына деген сенім.

Басты мақсат – республика Президентінің мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған бастамаларына қоғамдық қолдау көрсетуді жандандыру, еліміз бен шетелдерде қазақ тілінің мәртебесін арттыруға арналған қоғамдық жобаларды қаржыландыру. Қор ұжымы осы аталған мақсаттарды орындау үшін негізгі үш бағытта жоспарлы жұмыс атқаруда. Олар, біріншіден, ана тілімізді дамытуға арналған жобаларға қолдау көрсетіп, ынталандыру; екіншіден, мемлекеттік тілді өркендетуге жұршылықты жұмылдырып, оған қоғамдық бақылау орнату; үшіншіден, ағартушылық, насихаттық қызмет және мемлекеттік тілдің қажеттігі туралы қоғамдық пікір қалыптастыру болып табылады. Аталған шараларды іске асыру барысында жаңа инновациялық жобалар мен технологиялар туындап, мемлекеттік тілді дамыту ісіне қоғамдық ұйымдармен қатар саяси партиялар және этномәдени топтар жұмылдырылмақ, сондай-ақ халқымыздың тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті мен әдебиеті туралы танымдық ақпараттар қалың оқырманға қолжетімді бола түспек.

Қордың басқарушы жоғарғы органы – Құрылтайшылар жиналысының құрамына ҚР Тұңғыш Президенті қоры, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, Қазақстан Жазушылар одағы, Ұлттық ғылым академиясы, Қазақстан халқы ассамблеясының республикалық қоры кіреді. Ұжымды белгілі қоғам қайраткерлері мен мемлекеттік мекемелердің өкілдері мүшелік ететін алқалы орган – Қамқоршылық кеңес басқарады. Төрағасы ҚР Мемлекеттік хатшысы Саудабаев Қанат Бекмырзаұлы болып табылатын бұл Кеңес құзырына жұмыс басымдықтарын айқындау мен жоспарларды бекіту міндеттері жатады.

Қордың Қамқоршылық кеңесінің мүшелері Мырзатай Жолдасбеков, Айталы Амангелді Әбдрахманұлы, Айтбайұлы Өмірзақ, Әбдікәрімов Оралбай, Әбдіков Төлен секілді қоғам қайраткерлерінің ойлы сөз, оралымды істері ел-жұртқа үлгі-өнеге екенін біз әрдайым мақтан етеміз.

Елбасының Мемлекеттік тілді дамыту Қорын құру туралы бастамасы қалың жұршылық, әсіресе, ұлттық-патриоттық ұйымдар тарапынан қолдау тапты. Алғашқы жылдың өзінде бізге республикамыздың жер-жерінен қоғамдық ұйымдар мен жекелеген азаматтар дайындаған 100-ден аса жоба келіп түсіп, оның жартысына жуығы туған тілдің игілігіне асты. Сол жылы ауқымды істер қолға алынып, атап айтқанда, насихаттық мақсаттағы республикалық әртүрлі байқаулар, конференциялар мен семинарлар өткізу, ғаламтордан қазақ тілді сайттар ашу, қазақ тілін оқытудың авторлық бағдарламаларын жасау, сөздіктер мен тілашарлар шығару сияқты шаралар қолға алынып, сәтімен жүзеге асты. Соның бірі – ана тіліміздің және ұлт дамуының бүгіні мен ертеңін саралап, талдап-талқылау алаңы, қазақтың рухын көтеріп, бірлігін нығайту құралы «Қазақ альманағы» журналы жарық көрді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға бағытталған жұмыстар жылдан-жылға пәрменді бола түсуде. Елбасы 2008-ші жылы Тәуелсіздіктің 17 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінде «Менің бастамам бойынша «Мемлекеттік тілді дамыту» Президенттік қоры құрылып, қазірдің өзінде бірқатар жаңа жобаларды жүзеге асыра бастады» - деп, біздің талабымызға қанат байлаған еді. Жұмыс жоспары Қор қызметінің тұжырымдамасына сәйкес 2011-ші жылға арнап алдын-ала жасалды. Бұған қоса бірнеше арнаулы жобалар әзірленді. ҚР Мәдениет министрлігінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша өткізген байқауына қатысу арқылы насихаттық, танымдық және демеушілік жолымен әр түрлі шаралар өткізуге қаржылай мүмкіндік туды.

Жоспарлы жұмысты халықты қызықтыратын мейлінше белсенді және әр түрлі нысандарда өткізуге баса көңіл бөлінді. Мәселен, жыл беташарында Астанада «Қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары» атты семинар ұйымдастырылды. Осы барыста Қордың бастамасымен Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің қауымдастығы

құрылды. Оның басты міндеті – оқушыларды қазақ тілінің болашақ басты тұтынушылары ретінде қалыптастыру болып табылады. Бұл үшін жастардың отаншылдық сезімдеріне мемлекеттік тіл арқылы жол ашу, ата-аналар әлеуетін оқу үдерісіне жұмылдыру, орыстілді мектептер мен бала бақшаларда қазақ тілін оқытудың жаңаша жолдары мен шешімдерін іздестіріп, кәдеге жарату көзделді.

«Бүлдіршіндерге арналған қазақ тілі әдістемелерінің республикалық байқауы» аталмыш шараның қисынды жалғасы десе болады. Байқау тіл үйретудегі инновациялық үдерістерді, тиімді әдістемелік құралдарды қолдау және ұстаздар ұжымдары мен қоғамдық ұйымдарды ынталандыру мақсатында қолға алынды. Қор ұжымы, сондай-ақ, Халықаралық журналистер күніне орай мемлекеттік тілді насихаттаған бірқатар журналистерге сыйлықтар тапсырып, Монғолиядағы Баян-Өлгий аймағының құрылғанына жетпіс жыл толуына орай қазақ диаспорасына М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының аудиодискілері, қазақ тіліндегі көркем және ғылыми әдебиеттер мен түрлі сөздіктер жолдады.

Жоғарыда айтқан арнаулы жобалар қатарында Б. Момышұлының 100 жылдығына арналған «Ерлік пен Жеңіс» шығармашылық байқауын, жас журналистердің үшінші республикалық «Қаламгер-Азамат» форумын, «Қазақша білесің бе? Досыңа үйрет» тіл байқауы мен осы шарамен сабақтас «Қырағы көз» айлығын атап айтуға болады. Олардың әрқайсысының өз «аудиториясы» мен көтерген жүгі бар. Мәселен, халқымыздың аты аңызға айналған қаһарманы Бауыржан Момышұлының 100 жылдығына арнап шығармашылық тақырыпта байқау өткізу барысында біз оқушыларды отан сүйгіштікке тәрбиелеу, әсіресе қазақ батырының біртуар тұлғасына қызығушылығын туғызу арқылы олардың бойында елжандылық сезімін қалыптастыруды мақсат еттік.

Аталмыш байқауға республиканың барлық аймақтарынан 200-ден астам шығарма келіп түсті. Талапкерлердің шығармашылық қолтаңбасымен таныса отырып, балалардың тарихқа немқұрайлы емесін, қазақ тілін жақсы көріп, бағалайтынын, оның келешекте кең мүмкіндіктер ашатынын түсінетіндеріне көз жеткіздік. Осы шарамен «Қаламгер-азамат» форумы тығыз үндесіп жатыр. Қазір қарап

отырсақ, туған еліміз тәуелсіздік алған жылы дүниеге келген ұрпақ жиырмаға толады екен. Бұл, егемен елдің ертеңінің өсіп, ержетіп, кәмелетке толғанының және Қазақстан азаматтарының қатарына білімді әрі салауатты жастардың жаңа бір легінің қосылғанының өлшемі ғана емес, ол сонымен қатар ел егемендігінің жылдан-жылға нығая түсуінің белгісі.

Сол сияқты арнаулы жобалар қатарындағы «Қазақша білесің бе? Досыңа үйрет!» және «Қырағы көз» тіл байқауы мен жарнама тазалығының айлығы креативті, яғни жаңаша белсенді нысанда өткізілді. Тақырыптарының өздері-ақ айтып тұрғандай, оның алғашқысы «Нұр отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанатының «Қазақша сөйлесейік!» акциясының аясында Астанадағы Қазақстан-Ресей университетінің студенттері арасында ұйымдастырылып, қатысушылардың зор қызығушылығын туғызды. Сол сияқты жастардың белсенді қатысуымен өткізілген «Қырағы көз» акциясы барысында тауарлардың этикеткаларындағы, қораптарындағы, нұсқаулықтарындағы қазақ тіліндегі қателер анықталды. Осы арқылы тауар өндірушілер мен сауда орындары иелерінің мемлекеттік тілді бұрмаламай, тұтынушыларға арналған ақпаратты сауатты ұсынуларына назар аударылды.

Сонымен 2010- жылдың мәресінде сахнаға шыққан «Тілектестер шашуы» жастар фестивалі астаналық тіл жанашырлары мен қонақтарға лайықты тарту болды ғой деп ойлаймын. Шараның негізгі мақсаты – жастар арасында қазақ тілін насихаттау, олардың туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру және ұлттық, патриоттық тақырыптағы жаңа әндердің дүниеге келуіне ықпал ету еді. Концертке қатысқан өнерпаздар туған жер, Отан мен Ана тілі туралы әндерімен Тіл тойына шашу шашты. Бұдан былай аталмыш фестивальды ұлттық рухымызды көтеріп, патриоттық тақырыптағы жаңа шығармалардың тұсауы кесілетін дәстүрлі шараға айналдыру ойда бар.

Осы аталған шаралармен қатар, әлбетте ана тіліміздің дамуына құқықтық іргетас қалайтын заңнамалық құжаттарды әзірлеу ісіне де бір кісідей қатысып келеміз. Мәселен, Қор ұжымы «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасының» жобасын талқылау мақсатында бірқатар аймақтық және республикалық

шаралар ұйымдастырды. Бұған қоса біздің ұжым «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы және мемлекеттік органдар мен басқа да қоғамдық ұйымдар өткізген шараларға белсене ат салысады. Оларда айтылған ұсыныс-пікірлер өз тарапымыздан жинақталып, бағдарламаны әзірлеуші өкілетті органға жолданды.

Қазақстан халқының Тілдері күніне орай «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Нығматуллин Нұрлан Зайроллаұлы «Тілге құрмет – елге құрмет» атты республикалық байқаудың жеңімпаздарын марапаттағаны баршаға мәлім. Олардың қатарында мемлекеттік тілдің дамуына сүбелі үлес қосқан ұйым аталымында біздің Қорға да үлкен құрмет көрсетілді. Бұл жоғары баға Елбасының бастамасымен құрылған Мемлекеттік тілді дамыту Президенттік қорына зор жауапкершілік жүктеп отыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев ақын-жазушылар ортасында

«Ана тілі айбары» Алтын белгісін табыстау, 1999 жыл.

С. Демирелге «Ана тілі айбары» Алтын белгісін тапсыру, Анкара, 1998 жыл.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев лингвистикалық комиссия мүшелерінің ортасында, 2005 ж.

Елбасымен кездесу.

Мемлекеттік тілді дамыту Президенттік қорының Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қанат Саудабаев.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басшылығы

Мемлекеттік тілді дамыту Президенттік қоры Қамқоршылық Кеңесінің мүшесі Мырзатай Жолдасбеков пен Қор директоры Азат Шәуеев

2-бөлім. ЕЛБАСЫ және ҚОҒАМ

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ»

(Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына 20 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Қазіргі қоғам және мемлекеттік тіл» атты конференцияда жасалған баяндама)

Ө. Айтбайұлы,
Халықаралық «Қазақ тілі»
қоғамының президенті, академик

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алғанына да 20 жыл толды. Тарих үшін бұл аталған уақыт қас-қағым ғана сәт болғанымен, еліміз үшін бұл 20 жылдың салмағы орасан зор, көтерген жүгі ауыр. Ғасырға барабар десек қателесе қоймаспыз.

Басқа бір ұйымдар үшін мұның соншалықты маңызы да болмауы мүмкін. Бірақ "Қазақ тілі" қоғамының 20 жылдығы еліміз тарихындағы елеулі оқиға деп білемін.

Сондықтан да бүгінгі жиынды Қоғамның 20 жылдығын атап өту деп қана емес, ***Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ел алдында өткенін саралап, бағыт-бағдарын бағамдап алуы деп қабылдаған да орынды болатын шығар. Осыны ескере отырып, мен сіздердің алдарыңызда мынадай мәселелерге тоқталсам деймін. Қоғам құрарда нені көздеп едік? Қандай нәтижеге қол жеткіздік және неге қолымыз жетпеді? Қоғамның бұдан былайғы ұстанымы мен бағыт-бағдары қандай болуы керек?***

Біз нені көздедік?

Бұл сауалға жауап беру үшін біздің Қоғамның Жарғысына және бастапқы программа-платформасына көз салған жөн. Бағдарламамызда: **«Қоғамның басты мақсаты – қоғамдық сана мен ұлттық сананы ояту, Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы мен мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға, мемлекеттік тіл ретінде республикада қазақ тілінің толыққанды қызмет етуіне қажетті жағдайлар жасалуына ықпал ету» деп белгіленген болатын.** Осыған орай Қоғамның жарғылық міндеттері ретінде бірнеше бағыттар атап көрсетілген еді. Солардың бәрін қайталап ежіктеудің қажеті бола қоймас. Жарғымызға назар салған жан мұны толық аңғарады.

Міне, Қоғамды құрғанда осындай мақсаттарға қол жеткізуді көздеп едік. Осында көрсетілген бағыттарға қарап, мұндағы негізгі ойлардың тілдерді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен басқа да ресми құжаттардан көрініс тапқанын байқауға болады. Жалпы, қоғам еліміздегі мемлекеттік тіл саясатының бағытын айқындап бергені көзі қарақты жандарға түсінікті болар деп білеміз.

Неге қол жеткіздік?

Жалпы бұл кезеңді қазақ халқының өзін-өзі тану, жоғын түгендеу, ұлттық санасын жаңғырту, ана тілін түлету, ұлттың рухын асқақтату кезеңі десек, артық айтқандық болмас. Бүгінгі күннің биігінен қарағанда біраз нәрсе атқарылды деуге болады. Осы орайда Қоғамның II құрылтайында сөз сөйлеген белгілі түрколог-ғалым, профессор Кеңесбай Мұсаевтың мына бір пікірін келтіргенді жөн көріп отырмын. Ол: «Осы уақыт ішінде Қоғамның тындырған ең үлкен жетістіктері не дегенде Қоғам қазақтың қазақтығын дамытатын қоғам екенін дәлелдеуі дер едім. Екіншіден, қоғам қазақтардың ертеңге сенімін арттырды. Үшіншіден ұлтшылдық қорқынышынан құтқарды, соны әлсіретуге көп көмектесті» деп пікір білдірген еді. Бұл пікірдің орындылығын уақыттың өзі көрсетіп отыр.

Елдің санасын оятуда, ұлттық рухты көтеруде баспасөздің ерекше маңызға ие екендігі белгілі. Осыған байланысты біздің де әуелгі

қолға алғанымыз баспасөз болды. 1990 жылғы наурыздың 22-інде республикалық «Қазақ тілі» қоғамының үні ретінде өмірге келген «Ана тілі» атты үнқағазымыз содан бергі аралықта республикамыздағы таралу мөлшері көп беделді басылымдардың қатарына шықты. Бүгінде «Ана тілі» мемлекеттік басылымға айналғанынан баршаңыз хабардарсыздар, газеттің құрылтайшыларының қатарында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамымен қатар Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі бар. Құрылтайшылар қатары өзгергенімен «Ана тілі» өзінің өзекті тақырыбы, негізгі нысаны – тіл мәселесі деп танып, бұл бағытта елеулі дүниелер жариялаудан танбай келеді. Тіл тағдырын ту етіп отырған бұл басылымды кешегі Ахмет Байтұрсынов шығарған «Қазақ» газетінің рухани жалғасы деп айтуға әбден болады. Бұдан бөлек «Қазақ тілі» қоғамының жер-жердегі ұйымдары мен бөлімшелері шығарған мерзімдік ақпарат құралдарының саны 30-дан асып кетеді. Бұлардың бәрі де қоғамдық пікір қалыптастыруда, ұлттық жадымызды жаңғыртуда елеулі қызметтер атқаруда.

Сонымен қатар «Қазақ елі», «Кітап жаршысы» газеттері, «Білім және ғылым», «Денсаулық» жорналдары, «Арыс» баспасының кітаптары да қоғам көздеген мәселелерді қаузап отырған басылымдар. Министрлік тарапынан қолдау күтеміз. «Арыс» баспасында 50 мың өнімі оқырманға жете алмай іркіліп тұр. Бұған да жәрдем керек.

Сондай-ақ қоғамдық сананы оятуда да бірқатар жұмыстар атқарылды. Мәселен, бір кездері құрылған саяси ұйымдар мен түрлі ұжымдардың бағдарламаларында мемлекеттік тіл жөнінде бірде-бір сөз айтылмайтын. Қазіргі кезде олар да мемлекеттік тілге бет бұрып, өздерінің құжаттарында бұл маңызды мәселе жөнінде қарастырып, өздерінің ұстанымдарын да айта бастады. Мұның өзі қоғамдық сананың аз да болса өзгеруіне ықпал еткенін айқын білдіретін көрсеткіш деп есептейміз. Бірақ қоғам тарапынан әлі де қарымды қозғалыс, табанды пікір, тұрақты ұстанымдар қажет.

Елімізде ұзақ жылдар бойы тіл ахуалына жете көңіл бөлінбеді. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана деп түсіну етек алды. Ал ана тілі жас ұрпаққа тәрбие берудің, тарихи деректердің көзі, ұлтымыздың бойындағы ізгі салт жақсы дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін рухани қазына мен ұлттың өзегі, халықтың зердесі екендігі тым аз

айтылып келеді. Сөйтіп мұның өзі уақыт өте келе қайсыбіріміздің тіл туралы таным-біліміміздің біржақтылау, таяздау болып шығуына өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Осындай жайттарды ескере отырып, «Тіл тағылымы» атты халық университетін аштық. Ол тыңдаушылардың тіл жөніндегі таным білігін көтеруді мақсат тұтты. Университет сабағында республика жұртшылығына танымал ғалымдар, жазушылар, журналистер қазақ тілінің көкейкесті күрделі мәселелері мен бүгінгі таңдағы толғақты жайларын сөз етіп, тыңдаушыларына ой салатындай, өз тұжырымдарын айтты. Бұны да туған тіліміздің өрісін кеңейтуге қосқан айтулы үлес деп бағалауға болар. Мұнда көтерілетін мәселелер баспасөз беттерінде жарияланып жататын әр алуан мақалалар арқылы жалғасын табуда.

Қоғам ұлттық мүдде мен мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты мемлекеттік органдармен және түрлі қоғамдық ұйымдармен бірлесіп түрлі шаралар атқарып, жұмыс жүргізіп келеді. Қоғамның тынбай 20 жыл бойы еліміздегі тұрақтылық пен келісімді сақтай отырып, атқарған жұмыстары мен әрекеттерінің арқасында, тікелей оның ықпалымен мынандай нәтижелерге қол жеткізді деп есептейміз. Мәселен, Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңының, 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының әзірленіп қабылдануына, Тіл мәселесімен тікелей айналысатын ресми мекеме – Тіл комитетінің құрылуына, Мемлекеттік қызметке қызметкерлер қабылдағанда тестке мемлекеттік тілге және тіл туралы заңға қатысты сұрақтардың енгізілуіне, Ел президенттігіне кандидаттардың мемлекеттік тілден емтихан тапсыру талаптарының қойылуына, Жоғары лауазымды мемлекеттік қызметшілердің көпшілік алдында Елбасының қатысуымен «Ант» қабылдауына, Елбасының 2006 жылғы жарлығымен бекітілген облыстар мен Алматы және Астана қалаларында іс қағаздарын мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшіру туралы кестесінің жасалуына, бұрынғы жабылып қалған қазақ мектептерінің қайта ашылып, олардың санының едәуір арта түсуіне қол жеткіздік. Тәуелсіздік жылдары ашылған қазақ мектептерінің көрсеткіштері оның айқын дәлелі деп білеміз. Сонымен қатар Үкімет жанынан Премьер-министрдің өзі төрағалық ететін Мемлекеттік тіл мәселесі жөнінде арнайы комиссия құрылғанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Ол комиссия жұмысына тұрақты түрде қатысып,

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының үні мен ұстаным-пікірлерін ашық та айқын білдіріп отырамыз.

Жалпы мемлекеттік тілге қатысты қандай мәселелер туындаса, Қоғамның сол жерден табылмай қалған кезі жоқ. Естеріңізде болса, бірер жыл бұрын Байқоңыр қаласындағы орта мектептердің Ресей оқулықтары негізінде білім алып жүргені туралы үлкен шу шықты. Бұрынғы жауапты адамдардың салғырттығынан орын алған осынау келеңсіздікті дер кезінде көтеріп, тиісті органдардың назарын аударған «Қазақ тілі» қоғамының Байқоңыр қаласындағы бөлімшесі болатын. Байқоңыр қаласында 2009 жылдың маусым айында өткен бас қосуымызға да осы мәселе арқау болды.

Ресейге Қазақстан азаматтары емес, қала мен ұшыру алаңдары ғана жалға берілгенін ескергеніміз жөн. Қаладағы мектептердің оқу бағдарламасына байланысты Қазақстанның Мемлекеттік хатшысына, Білім және ғылым министріне арнайы хат жолдадық. Сондай-ақ бұл мәселені Премьер-министр Кәрім Мәсімов төрағалық ететін Үкімет жанындағы мемлекеттік тілді одан әрі жетілдіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында да көтердім. Олар алдағы уақытта екі елдің уәкілетті органдары арасында өтетін ресми келіссөздер барысында бұл мәселелердің оң шешімін табуына қол жеткізетінін айтып, жауап берді. Сіздер де белсенділік танытқандарыңыз жөн. Өз елімізде мұндай жағдайдың орын алуының өзі іс басындағы кейбір азаматтарымыздың ұлттық намысының кемшіндігінің, өз елінің мүддесіне ат үсті қарауының салдары емес пе? Сондықтан, бұдан былайғы уақытта отаршылдық кезеңнің санамызға сіңірген өз ұлтымызға қатысты теріс пікірлерінен барынша арылуға тырысуымыз қажет. Өзімізді өзіміз қорсынатын, ұлттық құндылықтарымызды қомсынатын құлдық мінезден құтылуға тиіспіз. Мәселені білік пен білім, парасат пен пайым, талап пен талғам шешеді. Жоғарыда айтылған сөздің бәрі сарқып келгенде намысқа келіп тіреледі. Егер әрбір адам намысын жанымаса, намысқа шаппаса, одан үлкен тұлға тұрмақ, толыққанды адамның өзінің шығуы қиын.

Сол секілді 2007 жылғы ақпан айында қазіргі Үкімет тарапынан министрліктер мен әкімдіктерге Үкімет кеңсесіне беретін ақпараттарын алдағы уақытта қос тілде, орыс және мемлекеттік тілде беру туралы нұсқауының орынсыздығын дәлелдеп, бұған тосқауыл қоя алдық.

Бұл мәселе жөнінде Мемлекеттік хатшыға арнайы хат жолдаумен бірге өзім мүшесі болып саналатын Үкімет жанындағы мемлекеттік тіл саясаты жөніндегі тұрақты кеңесте де бұл әрекетінің заңға қайшы, қазақ тілінің тынысын тарылтуға бағытталған зиянды әрекет екендігін К. Мәсімовтің өзіне де айтуға тура келді. Сөйтіп, мәселенің дұрыс арнаға түсуіне қол жеткіздік.

Алматы қаласының орта білім беру жүйесіне кеңінен талдау жүргізіп, қазақ мектептерінің санын арттыру туралы Ғылым және білім министрлігінің алдына мәселе қойып, ол министрлік тарапынан түсіністік тапты.

Сол секілді Елбасына, Мемлекеттік хатшыға, Премьер-министрге, салалық министрліктер мен облыстық әкімдіктерге қазақ халқының толғақты мәселелері, қазақ тілі туралы ұсыныстарымызды тұрақты түрде жолдап отырамыз. Олардың көпшілігі назарға алынып, ретімен шешімін табуда. Бір ғана мысал. Былтырғы мамыр айында Президент әкімшілігіне қазақ тілінің ауқымын кеңейту бойынша ұтымды ұсыныстар мен тиімді қоғамдық бастамаларды қаржыландыратын арнайы қор құру қажеттігі пісіп жетілді деген ұсыныс берген болатынбыз. Бұл ұсынысымыз Елбасы тарапынан қолдауға ие болып, оның қандай нәтиже беріп жатқанын өздеріңіз көріп отырсыздар.

Тіл мәселесін жан-жақты таразылап, ой елегінен өткізе отырып, сараланған, сарабдал шешімін табу қажет. Жуырда ғана еліміздің мемлекеттік органдарында іс жүргізудегі мемлекеттік тілдің үлес салмағы алдын ала белгіленгендей 70 пайыз емес, 60 пайызға жүзеге асырылатын болып, 10 пайызға төмендетілді. Бұған бірқатар министрліктерде, атап айтқанда Қаржы министрлігі мен Экономика және бюджеттік жоспарлау министрліктерінде қаржы және бухгалтерлік іс-қағаздардың, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінде қатынас құжаттарының әлі де екі тілде жүргізіліп отырғандығы себеп болған. Бес саусақтың бәрі бірдей еместігі сияқты, министрліктердің қызмет ерекшеліктері де әрқилы. Мәселен, қам-қарекеті қазақ тұрмысына, менталитетіне бір табан жақын Ауыл шаруашылығы министрлігі биылғы, 2009 жылды «Қазақ тілі жылы» деп жариялап, мемлекеттік тілге біржола бет қойды. Сондықтан да жалпыхалықтық құжаттар қабылдағанда мәселенің байыбына терең үңіліп, деректер мен

дәйектерге жүгінген орынды. «Ала қойды бөлек қырықпау қажет». Қоғам бұл проблеманың өз шешімін табуды талап етеді.

Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысында шет елден келген отандастарымыздың бір жерде шоғырлана отырып тіршілік етіп, тілдік орта құруға да Қоғам тарапынан Елбасының алдына мәселе қойдық. Бұл мәселе де өз шешімін тапты. Сондықтан да, біздің көтерген мәселелердің барлығына дерлік Қоғамның құрметті мүшесі ретінде оң көзбен қарап, олардың дұрыс шешімін табуына ықпал еткені үшін де осы бүгінгі мүмкіндікті пайдалана отырып, қоғам басқармасы мен мүшелері атынан Елбасына шынайы алғысымызды білдіреміз.

Біздің барлығымыз да кеңестік кезеңнің шекпенінен шықтық. Нарықтық экономика бізге жат болды. Соған қарамастан, Қоғамның өзін-өзі қаржыландыру мәселесін шешудің түрлі жолдарын қарастырдық. Қарап қалмадық. Әрекет еттік. Көркейіп кетпесек те, Қоғамды тарап кетуден сақтап, намысқа тырыса отырып жоғарыда айтылған бірқатар табыстармен ілгері басып келеміз.

Өткен ғасырдың басында Алаш ардагерлерін тарих сахнасына шығарған да осы ұлттық намыс болатын. Қазақтың мүддесі болатын. Олардың арманы толық орындалмаса да, көздеген мұраттары мен ұстанған жолдары бізге мұра болып қалды. Аманатқа адалдық таныту, алаш ардагерлерінің жолын жалғау бізге парыз.

Неге қол жеткізе алмадық?

Объективті, субъективті себептерге байланысты Қоғамның қол жеткізе алмаған мәселелері де жоқ емес. Солардың қайсыбірін атап айтсақ:

- 20 жыл өткеніне қарамастан қазақ тілінің қоғам өмірінің бар саласында кеңінен қолданылуына, көп жағдайда басымдыққа ие болуына қол жеткізе алмай келеміз. Ең аяғы елімізде тек қана қазақ тілінде хабар тарататын бір телеарна аша алмай отырмыз. Бұл Қоғамның да, мемлекеттің де ортақ кемшілігі;

- мемлекеттік тіл туралы заң, яғни тек қана мемлекеттік тілдің мүддесін қорғайтын нормативтік-құқықтық құжаттар қабылдай алмай келеміз;

- ҚР заңдарын мемлекеттік тілде әзірлеуге, қазақ ғылымын қазақша сөйлету жөнінде де ілгерілей қойған жоқпыз;

- өзге ұлт өкілдерін былай қойғанда, қазақ балаларының әлі күнге орыс тіліндегі балабақшалар мен мектептерді толтырып отыруына толық тосқауыл қоя алмадық;

- Қоғамның мақсат мұраттарына тілеулес жастар легін қалыптастыра алмай отырмыз, әрине бүгінгідей нарық заманында оның түрлі себептері де бар;

- ақпараттық кеңістігіміздің 80 пайызынан астамын Ресей иелігіне беріп қойдық. Осы қуысты қазақ тіліндегі ақпараттық өнімдермен толықтыруда қауқарсыздық танытып келеміз;

- аты-жөніміздегі -ов, -ев, -ович, -евич деген жат қосымшалардан арыла алмай, қазақы аты-жөніміздің орыс тілінің ережесіне сай түрліше бұрмалануына әлі күнге жол беріп келеміз ;

- жер-су, елді-мекен, көше, кәсіпорын атауларының қазақ тілінің емле ережесіне сай болуын толықтай қалпына келтіре алмай келеміз;

- қазақ тілінің жазу, емле ережесі, терминқоры секілді мәселелеріне қатысты реформа жүргізуге, ғылыми негізделген сапалы тілдік саясатқа қол жеткізе алмай келеміз;

- латын әліпбиіне көшу мәселесі де аяқсыз қалып қойды. Бұл жөнінде Қоғам мүшесі баяндама жасайды.

- Қоғамның қаржылық тәуелсіздігіне қол жеткізе алмадық;

- Іскерлік қарым-қатынас жасау, кәсіпқойлық жағынан ақсап жатырмыз.

Міне, көңіл аударуды қажет ететін мәселелердің бірқатары осылар деп білемін.

Алдағы күнімізді қалай елестетемін?

Біздің бұдан былайғы бағытымыз жоғарыда аталған мәселелерді ескере отырып, өз ұстанымдарымыз бен іс-әрекеттерімізді басқаша құрудан тұруы тиіс деп білемін. Қоғамның ісіне қосалқы жұмыс деп қарамай, басты мақсатты анықтап, соған сай нақты міндеттер қойып заман талабына үндесе жұмыс жүргізбесек, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу қиын. Қазақ тіліне қатысты атқарып жүрген іс-әрекетіміз орыс мысалында айтылатындай, «аюдың қамқорлығы» болмауы керек.

Осы кезге дейін біз, Қоғамның сан мыңдаған мүшелері, ұлтшылдық сезімнен қуат алып, энтузиазммен еңбек етіп келдік. Әлі де сол ісімізді жалғастырудамыз. Бірақ жан-жағымызға қарасақ, елімізде қаншама өзгерістер орын алды, сана өзгерді, қоғам түледі. Нарықтық қатынастар нық орнықты. Осыған орай біз де жұмысымызды жаңаша ұйымдастыруымыз қажет. Ондай әрекеттер болғанымен, жеткіліксіз.

Қазір біз өз шамамызды салмақтай отырып, біз кімбіз, қайда барамыз, не үшін? деген сұрақтарды зерделеу үстіндеміз. Өйткені еліміздің қалыптасу кезеңі барысындағы алмағайып тұста осылайша әрекет етуге болғанымен, ендігі тұста бұндай қарым-қатынас жарамайды. Сондықтан бізге ендігі кезекте нақты мұратымызды айқындап, соның негізінде ұзақ мерзімді стратегиямызды түзуіміз қажет. Өзіміздің нені қалайтынымызды, оны қалай іске асыратынымызды нақты анықтамай және оны мұраттас, тілектес жандардың жетесіне жеткізбей, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізе алуымыз неғайбыл.

Сондықтан да біз мемлекеттік органдармен бірлесіп, жоғарыда айтылған Неге қол жеткізе алмадық? деген мәселені зерделеп, мемлекеттік тілдің қолданыс аясына әлеуметтік зерттеу жүргізе отырып, 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның қабылдануына және мемлекеттік тілді қорғайтын нормативтік-құқықтық актілердің жетілдірілуіне атсалысуымыз қажет деп есептейміз.

Ашығын айтсақ, өзгенің алдында бүгежектейтіндей қазақтың өзі де, тілі де ешкімнен кем емес. Қайта көп жағынан артықшылықтарымыз бар. Өз басым біраз елдерде болдым. Шығысты да, Батыс да көрдім. Азуын айға білеген Американың Конгресіне де қатыстым. Сондағы байқағаным адамшылық, мәдениеттілік, білімділік, пайымдылық, парасаттылық, қабілеттілік жағынан алғанда қазақтар ешкімге дес бере қоймайтынын байқадым. Біз тек барымызды бағалай алмай жүрміз. Егер қазақтың ұлттық рухы көтеріліп, ешкімге еліктеп солықтамай өз жолымен даму арнасына түссе, оны тоқтататын ешбір күш болмайды. Солай болып та келеді.

Елбасымыз айтқандай, қазақтың өз тарихында ұялатындай ешқандай ісі жоқ. Керісінше, мақтанатын, рухтанатын жайларымыз көп. Әлемде жер көлемі жағынан тоғызыншы орынды алып отырмыз.

Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы, осындай жерді ұстап тұру үшін қандай қажырдың, қандай рухтың, қандай намыстың қажет екендігін. Дүниедегі қандай халық болсын, дербес дамуы үшін өз ана тілінің маңына ұйысып, өз ұлттық құндылықтарына арқа сүйейді. Өзгеге еліктеп, солықтаудан аулақ болады. Өзгенің тілін, өзгенің мәдениетін, өзгенің құндылығын өз ұлттық дүниесінен артық санау, өзгеге еліктеу, өзгенің тілінде сөйлеу өзіндік мені жоқ әлсіздердің, құлдық санадан арылмаған болымсыз жандардың әдеті. Мұны қазақ «Жаман үйді қонағы билейді», «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деп тұжырған. Сондықтан біз өз Отанымызды, Қазақ елін жаман үйге айналдырмайық деймін. Бұл әрқайсысымызға қатысты. Әр қазақ өз тіліне, өз дініне, өз отбасына берік болса, бізді дау да, жау да алмайды.

Қазақ тілінің қамын ойлап алаңдап отырған ағайын баз біреулердің көңіл түкіпірлерінде ашы әңгімеге неге бармаймыз деген түйткілдің де бар екенін байқаймын. Айқай мен ұранның заманы өткен, қазір саналы әрекет пен салмақты сабырдың уақыты. Құдайға шүкір бұрынғыдай жалтақтап, өзге елге тәуелді болып отырған жәйіміз жоқ. Өз мәселелерімізді өзіміз-ақ шеше алатын халдеміз. Бар мәселені санаға салып, сауатты жетектеп отырған Елбасымыз бар. Қазіргі жағдайдың бұрынғыдан әлдеқайда өзгергенін көзіқарақты жандардың кез келгені көріп отыр. Есерліктің тізгінін ұстағаннан гөрі, есті әрекеттің соңына ерген әлдеқайда тиімді екенін өмір көрсетті. Елбасы дәлелдеді.

Сондықтан ойымды түйіндей келіп, қанша жүгінсең де жалықтырмайтын дана Абай сөзін тағы да таяныш етемін. Бүгінгі саналы қауымның ақыл-зердесіне саламын, сүйенемін:

«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.
Ақылдылар арланып ұялған соң,
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын».

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Мырзатай Жолдасбеков,
Қазақстан Республикасы
Президенттік мәдениет
орталығының директоры

Осыдан жиырма жыл бұрын «Тіл туралы» Заң қабылданғанда, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы құрылғанда қандай қиындықтар болғанын жақсы білемін. Мен ол кезде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі едім. Алғашқыда құрамында тоғыз адам бар тіл жөніндегі комиссия құрылды. Басқаны былай қойғанда, тіл комиссия мүшелерінің ішінен «мен қазақпын» дейтін кейбір азаматтардың өзі екі мемлекеттік тіл болсын деп бұра тартты. Бірақ біз ана тіліміз мемлекеттік мәртебе алсын деген пікірді табанды түрде жақтадық. Соның көшбасшылары бүгін арамызда отыр. Сол кезде халқымыздың өз тілінің болашағына деген алаңдаушылығы ерекше болды.

Бір күні Орталық Комитетте жалпы бөлім меңгерушісі Қайыржан Тақуов: «Мырзеке, елден түскен мына хаттардың көптігін қараңызшы» деп нөпір болып түскен хаттарды көрсетті. Колбинге жазған хаттарында қандастарымыз ана тіліміздің болашағына алаңдайтындықтарын айтып, оны сақтап қалуға, туған тілімізге қамқорлық жасауға көмектесуді сұраған хаттарды тебіренбей оқу мүмкін емес еді. Мен Бірінші хатшыға ОК-нің бөлім меңгерушісі ретінде тіл мәселесіне орай хат жаздым. Бөлім меңгерушісінің мұндай хат жазуы бұрын болмаған. Мұның өзі ол кезде оңай емес еді, Колбин мені қабылдады, өтірік күлгенсіді, бірақ хаттың соңына жеткенде үнсіз қалды, көп ойланды... көп кешікпей екінші хатшы Ануфриев (бұрын Талдықорғанда бірінші хатшы болған кезінен білетінмін) мені шақырып алып «не істеп жүрсіңдер, сені ұлтшыл дейді ғой» деді. Мен оған «ұлтшыл деп ұлтын сүйетін

адамды айтатындығын, ұлтын сүйген адамды қалай кінәлауға болады дедім».

Сонымен көп қиындықтан кейін Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын құрдық. М.Әуезов атындағы театрда жұрт орнынан тұрып қол шапалақтағанда ғимарат ішін қуаныш пен шаттық кернеп кетті. Ең бастысы, халықтың дегені болды. Бұл орайда Орталық Комитеттің идеология жөніндегі хатшысы болған марқұм Өзбекәлі Жәнібеков көп еңбек сіңірді. Әбдуәли Қайдар ағамызды бұрын тек көрнекті ғалым ретінде ғана білсем, тіл жөніндегі күресте енді оны табанды қайраткерлік қырынан таныдым. Ол қазақ тілінің тағдырына келгенде қайсарлық көрсетті. Ал оның үзеңгілесі Өмірзақ Айтбайұлы сол қиын-қыстау кезінде тіл тағдырына батыл араласып, ел үшін күрескерлік үлгісін көрсетті.

Күні кеше ғана дүниеден өткен, қазақтың маңдайына сыймай кеткен Алаштың арыс ұлы Ақселеу Сейдімбектің мынадай сөзі бар: «Жансақтау бөлімінде жатқан қазақ тілін академиктер Ә.Қайдаров пен Ө.Айтбаев сүйреп шығып емдеді». Осындай азаматтардың көзсіз батырлығы үшін бүгінде біз халық атынан оларға алғыс айтуымыз керек. Бір ақиқатты айта кеткен жөн, сол жылдары Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Орталық Комитетке бірінші хатшы болып келгеннен кейін көзіміз ашылды, сонан соң ғана еркін тыныстап, еркін қимылдай бастадық. Осыдан жиырма жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда Құдайға тәуба дейсің. Қазақты да, қазақ тілін де көгертетін байлық үшін келіп жатқан шетелдіктер емес, қазақ қана, ендеше елдік істе халық пен билік біртұтас жүріп жұмыс істейік!

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына 20 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Қазіргі қоғам және мемлекеттік тіл» атты конференция қатысушыларына

ҚҰТТЫҚТАУ

Дархан Мыңбай,
Қазақстан Республикасы
Президент Әкімшілігі
Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі

Құрметті зиялы қауым!

Құрметті әріптестер!

Біздің бүгінгі конференциямыз еліміздің тарихындағы елеулі оқиға – Тіл туралы Заңның қабылданғанына 20 жыл толу мерейтойына орай өткізіліп отыр.

Осыдан 20 жыл бұрын, яғни 1989 жылғы 22 қыркүйекте Кеңес одағының құрамындағы Қазақ Советтік Республикасының дербес Тіл туралы Заңы қабылданып, қазақ тіліне – мемлекеттік тіл мәртебесі берілгені баршаңызға мәлім.

Бұл мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сол кезеңнің өзінде ұлтымыздың мүддесі жолында батыл шешім қабылдап, ел тәуелсіздігіне даңғыл жол салған зор саяси жеңісі еді.

Тәуелсіздік жылдарында мемлекеттік тілдің қоғамның барлық саласында қолданысқа ие болып, мәртебесінің биіктей түсуіне елеулі істер атқарылуда. Елбасымыз қазақ тілінің қанат жайып, отандастарымыздың басты тіліне айналдыруда өлшеусіз еңбек сіңіріп келеді.

Қазіргі кезде мемлекеттік тілдің өсіп-өркендей беруіне заңдық, құқықтық, технологиялық, іскерлік, ғылыми-әдістемелік жағынан

барлық жағдай жасалған. Алдағы уақытта да мемлекеттік тілдің дамуына қажетті ауқымды шаралар жалғасын таба бермек.

Атап айтқанда, қазақ тілінің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейте отырып, мемлекеттік басқару тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Сондай-ақ, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілді іс жүргізудегі негізгі тіл ретінде бекіту жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылуда. Бұл мәселені Үкімет және тілді дамытуға жауапты мемлекеттік органдар ұдайы бақылауда ұстайтын болады.

Еліміздегі тіл саясатына қатысты біздің мақсатымыз – айқын. Ол – Елбасы алға қойған міндеттерді пәрменді түрде іске асыра отырып, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын одан әрі кеңейту беру болмақ.

Болашақта қазақ тілінің барлық отандастарымызды топтастырып, бірлігін бекемдей түсетін маңызды фактор ретіндегі рөлі барынша артып, қоғамның ең қажетті рухани құралына айналатынына сенімдімін.

Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

ТІЛ – ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰБЫЛЫС

Ербол Шаймерден,
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Тіл комитетінің төрағасы

Қазақстан халқы тілдері республикалық фестивалінің негізгі мақсаты – еліміздің мемлекеттік саясаттағы маңызды мәселелерінің бірі мемлекеттік тілімізді дамыту және Қазақстанда тұратын этностардың тілдерін құрметтеу.

Міне, осы мақсатта жыл сайын қыркүйек айында республика көлемінде аталған шара аясында тіл заңының орындалуы мен сақталуына байланысты түрлі іс-шаралар өткізілуі дәстүрге айналды. 2007 жылы аталған фестивальдің салтанатты ашылу рәсімі 1997 жылы қабылданған тіл туралы Заңның 10 жылдығына орай «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңына – 10 жыл» атты республикалық «дөңгелек үстел» ашылса, биылғы жылы республикалық тіл фестивалі айлығының ашылу рәсімі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы мен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының 20 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференциясымен басталып отыр.

Сонымен бірге фестиваль аясында «Абай оқулары», «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте», көркемсөз оқу шеберлерінің республикалық конкурсы, қазақ поэзиясы аудармашыларының конкурсы, «Біздің Отанымыз – Қазақстан, біздің мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі» атты акция ұйымдастырылып өткізілмек. Бұл секілді шаралардың өткізілуі мемлекеттілігіміздің бір белгісі – мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруде, бәсекеге қабілеттілігін арттыруда және ұлтаралық бейбіт-шілік пен өзара келісімнің сақталуына тікелей ықпал етері сөзсіз.

Естеріңізге сала кетер болсам, 1989 жылы 22 қыркүйекте «Қазақ Советтік Социалистік Республикасындағы тіл туралы» Заңы алғаш рет қабылданып, өз күшіне енген болатын. Аталған Заңның ең бірінші бабында-ақ «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі болып табылады» деп көрсетілуі тарихи басты оқиға ретінде іс жүзіне айналды. Сегіз жылдан кейін уақыт талабына сай 1997 жылы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, қайта қабылданғаны өздеріңізге де мәлім.

Бүгінгі таңда республикамызда тілдердің қолданылуының құқықтық негіздері, мемлекет тарапынан оларды оқып үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттер аталған Заңға сәйкес белгіленген және осы Заң Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етіп келеді.

Тіл, негізінде, қоғамдық-әлеуметтік құбылыс. Тіл қоғаммен бірге өсіп, өнеді, қалыптасып дамиды. Сондықтан да тіл мәселесін шешуде қоғамның өз қажеттілігінен туған, елдің өз ортасынан шыққан халықтық ұйымдардың маңызы зор болмақ. Сондықтан да, алдымен, бүгінгі игі шараның өткізілуіне негіз болып отырған, еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілінің өрісін кеңейтуде, ел тәуелсіздігінің тұғырын нығайтуда, ұлтымыздың тарихи жадын тірілтіп, рухын көтеруде аянбай еңбек етіп келе жатқан іргелі ұйым – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының орны ерекше екендігін атап өтпекшімін. Қызмет ету аясы бір ғана аймақты емес, қазақ елінің бар түкпірін, одан қалды дүниенің төрт бұрышында қазақ баласы қоныс тепкен елдерді де қамтып отырған ұйымның ұстанған бағыты мен парасатты іс қимылы қолдауға тұрарлық. Тәуелсіздігімізбен бірге жасасып, қаншама қиыншылықтарды еңсеріп келе жатқан «Қазақ тілі» қоғамының өміршеңдігін де осынау қасиеттерімен байланыстырған орынды.

Әрине, мемлекеттік тіл – мемлекеттік мәселе. Оны тек «Қазақ тілі» қоғамының, ұлт зиялыларының ісі деп қарауға болмайды және мемлекеттің өзі де мемлекеттік тілге бей-жай қарай алмайды. Қаласын, қаламасын, мемлекет бұл істен тыс қала алмайды. Сондықтан да осындай басқосулар кезінде бірлесіп ойласатын мәселелер аз емес. Қоғамымызда қордаланып қалған көптеген мәселелерді өздеріңіздің

қатысуларыңызбен талқылап отыру қажеттігін өмірдің өзі көрсетуде. Тіл мәселелері Қазақстан халқының барлық тілдерін дамытуды меңзейтін мемлекеттік тіл саясаты аясында кешенді түрде қарауды талап етеді.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп атап көрсетілген. Осыған орай, тілдерді дамыту дегеніміз, бұл ең алдымен, оларды меңгеру деп түсінгеніміз абзал.

Бірінші кезекте, мемлекеттік тілді үйретудің ғылыми-әдістемелік базасын дамыту және жетілдіру қажет. Осы мақсатта облыс орталықтары мен қалаларда, сондай-ақ аудандарда тіл оқыту орталықтарының желісін кеңейту қажеттілігі туындап отырғаны белгілі.

Қазіргі уақытта 64 мемлекеттік тілді оқыту орталығы жұмыс жүргізуде, ал 2011 жылы олардың саны 120 дейін көтеру жоспарлануда.

Республикада 3747 қазақ және 2067 аралас мектептері білім беруде. Бұл жалпы білім беретін мектептердің 74-тен астам пайызын құрайды.

1991 жылмен салыстырғанда қазақ мектептерінің саны 842 бірлікке, қазақ тілінде білім алатын оқушылардың саны 572 мыңға өскен. Сондықтан білім беру саласында мемлекеттік тілдің барынша кең қолданылуына қол жеткізу бағытында қазақ мектептерінің санын көбейтіп, оның қазіргі заманғы озық технологияның жетістіктерімен қамтамасыз ету – алда тұрған басты міндет. Сондай-ақ өзге тілде білім беретін мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда оқулықтар сапасына, жекелеген мұғалімдердің даярлық деңгейіне, оқыту әдістемесін жетілдіру мәселелеріне қатысты проблемалар да шешімін табуы тиіс. Мемлекеттік тілде тәрбие беретін балабақшалар саны да жыл санап артып келеді.

Нақты мәліметтерге жүгінсек, 1991 жылы 8505 мектепке дейінгі мекеме жұмыс істеген. Оның 19,6 пайызы қазақ балабақшалары болған. 1995-1996 жылдары балабақшалар саны күрт қысқарғанмен, 2000 жылдан бастап қайта өсу байқалады. 2007 жылы еліміздегі 1391 балабақшаның 487-інде (35%) және аралас тілді балабақшалардағы 1638 топтарда сәбилер қазақ тілінде тәрбие алған. 2006 жылмен

салыстырғанда қазақ тілінде жұмыс істейтін балабақша саны 92-ге көбейген. 5 мың орыс пен, 3 мыңнан астам басқа этнос сәбилері қазақ тілінде тәрбие алуда. Еліміздегі 175 жоғары оқу орынында оқитын 768 442 студенттің 44 пайызы қазақ топтарында білім алады. Бұл көрсеткіш 90-жылдармен салыстырғанда 2,5% артқан.

Тағы да тіл саясаты туралы, мемлекеттік тілдің жай-күйі туралы сөз болғанда сөздің басы ұлттық терминология бағытына ауа беретіні рас.

Республикамыздағы барлық салаларда мемлекеттік тілде іс жүргізуге көшкен сайын терминдер мәселесі өзектілігін арттырып келеді. Әрине, қазақ тілі – бай тіл. Бұрынғы орыс тіліндегі кез келген мәтіндерді де, салалық құжаттарды да қазақ тілінде сөйлетуге, шама келіп жатыр деп айта алмаймыз. Қазіргі кезде әрбір салалық органдағы мамандар мемлекеттік тілде іс жүргізуге, соның ішінде өздерінде қолданатын терминдерді пайдалана отырып жұмыс істеуге машықтанып келеді. Қарап отырсақ, әр саладағы кез келген заңдар да, нормативтік-құқықтық актілердің бәрі де мемлекеттік тілде жарияланып, көпшіліктің де, мамандардың да қолданысына ие болуда. Бұл арада еш байбалам салудың қажеті жоқ.

Бізде қазір мемлекеттік тілде іс жүргізудің негізі қаланды деп айтар едім. Биылғы 2009 жылы Елбасы Жарлығына сәйкес тиісті бағдарлама бойынша қалған барлық билік және орталық атқарушы органдар мемлекеттік тілде іс жүргізуге көшуді аяқтауы тиіс.

Бүгінгі таңда Министрлік, Үкімет жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмыс органы болғандықтан, бұл мәселе де үнемі біздің бақылауымызда. Қазіргі кезде комиссия тарапынан салалық терминологияны дамытуға басты көңіл бөлініп отыр.

Қорыта, айтқанда, баршамыздың алдымызда тұрған мәселе – қазіргідей алмағайып заманда тәуелсіздігімізді нығайту, ұлттық болмысымызды сақтау, мемлекеттік тіліміздің өз мәртебесіне сай ету, әлемнің дамыған мемлекеттерімен иық теңестіру, тарихи тағдыры мен түпкі тегі бір елдермен интеграциялық үдерістерді күшейте отырып, жаһанданудың пайда-зиянына бірлесе қам қылу туралы болып отыр.

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЗАҚТЫҚ ҚАЛПЫН САҚТАУ – МЕМЛЕКЕТТІК МІНДЕТ

Талғат Мамашев,
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы
Төралқа төрағасының
бірінші орынбасары

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының 20 жылдық мерейтойының сәтті өтуін тілей отырып, қазақ диаспорасы мен қазақ тіліне байланысты кейбір ойларымды ортаға салмақпын.

1980 жылдың соңында қазақ тілін қолдау шарасы жаппай жүрілгенін бәріңіз білесіздер. Мен 1989 жылы Алматы қаласының Бостандық ауданын басқарып жүрген кезім еді, ауданымыздағы қазақ тілі қоғамының басшысы болып белгілі ғалым ағамыз Тұрсынбек Кәкішев сайланды. Ол кезде қазақ тілінің мәртебесі едәуір өскен, түрлі мәдени шаралар, фестивальдер мен спорттық ойындар дүркіреп өтетін. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл шаралар саябырсып, ақыры тоқтады.

Егемендік алған соң, енді болды, билік өзімізге тиді, қазақ тілі өзінен өзі жанданады дедік пе, әйтеуір қазақ тілі қоғамдарының жұмысына мән бермедік. Қайта басқа ұлт өкілдерін өкпелетіп алмайық деп орысша сайрадық. Сол әдеттен әлі жаңылмай келеміз. Елбасынан бастап іргелі жиындарды қазақша бастап, орысша жалғастыру дәстүрге айналды. Тәуелсіздік жариялағанымызға 20 жылға жақындады. Жалпы менің ойымша бірінші басшыға көп байланысты. Өкімет, Парламент, министрлеріміз қазақша сөйлемей, көш түзелмейді. Мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік тілді меңгермей лауазым иесі бола алмайды дейтін кез жеткен сияқты. Франция, Германия т.б. елдерде сол елдің мемлекеттік тілін білмеген адам ешқандай қызметке кіре алмайды. Бізде қалай? Бүгінгі жиынға билік неге немқұрайды қарайды? Мәдениет, білім министрлері қайда?

Дегенмен де қазақ тілі құрып бара жатыр деуге келмейді. Бұл қазақ тілінің жанашырлары мен басшыларына тікелей байланысты. Өздерінің басшылық етіп отырған мекемелерінде көптеген істер атқаруға болады. Оған ешкім тосқауыл қойып отырған жоқ. Қазақ тілінің жанашырлары Мұхтар Шаханов, Герольд Белгер, Асылы Осман т.б. көптеген адамдардың еңбегін жоққа шығаруға болмайды. Сондай-ақ, Астана қаласында түрлі шаралар өткізуде Орынкүл Асанғазықызының еңбегі зор деп санаймын. Барлығы осылай жанашырлық танытса қопарылмайтын тау да жоқ сияқты.

Қауымдастық жұмыстарының негізгі мақсаттарының бірі – егеменді Қазақстанда қазақ халқының ұлттық қайта түлеуіне, Қазақстаннан сырт жерлерде өмір сүріп жатқан қазақтардың еркін де жан-жақты дамуына жәрдемдесу, олардың экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа өмірлік маңызды проблемаларын шешуге қатысу, қазақтардың өзінің тарихи отанындағы экономикалық және әлеуметтік-мәдени салалардағы жетістіктерін, олардың ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын бүкіл дүние жүзіне насихаттау болып табылады.

Әлемде қанша қазақ бар? Қанша елде қазақтар тұрады? Осы сұрақтар бізге ылғи да қойылады. Қазақтың үштен бірі сырта жүргені бәріңізге аян. Қазақстан шетелдегі өзінің диаспорасының көптігі жағынан әлемде алдыңғы орындардың бірінде. Бүгінгі таңда қазақтың саны 14 миллионнан астам. Қазақстандағы қазақтың саны 9 миллионнан асса, қалғаны сырттағы ағайын емес пе?

Бүгінгі таңда шетелде жүрген 5 миллионға жуық қандастарымыз 3 түрлі – кириллица, латын, араб әліпбиін пайдалануда.

Соңғы кезде шетелдегі қазақ диаспорасының ұлттық-рухани, мәдени жағдайына байланысты көптеген күрделі мәселелер шыға бастады. Мұның ең бастысы – шетелдегі қазақтардың болашақта өздері тұратын елдердің этникалық ортасына сіңіп, өз ана тілінен, мәдениетінен, салт-дәстүрінен, менталитетінен айырылып ассимиляцияға ұшырап кету қаупі. Олар өздерінің тұрып жатқан елдерінің мемлекеттік тілдерін жақсы меңгергенмен қазақ тіліне шорқақ болып бара жатқаны бізді алаңдатады. Әсіресе, жастар өз ана тілдерін білмейді.

Бұл қауіп әсіресе Кеңес Одағы тарапынан кейін айрықша белең ала бастады. 90-жылдардың басына дейін ТМД елдерінде тұратын

қазақтардың мектептерінде білім беру тұтас бір бағдарламамен жүрді. Қазір бұл жөнінен әр ел өзінше бағыт ұстануда.

Аты қазақ мектебі болғанымен әр елдегі оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Сондықтан да бір елдегі қазақ, екінші елдегі қазақтардың ауызша айтқан сөзін ұққанмен жазған жазуын түсінбейтін жағдайда.

Қауымдастықтың өз веб-сайты бар, Интернет жүйесіне қосылған. Бұл сырттағы ағайынмен байланыс үшін өте қолайлы. Интернет арқылы күнделікті қарым-қатынас орнатудамыз. Барлығы бірдей қазақ тілінде жазып, оқи алмайды, тіпті түсінбейді. Сондықтан Ресейдегі қазақтармен орыс тілінде, Түркия мен Еуропадағы қазақтармен латын әліпбиінде, Қытайдағы қазақтарымызбен төте жазуда хат алысуға мәжбүрміз.

Бүгінгі таңда Қытай елінде қостілді саясаттың әсерінен қазақ мектептері жабылып, қазақ балалары жаппай қытай мектептеріне баруда. Және де олар балалары қазақ мектептерін бітірсе болашақта не жоғары білім ала алмайды, не қызметке орналаса алмайды деп қорқады. Қытайдағы аға және орта буын өкілдері қазақша сайрағанмен жастардың тілі шұбарлана бастады. Соған байланысты кейінгі кезде шетелдегі қазақ жастарының қазақша мектептерге баруға деген ынтаықыласы күрт төмендеуде, қазақ мектептері де жыл сайын азаюда.

Монғолиядағы қазақ мектептері бұрын Қазақстанның оқулықтарын алып, осы жақтың бағдарламасымен оқытатын болса, қазір бұл да өзгеріске ұшырап, өздерінің бағдарламаларымен оқыта бастады. Тек Баян-Өлгий аймағындағы қазақтардың тілі таза, шұрайы болғанымен ішкі Монғолиядағы қазақтардың тілі шұбарланып, жастары тілді білмейтін халде десек артық айтқандық емес.

Бұрын Қазақстаннан шыққан қазақша оқулық, көркем әдебиет, газет-журналдар шетелдегі қазақтарға, әсіресе ТМД елдеріне кедергісіз барып тұратын. Соңғы уақытта мұның бәрі тоқтады. Сырт жерлердегі қазақтар (Баян-Өлгийден басқа) Қазақстанның радио теледидар хабарларын көруге де өте мұқтаж. Ал, Түркия, Еуропадағы қазақтар «Каспионет» телеарнасын көріп тамашалай алады. Иран, Ауғанстан, Сауд Арабия, Балтық елдері мен Украина т.б. елдердегі қазақтардың жәй-күйі айтпасақ та түсінікті.

Сырттағы қандастарымыз өскелең ұрпағының келешегіне көп алаңдайды. Орта болмаған соң қазақ тілін игеру қиындап баратыны жасырын емес.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы шама-шарқынша оларға көмектесіп келеді. Тек қазақ тіліне қатыстысын атап айтар болсақ: Түркия және Еуропа елдеріндегі, Ресейдегі және Қытайдағы ағайындарға арнап, «Қазақ тілінің әліпбиі» (2006), «Орысша-Қазақша электронды оқулық» (2007), «Қазақ тілін оқып-үйренудің жетілдірмесі» (2008, 2009) атты интерактивті компьютерлік бағдарламаны жыл сайын күрделендіріп шығарудамыз. Қазақша-орысша, қазақша-түрікше және 8 тілдегі «Тілашар» кітабын да (2008, 2009 ж.) баспадан шығарып Тарту етіп, жыл сайын 2-3 халықарылық дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, жастар арасында түрлі фестивальдермен қатар спорттық ойындар жүргізудеміз.

2005 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Шетелдегі отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған Бағдарламасы» қабылданып, ол 2009-2011 жылға ұзартылды. Осы Бағдарламаны жетілдіріп, шетелдегі қандастарымызбен байланысты бір жүйеге түсіріп, реттеп отыратын заң қажет. Өркениетті елдердің көпшілігінде мұндай құжаттар әлдеқашан дүниеге келген. Мысалы, Ресейде 1999 жылы «Ресей Федерациясының шетелдегі отандастарға байланысты мемлекеттік саясаты туралы» заң қабылданды. Бұл заңда – отандастарға жасалуға тиіс қамқорлық заңдық негізде бір жүйеге түскен. Бұл жөніндегі міндеттерді қолға алып, жүзеге асыру ел Президентінің, Мемлекеттік басқару органдарының құзырында екендігі және ол құқықтық, дипломатиялық, әлеуметтік, экономикалық, ақпараттық, білім беру, ұйымдастыру шараларын қамтитыны атап көрсетілген.

Қазақстан үшін де шетелдік отандастарға арналған осындай құжаттың қажет екендігі даусыз.

Қорыта келе айтар болсақ, сырттағы қандастарымызды да ұмытпайық ағайын!

ТІЛ САЯСАТЫНДАҒЫ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Ә.М. Рахымжанов
Астана қаласы
әкімінің орынбасары

Астана – еліміздің саяси орталығы. Сонымен қатар әлемдік мәдениет орталықтарының біріне айналуда. Барлық жақсы үрдістер мен оң өзгерістер Елордамыздан бастау алады. Біз салт-дәстүрімізді, тарихымызды, мәдениетімізді, тілімізді өзгелерге танытуымыз керек. Осы орайда тіл саясатын іске асыру бағытында Астананың орны мен рөлі ерекше екені баршамызға белгілі.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге басым бағыт берілген. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақстанның болшағы қазақ тілінде жатыр. Қазақ тілі әлі бірте-бірте мемлекеттік қызметте, экономика мен өмірдің барлық саласында басымдық танытатын болады» деген сөзі басшылыққа алынады.

Мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған шараларды жүргізуде біз бірнеше басым бағыттарды айқындап, сол бойынша жүйелі жұмыстарды бастап жалғастырудамыз. Атап айтқанда, мемлекеттік мекемелерде қазақ тілінде іс жүргізу, білім мекемелеріндегі мемлекеттік тіл, тілімізді мәдени-рухани өмірімізге барынша енгізу, ономастикалық жұмыстар, оқу-әдістемелік, танымдық әдебиеттер дайындау.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 мамырдағы №127 Жарғысына сәйкес Астана қаласының жергілікті атқарушы және өкілетті органдарының 2007 жылы іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге кезең-кезеңімен көшуді іске асыру белгіленген. Осыған орай, Астана қаласының мемлекеттік органдарында мемлекеттік тілдің

қолданылу аясын кеңейтуге және іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге бағытталған кешенді шаралар атқарылды. Егер 2006 жылы мемлекеттік мекемелерде мемлекеттік тілдегі шығыс құжаттары 27% болса, 2009 жылы тамыз айына дейінгі көрсеткіш 100%-ды құрады. Яғни мемлекеттік тілде іс жүргізу Астанада жолға қойылып отыр деуге толық негіз бар. Мұндай жұмыстардың нәтижелілігіне мемлекеттік тілді еркін білетін мамандардың жылдан-жылға көбеюі де оң ықпал етуде. Бұл арада мемлекеттік қызметкерлердің барлығы қазақ тілін оқыту курстарымен қамтылғанын айта кеткім келеді. Сонымен бірге Астана қаласында тіл үйренгісі келетін барлық мектеп мұғалімдері, балабақша тәрбиешілері, ұлттық мәдени орталық өкілдері, оралмандар да осындай курстарға қатысады. Ол қала әкімдігі тарапынан қаржыланады. Тіл үйрену курстарын сапалы жүргізу үшін деңгейлік оқу құралдары, мультимедиалық бағдарламалар, сөздіктер шығарып отырмыз. Бұл оқу-әдістемелік құралдар республика көлемінде мамандардан оң бағасын алуда.

Қазақ тілі – бала тілі болғанда ғана өзінің шынайы мемлекеттік мәртебесіне ие болатындығы айтылып жүргені ақиқат. Сондықтан да Астана қласында балабақша мен мектептегі мемлекеттік тілдің жайына айрықша көңіл бөлінуде. Осы орайда қазақ тіліндегі балабақша санын, сонымен қатар аралас балабақшаларда қазақ топтарының ашылуына қала әкімдігі тарапынан тиісті жағдай жасалып жатыр. Ал, мектеп мәселесіне көшетін болсақ, жағдай жақсара бастағанын мына мәліметтер көрсетеді: 1997 жылы 1 қазақ мектебі болса, қазір олардың саны 20-ға жетті. Аралас мектептерде қазақ сыныптарының саны өсті. Бұл қазақ тілінде оқитын балалардың санының көбейгенін көрсетеді. Қазіргі кезде қазақ мектебінің осындай білім деңгейін насихаттай отырып, ата-аналардың өз балаларын қазақтілді мектепке беруі жөнінде насихат жұмыстарын кеңінен жүргізудеміз. Мұндай жұмыстар өз нәтижесін беріп те жатыр.

Барлық мектептерде патриоттық тәрбие мемлекеттік тілден бастау алуы керек. Мектептерде әр сенбі «Мемлекеттік тіл күні» деп жариялаған. Осы күні оқушылар қазақ тілінде сөйлесіп, түрлі тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар ұйымдастырылады. Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті мен мәдениеті, салт-дәстүрі тақырыбында әсерлі кездесу-

лер, байқаулар өткізіліп, жас жеткіншектердің өз Отанының рухани құндылықтарына құрметі арта түседі. Үстіміздегі жылы 2 қыркүйекте Астананың барлық мектептерінде «Ана тілі – ардағым» атты ашық сабақ өткізілді. Бұл ауқымды акцияда мемлекеттік тілдің мәртебесі жөнінде келелі әңгіме айтылып, бұл сабақтарды қаламгерлер, ғалымдар, жалпы зиялы қауым өкілдері жүргізді.

Отандық тарихымыздың біздің тәуелсіздігімізбен сабақтас, мұраттас кезеңі – Алаш қозғалысына арналған ауқымды шаралар Астанада басталып, сәтті жалғасын тауып келеді. Мәселен, Алаш қозғалысының 90 жылдығы 2007 жылы «Алаш және Әуезов» тақырыбындағы конференциямен аталып өтті. Бұл алқалы халықаралық жиын жалпықазақстандық көлемде аталынған Алаш мерейтойының ең алғашқы айтулы шарасы болды. Бұл Алашты ұлықтауға арналған ауқымды шаралар жалғасын тауып, 2008 жылы «Әлем қазақтарының рухани сұхбаты: тіл, мәдениет және Алаш мұраты» атты халықаралық конференция өткізіліп, оған әлемнің он бір елінен отызға жуық қандастарымыз, көрнекті қаламгерлер мен ғалымдар қатысты.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту – бұл тек бір ғана тілге байланысты шаралардың жиынтығы емес, ол жалпы ұлттық келбетімізді қалыптастыруға қатысты өріс алатын іргелі бағыт десек, соның бірі аты-жөнімізді сауатты, ұлттық дәстүрде жазумен байланысты. Осыған орай, Елбасының 1996 жылғы 2 сәуірдегі «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Жарлығын насихаттау мақсатында оқушылар мен ата-аналармен тиісті жұмыстар жүргізуде. Мәселен, бір ғана акция аясында 300-ден астам мектеп оқушылары мен мұғалімдері, балабақша тәрбиешілері, бүлдіршіндері өздерінің ата-тектерін ұлттық дәстүр үлгісіне ауыстырды. Бұл акция жалғасын табуда.

Мемлекеттік тілді ендіру ісіне жастарды жұмылдыру өз нәтижесін беретіндігін көрсетіп отыр. Атап айтқанда, 2008 жылдан бастап «Қазақша сөйлесейік!» акциясы жүйелі түрде өткізілуде. Үстіміздегі жылы Қазақстан халқы тілдерінің XI қалалық фестивалі «Жас-Отан» жастарын жұмылдырумен басталып, олар көшелердегі көрнекі ақпараттардың дұрыс жазылуына, қызмет көрсету мекемелеріндегі мемлекеттік тілдің қолданылу жағдайына рейдтер жүргізді.

Мемлекеттің астанасы тек экономикалық ілгерілеудің көрінісі ғана емес, рухани жетілудің де жарқын көрінісі болуы қажет екендігі баршаңызға мәлім. Осы тұрғыдан алғанда, Елорданы жаңа дәуірдің келбетіне сай, жас буынға тәрбиелік мәні зор бағыт беретіндей лайықты үлгіде көрсете білу міндеті қойылды. Осы мақсаттан шығу үшін зиялы қауым өкілдерінен құрылған ономастикалық комиссия жемісті жұмыс істеуде. Арнайы ономастикалық тұжырымдама қабылданды.

Астана – еліміздің бас қаласы болғандықтан мұнда Қазақстанның тарихи, мәдени, географиялық дидарын беретіндей атаулар болуы тиіс. Осыны басты назарға ала отырып, ономастикалық комиссия көптеген көшелерге қазақ жерінің байырғы атауларын беруді дұрыс деп тапты.

Сонымен қатар, қалалық бағдарлама бойынша Қазақстан халқы тілдерін дамыту мәселесіне байланысты кешенді жұмыстар жүргізілуде. Астана қаласында 26 ұлттық-мәдени орталық бар. Барлық орталықтардың өкілдері қалада өтетін іс-шараларға белсене қатысады. Қала мектептерінде ұлттық-мәдени орталықтар күнін өткізу дәстүрге айналған. Бұл күндері оқушыларға Қазақстанда тұратын этностардың тарихы мен мәдениетімен танысуға мүмкіндік туғызылады. Осы іс-шаралар оқушылардың қызығушылықтарын арттыруда.

Қазіргі уақытта жергілікті бюджет есебінен украин және неміс орта білім беру мектептері жұмыс істейді. Барлығы 11 жексенбілік мектепте 400-ге жуық оқушы жыл сайын ана тілін оқып-үйренуде. Жазғы уақытта оқушыларға және мұғалімдерге тарихи Отанына баруға мүмкіндік туғызылады. Жыл сайын «Үздік жексенбілік мектеп» конкурсы өткізіліп отырады. Биыл Қазақстан халқы тілдерінің XI қалалық фестивалі аясында «Тіл – бірлік бастауы» атты конкурс ұйымдастырылып, жексенбілік мектептің оқушылары қазақ тілі – мемлекеттік тілді білуден сайысқа түсті, мұғалімдер ашық сабақ өткізіп, оқушыларға тарихи Отаны мен Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне байланысты мағлұмат берілді.

Астана қаласының рухани келбетін қалыптастыруда мемлекеттік тіліміздің айрықша орны мен рөлін түйсіне отырып, мақсатты жұмыстар атқаруда біз тіліміздің басымдыққа ие болар күнін мейлінше жақындату жолындамыз. Конституциямызда бекітілген қазақ тілінің

мемлекеттік мәртебесін нығайту жолындағы атқарылар жұмыстар әлі де жетерлік. Осы мақсат үдесінен шығу үшін төмендегідей ұсыныстілектер айтқымыз келеді.

Біріншіден, еліміздің білім беру жүйесінде қазақ тілінің оқытылып-үйретілуі сапалы деңгейге көтерілуі тиіс деп ойлаймыз. Ол үшін балабақша, бастауыш мектептен мемлекеттік қызметке дейінгі аралықта оқытудың бірізді бағдарламасы жасалуы керек.

Екіншіден, мемлекеттік қызметкерлер дайындауда олардың мемлекеттік тілді еркін білуі үнемі ескерілуі қажет.

Үшіншіден, ұлт руханиятынан тәлім беретін тәрбиешілердің, ұстаздардың біліктілігін арттыру назарда болуы тиіс.

Құрметті қауым, тіл жанашырлары ұлттық руханиятымыздың арқауы – тіліміздің мәртебелі биігіне жетуі жолындағы еңбектеріңізге табыс тілеймін!

ҒЫЛЫМ-БІЛІМ САЛАСЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІНЕ СӘЙКЕС ҚЫЗМЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ

Шерубай Құрманбайұлы,
А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Тілші ғалымдар, әлеуметтік лингвистер тілдің басқару, ақпарат, ғылым-білім салаларындағы қызметі жолға қойылып, осы үш негізі берік қаланбайынша, оның қоғамдағы жетекші тілге айналуы, мемлекеттік тіл мәртебесіне сай болуы мүмкін емес деп санайды. Бұған дау айту қиын. Осы үш саланың әр қайсына жеке-жеке тоқталып, терең талдаулар жасаудың маңызы зор. Бұл арнайы зерттеулерді, ауқымды жұмыстар атқаруды қажет етеді. Тілдің бұл салалардағы қолданысының жекелеген мәселелері тілші ғалымдар тарапынан қарастырыла бастағанымен, әлі жан-жақты зерттелген емес. Мемлекеттің тілдің қоғам өмірінің түрлі салаларында қолданылуын қамтамасыз етеміз десек, ондай зерттеулер сөзсіз қажет. Біз бүгін білім-ғылым саласындағы қазақ тілінің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінің қолданысының жекелеген қырларына тоқталамыз.

Жеке адамды, тұлғаны, қалыптастыратын үш негіз – тегі, өскен ортасы және алған тәжірибесі. Осы үш негізі мықты адам заманына лайық ғылым-білімді игерсе, өзі өмір сүріп жатқан қоғамының алдыңғы қатарлы азаматы, көрнекті тұлғасы және ұлы Абай айтқан толық адам қалыптасу мүмкіндігіне ие болады. Қазақ қоғамын өркениет көшінің соңына қалдырмай, көш бастаушы жұрттардың тобына қосып, бәсекеге қабілетті ұлт боламыз десек, сол ұлтты құрайтын әр азаматтың, ұл мен қыздың тәрбиесіне жете мән беріп, әр отбасының ұлттық тәрбие беретін

өнеге орта болуын ойлауымыз керек. Отбасынан кейінгі баланың баратын тәрбие ошағы – балабақша. Балабақшада да ұлттық қасиеттерді баланың бойына сіңіріп, оның төл мәдениетінің қайнар бұлағынан сусындауына, ойын өз жасына сәйкес ана тілінде еркін баяндап, білгісі келгеннің бәрін өз тілінде сұрай алатын ұлт ұланының қалыптасуына да айрықша көңіл бөлген маңызды. Келесі саты – орта мектеп. Әсіресе, бастауыш сыныптарда балаға өзге тілге үйретуге әуестенбей, ана тілін жетік меңгеріп, ой қорытып, оқығанын түсініп, толық мазмұндап бере алатын адамды қалыптастырудың берік іргетасын қалау болып саналады. Отаншыл, өз тілін, мәдениетін, шынайы құрметтейтін ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеуде мектеп бағдарламасына, оқулықтардың мазмұнына айрықша көңіл бөлмесе болмайды. Орта және жоғары сыныптарда да шет тілдерін де пән ретінде сапалы оқытумен қатар болашақ ел азаматының өз мемлекетінің тарихы мен мәдениеті, тілі мен әдебиеті жөніндегі білімін тереңдетіп, қазақ мектептерінде математика, физика, геометрия, химия, география, биология, информатика, тарих, қоғамтану сияқты өзге пәндерді де қазақ тілінде оқытудың маңызы зор. Сонда ғана қазақ тілінде жан-жақты ақпарат ала алатын, оны терең меңгере отырып, кәсіби қызметінде еркін пайдаланатын, ертең мемлекеттік тілдің демографиялық базасын нығайтатын азаматтар қалыптасады.

Негізгі пәндер ана тілінде оқытылмаған жағдайда оқушының санасында өзге тілдің моделі орнығып, тілдік тұлғасына нұқсан келетіндігі жөнінде отандық тілші, педагог ғалымдар айтып та, жазып та жатыр. Алайда ондай пікірлер білім саясатын белгілеуде басты назарға алынып жатыр дей алмасақ керек. Олай деуге бүгін көптеген мектептерде бірқатар пәндердің ағылшынша, орысша оқытылып жатқандығы себеп болып отыр. Мұндай жағдайдың қазақстандық білім беру жүйесі қазақ елін, қазақ жерін сүйетін елжанды, отансүйгіш азаматтарды тәрбиелеудің орнына басқа мемлекеттер қолдап отырған өзге мәдениеттің құндылықтарын көксейтін бейазаматтық тұлғалар қалыптастыру қаупіне ұшыратуы мүмкін деп дабыл қағып жүрген мамандардың күдігінің негізсіз еместігін көрсетеді.

Ал жоғары мектепте түрлі мамандықтарды қазақ тілінде оқыту тілдің бірқатар мәселесін шешуге ықпал етеді. Біріншіден, жоғарғы

оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын, әдістемелік құралдар дайындау арқылы қазақ тілінің ғылыми стилі жетіліп, сала тілі қалыптасады. Математиканың, физиканың, биологияның тағы да басқа да арнаулы салалардың кәсіби тілі, өзіндік оралымдары орнығады. Қазақ тілінің қоғам өмірінің сан түрлі салаларындағы қолданысын, оның мемлекеттік тіл ретіндегі қызметтерін еркін және мүлтіксіз атқаруы үшін бұл сөзсіз орындалуы тиіс шарттардың бірі. Екіншіден, қазақ тілінде оқытылып жатқан мамандықтардың, арнаулы салалардың тірек терминдері, оқулық терминдері тұрақтап, салалық терминологиялар жүйесі жасалып, қалыптасады. Ұлттық терминқор жасалып, салалық терминологиялар жүйесі орнықпайынша тілдің ғылым мен білім салаларындағы қызметі қамтамасыз етілмек емес. Үшіншіден, қазақ кәсіби тілін, ғылым тілін меңгерген сала мамандары, болашақ ғылыми қауым, қазақ тілді ұлттық элита қалыптастырудың негізі жасалады.

Енді ғылым саласына келсек, ғылымның қазақша сөйлеуі бұл білім беру ісіндегі қазақ тілінің қызметінің орнығуымен тығыз байланысты шешімін табатын мәселе. Жоғары білім алып, қазақ тілін жетік меңгерген мамандар ғылымды да қазақ тілінде игеріп, қазақша сөйлетіп, ұлттық ғылым тілін дамыта алады. Қазақша білім алмаған маманның қазақ тілінде мақала, монография жазып, ғылыми конференциялар мен семинарларда баяндама жасап, тілдің ғылым саласындағы өрісін кеңейте алмасы анық.

Тілдің ғылым мен білім беру салаларындағы қолданысын қалыптастырудың аса маңызды мәселесі – оның ғылыми ақпарат алу құралына айналуы. Ол үшін алдымен, қазақ тілінде жинақталған мол ғылыми ақпарат болуы қажет. Ондай ғылыми ақпараттар түрлі ғылым салалары бойынша монографиялар мен ғылыми мақалалар, ғылыми жинақтар, ғылыми журналдар шығарылып, олар қазіргі заман талабына сай жабдықталған ғылыми кітапханаларда шоғырландырылса, қазақ тіліндегі ғылыми ақпараттар қоры жасалады. Осы қорды бүгінгі технологиялар, интернет желісі, электронды жеткізгіштер арқылы пайдалануға мүмкіндік туғызу арқылы біз қазақ тіліндегі отандық ғылыми кеңістікті қалыптастырып, оның көкжиегінің кеңеюіне де жол аша аламыз. Өкінішке қарай, гуманитарлық ғылым саласы бой-

ынша болмаса, нақты ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдарының бірқатар саласы бойынша ғылыми монографиялар, салалық ғылыми және ғылыми-танымдық журналдар жағы бізде кемшін. «Квант», ... сияқты журналдар шығарылса, қанеки.

Екінші бір мәселе қазақ тілінің ғылыми коммуникация құралы ретінде қызмет етуі. Қазақ тілі ғалымдардың ғылыми қарым-қатынас жасайтын, ғылыми ақпарат алмасатын тіліне, кәсіби тілдесім құралына айналуы үшін жоғарыда айтқан ғылыми ақпарат қоры болуымен қатар, сол ақпараттарды бір-біріне жеткізе алуға қабілетті, ғылым тілін, оның терминдер қорын меңгерген ғылыми қауымның өзі қалыптасуы шарт. Ғылыми коммуникацияның жүзеге асуына қызмет еткен тіл қоғамның ғылыми санасын көтеретін, тіл иесі болып табылатын халықтың және сол тілді тұтынушылардың да интеллектуалдық деңгейін көтеретін, қуатты қатынас құралына да айналады. Қоғамдық сананы көтеруде, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда ғылыми сананың атқаратын рөлі айрықша.

SCIENCE (Ғылым) арнасы сияқты телеарна ашу біраз дайындықты қажет ететін болашақтың ісі болар, ал қазақ тіліндегі сапалы, мазмұнды арнаулы бағдарламалар ашуға қазірдің өзінде-ақ қажеттілік те, мүмкіндік те бар.

Біздің бүгінгі ғылыми қауым арасынан «қазақ тілі ғылымды игеруге қауқары жетпейтін, күрделі ғылыми ұғымдарды бере алмайтын, ғылыми терминдерді жасауға бейімі жоқ тіл» дейтін кейбір ғалымдар ұшырасып қалады. Енді біреулері пікірлерін ашық айтпағанмен, солай ойлайтынын да сезіп тұрасың. Осының бәрі тілдік тұлғаның санасында өзге тілдің моделі орнықканын көрсетеді. Ғылыми шығармашылығында қазақ тілін пайдаланбағандықтан ол туралы жаңсақ, үстірт немесе тіпті оған үстемдікпен, жат мәдениет өкілінің көзімен қарайтын ғалымның ұлттық ғылым тілінің дамуына үлес қоса қоюы қиын.

Ал қазақ тілінде күрделі ғылыми ұғымдардың атауын жасау қиын немесе ол ондай ұғым бұрын бізде болмағандықтан, олардың атауларын да өзге тілдерден алған орынды деген пікірдің негізі жоқ. Бұл мәселенің мәнісін түсінбей, тілдің міндетін білмей айтылған үстірт пікір.

«Тілдің міндеті – ақылдың аңдуын аңдығанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне

жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден сөз жасап шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» (А. Байтұрсынов. Шығармалар. - Алматы, 1989 ж., 141 б.) – деп, тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлға қазақтың ғылыми терминологиясын, ғылым тілін ұлт тілі негізінде қалыптастыруға болатынын және солай істеу қажеттігін айрықша атап көрсеткен еді.

Аса көрнекті неміс ғалымы Леонард Ольский өзінің «История научной литературы на новых языках» деп аталатын бірнеше тілдерге аударылған атақты еңбегінде ғылымның ең күрделі мәселелерін кез келген тілде талқылап, бұрыннан белгілі ұғымдардың ара жігін ажыратып (дифференциация) жаңа ұғымдарды атау үшін қажетіне қарай жаңа сөз жасауға болатынын дәлелдеп берген болатын. Ол осы еңбегінде жаңа терминологияны жасау ғалымның таланты мен тапқырлығына тікелей байланысты екенін айта отырып, «Несамостоятельности мышления соответсвует парализованность и связанность языка...» (Л. Ольский. История научной литературы на новых языках. 3 том. - М., Л., 1933 г., стр. 151) – деген еді.

Ғалым атап көрсетіп отырғандай, ой дербестігі, ойлау еркіндігі болмаған жерде, тіл еркіндігі де болған емес. Өзге тілге тәуелді, өзге тілде ойлайтын, жазатын ғалымның да өз тіліне келгенде тілі байлаулы болатындығы да сондықтан. Өзі көсіліп айта алмаса, жазуға, сөз туындатуға дәрмені жетпесе, оған тілді кінәлау, өзі шығармашылығын жазатын өзге тілді зор, ал өзі қолданбайтын ұлтының тілін қор санау үлкен қателік. Егер біз осындай ғалымдарды тәрбиелей берсек, ол қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дамып, өркендеуіне жол ашудың орынына қауіп төндіріп отырғандығымыз. Сондықтан ғылыми шығармашылығында ана тілін пайдаланатын ғалымдар қауымын қалыптастырудың маңызы аса зор екендігіне баса назар аудару керектігін ұмытпаған абзал.

Кеңестік кезеңнің сонау елуінші жылдары осы мәселенің маңызын ерекше түсініп, ғалымдық, азаматтық ұстанымын ашық та, батыл айта білген қазақ зиялысы – Мұхтар Әуезов. «Қазақта совет әдебиет тілі баю үшін бүгінгі сан-сала ғылымда еңбек етіп жүрген қазақ ғалымдары

өздерінің еңбектерін орыс тілімен қатар қазақ тілінде де түсінікті, көркем етіп, жазып бастыратын болуы шарт. Қалың жұртшылығымыз орыс тілінде жазылған ғылымдық еңбектердің көпшілігін түсінбейді... Ендеше, сол жұртшылыққа қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар, математиктер өз еңбектерін өз халқы тілінде жазып таратпауын немен ақтауға болады?

Ал біздің бүгінгі әдебиет тіліміз байығанда сол ғылым-техниканың бар саласындағы ұғым, түсініктер, атаулар молынан байиды дейміз. Ендеше, сол сөздерді, сол ғылымдарға байланысты тіл, орам шеберлікті, осы ғылымдардың өз мамандарынан артық қазақ тілінде айтып бере алатын шеберлерді, қайраткерлерді бір жақтан қарызға сұрап аламыз ба?» (М. Әуезов. Тіл және әдебиет мәселелері. - «Әдебиет және искусство» журналы. 1951 ж., №4, 70 б.) – деп жазған еді ғұлама ғалым.

Аса көрнекті ұлт зиялысының осыдан жарты ғасыр бұрын айтқан пікірі бүгін де құнын жойған жоқ. Ол ашына отырып сынға алған, алаңдаушылық танытқан мәселе қазір де шешімін таппаған қалпында қалып отыр.

Біздің әріптестеріміз, тілші ғалымдардың «Ғалымдар ана тілінде жазбаса, өзінің жұмыс тілі қазақ тілінде болмаса, ол өзге ұлтты, өзге мәдениеттің жыртысын жыртатын бейұлтты тұлға болады. Бейұлтты тұлғада «Отаным», «Қазақстаным» деген ұғым мен патриоттық сезімнің болуы екіталай, оларда «ғылым ешқашанда интернационалдық сипатта болады» деген, біржақты түсінік басым болады. Сондай-ақ ана тілінен қол үзген тілдік тұлғалардың мұндай жағдайда өзге ұлт өкілдеріне айналатындары жоқ емес. Ал қазақ тілділерде ғылыми сана қалыптастыратын, ғылыми білімдер жүйесі концептуалды бірлік түрінде саналы бекімесе, қазақ баласының кім болғаны? Қоғамдық сананың ғылыми түрі тілдік тұлғада орнықпаса, ондай адам тұрмыстық сана деңгейінде қалып қоймақ» (Н. Уәлиұлы, А. Фазылжанова. Қоғамдық сананың түрлері және тіл бірегейлігі.) – деген пікірлері де мәселенің мәнін терең пайымдай отырып, орынды айтылған.

БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ РӨЛІ

Беркімбаева Шәмша Көпбайқызы,
Қазақ қыздар педагогикалық
университетінің ректоры

Бүгінде 20 жылдығы аталып өтіп отырған Қазақ тілі қоғамының құрылуы және «Тіл туралы» Заң қабылдануы қоғам өміріндегі ұлттық санаға ерекше серпін берген айтулы оқиға болғаны баршаға аян. Қызыл империяның тұсында булығып тұрған ұлттық рухтың атой салып оянған тұсы десек болады.

Дәл қазір Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде өз елінде, өз жерінде әлі де өз төріне шыға алмай тұр деп қынжылғанымызбен, осы мерзімде қыруар шаруа жасалғанын ешкім жоққа шығара алмас.

Айталық, тек қана білім саласында қаншама сәтті өзгерістер болды. Осы жылдары қазақ тілінде оқытатын мектептер саны 879-ға артты. Қазіргі кезде мектеп оқушыларының 61 пайызы мемлекеттік тілде, ал қазақ балаларының 84 пайызы ана тілінде білім алады. Сонымен бірге 26 мыңға жуық басқа ұлт балалары қазақ мектептерінде оқуда. Әсіресе, 70 жыл ешқандай ұлттық ерекшелік ескерілмеген тек аударма оқулықтарды пайдаланып келген жалпы білім беретін мектептер үшін төл оқулықтар шығарылуы үлкен жетістігіміз.

Ең бастысы, барлық білім ұйымдарында қазақ тілін оқытудың нормативтік базасы жасалды.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 35-бабына сәйкес қазақ тілінің білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейлерін бақылау, қазақ тілін оқыту мен оқушылар білімінің сапасын арттыру мақсатында 2007 жылдан бастап республикадағы негізгі және орта мектептердің 9-сыныптарында жыл сайын қазақ тілінен мемлекеттік аралық бақылау (МАБ) тұрақты түрде өткізіледі.

Сондай-ақ, осы Заңның 9-бабына сәйкес қазақ тілі пәні Ұлттық тестілеу бағдарламасына міндетті пән ретінде енгізілген.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясынан үміткерлерді іріктеу ережесіне олардың қазақ тілін білу деңгейін анықтау сынағы енгізілді.

Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруда оқу орындарында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылуда. Мәселен, біздің университетте білім беру, тәрбие жұмыстарын жүргізу, іс қағаздары негізінен мемлекеттік тілде. Әдеби кештер, пікірсайыс, жарыстар, әртүрлі тақырыпта дөңгелек үстел, әдеби кештер, студенттер шығармашылығы байқауы мемлекеттік тілдің жастар арасында кең қолданылуына мүмкіндік береді.

«Түбі бір түркіміз» атты көне түркі жазба құпиясының ашылған күнінің құрметіне арналған фестиваль, республикалық, халықаралық деңгейдегі ғылыми-әдістемелік конференциялардың мемлекеттік тілді дамытуға қосар үлесі мол.

Араға көп жыл салып қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық пән олимпиадалары біздің университетте жоғары деңгейде өтті.

Қалалық, республикалық олимпиадалардың, дәстүрлі түрде өтетін «Ана тілі аруы» атты байқауының да жүлдегерлері – осы университет студенттері.

Университет жанында ғылыми-әдістемелік зертхана есебінде А.Байтұрсынов, З.Ахметов, С.Исаев, Ә.Құрысжанұлы атындағы оқу-әдістемелік дәрісханалар ашылған. Ғалымдардың ғылыми мұралары зерттеліп, теориялық-әдіснамалық негіздері сараланатын бұл дәрісханаларда студенттердің ғылыми ізденістеріне толық жағдай жасалған. Алдағы уақытта да табиғаты өзгеше, болашақ ана болатын қыздар оқитын бұл университетте бұл жұмыс бүгінгіден сапалы деңгейге көтеріледі. Себебі анасы ана тілінде сөйлемесе, баласы өз тілінде сөйлемейді.

Десек те бүгін қазақ жұртын алаңдатып отырған көкейкесті мәселелер туралы көбірек айтқан дұрыс шығар.

Тілді қабылдауға бейім ұрпақ – бұл балабақша бүлдіршіндері. Сондықтан бала тілінің қарқынды дамуына мектепке дейінгі мекемелер атқаратын қызметінің маңызы аса зор. Алайда өтпелі кезеңнің

қиын жылдары бала тәрбиесіндегі өте қажет буын - балабақшаларды біржола жоғалтып ала жаздап, енді-енді қалпына келтіру қолға алынды. Бүгін олардың саны 1991 жылмен салыстырғанда 6 есе аз. 1391 балабақшаның әр үшіншісі, яғни 487-сі қазақ тілінде. Қазақ баласының 17% ғана ана тіліндегі балабақшада тәрбиеленеді. Мұндағы айта кететін маңызды мәселелердің бірі – бүлдіршінге ана тілінен басқа екінші тілді қабаттастыра ерте үйретудің кереғар жақтары. Ол турасында белгілі ғалым Қ. Жарықбаевтың мына келелі сөзі назар аударарлық: «Баланы екінші тілге сәби шақтан үйрету, оны ана тілінде уызына жарытпау сол халықтың рухани бастауына деген нигилистік пен мәңгүрттікті туғызады, жас өспірімнің биологиялық даму үйлесімін бұзып, оның әлеуметтік және саяси салдары қоғам үшін өте ауыр зардап тартты-рып, мәңгүрттер санын көбейте түседі». Бұл мәселеде баланың тілін ана тілінде шығарып, ана тілінде дамытуға, сөз жоқ, ата-ана тарапынан үлкен қамқорлық керек.

Тілдік білімнің негізі орта білім беру мазмұнының басты бөлігін құрайды. Бастауыш мектепте, негізінен, сауатты сөйлеу, жазу дағдыларын қалыптастыру міндеті қойылса, негізгі сатыда тіл туралы теориялық білімінің, лингвистикалық дүниетанымның қалыптасуы міндеттеледі. Ал қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша оқытылатын бейімдік мектептерде тілді сауатты қолдану, өзіндік көзқарастар мен өмірлік ұстанымдарын дәлелдей білуге, яғни білім қалыптасуының құзыреттілік деңгейге көтерілу міндеті алға тартылады.

Қазақ мектептерінің сандық-сапалық жағынан өсуі, қазақ тілінде білім алушылардың санының артуы, білім беру үрдісінде оқытудың жаңа технологиясы негізінде мемлекеттік тілді оқытудың сапасын көтеру – оның қолданылу аясы кеңейіп, дамуының аса маңызды фак-торлары, жан – жақты, дамуының негізгі жолы.

Алайда қазақ мектептерінің күрмеуі күрделі шешімін таппай келе жатқан ерекше назар аударарлық мәселе – олардың 86%-ының ауылдық жерлерде орналасуы және 60%-дан астамы шағын жинақты мектептердің болуы. Мәселен, СҚО қазақ мектептерінің 93,2 пай-ызы, Алматы облысында 91,6 пайызы ауылда орналасқан. Осындай жағдай Павлодар, Ақмола, Қостанай, ШҚ облыстарына тән. Осы тұста

оқушылармен мұғалімдердің өз бетінше білімін жетілдіруде басты рөл атқаратын кітапхана, мәдениет мекемелері, ақпараттық технологиялар, қашықтан білім алу, Интернет мүмкіндіктерін пайдаланудың өте шектеулі екендігін ескеруіміз керек. Бұл өз кезегінде білім алу көкжиегін тарылтатыны, білім сапасын төмендететіні даусыз мәселе.

Сондай-ақ оқушылардың тіл мәдениетін қалыптастырудағы ең қажетті оқулық, оқу-әдістемелік құралдарының сапа жағынан биік сатыға көтерілмей жатқаны да – алаңдататын жағдай. Қазақ тілінен электрондық, балама оқулықтардың, әртүрлі дамытушы компьютерлік бағдарламалардың кең тарамауы да – келеңсіз жайттар.

Қазіргі кезде 56 мемлекеттік жоғары оқу орнында білім алушылардың жартысына жуығы қазақ тілінде оқиды. Әрине, осыдан 20 жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда, сөз жоқ, ілгерілеу бар. Өкінішке қарай, осыған көңіл толып, арқаны кеңге салып, ең үлкен проблеманы көп қозғамай жүрміз. Ол - оқулық мәселесі. Әр оқу орны өз мүмкіндігінше өзін-өзі қамтамасыз етеді, авторлық гонорар, ғылыми экспертизадан өткізу туралы сөз жоқ. ЖОО қауымдастығының дерегіне жүгінсек, мұндағы 50 млн. әдебиеттің тек 4 млн., яғни 8% ғана қазақ тілінде. Егер орыс бөлімінде оқитын бір студентке 60 оқулықтан келетін болса, қазақ бөліміндегі бір студентке 10 оқулықтан келеді. Ал қазақша интернетке шығу тіпті 1 пайызға да жетпейді. Бұл білім сапасына әсер етпейді деп кім айта алады? Ал медицина және техника салалары үшін маман дайындау негізінен орыс тілінде.

Мемлекеттік стандартқа сай білім мазмұнын қамти алатын оқулық дайындауды бір жүйеге түсірмей, оқу сапасын көтеру мүмкін емес. Ол үшін қаржы мәселесі шешілген мемлекеттік бағдарлама қабылдау керек.

Жалпы білім беретін ұйымдардағы қазақ тілі мен әдебиетін оқыту сапасы, ең алдымен, мұғалімге, оның кәсіби даярлық деңгейіне байланысты. Қазіргі кезде орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдердің 90,02 пайызы – жоғары, ал әр тоғызыншы кәсіптік орта білімі бар адамдар. Сонымен бірге олардың бірқатары – қазақ тілі мен әдебиетінен арнаулы мамандығы жоқ мұғалімдер, оның ішінде 69-ның педагогикалық білімі жоқ, 351 адам – орыс тілі мен әдебиетінің, 245 – басқа пәндердің мұғалімдері,

197 адам – жеделдете оқыту курсын, 48 адам – тек орта мектеп бітіргендер.

Сондай-ақ, еліміздегі қазақ тілінде білім беретін мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің 94,5 пайызы – жоғары білімді, 169 мұғалім – аяқталмаған жоғары, 832 – кәсіптік орта білімді адамдар. Олардың ішінде орыс тілі мен әдебиетінің немесе басқа пәндердің мамандары бар. Ал 13 мұғалімнің тіпті педагогикалық білімі жоқ.

Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысында ана тілі мен туған әдебиетін оқытатын 141, Алматы облысында – 48, Ақтөбе облысында – 31, Ақмола облысында 25 адамның арнаулы мамандығы болмай отыр.

Ең өкініштісі, осы мамандық иелері жеткілікті дайындалуда. Тек биылдың өзінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша ЖОО 4 мыңға жуық адам бітіріп отыр. Мәселе олардың бәрі мектепке бара ма? Жуырда Елбасы ауыл әлеуетін көтеруді мақсат еткен Заңға қол қойды. Әр деңгейдегі жергілікті басқару орындарының басшылары жанашырлық танытса, ұлт үшін маңызды мәселе тез-ақ шешімін табар еді.

Сонымен, тілдерді қолдану мен дамыту бүгінгі таңда мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігіне айналып отыр. Себебі тіл саясаты, оның ішінде мемлекеттік тілдің проблемалары еліміздің қауіпсіздігіне, оның мемлекеттігінің нығайып, дамуына тікелей қатысты мәселелер болып табылады.

Тіл – аса маңызды ұлттық құндылық ретінде ұлттық өзіндік сана, азаматтық, адамгершілік қасиеттер мен толыққанды жеке тұлға қалыптастырудың негізі, ол ұлттың рухани әлемінің өзіндік даралық көрсеткіші. Тіл адам қарым-қатынасының, ұлттық тәрбиенің басты құралы. Осы тұста біз ащы да болса, бір шындықты мойындауымыз керек. Рухани кеңістікте тіл деп шырылдап жүргендер кешегі қазақ мектебін бітірген зиялы қауым. Ал бизнес, банк секторлары, ірі-ірі холдинг, өнеркәсіп, шикізат кенін басқарып отырғандар - негізінен орыс мектебін бітіргендер. Осы екі топтың, әсіресе, олардың балаларының арасында қайшылықтар тумауын ойлауымыз керек. Себебі қалада тұратын бақуатты адамдардың балалары оқитын жеке меншік мектептерге, әртүрлі фитнес-клуб, т.б. демалыс орындарына барсаңыз, қазақша бір ауыз сөз естімейсіз. Ал бесіктен белі шықпай, шетелдің

мектептеріне кеткен өте бай адамдардың балалары үшін қазақ жерінің берекесінің игілігін көріп отырса да қазақ тілі қажет емес. Көбінің сол жақта мекен-жайы бар, біразы қалып та жатыр. Ол үшін оларды кіналауға болмайды. Себебі олар кішкентайынан басқа елде, басқа тілде тәрбиеленуде. Ендеше қазақ мектебіне, мемлекетке атын беріп отырған кіндік ұлттың мектебіне, бірінші кезекте ауыл мектебіне қамқорлық мемлекет тарапынан еселене түсуі керек. Екіншіден, қазіргі құрылып жатқан интеллектуалды мектептерге ауылдың дарынды балаларын көбірек тартып, мұнда халқымыздың тіліне, әдебиетіне, мәдениетіне, тарихына басымды мән берілсе. Себебі бүкіл болмысы ұлттық тәрбие арқылы қалыптасқан, туған халқының құндылықтарын бар жан-тәнімен бағалайтын, соның жанашыры және іздеушісі болатын қазақ мектебінің түлектері билік құрылымының жауапты тетігіне, іс басына келгенде ғана қазақ тілі нағыз мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріледі. Олар ең бастысы, мемлекеттік тілге деген қажеттілік туғызады.

Қазақ тілі негізінен ауыл тұрғындарының тілі болып қалмауын және ұлт бірлігін ойласақ, осы шешімге бару керек .

Құрметті қауым!

Елбасы «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» дегені естеріңізде болар. Осы бәріміз үшін темірқазық - мақсат. Мемлекеттік тілді дамытудың бүкіл нормативтік базасы негізінен жасалды, оны қаржыландыру мәселесі де шешіліп жатыр. Тек Міржақып Дулатов бір ғасыр бұрын «әрбір қазақ шенеунік болуы мүмкін, бірақ әрбір шенеунік қазақ бола алмайды» дегенін есте ұстап, ең алдымен әр қазақ азаматы мемлекеттік тілді дамытуға мүдделі болуы үшін оның намысына қозғау салып, рухын оятуға, Тіл туралы Заңның іс жүзінде орындалуына қызмет жасайық.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ НЕГІЗІ

А. Қ. Бижанов
Қазақстан Республикасы Парламентінің
Сенаты Әлеуметтік-мәдени
даму комитетінің төрағасы,
Саяси ғылымдарының докторы

Бүгінгі күндері халқымыздың тәуелсіздікке деген ұмтылысының айқын нышаны болып саналатын «Тілдер туралы» заңның жиырма жылдығы аясында өтіп жатқан шаралар ана тіліміздің мәртебесін биік тұғырға көтеруде.

Мемлекеттік тілді дамыту процесіне қай кезде болмасын Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев көп көңіл бөліп, назарында ұстағанын жақсы білеміз. Өздеріңізге мәлім, 1989 жылы Қазақстанда мүлде басқа қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай болды, Бұрынғы Кеңестік Одақтың құрамында бола тұрып, бұл құжаттың өмірге келуіне көптеген тосқауыл қойылғанына қарамай, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының «Тілдер туралы» Заңын қабылдау оңай болмағанына бәріміз куәміз. Қабылданған заңды жүзеге асыру үшін 1990 жылы республикалық Министрлер Кеңесінің қаулысымен «Қазақ тілі» қоғамын құру да – елдің алдындағы үлкен жауапкершілікті түсінгендіктің айқын нышаны.

Мемлекет басшысының бұл қадамдары – Қазақстанда ядролық сынақтарды өткізбес үшін Семей полигонын жабу туралы қабылданған шешімімен бір деңгейде тұрған шаралар.

Ал бүгінгі күні мемлекеттік тілді дамыту процесі республикамызда ұлтаралық келісім мен қоғам тұтастығының нығая түсуіне ықпал етіп жатқанын әрбір қазақстандық түсінеді десек – артық айтқан болмайды.

Бұған дәлел ретінде Елбасымыздың Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында: «Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңызды мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді дәл сондай рәміз. Және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс», - деп айтқан сөздерін келтіруге болады. Тілдің қоғам өміріндегі орны мен рөлі айрықша аталып көрсетілуі, оның егемендікті нығайту факторының бірі екенін байқатады.

Өз азаматына мемлекеттік тілде білім беріп тәрбиелеген елдің іргесі мен тіреуі мықты болатыны – ешкім күмән келтірмейтін қағида. Сонымен қатар, тілді отбасының күнделікті өмірінде қолданатын тіл деңгейіне көтеру қажеттігін түгеліміз дерлік түсінген шығармыз.

«Қазақ баласын қазақ тілінде оқытуға назар аударуы қажет», - деген сөзден іске көшетін кез келді. Бұған қоса, елдегі басқа тілде оқытып жатқан мектептерде мемлекеттік тілді оқыту деңгейіне Үкімет пен мүдделенген министрліктер тарапынан көп көңіл бөлінуі тиіс.

2010 жылдан бастап барлық мемлекеттік органдар өз құжаттарын мемлекеттік тілде жүргізетін болады. Бұл біздің талқылап жатқан мәселені шешуді жаңа сапалы деңгейге шығарады.

Сол себептен отандық лингвистердің ғылым мен технологияларды дамытуға және нарықтық экономикаға сай аса қажет қазақ тілі терминдерінің базасын қалыптастыру қажеттілігі туындап тұрғанын көріп отырмыз. Бұл күнделікті қолданыста тілдің пайдалану аясын кеңейтіп қана қоймай – тілдің бай потенциалын дұрыс пайдалануға жағдай жасайды деп түсінеміз.

Өз тарапынан, Парламент депутаттары бұл бағыттағы жұмыстың қарқынды бола түсуін көздеген шаралар мен ұсыныстарды қолдауға дайын екенін жеткізгім келеді. «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деген ұғым мемлекетте жүргізіліп жатқан реформалардың бәріне қатынасы бар. Біз бұл бағыттарда сіздердің ұсыныстарыңызды қабылдап жатқан заңдарда болсын, бекітіліп жатқан бюджеттерде болсын қолдап отырмыз.

Мемлекетімізде осы салаға жұмсалып жатқан қаражат 2001 жылмен салыстырғанда 60 еседен артық өскен. Жыл сайын мемлекеттік тілдің дамуының өзекті мәселелеріне арналған іс-шаралардың саны да артып

келе жатқанын көріп отырмыз. Қаржыландырудың өсуі мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін нығайтуға және Қазақстан халықтарының өзге тілдерін дамытуға бағытталған іс-шаралардың тиімділігін арттыруы керек.

Ал бұған оқу орындарында мемлекеттік тілді оқытуға бөлінген қаражатты қоссақ, біздің бұл қаражаттың көздеген мақсатқа неге жеткізбей отырғандығын орындаушылардан сұрайтын кез келген сияқты.

Қоғамдағы қажеттілікті түсініп, ешқандай қолдауды күтпей, елім үшін деп жанын аямай, қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынов сияқты азаматтардың уақыты келді деп ойлаймын.

Егемендік алған жылы туған нәресте биыл он сегіз жасқа келді. Ал 1991 жылы бірінші класқа барған бала биыл жиырма беске толды. Егер мемлекеттік тілді насихаттауды, оны оқу орындарының барлығында дерлік қажетті деңгейде оқытуды іс жүзінде қолға алған болсақ, бүгін біздің алдымызда бұл мәселе тұрмаушы еді. Әлі де кеш емес.

Назарларыңызға рахмет.

ҚОҒАМ ОСЫЛАЙ ҚҰРЫЛЫП ЕДІ

Ә. Қайдар,
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының
құрметті президенті, академик

Ө. Айтбайұлы,
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының
президенті, академик

Арғы-бергі тарихтың ел есінде сақталған қай тұсына назар аударсаңыз да тәуелсіздік, еркіндік, бостандық үшін болған күрестердің бәрінің түп қазығы тіл мүддесіне барып тіреледі. Яғни тәуелсіздік үшін күрестің негізгі қаруы тіл болғаны аян. Сонда тіл тәуелсіз болмай, елің тәуелсіз бола алмайды деген ұғым бар қазақтың көкейінде қасиетті дұғадай болып орныққан. Мұны біз ел рухын шыңдап, халықтық қаһармандықты ширықтыра түсіп отырған шешендік өнерден, фольклорлық туындылардан, батырлық дастандар мен ғашықтық жырлардан, мақал-мәтелдерден анық аңғарамыз.

Тіпті Күлтегін мен Тоныкөктің тасқа таңбаланған мұралары мен Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар сынды жыраулардың сарындарында да ел тәуелсіздігімен бірге тіл тәуелсіздігі қатар жырланады. Үнемі үзілмей бірден бірге ұласқан осы өзекті желі кейінгілерге мирас болып жеткендей.

Адамзатқа Алаш ұранын тастап, әлемнің айтулы тұлғаларына айналған А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезовтің бүкіл өмірі тіл үшін күрестің шежіресіндей. Ойлағандары ел мүддесі мен тіл мүддесі болған бұдан кейінгі лек те сонысы үшін репрессия құрбанына айналғаны мәлім. Бірақ қанша қасірет шексе де қазақ тіл күресін бір сәтке де тоқтатпағанын көреміз.

Соның жарқын бір көрінісі – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Бұл қозғалыстың да түпкі негізінде өз тілінде сөйлейтін тәуелсіз елдің еңсе көтеруі тәрізді мақсат жатты. Ел мен тіл үшін күрес бұдан кейін тіптен үдей түсті. Зиялы қауым ұлттық тіл мен ұлттық мәдениетті дамыту мен қалыптастырудың әр қилы жолдарын қарастыра бастады.

Әсіресе, 1988-89 жылдардағы майданға бергісіз оқиғалар әлі күнге естен кетпейді. Республиканың басшылығына Колбин келіп, ұлттық мүдделер қыспаққа алына бастаған сайын қазақ зиялылары сана биігіне көтеріле түскен еді. Бұл кезде Ұлттық Ғылым академиясы, Жазушылар Одағы ана тіліміздің тағдырын сөз еткен келелі жиындар мен басқосулардың мекеніне айналды. Қазақ баспасөзі мен ақпарат құралдары ұлт намысын қозғайтын тамаша материалдар бере бастады.

Егемендікке жетелейтін бұл іс-әрекеттердің де басты мәселесі тіл болатын. Әлденеше жыл бойы толассыз жүргізіліп келген орыстандыру саясатынан арылудың бір жолы қазақ тіліне еркіндік әперіп, оған мемлекеттік мәртебе беру екені жөнінде пікірталас өрбіді. Тілші қауым арасында да бұл мәселе қызу әңгімеге айналды.

1988 жылдың қазан айының бірі күнінде Тіл білімі институтының директоры, академик Ә.Қайдардың жұмыс кабинетінде басқосу болды. Күн тәртібінде бір-ақ мәселе. Ол қазақ тілінің бүгінгі халы және оны сақтап қалу мен дамытудың жолдары. Бұл жөнінде академик қысқаша түсінік берді де, қазақ тілін қазіргі мүшкілдіктен шығару үшін оны бүкіл халық болып қамқорлыққа алу қажет, ол үшін елдің басын ұйыстыратын бұқаралық ұйым керек. Яғни қоғам құрсақ деген ой тастады. Бұған әріптестеріміздің көбі тосырқай, үрке қарады. Ал, жастар жағы бірден қолдау көрсетті. Міне, осы сәттен бастап қоғам құру қамына кірісіп кеттік.

Бұл майданға қазақ зиялыларының көбі араласты. Тіпті ауыл-ауылдардағы еңбек адамдарына дейін үн қосты. Ал біз оқу орындарына, түрлі мекемелерге барып, қазақ тілін мемлекеттік етудің маңызын түсіндірумен болдық. Газет, журналдарға күн құрғатпай ұлттық сананы биіктетер материалдар жариялауды ұйымдастырдық.

Сондай-ақ ел құлағына ерте жететін радиохабарларын тұрақты түрде жүргізіп отырдық. Ол хабарларға жер-жерден қолдау хаттар келіп жатты. Және осы келелі іске бас-көз болатын бұқаралық ұйымды тез арада құру қажетті сөз болды.

Сөйтіп тәуелсіз елдің тәуелсіз тілі болу қажеттігі туралы күрес егемендіктен әлдеқайда бұрын басталған еді. Ә дегеннен мемлекеттік тілді мәртебелендіру мәселесін қозғаған «Қазақ тілі» қоғамы да дүниеге осылай келген. Сөйтіп 1989 жылдың 20-21 қазанында тұңғыш құрылтайда Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Қоғам құрылмастан бұрын Қазақстанда қай тілді мемлекеттік тіл етеміз деген мәселе төңірегінде көп талас-тартыстар түйіні Г.Колбин алдында болған арнайы комиссияның басқосуында шешілген еді. 26 адамнан құрылған бұл комиссия бұған дейінгі пікірлерді сарапқа сала келе академик Ә. Қайдардың қайсарлығының арқасында «Қазақ ССР-інде мемлекеттік тіл тек қазақ тілі болуы керек» деген түйінге тоқтады. Қазақ ССР-інің сол кездегі Кеңесіне сайланған халық қалаулылары өздерінің ел мен тіл алдындағы перзенттік парыздарын адал орындап, 1989 жылы 21 қыркүйекте Тіл туралы тұңғыш заңымызды қабылдады. Онда қазақ тілі мемлекеттік тіл болып таңбаланды. Бұл халқымыздың егемендік пен тәуелсіздік жолындағы күресінің алғашқы жеңістерінің бірі болатын.

Қоғам бірден-ақ қанатын кең жайып, Қазақстанның барлық өңірінде жергілікті ұйымдарын құра бастады. Қалалық, облыстық, аудандық, ауылдық ұйымдармен бірге ірі мекемелерде біріккен комитеттер ұйымдастырды. Ел арасында тіліміздің өрісін кеңейту жолдарын тынымсыз насихаттады. Осындай нақты іс-әрекеттер нәтижесінде қоғам ел алдында бедел алып, халықтық қозғалысқа айналды. Әсіресе, тіл Заңы мен мемлекеттік бағдарламаның іске қосылуына қоғам қосқан үлесі өлшеусіз.

«Қазақ тілі» қоғамы бұл мәселелерді бірінші күннен бастап назарда ұстады. Ол облыстық кеңестердің сессиясында мемлекеттік бағдарламаның арнайы қаралып, осыған орай нақты шаралар белгіленуін қадағалады. Осындай мақсатты көздеген алқажиындар (Ақмола,

1990; Ақтөбе, Алматы, Семей, 1991, 1994; Жамбыл, 1992; Талдықорған, 1993; Семей 1999; Павлодар, 2002; Өскемен, 1994, 1998, 2003; Алматы, 2007; Орал, 2008; Байқоңыр 2009) еліміздің әр өңірінде мемлекеттік тіл саясатының жүйелі жүруіне әсер етті. Бұл алқажиындар алдында жер-жерде, әрбір облыс, аудандарда мемлекеттік тілдің барысы жайында әлеуметтік зерттеу жүргізіліп, нақты деректер жинақталды. Сөйтіп облыстың басшылары қатыстырылған бұл жиындарда әрі халықтық, әрі мемлекеттік мәні айрықша тіл мәселесі салиқалы әңгіме болды, нақты шаралар белгіленді. Бұған қосымша әрбір облыс, қала, аудан, бастауыш ұйымдар жергілікті жердің сұраныс ерекшеліктеріне орай нақты шаралар қабылдап отырды. Оның бәрі қоғамның жұмысына жүйелілік пен мақсаттылық бағыт берді.

Атап айтатын бір мәселе – «Қазақ тілі» қоғамы құрылғанға дейін елімізде ұлттық мүдде мен мемлекеттік тіл мәселесімен айналысатын жанашыр ресми мекеме болған жоқ. Қазақ тілінің мүддесін тұрақты қорғайтын, тіл заңын тікелей жүзеге асырумен айналысатын арнайы ресми орган қажеттігін қоймай көтеріп жүріп, тіл комитетінің ашылуына қол жеткіздік. Соның арқасында барлық облыста тіл басқармалары құрылды. Бұл шаралар мемлекеттік тіл саясатының пәрменді жүргізілуіне айтарлықтай серпін беріп отырғанын ашып айтуға тиіспіз.

Қоғам тілге қатысты салалардың бәріне араласып, өзінің тіл жоқшысы, бірден бір қамқоршысы екенін үнемі дәлелдеп отырды.

Сонымен бірге қоғам өз бөлімшелерін республикадан тыс жерлерде де ашуды ойластырды. Бұған негізгі себеп болған сыртта жүрген отандастар тағдыры еді. Осы мақсатпен осы жолдар авторларының бірі (Ө.Айтбайұлы) Мәскеу, Астрахан қалаларында болды, ондағы қалалық ұйымдар конференцияларына қатысты. Ол 1989 жылдың желтоқсан айында Киев, Вильнюс, Рига, Таллин қалаларында болып, сол қалалардағы тіл қауымдастықтарының жұмысымен танысты, тәжірибе жинақтады. Қоғам Омбы, Қорған, Орынбор, Сарытау, Санкт-Петербург, т.б. қалаларда бөлімшелерін ашты. Соның нәтижесінде аталған қалалардың көбінде қазір қоғам бөлімшелері жұмыс істеуде.

Жалпы қазақ тілінің 1989 жылы мемлекеттік тіл мәртебесін алуы, «Қазақ тілі» қоғамының құрылуы қоғамдық пікірге айрықша ықпал беріп, ұлттық сананың дүр сілкінуі ел тәуелсіздігіне алып келді десек, артық айтқандық болмайды деп білеміз.

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын өткізу идеясын көтергендердің бірі – «Қазақ тілі» қоғамы. Өзге қоғамдық ұйымдармен бірге мұны ұйымдастырудың басы-қасында «Қазақ тілі» қоғамы болды.

Сол кезеңдерден бері толассыз жүргізіліп келе жатқан тіл майданы әлі тоқтаған жоқ. Тілге байланысты қабылданған әрбір құжаттың астарында осындай күрестер ізі жатыр. Өйткені тәуелсіздіктің басты шарттарының бірі – тіл тәуелсіздігі деп білеміз.

ҚАЗАҚ ЗАҢ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ АХУАЛ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Есберген Алауханов,
заң ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Қазақстан Республикасының "Тіл туралы" заңының 4-бабында "Мемлекеттік тіл - заң шығару тілі" деп көрсетілсе де, ол талап орындалмай отыр. Заңдар, соның ішінде іргелі заңдар да орыс тілінде әзірленіп, содан соң ғана мемлекеттік тілге әр түрлі аудармашылардың көмегімен тәржімаланатындықтан, олардың мәтініндегі солқылдақ тұстар жетерлік.

Маған осы мәселелер заңгер-ғалым ретінде және жазушы-журналист ретінде қатты ой салады. Мысалы, жаңа Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріндегі кемшіліктерден аяқ алып жүргісіз. Айталық, Қылмыстық кодекстің 175-бабы "Ұрлық, яғни бөтен мүлікті жасырын ұрлау" деп өзін-өзі қайталаса, 177-бабы "Алаяқтық, яғни бөтен мүлікті ұрлау немесе бөтен мүлікке құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алу" деп немесе 178-бабы "Тонау, яғни бөтен мүлікті ашық ұрлау" деп ұрлық, тонау, алаяқтық, қорқытып алушылық атты "хищениенің" әр түрлі формаларын шатастырып жібереді. Бұл жерде әңгіме «ұрлық» туралы емес, «талан-тараждау» туралы болу керек еді. Ескі Қазақ ССР-інің Қылмыстық кодексінде де «хищение» әрекетінің тәржімасы «талан-таражға салу» деп берілген болатын.

Сол сияқты Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (қазақша мәтініндегі) 20-тарауында (ҚІЖК) есі дұрыс еместердің "қылмысы" туралы айтылған ("Қылмыстық процесте есі кіресілі-шығасылы адамның тікелей қылмысымен немесе қоғамға қауіпті әрекетімен келтірілген мүліктік зиянды өтеу туралы азаматтық талаптар қаралады"- ҚІЖК

162-бап 1-бөлік). Ал теорияда есі дұрыс еместердің әрекеті ол субъектісі болып табылмайтындықтан, қылмыс деп атала алмайды. Оның орыс тіліндегі нұсқасында «вред, причиненный непостредственно преступлением или общественно-опасным деянием невменяемого» деп берілген. Бұл тіркестердің дұрыс аудармасы "Қылмыстық процесте тікелей қылмыс арқылы немесе есі дұрыс емес адамның қоғамға қауіпті әрекеті арқылы келтірілген мүліктік залалды өтеу туралы азаматтық талаптар қаралады" деп жазылуы тиіс, өкінішке орай, Кодексте басқаша мағына береді.

Заңда, бір заңда ғана емес, заңдардың барлығында бір ғана термин қолданылуға тиісті, себебі бұл заңдар Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен бекітілген. Солай болса да, жоғарыда келтірілген жерде қолданылатын "невменяемый" терминінің өзі әртүрлі нұсқада келтіріледі: "есі кіресілі-шығасылы адам" (Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 75-бабы 2-бөлігі, 162-бабы), "Ақыл-есінен айрылған адам" (ҚІЖК 166-бап), "Есі дұрыс емес адам" (Қылмыстық кодекстің 16-бабы 2-бөлігі). Бұл жерде дұрысы – «есі дұрыс емес адам» болуға тиісті.

Немесе "Преступление небольшой тяжести" тіркесін алайық: Қылмыстық кодекстің 10-бабы оны "онша ауыр емес қылмыс" десе, 67-71-баптары "кішігірім ауырлықтағы" дейді, ал Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 148,149-баптары "шағын ауырлықтағы" деп басады. Мұндай синонимшілдікке ғылымда, сондай-ақ заңның мәтінінде мүлде жол берілмеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «привод» термині «күштеп әкелу» деп көрсетілсе де, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің әр бабында әр түрлі нұсқада берілген. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 75-бабының 9-бөлігі (алып келу), 158-бабының 1,4-бөліктері (алып келу), 208-бабының 7-бөлігі (айдап әкелу), Конституцияның 52-бабының 4-тармағы (күштеп әкелу). Не болмаса "примерение" әрекеті (Қылмыстық кодекстің 67-бабы, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 32-бабы, 37-бабының 1-бөлігі, 340-бабы) туралы да осыны айтуға болады.

Сол сықты "свидетель" мен "понятойды" тәржімалау дұрыс жолға қойылмағандықтан заң баптарын түсінуде қолайсыздықтарға

ұшыратты. Айталық, “свидетельді” 82-бапта “куә” десе, 286-бапта “куәгер” дейді, ал 86-бап “куәгер” деп “понятойды”, 222-бап “куәні” “понятой” деп атаған болатын, сондай процеске аталған тұлғалардың “қайсысы қатысады?” деген мәселе туындайды.

Не болмаса, мәтінде кей-кейде белгілі сөздердің түсіп қалу үрдісі де кездеседі: Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 326-бабының 2-бөлігінен (қазақшасында) “ол жоқ болса, сот отырысының хатшысы” тіркесі, 327-бабының 5-бөлігінен “прокурорға” сөзі, 7-бабының 38-тармағынан “органдарының” сөзі, 122-бабының 2-бөлігінде ‘’тану үшін көрсету’’ сөзі түсіп қалған.

Сол сияқты, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 37-бабының 3-тармағындағы “подлежит прекращению 3) вследствие акта амнистии, если он устряняет применения наказания за совершенные деяния” дегенді “3) егер ол жасаған әрекет үшін жаза қолдануды жойса, рақымшылық ету актісінің салдары” деп аударыпты. Егер де дәл осы тармақты заң ғылымында қолданылатын грамматикалық талдауға салатын болсақ, біріншіден, мемлекет тарапынан жаза қолдануды жою әрекеті, және, екіншіден, рақымшылық ету актісі шығады. Ал тармақтың түп нұсқасында (орысшасында) тек рақымшылық актісі туралы ғана баяндалған. Не болмаса, соттың Конституциялық Кеңеске жүгінуі хақында әңгімеленген Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 50-бабының 1-бөлігінің 6-тармағының қазақша мәтініне “не” деген жалғаулық шылаудың қосылып кетуі себепті ой екіге бөлініп мүлде түсініксіз күйге түскен. Кей кездері тәржімашылардың орыс тілінің ерекшеліктерін ескермеуі себепті кейбір сөздер мен сөз тіркестері ерте аударылып кетіп (мысалға, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 78-бап 1-бөлік), не құрмалас сөйлемдердің ретін ескермегендіктен (мысалға, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 292-бабы 5-бөлігі) сөйлем түсініксіз боп қалады.

Егер санай берсе, Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің қазақша редакциясынан осы сарындағы олқылықтар көптеп жолығады. Заңдардағы мұндай шиеленісі мол сөздерді қарапайым халық түгілі, заңгерлердің өзі әрең түсінеді, не түсінбейді. Сол себепті де орысша мәтініне жүгінуге мәжбүр. Ал қазақ тілі құқықтық ортада да шетқақпайланып қала береді.

Сол сияқты Қылмыстық іс жүргізу кодексінде техникалық қателер де бар. Мысалға, 474-баптың 4-бөлігі 460-баптың 2-бөлігінің 4-тармағына сілтеме жасайды, ал онда 4-тармақ түгілі, 3-тармақ та жоқ. Біздіңше ол 471-бап туралы айтылып тұр, өйткені дәл сол бапта осында айтылған ''өзге де мән-жайлар'' туралы әңгіме бар. Бұл техникалық қате орысша мәтінде де, қазақшасында да бар, дегенмен ҚІЖК бірнеше мәрте өзгерістер мен толықтырулар енгізілсе де қай ресми мәтінді алып қарамасаңыз да осы бап өзгеріссіз қалып отыр.

Ұсыныс: осындай қолайсыздықтардың бұдан былай да жалғасу тенденциясын болдырмас үшін Қылмыстық кодекс пен Қылмыстық іс жүргізу кодексінің қазақша мәтіндерін лайықты етіп қайта жариялауды сұраймыз. Аталған заңдар 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшінен енген. Қолданыста жүргеніне 9 жыл өтсе де, дұрыс аудармасын таба алатын түрі жоқ. Сондықтан Республика Парламентінің депутаттары осы олқылықтарды жөндеуге байланысты тиісті топ құрып, маман-заңгерлерді қатыстыра отырып, қолға алуды сұраймыз.

ҚАЗАҚ ТІЛІН БАСҚА ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНІҢ ИГЕРУІ – ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚТЫ ҰЛЫҚТАУДЫҢ БАСТЫ АЙҒАҒЫ

Ғосман Төлеғұл,
Ақмола облысы Тілдерді дамыту басқармасының бастығы

Адам өзі өмір сүрген қоғамның барлық материалдық және рухани байлығын жасаушысы екендігі белгілі. Бұл жасампаздық ұдайы жүретін үдеріс болғандықтан, жалпы адамзат қоғамы да толассыз дамып, жетілу үстінде болады. Осы өзгерістердің бәрі тіл арқылы көрініс табатыны және айдай әлемге сол тіл арқылы паш етілетіні белгілі. Тіл – ұлттың рухани байлығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші қасиетті құралы. Сондықтан да ұлттың ұлт ретінде өмір сүруінің басты шарты – сол ұлттың ана тілі.

Ғалымдардың пікірінше, қазақ тілінің пайда болуы, дамып жетілуі қазақ халқының толыққанды ұлт болып қалыптасуымен тікелей байланысты. Ал оның бастау бұлағы бұдан пәлен ғасыр бұрынғы көне дәуірде жер жаһанға өзіндік өркениет дәнін сепкен қаһарлы түркі әлемі – түркі тілі екені дәлелдеуді қажетсінбейтін аксиома. Міне, осынау сабақтастық та тіл тарихы – ұлт дамуының, тарихының негізі дегенге мегзейді. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп ұлт ұстазы Ахаң айтқандай, тіл тарихын білмеу рухани тоқыраушылықтың басты белгісі болса керек.

Бүгінгі күн еліміз тыныштық пен бірлікте, ынтымақ татулықта өмір сүріп жатыр. Егемен еліміз көк байрағын желбіретіп, тәуелсіздік алды. Тіл туралы заң қабылдап, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде жарияланды. Мемлекетіміздің соңғы Тіл Заңы қабылданғанына биыл 20 жыл толды. Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңда көрініс тапқан, республикада лингвистикалық өрісті қалыптастырудың

функционалдық принциптеріне сәйкес сараланған айқындама негізінде тіл құрылысын үш бағытта: мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту; орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау; Қазақстан халықтарының басқа тілдерін дамыту бойынша жүзеге асыру болып отыр.

Қазіргі уақытта елде тілдер қолданысының дамуын табысты іске асырудың құқықтық негіздері қалыптасты. Тіл құрылысының үрдістері қоғамда түсініктік пен қолдау тауып отыр.

Соңғы жылдарда мемлекеттік тілге қатысты көптеген мәселелер де ілгері шешімін табуда. Яғни мемлекеттік рәміздердің біріндей саналатын – мемлекеттік тіл мәселесін шешу, оның мәртебесін биіктетуге атсалысу елімізде оң жолға қойылған.

«Елім деген ер болмаса, ерім дейтін ел болмас» дегендей, тәуелсіз қазақ елінің тұңғыш Президентінен бастап Үкімет мүшелері, жергілікті жердегі әкім-қаралардың бәрі де қолдарынан келгенше атсалысуда.

Сондай еліміздің жүргізіп отырған сындарлы саясатының бірі «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру қазіргі таңда өз жемісін берді.

Осының нәтижесінде Ақмола облысының аумағында қоғамдық өмірдің барлық негізгі салаларында тіл құрылысы процестерінің одан әрі кеңеюі мен тереңдеуі үшін алғышарттар жасалды. Бұл мемлекеттік органдар, ұйымдар мен тұтас қоғамның үйлестірген мақсатты күш жігерінің нәтижесі арқасында жеткен жетістік болды.

Тілдік ортаны қалыптастырудың маңызды құралы – білім беру жүйесі. Еліміздің ертеңі деп сенім артатын өскелең ұрпақтың мемлекеттік тілді игеруіне көп көңіл бөлінеді. Облысымызда білім беру жүйесінде мемлекеттік тілдің рөлі біртіндеп артуда. Мәселен, облысымыздағы барлық жүзге тарта балабақшада 11653 бүлдіршіннің 5403-і, яғни 46,4 пайызы қазақ тілінде тәрбиеленуде. Биылғы оқу жылында облыста 657 жалпы білім беретін орта мектеп болса, солардың 175-і қазақ мектептері. 238 аралас мектептің 129-ы мемлекеттік тілде білім беруге бейімделуде.

Өзге ұлт өкілдері арасында өткізілетін байқаулардың тиімділігі жыл сайын артып, өз жемісін көрсетуде. Мысалы, облыстағы мектеп жасына дейінгі балалар арасында «Балғын шақ», сондай-ақ «Абай оқулары», «Тіл – халық жанын танудың кілті» т.б. байқауларын өткізу барысында

қазақ тілін жетік білетін жастардың саны молайып, сапалық деңгейі өскенін көріп отырмыз. Осы тұста былтырғы сараптама бойынша облыста мыңға жуық қазақ тілін жетік меңгерген өзге ұлт өкілдері бар екенін айтып өткен жөн.

Басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілге деген қызығушылығын арттыру мақсатында Қ.Ғ. Мұтанова жетекшілік ететін «Парасат және Діл» қоғамдық бірлестігі елеулі жұмыс атқарып отырғанын айтқан абзал. Бірлестік Ақмола облыстық Ассамблеясының қаржыландыруымен облыстық тілдерді дамыту басқармасы арқылы «Қазақ тілін инновациялық технологиялар және жексенбілік мектептердегі оқыту әдістері арқылы жеделдетіп оқыту» жобасын ойдағыдай жүзеге асыруда.

Осы жобаның негізінде ұлттық мәдени орталықтардың 120-дан астам өкілдері тілді меңгеруде жақсы көрсеткіштерге жетті. Алдағы уақытта тілдік жобалардың спектрін кеңейту мақсатында және жүйелілік пен сабақтастықты енгізе отыра, қазақ тілін оқуға өзге ұлттың балалары мен жастарын қатыстыру көзделіп отыр. Балалар мен жастарға арналған тіл алаңы және тіл лагері, семинар-тренингтер мен шеберлік кластар ұйымдастырылады.

Сондай-ақ мемлекеттік тілді насихаттап, қазақ тілін жетік меңгерген өзге ұлт өкілдерін жұртшылыққа кеңірек таныстыру мен қазақ тілін жергілікті басылымдар арқылы да оқу ісіне облыстағы бұқаралық ақпарат құралдары атсалысуда. Көкшетау қалалық «Степной маяк» газетінің «Ана тілі» айдарымен мемлекеттік тіл мәртебесі туралы мақалалар орыс тілінде арнайы бет болып айына бір рет жарияланады.

Ақмола облысының тілдерді дамыту басқармасы мен «Қазақстан РТРК» АҚ Ақмола облыстық филиалының бірлескен жобасы негізінде 2008 жылдан бастап тұрақты «Я научилась» атты телебағдарламаның көрсетілімі жалғасуда. Бағдарламаның жүргізушісі Көкшетау қаласындағы «Арна» колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Дементьева Наталья (ұлты орыс) тілді қалай игергендігі жөнінде өз тәжірибесімен бөліседі. Мұндай игі бастама тек өзге ұлттарға ғана емес, жергілікті ұлт өкілдерінің де тіл үйренудегі әдістемелігіне айналды.

Облыс бойынша барлық 92 БАҚ-тың 16-ы қазақ, 51-і орыс, 25-і қазақ және орыс тілдерінде жарық көреді. 2009 жылы облыстық

теледидардағы мемлекеттік тілде жүретін хабарлардың үлесі 55% жетіп отыр.

Облысымызда өзге ұлт өкілдерін қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен таныстыру, мемлекеттік тілді дамыту мәселесінде ұлттық-мәдени орталықтармен және Ресей Федерациясымен шекаралас облыстарында тұратын қазақ диаспорасымен тығыз байланыс орнату мақсатын көздеген биылғы жылы ашылған «Мемлекеттік тілді дамыту қорының» бастамасымен бірқатар жобалар жоспарланып отыр. Халықаралық балаларды қорғау күніне орайластырылып бүлдіршіндердің қазақ тіліне деген ынта-жігерін ояту мақсатында «Балғын шаққа – бал шығарма» кітабы, Ақмола облысының 70 жылдығы мен Көкшетау қаласының 185 жылдық мерекелеріне арналған «Мерейтой көркі – жыр шашуы» атты республикалық ақындар айтысының жинағы жарық көрді.

Сондай-ақ тіл басқармасының ұйымдастыруымен тілді насихаттайтын 3 бейнеролик, облыстағы тілдік ахуалдан ақпарат беретін 2 кітап, оқырмандар мүшайрасының жинағы және балабақшаларға арналған 4 әдістемелік кітапша жарық көрді.

«Облыс аумағындағы өңірлік тіл саясатын жүзеге асыру барысы және көрнекі ақпараттардың ахуалы» атты тақырыпта аудандарда аймақтық семинар-кеңестер жүйелі өткізіліп келеді. Сонымен бірге облыстағы банк, қаржы, кеден, және тағы да басқа салаларда тіл саясатына байланысты мәселелерді шешудің маңызды тетігі ретінде семинарлар, «дөңгелек үстелдер», конференциялар және басқа шаралар өткізу дәстүрлі жалғасын тауып отыр.

Біздің республикамыз ТМД елдерінің ішінде орыс тілінде ресми дәреже, ұлттық топтарға тілдерін дамытуға барынша мүмкіндік берген бірден бір ел.

Қазақстан Республикасының Ата Заңындағы 7-баптың 3-тармағында: «Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» делінеді. Облыста этникалық топтардың да тілін дамытуға жағдай жасалған. Мәселен жыл сайын «Үздік жексенбілік мектеп» атты байқау өткізіліп тұрады. Сондай-ақ оларға қалалық «Достар» мәдениет үйінде арнайы бөлмелер бөлініп, тілдерін дамытуға мүмкіндіктер қарастырылған. Ал мемлекеттік тіліміз

болса, барлық ұлт өкілдерін бір шаңырақ астына біріктіретін, ынтымақ дарытатын тілге айналып келеді десек, артық айтқандық емес, өйткені қазақ тілінің тағдырына отанын сүйетін әрбір қазақстандық жауапты.

Ең бастысы «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заңындағы «Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға міндетті» деген талапты орындау облысымыздағы мемлекеттік орган басшыларының назарынан тыс қалып жүрген жоқ. Яғни мемлекеттік тілді оқып үйренемін деп ниет қойған адамға барлық жағдай жасалып отыр.

Жалпы, ендігі уақытта түрлі тарихи кезеңдерден аман-есен өтіп, қалыптасқан қазақ тілін ендігі кезекте мемлекеттік тіл ретінде тұтас Қазақстан халқының қолдануына қол жеткізу міндеті тұр. Ал бұл бағытта, жоғарыда айтқандай, Ақмола облысындағы қазақ тілін оқыту курстары мен орталықтарының алдында ұшан-теңіз жұмыс тұр. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін көтеру мен іс қағаздарындағы үлесін арттыруда тіл оқыту ісі біршама игі жетістіктерге жеткізуде. Соның арқасында облысымызда қазақ тілін білмей келген басқа ұлт өкілдері қазіргі күні іс қағаздарын мемлекеттік тілде жазуда белсенділік танытуда.

Осы орайда облыстағы жаңа заман техникаларымен жабдықталған тіл үйретуші мекемелердің бірегейі болып табылатын Ақмола облысының «Мемлекеттік тілді оқыту орталығы» нәтижелі жұмыс атқарып келеді. 2008-2009 оқу жылында барлығы 1135 тыңдаушы дәріс алды. Оның ішінде үш топ бойынша 282 мемлекеттік қызметші оқып, 80-і сертификат алды. Білім алуға тілек білдірген мемлекеттік қызметшілердің қатарында Оксана Леонтьева (қаржы басқармасы), Елена Хорт пен Валерий Чеша (табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануға реттеу басқармасы), Мирамгүл Кинтонова (облыстық әкімдік), Юнона Фомич (ішкі саясат басқармасы), Ғалымжан Аипов (Ақмола облысының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, табиғи апаттардың алдын алу мен жоюды ұйымдастыру басқармасы) сынды өзге ұлт өкілдерінің тілді меңгеруде биыл жақсы нәтижелер көрсеткенін қуанышпен атап өтуге болады.

Сонымен қатар Степногор қаласы мен Атбасар, Щучье, Сандықтау, Шортанды, Жақсы аудандарында биыл осындай орталықтар ашылып, өз қызметтерін жалғастыруда.

Қазір облыстық, аудандық және қалалық мекемелердің бәрінде дерлік қазақ қарпімен, арнайы бағдарламалармен қамтамасыз етілген компьютерлер бар. Олардың барлығына «Қазақ тілін үйренейік», «қазақ тілі» электронды сөздігі, «Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік», «Ресми іс қағаздары» атты және т.б. компьютерлік бағдарламалар қойылған.

Мемлекеттік тілдің күнделікті қолданысқа еніп, бағының жануы әрбір ұжым басшыларына тікелей байланысты екені бұлтартпас шындық. Облысымыздағы кейбір департаменттер мен басқармалар басшыларының көбі жергілікті ұлт өкілдері, бірақ кеңестік дәуірдегі тәрбиенің салдарынан олар ана тілінде еркін сөйлеу қабілетінен алшақтап қалған. Басшылар біріншіден өздеріне талап қойып, сосын ғана қарамағындағы қызметкерлерге міндеттесе, оң шешімін табары сөзсіз. Дегенмен, іс қағаздарын қазақшалау тек басшылардың құзыры деп қарағанымыз дұрыс болмас, ол әрбір сауатты да саналы азаматқа байланысты. Қызметкерлер мемлекеттік тілде құжат дайындауды есеп үшін ғана қажет деп санамай, керісінше, барынша белсенділік танытқаны жөн.

Мемлекеттік органдарда іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізетін әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді моральдік және материалдық көтермелеу шараларын жүзеге асыру жағынан біршама жұмыс атқарылуда. Бұл ретте ішкі істер департаментін, өртке қарсы мемлекеттік қызметті, әділет департаментін, экономикалық қылмысқа қарсы күрес және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармаларын, Ақмола облысының төтенше жағдайлар департаментін, мемлекеттік сәулет құрылыс бақылау басқармалары мен Астрахан, Еңбекшілер аудандарын және Степногор қаласын оң мысал ретінде айрықша тап өтуге болады. Аталмыш мекемелер мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізетін мемлекеттік қызметшілерді материалдық жағынан ынталандыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің №117-ө Өкімін жүйелі орындауға көңіл бөлуде.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік мәртебеге ие қазақ тілінің байлығы мен көркемдігін паш ету, облыстағы мемлекеттік қызметшілер арасында ұлтымыздың тілін, сөз өнері мен әдебиетін кеңінен насихаттау, осы өзекті мәселеге қозғау салып, назар аудару мақсатында Ақмола облысының тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өтетін мемлекеттік органдарда қызмет ететін өзге ұлт өкілдері арасындағы «Мемлекеттік тіл – менің тілім» байқауларына қатысушылардың саны жыл сайын өсіп, сапасы артуда. Қазақ тілін меңгерген басқа ұлт өкілдері арасында өтетін «Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ...» атты Абай оқуларына қатысушылардың қатарынан да мемлекеттік қызметшілердің өз өнерлерін ортаға салып, сахна төрінен көрінуін мемлекеттік тілге деген ықыластың өсуі деп бағалаймыз.

Мәселен, Руслан Фролов (Зеренді аудандық өрт сөндіру бөлімінің қызметкері), Анатолий Цыцыну (Степногор қалалық ішкі істер бөлімінің қызметкері), Владимир Бабошко (Ақмола облысы ішкі істер департаментінің инспекторы), Равиль Абулханов (Аққөл аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкері), Рустам Габдулкафеевтердің (Ақмола облысы мемлекеттік сан,эпид. қадағалау департаментінің маманы) тіл мәртебесін көтерер абыройлы азаматтар деп толығымен айтуға болады.

Жыл сайын ұйымдастырылатын «Үздік қазақ тілі кабинеті» атты облыстық байқауын өткізу арқылы мемлекеттік қызметшілерге тілді меңгеруде қаншалықты жағдайлар жасалып жатқанын көруге болады. Ақмола облысы бойынша кедендік бақылау, ішкі істер, төтенше жағдайлар департаменттерінің, көліктік бақылау инспекциясының, облыстық телекоммуникациялар дирекциясының, Астрахань ауданындағы «Жалтыр элеваторы» ЖШС, Щучье ауданының жол дәнекерлеу кәсіпорны, Бурабай курортының вагон депосы және Степногор қалалық телекоммуникациялар тораптарындағы қазақ тілін оқыту кабинеті заманауи технологиялармен жабдықталып, қызметшілердің жүйелі түрде дәріс алуына толық мүмкіндік жасалған.

Тіл саясатында елді-мекендердің дұрыс аталуына, бұл мәселеде тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге көп көңіл бөлінеді, өйткені халық қойған әрбір жер атауы – сол жердің тарихи төлқұжаты. Олай болса, ел тарихын тіл тарихынан, жер тарихынан бөле-жара қарау

мүмкін емес. Басқармамыздың ономастика мәселесінде де жетістігін ауыз толтырып айта аламыз. Соңғы жылдары, яғни 2004 жылдан бастап 54 ауыл, 12 ауылдық округ, 2 орта мектеп пен 1 су қоймасы, барлығы 69 нысан қайта аталды. Бұл мәселе жөнінде өткен жылы да көп шаруа атқарылды. 10 ауыл мен 4 ауылдық округ қайта аталып, әділет департаментінде тіркелді. Зеренді ауданында – Пахарь Қарлыкөлге, Линеевка Теректіге, Лосевка Бөгенбай би ауылына, Аршалы ауданында – Мичурино Ақбұлаққа, Раздольное Бірсуатқа, Красноозерный Түргенге, Вячеслав Арнасайға, Шортанды ауданында – Казцик селолық округі Бектау ауылдық округіне, Шучье ауданында – Вороновка Баянбай, Климовка селолық округі Атамекен ауылдық округіне өзгертілді.

Сондай-ақ облыстық филармонияға Үкілі Ыбырай есімін, Ақмола облысы дене тәрбиесі мен спорт басқармасының облыстық ұлттық спорт түрдері бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне Балуан Шолақ есімін, Бұланды ауданындағы Карамышевка орта мектебіне Еңбек Ері Қайыржан Ескендіровтің есімін, Целиноград ауданы Жалғызқұдық ауылындағы №24 Жалғызқұдық орта мектебіне белгілі қайраткер Рақымжан Дүйсенбаевтың есімін беріп, Ерейментау ауданы Күншалған ауылындағы Ленин орта мектебін Күншалған орта мектебі, яғни 3 орта, 1 спорт мектебі және филармонияны қайта атау туралы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын күтіп отырмыз.

Жалпы қазақ тілін дамытуға үлес қосу Қазақстанды мекендеген әрбір саналы азаматтың асыл борышы, мемлекетіміздің мәңгі мәселесі. Қазақтың біртуар ұлдарының бірегейі Ғабит Мүсіреповтің сөзімен айтқанда: «Ана тілі дегеніміз сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі».

Мемлекеттік тіл – көп ұлтты еліміздің халқын тастүйін тұтастыққа, бірлікке ұйымдастырудың басты факторы болса, қазақ тілін басқа ұлт өкілдерінің игеруі ұлтаралық татулықты ұлықтаудың басты айғағы.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ»

А. Шәуеев
Мемлекеттік тілді дамыту
Президенттік қорының директоры

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілген сәтінен басталған даму кезеңінің қай-қайсысында болмасын Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолтаңбасын көреміз. 1995 жылы қабылданған Ата заңның 7-бабында "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі" деген конституциялық шешім жасалды. Осыдан екі жыл кейін қабылданған "Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы" заңында "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі" деп атап көрсетіліп, оны барша азаматтардың еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайлар жасалатындығы айтылған болатын.

Үкімет осы Заң баптарын жүзеге асыруда тиісті шешімдер мен қаулы-қарарлар қабылдады. Тілдердің қолданыс аясын кеңейту бағытында арнайы мемлекеттік бағдарламалар жасалды. Ана тілімізді өркендетуге бағытталған игі шаралар мен құжаттардың бәрі осы өткен жылдар жемісі. Мемлекет басшысы ел экономикасы мен шаруашылығы, мәдениет пен ғылым-білім саясаты жөнінде өткен бірде-бір жиында қазақ тіліне соқпай кеткен емес.

Елбасы қазақ тілінің ұлтымыздың асыл қазынасы, басты құндылығы екендігін " …әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен!", оның тарихтағы рөлін "…ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі.", мемлекеттік деңгейдегі маңыздылығын "мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді дәл сондай нышан", ел

бірлігі мен тұтастығын сақтаудағы әлеуметтік мәртебесін "…біз барша қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз", қоғамдағы қызметі мен баршаға міндеттелу негізін "Мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда немесе сот саласында жұмыс істеу мүмкін болмайды", қазақтың намысын жану мақсатында айтылған отты ойларын "…өзіміз ана тілінде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз… қазақтың қазақтығының басты белгісі – қазақша сөйлеуі", "..өз тілімізбен өмір сүрейік!" – бұдан артық қалай айтуға болады? Қажет десеңіздер, одан да оңайлатып айтайын: "қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!", қазақ тілінің айқын келешегі мен алар орнын "… Қазақстанның болашағы қазақ тілінде жатыр. Қазақ тілі әлі бірте-бірте мемлекеттік қызметте, экономика мен өмірдің барлық саласында басымдық танытатын болады" деп көрсетіп, нақты тұжырымдар арқылы атқарылар істің жүйелі де жоспарлы жүргізілуін, басты мақсат-міндеттерін белгілеп берді. Елбасының қазақ тіліне байланысты айтылған орынды сөздері санаға сәуле түсіріп, барша жұрттың қазақ тіліне деген қадамдарын жеделдететін уақыт болды.

Елбасы биылғы Жолдауында Үкіметке мемлекеттік тілді меңгерген қазақстандықтардың санын 2017 жылға қарай 80 пайызға, ал 2020 жылы кем дегенде 95 пайызға жеткізуді тапсырды.

Еліміздегі тіл саясатына қатысты айқын мақсат – Елбасы алға қойған міндеттерді пәрменді түрде іске асырып, барша қазақстандықтардың мемлекеттік тілді білу деңгейін белгіленген межеге жеткізу. Қазіргі кезде мемлекеттік тілдің өсіп-өркендеуіне заңнамалық, құқықтық, технологиялық, іскерлік, ғылыми-әдістемелік жағынан барынша жағдай жасалған. Енді тілді тек үйретіп қана қоймай, алған білімдерін, үйренген дағдыларын тексеріп, деңгейлерін анықтап, қол жеткен нәтижелерін күнделікті өмірде пайдалану қажеттілігіне баса назар аудару керек. "Судың да сұрауы бар" демекші, алдағы уақытта "біледі екенсің, өзгелерге үйрет", "үйренген екенсің, сөйле", "оқыған екенсің, жаз" деген талаптар қойылуы қажет.

Елбасының тікелей тапсырмасымен құрылған біздің Мемлекеттік тілді дамыту Президенттік қоры осы бағытта жоспарлы жұмыс

жүргізіп келеді. Қор ұжымы Астанадағы Қазақстан – Ресей университетінде "Қазақша білесің бе? Досыңа үйрет!" атты жаңаша үлгідегі тіл байқауын ұйымдастырды. Бұл шара арқылы студент жастардың қазақ тілін үйренуіне ықпал етіп, оларды ынталандыруды көздеген болатынбыз. Сонымен қатар байқаудың нәтижесі бойынша қазақ тілін үйрену қиын деген қоғамдық пікірді жоққа шығарғымыз келді және ол мақсатымызға жеттік деп ойлаймын. Байқау жеңімпаздары К. Георбелидзе мен В.Теннің "ең бастысы ниет болса, тілді үйренуге әбден болатыны" туралы пікірлері соған нақты дәлел.

Олай болса, "Қай істің өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң, күш керек және тәртіп керек" деген ұлағатты сөз баршамызға ой салмақ. Қазір артқа қарайлайтындай, айналаға жалтақтайтындай заман емес. Мемлекеттік тілді өркендету – барша азаматтың, оның ішінде қазақ ұлтының жұмыла көтеруі тиіс аса жауапты және абыройлы міндеті.

Жаһандану заманы, баршаға мәлім, елдер мен ұлттарға аса қатал талап қоюда. Ең бастысы – ұлттық тіл ұлттық сананың, ұлттық намыстың жоғарылығына, оның қажеттілік деңгейіне байланысты екенін жадымыздан шығармауымыз қажет. Қазіргі таңда өзін ешкімнен артық та, кем де емес дәрежеде сезіну халқымызға жетпей отыр. Ал мәселеге тереңірек үңілсек, істің тетігі, яғни қазақ тілінің тағдыры қазақтың өз қолында. Тіл тағдыры көбіне-көп бұқараның белсенділігімен, биліктегі қазақ азаматтарының ұлтжандылық қасиеттерінің биіктігімен шешілетіні де дау туғызбайды. Біздің ең басты жолымыз да осы болуға тиісті. Бұған жиырма жылдық жаңа өміріміз де, алдыңғы қатарлы елдердің тарихи тәжірибелері де толық дәлел бола алады.

Халқымыз тәуелсіздіктің рухани қуатын толық сезінгенде ғана Елбасымыздың "Қазақстанның болашағы қазақ тілінде" деп қойып отырған қазіргі стратегиялық мақсаты күнделікті шындыққа айналары анық.

ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҚ ТӘЖІРИБЕ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Ж. Нәлібаев
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бірінші вице-президенті

Белгілі бір мәселеге немесе бір адамның өміріне байланысты айтатын болсақ, жиырма жыл деген аз уақыт емес. Сондықтан туған қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алып, оның қолданыс аясының кеңеюі мен өрістеуіне және өсіп-өркендеуі жолына көз жіберсек, осы өткен уақыттағы іс-тәжірибелер мен одан алған мол тәжірибе тағылымдары алдағы уақытта мемлекеттік тілдің қарыштап қадам басуына өзінің оң ықпалын тигізеді деп білемін. Себебі, осы 20 жыл уақыт ішінде Қоғам қайраткерлері мен тіл жанашырлары өздерінің атқарған істерінен мол тәжірибе жинақтаса, жіберілген қателіктері мен кемшіліктерін саралай отырып, тағылымы мол сабақ алды. Бұл өлшемі жоқ құнды дүние деп есептейміз.

Тіл жанашырлары осыдан жиырма жыл бұрын сонау XX ғасырдың басында белгілі қоғам қайраткері, ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов бастаған тіл қозғалысы майданын қайта бастағанда, олардың алдында Алматы мен Астана қалаларының арасындағыдай салынған даңғыл жол болған жоқ. Олай дейтін себебіміз, ол кезде Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы мен Мемлекеттік бағдарлама өз алдына, тағылымды тәжірибелер де жоқ болды. Бұл саладағы атқарылатын жұмыстардың басы ашық, бағыты айқын емес еді. Мемлекеттік құзырлы мекеме болған жоқ, тіпті билік органдарының Мемлекеттік тіл мәселесін көтеруге мүмкіндігі де, құлқы да болмады. Бұл мәселемен сол тұстағы дүниеге келген Тіл қозғалысы, кейіннен «Қазақ тілі» қоғамы өзінің бар мүмкіндігін пайдалана отырып айналысты. Бірақ, Тіл саясатына байланысты түйткілді мәселелер пісіп жетілгенінше де біраз уақыт өтті.

Ол бұрынғы Кеңес өкіметінің іргесі сөгіліп, оның ыдырау алдында тұрған кезі еді. Қоғамдағы толып жатқан қисынды құбылыстардың әсерінен бостандық пен теңдіктің мәні мен мағынасын ұғынып, сезінген ұлттар мен ұлыстардың ұлттық намыстары оянып, ұлттық құндылықтарын түгендей бастады. Оның ішіндегі бастысы Тәуелсіздік, Тәуелсіздіктің басты тірегі - тіл екенін жақсы түсінді. Мұны ұғындырып, ойландырған және оның қайнар бастауында тұрған 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын айтуға әбден болады деп есептейміз және XX ғасырдың басындағы Ахаң бастаған тіл қозғалысының жалғасы осы сәттен қайта жанданды.

Осы «тіл – халықтың тағдыры» екенін үлкен де, кіші де, басшы да, қосшы да түйсінді. Қайта жанданған тіл қозғалысының тізгінін академик Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдаров өз қолына алып, бастама көтеріп, бүгінгі 20 жыл толып отырған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының іргетасын бекітіп, шаңырағын көтеруге зор қажыр-қайрат жұмсады. Бірақ, қайраткер ағаны біз ойлағандай алғашқыда жұрттың бәрі бірдей қолдай қоймады. Әбекеңнің төңірегіндегі Қоғамның қазіргі президенті, академик Ө.Айтбайұлынан басқа ірі ғалымдарымыздың ішінен әуелі екі-үшеуі ғана туған тіл мәртебесін көтеруге білек сыбана кірісті. Жастар ерекше белсенділік көрсетіп,ардақты азаматтың соңынан ере білді. Желтоқсан оқиғасынан кейінгі Әбекең бастаған Тіл қозғалысы үш жылға жуық уақыт дайындық пен түрлі жұмыстар жүргізе жүріп, заңды қоғамдық ұйым ретінде 1989 жылы Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы болып құрылды.

Міне, содан бері Қоғам бүгінгі күнге дейін өз жұмысын тоқтатқан жоқ. Еліміздегі жиырма жыл ішінде болған қоғамдық және саяси өмірдегі барлық қабылданған шешімдер мен алдына қойған ұстанымдарды, шешімін таппаған түрлі түйткілді мәселелер мен оқиғаларды өзінің жіті назарында ұстады. Оларға талдау жасай келе, өзінің ұсыныстары және пікірлерімен жедел үн қосып отырды. Сөйте жүріп «Қазақ тілі» қоғамы қайраткерлері өз істерінен мол тәжірибе жинақтады және сол жинақталған тәжірибеден мол тағылым алды. Бұл алған жиырма жылдық тәжірибе тағылымдары болашақта, әсіресе, біздің ұрпағымыз үшін таптырмас рухани азық болары сөзсіз.

Сондықтан да біз осы аталған уақыт ішіндегі жиырма жылдық алған тәжірибе тағылымдары жөніндегі материалдарды жинақтай келе, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының тарихынан сыр шертетін екі томдық шежіре кітабын әзірлеп, баспаға ұсындық. Онда Қоғамның құрылғаннан бастап бүгінгі күнге дейінгі атқарған жұмыстары мен жүзеге асырған игі істері жөнінде жиырма жылдық өмірінен сыр шертетін материалдар қамтылған. Бұл Тәуелсіздіктің нығаюы жолындағы қазақтың рухани қорына қосылған сүбелі еңбектің бірі деп бағалауға болады.

Осы уақыт ішінде, жоғарыда атап көрсеткендей, қоғам қайраткерлері мен тіл жанашырлары мемлекеттік тілдің құқын қорғап, оның жоқшысы және жанашыры - иесі ретінде ұлағатты мектептен өтті. Жүзеге асқан игі істерден тағылымы мол тәжірибе жинақтаса, жіберілген кемшіліктерден тағылымды сабақ алды деп айта аламыз. Мәселен, алғашқы қабылданған Тіл туралы заң мен Мемлекеттік бағдарламаның ғұмырының ұзақ болмағанынан да көп нәрсені аңғаруға болады. Сондықтан да жіберілген кемшіліктер түзетіліп, толықтырылып, аталған құжаттар кейіннен қайта қабылданды. Бұл бір жағынан уақыт талайы мен талабы деп те түсінген жөн.

Ендігі кезекте осы іс-тәжірибелерді зерделеп, тіліміздің қазіргі және болашақтағы қолданыс аясына әлеуметтік зерттеулер мен болжамдар жасай отырып, Мемлекеттік бағдарламаны қайта қарап, Мемлекеттік тіл туралы жаңа заң қабылдайтын уақыт жетті. Сондай-ақ, мемлекеттік тіл туралы заңның өзін де қорғайтын заң қажет, яғни 20 жылдық тәжірибе тағылымдары көрсеткендей нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру – бүгінгі өмір талабынан туындап отырған қажеттілік деп есептейміз. Мәселен, Тәуелсіздігімізді танып, әлем мойындап, кейбір өзге ұлт өкілдері түсіністік танытқанмен де он миллиондай қазақ халқының тілін мойындамау, мемлекеттік тілді - менсінбеу, кемсітушілік, аяқасты ету, оған тіл тигізу, кедергі жасау, қарсылық білдіру сияқты т.б. әрекеттері кейбір азаматтардың сөздері мен істерінен әрдайым байқалып отырады. Бұл ашықтан ашық көрсеткен қарсылықтары болса, ал астыртын қандай әрекеттер жасауда деген заңды сауал өзінен өзі туындайды. Бұл сауалдың жауабын жоғарыда айтылғандай жағдайларды ескере отырып, қолданыстағы заңдарға

өзгерістер мен толдықтырулар енгізіліп қабылданған жағдайда ғана білетін боламыз.

Ондай күрмеуі қиын түйткілді мәселелерді заң жолымен немесе заңды құжаттарға сүйене отырып шешкен жөн. Жетпіс жыл бойы уланған сананы жиырма жылда ушықтырмай емдеп, ұлттық сананы сіңіру немесе оны өзгерту қиынның қиыны екенін осы уақыт ішіндегі тәжірибе тағылымдары көрсетті. Сондықтан да қалыптасқан жағдайды заң негізінде жүйелі түрде шешу қажет деп есептейміз. Себебі, сын түзелмей мін түзелмес, уланған сана түзелмей тіл мәртебесі туралы айтудың өзі қисынсыз екені дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқатқа айналып отыр.

Осы жоғарыда айтылғандарға байланысты ойымызды қорытындылай келе, «Қазақ тілі» қоғамының о бастағы негізгі мақсаты – ең алдымен ұлттық сана мен қоғамдық сананы ояту жұмыстарын одан әрі қарай жалғастыра отырып, мемлекеттік тілдің нәзік те күрделі мәселелерін шешудің заңға негізделген тетіктерін жиырма жылдық тәжірибе тағылымдары үрдісінде жан-жақты қарастыру Тәуелсіздік талабы.

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ – МЕМЛЕКЕТТІК КӨЗҚАРАС»

Орал Шәріпбаев
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының
Шығыс Қазақстан облыстық
филиалының Төрағасы,
Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі

Тіліме жанашыр боп ара тұрдым
Қаладым қатаюы қанатыңның
Тіл жүгін құмырсқа боп арқалаған
Армысың сардарлары ана тілдің.
Кезінде тіл майданның жауы көп боп
Шайқастым Шығыста жаралады омырауды оқ
Қорғадым қызғыш құстай жат пиғылдан
20 жыл шырылдадым қоңырау боп.
20 жыл бұл Орекең не көрмеді
Атандым тілдің нағыз өлермені
Кейбіреу қылығыма тісін қайрап
Мен сені Қособада көрем деді.

Алматыдағы М.Әуезов атындағы киелі шаңырақта осыдан 20 жыл бұрын кемерінен асқан қуаныштың белгісіндей боп сатырлаған шапалақ жаңғыры әлі естеріңізде шығар. Қазақтың есіктегі басын төрге сүйрегендей сол бір шақ тарих еншісіне кетті.

Жай кетпеді. Тілім, дінім, елім деген маздаған мәңгі сөнбейтін үміт отын жағып кетті. Сол тарихи сәттен бері дәуірге пара-пар 20 жыл өтті. Тіл Заңы 1989 ж. қыркүйектің 22 бекітілді. Сол жылы бір айдан кейін Республикалық қоғам дүниеге келді. Қуанышта шек жоқ. Соған қоса

1990 жылы маусымның 20-да Мемлекеттік бағдарлама жұртшылықтың қолына тиді. Қазақ халқының тарихында сирек кездесетін бұл екі құжат халық қалаған "Қазақ тілі" қоғамының екі қанатындай болды. "Қазақ тілі" қоғамы өз жарғысына сүйеу болған сол екі қанатты қолдап талдырмаудың амалын іздестірді. Өйткені оның негізгі міндеті осы болатын. Қаншама жұрт қалауы мен қабылдаған шаралар қағаз жүзінде қалып қоймауы үшін Сіздер тіл жанашырлары шыбын жаңдарыңыз шырқырай жүріп іске кірістіңіздер.

Көбіңізді осы бір абырой-атағынан гөрі азабы мен тозағы көп шаруаға жетелеп келген нәрсе не? Ол не қылған күш? Ол – тілімізге, Отанға деген сүйіспеншілік пен нық сенім болатын. Сіздер қаншама кедергілер мен кесірлі әрекеттер боларын біліп келдіңіздер. Бірақ тіліміздің болашағына, елдін келешегіне, Елбасына сеніп келдіңіздер. Сенім – ердің ұлы қаруы.

Бізде істі көңіл тоят етер нышан болса, ол ең алдымен осы тілге деген сенімнің арқасы, халық алдына парыз, тәуелсіз ел алдындағы қарызды ұмытпаудың салдары дер едім. "Қазақ тілі" қоғамдары яғни қолданылу аясы мейлінше тарылып өрісі отбасы, ошақ қосынан ұзамай, босағада қалған қазақ тілін, мемлекеттік деңгейге көтеру мақсатында жәйайқай мен емес, мемлекеттік көзқарас деңгейінде қарап, жан айқаймен – жұмыс жасауда. Осы өткен мерзімде ана тілінің алдындағы ааматтың парызын, мемлекет алдындағы перезенттік борышын тұрақты еңбек ақысы болмасада, абыроймен атқарып келе жатқан азаматтар көбейе түсті.

Өлі риза болмай, тірі байымайды.

Өмірден өткен, ақтөбелік Мұхтар Арын мен "Ана тілі" айбарының иегері семейлік Бәтташ Сыдықовты бір минут еске алайық.

Десек тағы "бес саусақ бірдей емес" дегендей тілге ел басына келген осы бір қатал сында сыр беріп алғандар да жоқ емес. Алғашқы дүрмекпен айғайға аттан қосқан азаматтардың біразы шаба алмай болдырып қалды.

Енді біразы "өйту керек, бүйту керек деген өсиетін айтып жайымен кетті. Көбелек келіп көліп етіп, көбігін ішіп ол кетті, сауысқан келіп санқ етіп, сарқытын ішіп ол кетті, қарға келіп қарқ етіп, қалғаның ішіп ол кетті"- дегеннің кері болды.

Тіл ошағының бұтағына жармасып келе жатқан "Қазақ тілі" қоғамы, оның жергілікті ұйымдары тілімізге берілген мемлекеттік мәртебе – бір рет берілетін сый құрмет емес. Ол – мемлекеттің дербес өмір сүруіне қажетті алғы шарт. Мұны біреу түсінсе де, біреу түсінбей келеді.

"Қазақ тілі" қоғамы 20 жыл бойы жаңадан алған тәуелсіздігімізді орнықтырып қалудың бір кепілі – мемлекеттік тілімізді, ана тіліміздің мәртебесін арттыра түсуге қызмет етіп келеді. Аталмыш қоғам ел бірлігімен тіл тағдырын жоқтау жолындағы шараларға араласпайтын кезі кемде кем. Осы атқарылған істердің барысында қоғам Елбасы саясатына үнемі қолдау көрсетіп, мемлекеттік деңгейде жүргізіліп келе жатқан іс шаралары халық арасында дұрыс насихаттауға көңіл бөліп отырды. Осындай іргелі халықаралық қоғамның облыстық филиалының Семей қаласында орналасуы тағы да тегін емес.

Бұның бірден-бір себебі Семейде, облыс ғана емес, бүкіл еліміздің руханият әлемінде алатын орында жатса керек.

Осы 20 жылғы қызметінде қоғамның тікелей араласуымен, мұрындық болуымен шешілген басты шаралар мыналар:

1. Семей өңіріндегі жер, су, елді-мекен атауларының 80 пайызы тарихи қалпына келтірілді.

2. Көшеге қазақ зиялыларының, елге еңбегі сіңген басқа ұлттардың өкілдерінің аттары берілді.

3. Жалғыз қазақ бала-бақша 19 болды.

4. 2 қазақ мектептің саны – 12 болды.

5. 1991 жылы 1986 жылғы қасіреттің қара таңбасы болған желтоқсан оқиғасына арнап Республикалық ақындар айтысы өткізілді.

Халқымыздың қасиетін, ұлтымыздың намысын қорғаймын деп жазықсыз жазаланған Қайрат Рысқұлбековтың, Семей түрмесінде 1988 жылы құпия өліммен қаза тапқан боздақтың қабірінің басына ескерткіш құлпытас орнатып, қаладағы № 33 мектепке Қ.Рысқұлбековтің атын бергізіп, Ассамблея үйінің алдында үлкен ескерткіш орнатуға ат салысып, оған Халық Қахарманы атағын беруге ұсыныс жасаған ұйым.

Мемлекеттік тіл мәселесін дамыту саласында Семей, Өскемен, Павлодар. Қарағанды, Талдықорған, Жезқазған, Ақтөбе, Шымкент, Алматы, Ақмола облыстарында, Астанадағы әр түрлі жиындарда

Республикалық Құрылтай мен ғылыми конференцияларында баяндамалар, ұсыныс бағдарламалар жасалынды.

Жезқазған қаласынада "Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту жолдары" атты баяндама жасап, Ұлытаудан Шыңғыстауға дейін деген Тіл марафонын қабылдап алдық.

Семейде Тіл туралы Заңның қабылдануының он жылдығына орай аймақтық Пленум өтті. Оған Павлодар, Өскемен, Қарағанды облыстары және аудандардағы тіл жанашырлары қатысты.

Облыстағы 19 аудандағы, тіл мәселесін дамыту жөніндегі алқажиындар, маслихат, ғылыми конференциялар, әр түрлі тарихи мәдени шаралардың барлығында басы – қасында болды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда жас талант оқушыларды табу үшін білім министрі Мәмбетқазиев мырзаға барып, тұңғыш Республикалық оқушы ақындар айтысы өткізілді. 7-8 кластың оқушылары Жамбылдан Айнұр Тұсынбаева, талдықорғандық Имашев Балғымбек, Семейлік Кәп Дәулеткерейдің тұсауы кесіліп, қазір Республикаға танымал ақындар қатарына жетті.

Республикаға танымал ақын, педагог Дәмеш Омарбаеваны Жарма ауданынан қалаға көшіріп, облыс әкімінің алдына ақындар мектебін ашу жөнінде ұсыныс жасап, пәтер әпердік.

Өздеріңізге мәлім, 30 жылдық тарихы бар № 16 қазақ бала-бақшасын жекешелендіру кезінде Омбының бір филиалы алып, сайрандап жүргенде облыстық Қоғам 4 ай жүріп, бүкіл жергілікті, Республикалық ақпарат құралдарын пайдаланып, тіпті білім және мәдениет министрі Иманғали Тасмағамбетовке халықаралық қазақ тілі қоғамы арқылы барып, дәлелдеп, қайтадан балаларға өз бақшасын алып бердік.

Қазақтың салт-дәстүрін және патриоттық тәрбиені дамыту саласындағы көптеген игі, үлгі боларлық істері Республикаға таратылды.

Наурыз мейрамын өткізудің жаңа бір тәсілін ұсындық. Арнайы неке Сарайына барып 22 наурыз күні үйленетін 6 жұптың ішінен бір жұпты таңдап алып, қалада өткен Наурыз мейрамында "Студент жастардың үйлену тойын халқымыздың салт-дәстүріне сай" (Шакенов Ермек пен Аяшева Бота) Орталық алаңда үйлену тойларын көрсетіп, қала әкімі В.С.Бутин мырза арқылы Наурыздың, жастардың рухын көтеру мақсатында пәтер бергіздік.

Жаңа идеяны қала, облыс әкімдері қолдады. Монголиядан келген студенттерге арнап "Өр Алтай" қауымдастығын құрып бердік, қоғамның қасынан. Келесі жылға Өскемен қаласындағы Наурызда Түсіпов Мұратхан мен Амерғалиева Мәрзияның (оралмандар) үйлену тойының беташарын ақын Абаш Кәкенов ашса, облыс әкімі В.Л.Метте сыйлықтар беріп, екі жасқа тегін жатақхана және жұмысқа орналасуға мүмкіндік жасады.

Москвада өткен Халықаралық Наурыз мерекесіне ақын Абаш Кәкенов пен төраға Орал Шәріпбаев барып қатысып, тек Шығыс Қазақстанның ғана емес, Қазақстанның мерейін өсіріп қайтты.

Кеңес үкіметі тарағаннан кейін, жастарымыз әскерге барудан бас тарта бастағандықтан қайтадан мектептерде, жоғарғы оқу орындарында бастауыш әскери дайындық сабағын кіргізу жөнінде қоғамдық пікір туғызып, Білім, Қорғаныс Министрліктеріне барып, осы мәселені қойдық.

Кейіннен іске асқаны жөніндегі Челнаков деген азаматтан хат келді. (Ол "Ана тілі" газеті арқылы жарияланған еді).

"Келешек жастардың қолында" деген Президенттің Жолдамасына сай тұңғыш офицерлердің үйі ашылғанда, республикалық қорғаныс министірінің орынбасары Тауланов, жоғары әскери Академияның бастығы Абай Тасболатов келгенде қоғамның өзі арнайы мамандарға жасатқан еліміздің Елтаңбасын тапсырып, "солдаттан генералға дейін мемлекеттік тілді үйренсін" деп, демеушілер арқылы көптеген әдістемелік оқулық, кітаптар әкеп, тіл дамыту бөлмесін ашып бердік, патриоттық тәрбиенің нағыз өзі емес пе?

Шығыс Қазақстан облысының, Глубокий ауданында Бәтташ Сыдықов, жазушы Медеу Сәрсеке қатысуымен Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығына арналған үлкен мәдени шара Республика бойынша алғашқы болып, аудан әкімі қатысуымен өткізілді. Аудандағы жалғыз қазақ мектебіне қазақ халқының салт-дәстүрлерін, тарихын, әдебиетін насихаттайтын кітаптар берілді. Қ.Сәтбаевтың үлкен портреті мен кітаптары аудан кітапханасына тапсырылды.

Саяси-қуғын сүргін көргендерді еске алу мақсатында Алаш арыстарын еске алу апталығы өткіізіліп, көзі тірі адамдармен кездесулер өткізіліп, Ас берілді.

Тіл мерекесіне арналып Тіл айлығы өткізіледі. Облыс бойынша "тіл шеруі" (автокараван) өткізіліп, бастауыш сыныптың жаңа Әліппелерін Алматыдан алдырып, Шұбартау, Аякөз, Жарма, Глубокий, т.б. аудандарға апарып тапсырылды.

Республикалық, Халықаралық ақындар айтысы өткізілді.

Қазақстан-Ресей жылдарына байланысты Алтай өлкесінің губернаторы Евдокимов та болып, Ресей Федерациясының Алтай Республикасының Қосағаш ауданында Халықаралық – ғылыми практикалық "Абай тілі - әдебиет тілі және мәдениет тілі" атты конференция өте маңызды түрде аталып өтті.

Қосағаш ауылындағы Жаңа ауыл Қазақ мектебінің 70 жылдық мерей тойына көптеген оқулықтар мен көркем әдебиеттер және ескерткішке "Абай" мүсіні табыс етіліп, Қазақстан, Ресей, Монғолияның ортасындағы осы қазақ мектебіне "Абай атын беруді ұсынып, Қазақстан, Ресей білім министрліктеріне арнайы хат жазғыздық.

Ұстаздар күніне орай – 5 жыл ескерусіз қалған, бір күнде қайтыс болған ерлі-зайыпты, халық ағарту ісінің үздіктері Искаков Төкен мен Акулова Рабиғаға өзі тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды.

Өскемен қаласында "Мемлекеттік тіл – мемлекеттіліктің нышаны" атты көшпелі мәжіліс Мемлекеттік хатшы Оралбай Әбдікәрімовтың қатысуымен өткізілді.

Осы жиында Тіл мерекесін 22 қыркүйекте мемлекеттік тұрғыда атап өту ұйғарылды. 15 жыл бойы тіл жанашырлары ғана бас болып өткізіп келген мерекенің қалған Мемлекеттік мерекеден несі кем? Биыл облыс әкімі өзі бас болып, қолдап Тіл мерекесін жоғары деңгейде өткізді.

21 ақпанда Халықаралық "Ана тілі күніне" орайластырылып Қазақ-Түрік лицейімен бірлесе отырып Абай кітапханасында "Қазақ тілін оқытудың, Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жазудың әдістемелік көмектері" деген тақырыпта Абай кітапханасында үлкен мәдени шара өткізілді.

Қазақ тілін жақсы меңгерген № 6 мектеп оқушысы Белов Андрейге Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақ» мектебінде оқимын деген ниетіне әдістемелік көмек көрсетіліп, оқуға түсуіне жағдай жасалынды.

Қазақ тілінің жанашыры, танымал журналист, сатирик ақын Қайырғазы Исалинге Нұр Отан партиясының демеушілігімен тіл

мерекесінің соңғы күні зиратының басы көтеріліп, ескерткіш орнатылды.

Қазақ-Түрік лицейінде оқимын деген жетім балаларға арнайы лицейге түсуіне көмек көрсетілді.

Корей, еврей, татар, славян, украин қоғамдарымен тікелей байланыста, әрдайым олармен ортақ мүдде үшін әділдікке жүгінеміз.

Өскемен қаласында "Мемлекеттік тіл – менің тілім" атты қалалық байқау өткізілді. Байқаудың жүргізушілері мемлекеттік тілді жетік меңгерген С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Вера Цайспер мен КазЦинк Акционерлік Қоғамының қызметкері Александр Власов болды. Осы сайысқа 23 мемлекеттік мекеме қызметкерлері қатысып, 3 – тур бойынша өздерінің бақтарын сынасты. Бірінші орынды Ольга Амренова, екінші орынды Наталья Шегкова, үшінші орынды Наталья Подрезова жеңіп алды.

Бесқарағай ауданында көрнекті ақын Нұрлыбек Баймұратовтың 120 жылдық мерейтойына орай оқушылар арасында "Шығыс шамшырақтары" атты ақындар айтысы өтті.

Өскемен қаласының орталықтандырылған кітапханасы №3 филиалының жанынан құрылған "Қауырсын қалам" жас журналистер клубы "Туған тілім тірегім" атты қалалық байқау өткізді. Клубқа Ғ.Байбатыров, С.Байканов сынды журналистер жетекшілік етті.

Көрпеңе қарап көсіле білу, әсіресе осындай тарихи тоғыстардың тұсында керек. Ал өз алдына енші алып шыққан Отау үй бірден өз тірлігін өзі қамдап, өз көңілін өзі қымтап, өз мүддесін өзі қорғау керек. Алдымен шығаратын қорытындымыз заман ұсынып отырған, жаңа мүмкіндіктің жолын кеспеу. Елдіктің жолында қолыңнан келетінді аянып қалмау. Озғанға көз алартпау, қалғанға тұмсық көтермеу. Қолы ұзындар жабысып, қалтасына жармасып, қадамын аштырмай, қармаласып жатқан қаршадай мемлекетіңе қанатымен су сепкендей болса да болысып бағу. Әр халықтың, әр елдің, өз тарихы, мәдениеті, ең бастысы тілі бар ұлттан ғана болашақтан көп үміт күтуге болады. Қазақ тілі тек бір халықтың ғана, қазақтың ғана емес осында мекендеген көп ұлттың ортақ тілі. Тіпті менің мемлекетім деп мақтанатын, мекендеген ұлыстардың ортақ мемлекеттік тілі.

Сот кеңсесіндегі айқас. «Мүлкімді ұры, тілімді сот ұрлады» деген мақала. Қаншама қазақтың арғы-бергі тарихына көз жіберсек, жұртымыз жаратқан Алласынан байлықта, артық дәулет те сұрамапты. Тілегені бір ғана нәрсе екен. Ол – айналайын Тәуелсіздік болатын. Амал қанша, тәуелсіздіктен кейін де тәубемізге келіп, руханиятымызды түгелдеп жатқанымыз шамалы.

Ал руханият жөнінде шүкірді айтуға әлі ерте екені рас. Әсіресе, осы біздің Шығыс өңіріміз, оның ішінде Өскемен бұл мәселеде шығып жатқан заңдарымыз бен қаулы- қарарларымызға өлердей қарсылық көрсетуде. Енді нақты мысалдарға көшейік. Кезінде селебесінен қан сорғалап шовинистік империяның әкелген ең ауыр зауалы қазақтың жер-су, ауыл-қала көше атауларын түп-тұқиянын қалдырмай құртып, оған өз атауларын телуі еді. Сол зауалдың туы Өскеменде әлі желбіреп тұр. Өскеменнің көшелеріне ішінара болса да қазақ біртуарларының атын беру туралы әңгіме қазақ зиялылары арасында тәуелсіздіктен кейін-ақ сөз бола бастаған. Алғашында күбір-күбір, сыбыр-сыбырмен басталған әңгіме нәтиже бермеген соң қаладағы ақсақалдар бар, барлығы аппақ сақалдарын ономастикалық комиссия мен әкімшіліктердің босағасынан аткөпір ете жүріп “Школьное шоссе” аталатын көшені Абайға сұрап алған. Әуезовке көше сұрап, оны алу кәдімгі ұсақ-түйек ұрысқа бергісіз даңғазамен өтті. Содан бері тынышпыз. Десек те уайымсыз ұйып, қамырықсыз күлкі бола ма? Бір-екі көшенің атын қазақшалағанға жоңғарды жеңгеннен ары айқұлақтаған жұрт ет қызуымен тағыда бір он шақты көшенің атауын, қазақтың біртуарларына беріп жібермекке ниеттеніп, әрекет жасаған еді.

Тәуелсіздіктің бас кезіндегі төраға өскемендік Серік Габдуллин, профессор Ақанов, Әбілмажинова, қалалық төрайым Роза Дауытовалардың қайраткерлігін баса айтуға болады.

Әттең. Бәрі кеш еді. Өскемен қалалық мәслихаты 2000 жылдың 27 желтоқсаны күні XI сессиясында № 6/10 шешімімен қалаға қатысты көше, даңғыл, алаң, тағы да басқа атауларды өзгертуге мараторий жариялап тастады. Сол шешімнің баптарын нақпа-нақ келтіре кетейік:

Қала әкімі “Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы” мәселелерін қарағанда әкімшілік қызметкерлерінен осы Заңның 13 бабының қатаң сақталуын назарда ұстасын.

Өскемен қаласына қатысты көше, даңғыл, алаң, тағы да басқа атаулар келешекте өзгертілмесін.

Сессия төрағасы Б.А. Митин

Қалалық мәслихат хатшысы П.Е. Рытов

Содан 2000 жылдың 1 қарашасында "Қазақ тілі" қоғамы осы мәселесінің басын ашып, ыңғайы келсе көмек көрсетуін сұрап сол кездегі облыс әкімінің бірінші орынбасары, облыстық ономастикалық комиссиясының төрағасы Талғатбек Абайдилдин мырзаға өтініш хат түсірілген. Ол кісі бұл мараторийдің қаншалық заңды екенің анықтау үшін облыстық прокуратураға тапсырма берілгенің хабарлаған.

2002 жылдың 23 желтоқсанында облыс прокуроры С. Карамановтан жауап келді. Онда аталған шешімді оқып зерделеп, оның 3 тармағының заң талаптарына қайшы келетіндігін көрсеткендіктен, қалалық прокуратура тарапынан шешімнің осы бөлікте күшін жою туралы қалалық мәслихатқа наразылық білдірілді делінген.

Одан бері де жыл өтті. Прокуратура араласқан соң бәрі орнына келген шығар деген тоқ ниетпен Өскемен қалалық "Қазақ тілі" қоғамы облыстық ақсақалдар алқасы, мұсылман әйелдері қауымдастығы, облыстық корей, татар,, чечен, әзірбайжан, әрмян мәдени орталықтары оралмандардың Республикалық "Асар" қоғамдық бірлестігінің Шығыс Қазақстандағы филиалы бар, барлығының төрағасы қол қойып, облыстық ономастикалық комиссияға өтініш хат түсіреді. Онда мараторий туралы: Біз мұны Қазақстан Республикасының Ата Заңына қарсылық, мемлекеттік тілді дамытуға кедергі келтіру, үстем ұлттық шовинизм деп қабылдаймыз... делінген ішінара.

Тағы да қазақтың біртуарлары, қоғам мен мемлекет қайраткері Қошаев Қазыбек би, Қабанбай батыр, Абылай хан, Ізгұтты Айтықов, Оралхан Бөкей, Қаныш Сатпаев, Базатай Қайырбеков, Талғат Бегелдинов, Қасым Қайсенов, Бауыржан Момышұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыровқа Өскемендегі Ленин даңғылы, пролетар, Орджоникидзе, Урицкая, Киров, Ушанов, Виноградов, Буров, Ворошилов, Питер коммуналары, Гоголь, Крылов, Либкхнехт, Новаторов көшелерінің атауын беру сұралған. Жым-жырт. Біз көше атауын сұрап жүрсек, қалалық мәслихат мараторийін әлі алмапты да. "Қазақ тілі" қоғамы мен

ақсақалдар алқасы тағы да қалалық әкімшілікке барып: Ағайындар-ау прокуратура заңсыз деп тапқан мараторийлеріңді қашан аласыңдар? деп, ал қала әкімінің ішкі саясат бөлімінің бастығы Асқар Нұрғазиев пен сол бөлімнің бас маманы, ономастикалық комиссияның хатшысы Л.И. Екимова «біз прокуратураның қағазын алған да, көрген де жоқпыз» деп ауыздарын қу шөппен сүртіпті. Қалалық мәслихат жаңа құрамда, олар біз білмейміз дейді. Білмейтіндері рас. Міне ағайын, Өскемендегі қазақ руханиятын түгендеуге жасалынған әрекет хиқаятының бас-аяғы осындай.

Өскеменде қазақша атауға деген сондай бір зілді қарсылық бары өтірік емес. Мейлі неміс, мейлі ағылшын, мейлі коллектив аты беріле берсін, тек қазақ болмаса болды дегенге саяды. Әйтпесе, мараторийға қарамай Мир көшесіне Головковтың атын, ал студенттер қаласының кірер аузына Потанин қақпасын жасап, Спорт сарайына В.Александровтың, қалалық орталық кітапханаға Е.Славскийдің атын беруді сұраған. Кімге берілсе де, әділдік болу керек еді. Сонда әлгі мараторий қайда? Қаладағы 578 көшенің тек санаулысы ғана қазақша атауға ие. Олар Абай, Әуезов, Тоқтаров, Өтепов, Бөкеев, Кеңестер Одағының батыры Ізғұтты Айтықов атындағы көше (көше емес, бұзылған үйлердің іргетасы қаланған, бұрын қаланың ішінде еді, Батырдың мерейтойына байланысты дұрыс көше сұраймыз деп пәлеге қалғанбыз. Қазір оны қаланың сыртындағы Үлбі кентіне апарып тастады. Ол кентте орталық су құбыры да жоқ, автобус қатынаспайды. Әр көше, әр бұрылыс, әр айналмадағы жарнама, хабарландыру, маңдайшадағы жазулар, қазақ тілін мазақтау үшін әдейі жазылатын секілді.

1. Қазір Шығыс өзгеріп келеді. Шығысқа шырай беруді бастаған Жәнібек Кәріпжанов болды. Соңғы кезде Өскемен қаласында 10 орталық көшесінің атаулары қайтадан аталды. Олар Пролетар көшесі Қабанбай батыр, Урицкая – Қасым Қайсенов, Текстильщиков даңғылы Қаныш Сәтбаев есімін иеленсе Орталық алаң Республика алаңы атағын алып, Ленин атындағы даңғыл Тәуелсіздік даңғылы болып қайта аталды.

Облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың сапары сәтті болды. Тәртібі қатты болды. Көмегі қоғамның үніне нақты болды. Сондықтан осын-

дай тәуелсіз елге, Тәуелсіз ойлы әкім керек. 1) Мысалы, мен көтерген кейбір аудан, қалалар 20 жыл бойы Қазақстанның теледидарын көре алмай келе жатқан халықтың, Наз ретінде ашына айтқанымды дұрыс қабылдап, 4 айға жеткізбей 7 аудан мен Семей қаласының маңындағы Знаменка селосында бірден Қазақстан, Хабар телеарнасын орнатып бергені бүкіл халықтың көңілінен шықты.

2. Міне жаңа келген облыс әкімі Бердібек Сапарбаев Абай мен Пушкинге Өскеменнің бел ортасынан аз уақыттың ішінде ескерткіш қойып, Өскеменде Қазақстан бүгін орнағандай болды.

3. Қазақ тілін оқуға талпынған басқа ұлт өкілдеріне 20 шақты Грант беруде.

4. Барлық орыс аудандарға қазақ тілінде қазақ газеттерін шығарып, оқырмандарды қуантуда.

5. 20 жылдан кейін Өскемен қаласында тұңғыш қазақ тілінде газет шықпақ.

Бұл ой әкімді пендешілікпен жақтау емес, Тәуелсіз елге, тәуелсіз ойлы осындай әкімдер көп болса, халыққа да, Президентке де көп көмек болар еді. Кейде команда десек шашымыз тік тұрады. Жоқ, міне Сапарбаевтың командасы дұрыс жинақталған.

Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік органдарының құжат айналымындағы шығыс құжаттарындағы мемлекеттік тілдің үлес салмағы (2009 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша жүргізілген мониторинг):

1. Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын облыстық басқармаларда – 82,9 пайыз, 2008 жылы 8 айда 74,4 пайыз болған.

2. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын облыстық басқармаларда 80,5 пайыз, 2008 жылдың 8 айында 59,6 пайыз болған.

3. Облыстың қалалары мен аудандарындағы мемлекеттік органдарда 98,3 пайыз, 2008 жылғы 8 айда 92,1 пайыз болған.

4. Облыс әкімі аппаратында 85,6 пайыз, 2008 жылдың 8 айында 63,1 пайыз болған.

Облыс әкімі аппаратына Премьер-Министр кеңсесінен 2009 жылдың 8 айында түскен құжаттардың 39,4 пайызы, Министірліктерден түскен құжаттардың 46,4 пайызы ғана мемлекеттік тілде түскен.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысының 2007 жылғы 23 қаңтардағы № 03-511 хаттамалық тапсырмасының 2-тармағына сәйкес облыста 2007-2010 жылдары қазақ тілінде оқытып, тәрбиелейтін мектептер мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінің санын арттырудың жоспары бекітілді. Жоспарға сәйкес 2007-2010 жылдары облыста мемлекеттік тілде тәрбиелеп оқытатын 28 балалар бақшасы және 16 мектеп ашу көзделді. 2007 жылы облыста 13 балабақша, 5 мектеп ашылса, 2008 жылы 10 мектеп 5 балабақша, 2009 жылы 3 мектеп, 3 балабақша ашылды.

Тіл саясатын тұжырымдамасындағы осы орайдағы жекелеген азаматтардың немесе қоғамдық бірлестіктірдің емес, мемлекеттің өзінің ықпалы басым болуға тиіс, өйткені тек мемлекет қана мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық саласында қолданылу мәселелерін шешуге болады. Мемлекеттік тілдің, мемлекеттік органдары басты қолдаушысы да, тосқауылшысы да мемлекеттік қызметкерлер. Тәуелсіз елге – Тәуелсіз ойлы кез келген салада басшы керек. Президентіміз Н.Назарбаев айтпақшы құлдық психологиядан арылатын кез келді.

Қазір Шығыстағы көп ұлттың балалары мемлекеттік тілде сөйлеп, іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жазуға талпынып Қазақстанның саясатын дұрыс жүргізіп жатқанда, біз болып, үкімет болып үлгі болуымыз керек.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТ-БАҒДАРЛАРЫ

Әбдірахманов Мұрат,
Павлодар облыстық
«Қазақ тілі» қоғамының төрағасы

Баршаңызды Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамының және Елімізде тіл туралы Заңның қабылданғанына 20 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2008 жылғы 17 қаңтарда «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында: «Партия жұмысының аса маңызды бағыты – теңдестірілген тіл саясатын жүзеге асыруға ықпал ету. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде Қазақстан қоғамы бірлігінің, топтасқандығының факторы болу керек. Әлеуетті де бәсекеге қабілетті мемлекеттік тіл өзінің әлеуметтік функциялары мен қолдану ауқымын дәйектілікпен кеңейтуі тиіс. Осындай қадамға қолдау көрсете отырып, біздің азаматтарымыз қазақ халқына, оның мәдениеті мен тіліне шынайы құрметін білдіреді. Бұл қазақ халқының қайтармалы ризашылығын туғызып, адамдар арасындағы үлкен сенімге қызмет етеді. Мен бұл міндетті дұрыс түсінетіндердің бәріне ризамын...»-деген болатын. Елбасының аталы сөзі Қазақстанда тұрып жатқан өзге ұлт өкілдері мен ана тілін білмейтін өз қандастарымызға үлкен жауапкершілік жүктейді.

Кезінде ат төбеліндей ғана қазақ тілінің нағыз жанашырларының тілі болып келген ана тіліміз қазіргі таңда қанатын кең жая бастады. Бұл, әрине, Елбасымыздың ұстанып отырған сындарлы тіл саясатының нәтижесі. 1991-2008 жылдар аралығындағы кезеңде мемлекеттік тілімізді қолдау аясы кеңіп, мемлекет тарапынан тиісті көмек көрсетілуде. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Павлодар облыстық ұйымы облыс көлемінде мемлекеттік тіл саясатына байланысты өткізіліп

жатқан барлық шараларға қатысып, белсенділік танытуда. Өтпелі кезеңдегі барлық қиындықтарға қарамастан облысқа қарасты 3 қала мен 10 ауданда қоғамның филиалдарын сақтап қалдық. Қазіргі уақытта аталған филиалдар жүйелі түрде жұмыс істеуде. Біздің ұйым өз жұмысын негізгі үш бағыт бойынша атқаруда.

Бірінші бағыт – оқыту мәселесі және іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу сапасына бақылау жасап, құзырлы органдарға көмек көрсету.

Қазіргі таңда облыс тұрғындары тарапынан қазақ тілін үйренуге қызығушылық артуда, себебі тіл білу әлеуметтік ортада жақсы бейміделуге, жұмысқа орналасуға оң септігін тигізеді. Мысалы, 2007 жылы облыс бойынша 11254 адам оқыса, 2008 жылы 12315 адам мемлекеттік тілді оқып үйренді. Бүгінгі күні аудармашылардың атқарып отырған жұмысының ауқымы баршаңызға белгілі, осыған орай ұйымның жанынан аудармашылардың біліктілігін арттыру курсын ашып, қалалар мен аудандардағы аудармашыларға қолғабыс көрсетудеміз. Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы ұйымдастыратын тексерістерге ұйым мүшелері белсенді түрде қатысып, қолдау көрсетуде. Сыртқы және ішкі жарнамалардағы көрнекі ақпараттың дұрыс ресімделуі, яғни олардың орналасуы мен жазылуы тіл заңнамасының негізгі талаптарының бірі болып табылады. Осыған орай түсіндіру жұмыстары да жүргізіледі. Біздің ұйым мүшелері қала көшелерінде орналасқан көрнекі ақпараттың дұрыс жазылуына мән беріп, қате жіберген мекеме басшыларымен жұмыс істеуде. Бұқаралық ақпарат құралдарымен бірге арнайы рейдтер ұйымдастырып, тіл саясатының дұрыс орындалуына септігімізді тигізудеміз.

Ана тілін сәбидің санасына ананың ақ сүтімен сіңіріп, тал бесіктен, отбасынан бастаған абзал. Қазіргі уақытта қазақ тілінде тәрбие беретін бала-бақшалардың аздығы көптеген жастарымызды толғандырып жүр. Облыс әкімі Б.Ә.Сағынтаевтың бастамасымен кезінде арзанға сатылып кеткен балабақшалар мемлекетке қайтарылуда. Биылғы жылдың соңына дейін облысымызда 11 балабақша пайдалануға берілмек. Осы мәселені шешу үшін ұйым мүшелері халық арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, облыс әкіміне қолдау көрсетуде.

Екінші бағыт – облысымыздағы ономастика мәселесінің шешілуіне ықпал ету.

Елді мекендер атауларының нақтылануы, тарихи топонимдер мен көшелердің атын бір жүйеге келтіру әлеуметтік саяси мәні бар мәселе тұрғысынан қаралуда. Облыс аумағында 3 қала, 10 аудан, 5 кент, 168 ауылдық округ бар. Қаламыздағы жоғары оқу орындары ғалымдарының мәліметтеріне сүйенсек, облыс бойынша 4412 тарихи-географиялық атаулар бар екен. Соның ішінде қазақ тілінде 2890 атау (65.5%), көне түркі тілінде 852 атау (19.3%), славян-еуропа тілдерінде 604 атау (13.7%), араб-иран тілдерінде 35 атау, (0,8%), монғол-қалмақ тілдерінде 31 атау (0,7%) бар. Қазіргі уақытта облысымыздағы 425 елді мекен атауының 266-сы, яғни 63%-ы қазақ тілінде. Елді мекендерге тарихи төл атауларын қайтару мәселесіне ұйым мүшелері атсалысып, халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде. Осының нәтижесінде өзге ұлт өкілдері тығыз қоныстанған Ертіс ауданында бүгінгі күні 40 елді мекеннің 37-іне тарихи атауы қайтарылды. **Ономастика мәселесінің оңтайлы шешілуіне барлық қоғамдық ұйымдар мен партиялардың филиалдары қолдау көрсетіп елміздің, жеріміздің тарихи келбетін қайтаруға үлес қосу керек.** Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарғанда ғана ата-бабамыз армандап кеткен ұлы мұраттың орындалары сөзсіз.

Үшінші бағыт – бұл мемлекеттік тіл саясатын насихаттау және оны іске асыру мақсатында түрлі мәдени-бұқаралық шараларды ұйымдастыру

Біздің облысымызда үстіміздегі жылдың басынан бастап дайындық жұмыстары жүргізіліп, осы мерейтойға байланысты көптеген шаралар атқарылды. Облыс әкімі Б.Ә.Сағынтаевтың төрағалығымен арнайы ұйымдастыру комитеті құрылып, жоспары бекітілді.

Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасымен Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамының Павлодар облыстық филиалы бірігіп, қаламыздағы "Қазақ тілі" қоғамының негізін қалаған тіл жанашырларының қатысуымен қаңтар айында дөңгелек үстел өткіздік. Отырыста алдағы атқарылар жұмыстар талқыланып, ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілді. Осы бағытта "Шаңырақ" халық шығармашылығы орталығында қазақ фольклоры апталығы аясында "Ғасырлар жырлайды" атты әнші-жыршы, жыраулардың облыстық конкурсы мен ақындар айтысы, мемлекеттік тіл саясатын кеңінен насихаттау мақсатында А. Байтұрсынов шығармашылығы

білгірлерінің "Тіл білімінің атасы", Абай поэзиясы білгірлерінің "Мақсұтым тіл ұстартып, өнер шашпақ" атты облыстық конкурстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар облысымызда жарияланған тілдер айлығы шеңберінде О. Бөкей мен М.Мақатаев атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің облыстық конкурстары, мемлекеттік қызметшілер арасында "Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік тіл" және қазақ тілін жетік меңгерген өзге ұлт өкілдері жастарының қатысуымен "Мемлекеттік тіл – менің тілім" атты сайыстар өткізілді.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Павлодар облыстық ұйымы құрылған күннен бастап жарық көрген «Дауа» газетінің жалғасына айналған «Ертіс дидары» газеті 1999 жылдан бастап үздіксіз шығып келеді. Жақында «Қазақ тілі» қоғамының жұмысын насихаттау мақсатында жергілікті басылымдарда екі тілде мақалалар сериясы ұйымдастырылып, "Ертіс дидары" газетінің арнайы нөмірі шығарылды.

Мерейтой қарсаңында облысымызда тіл мәселесіне арналған "Ертіс дидары" сайты ашылды. Аталған сайт "Мемлекеттік тіл және бұқаралық ақпарат құралдары" атты республикалық конкурсқа қатысып, жүлделі 3-орынды иеленді.

Алдағы уақытта жоғарыда аталған мерейтойға арналған жұмыстар жыл соңына дейін жалғасын табады. Қаламыздағы жоғары оқу орындары мен колледждерде семинарлар, конференциялар өткізу, жергілікті дарындарды қолдау мақсатында облыстық радиомен бірігіп, ақындар мүшәйрасын ұйымдастыру, Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамының 20 жылдығына орай қазақ тілін жетік меңгерген өзге ұлт өкілдерінің қатысуымен облыстық форум және облыс мектептерінде сынып сағаттарын, облыс көлеміндегі кітапханаларда "дөңгелек үстелдер" мен көрмелер ұйымдастыру жоспарлануда.

Мемлекеттік тіліміздің дамуы, қоғамымыздың барлық салаларында оның өз мәртебесіне лайық орын алуы – өте маңызды, мемлекеттік мәні бар зор мәселе. Сол себепті тіліміздің мерейін көтеріп, асқақтату баршамыздың басты міндетіміз болып есептеледі.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҚАЖЕТТІЛІК ТУДЫРУ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕСІ

Кәдірхан Баққараев,
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы
Жамбыл облыстық ұйымының төрағасы

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының екінші жартысы мен тоқсаныншы жылдарында бүкіл Кеңес кеңістігіндегі демократиялық үрдістер мен «бетбұрыс» жолындағы толқулар қазақ ұлтының қайта жаңғыруымен тұспа-тұс келді. Ана тілімізді ардақтауға, оның кемелденуіне даңғыл жол ашу жолындағы күрестің дамуына орасан зор серпін әкелген тұңғыш «Тіл туралы заңның» қабылдануына және «Қазақ тілі» қоғамының құрылуын жалдамдатты. Коммунистік партияның ықпалынан асып кете алмаған билік орындары мен үкіметтің және Жоғары Кеңес депутаттарының қолынан келе қоймаған күрделі іске белгілі бір кертартпа топтардың кесіріне қарамастан «Қазақ тілі» қоғамы қозғау салды, бүкіл халықты осынау болашақ үшін аса қымбат игі іске жұмылдыра білді.

Біздің Жамбыл облысында аудандық, қалалық ұйымдармен қатар Жамбыл-Қаратау өндірістік кешенінің барлық буындарында, цехтар мен бригадаларда, ауысымдарда қоғамдық бірлестіктің ірі ұйымдары, біріккен комитеттері құрылды. Жамбыл химия кәсіпорындары мен Жаңатас қаласы кеншілері, құрылысшыларының ұйымдық жағынан күшті бастауыш және біріккен комитеттер «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымының ұйытқысы ретінде бүкілхалықтық легтің алдыңғы сапынан көрінді. Өндіріс ошақтарындағы мыңдаған еңбеккерлердің «тіл майданы» жолындағы күресін бастады. Туған тілдің тұғырын бекемдеуге деген жылдар бойғы армандарын жүзеге асыруға бір кісідей талпынды. Соның нәтижесінде Тараз, Қаратау, Шу және Жаңатас қалаларымен қатар қалың орыс тілді жұртшылық қоныстанған

Қордай, Меркі, Луговой, Жуалы аудандарындағы жат тілдегі «сіре-скен сеңді» бұзуға құлшына кірісті. Қоғам мүшелерінің талап етуімен бүкіл еліміздегідей біздің өңірімізде де жүздеген қазақ мектептері мен бала-бақшалары ашылды. Көшелердің аттарына ұлттық сипат берілді. Талас, Сарысу, Мойынқұм сияқты шалғайдағы қазақы аудандардағы халықтың тұрмыс-тіршілігіне жат, икемсіз атаулар алынып тасталып, ұлттық сипатқа ие бола бастады. «Қазақ тілі» қоғамының облыстық «Әулиеата», Талас аудандық «Шапағат» газеттері шығып тұрды. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының 20 жылдық тарихында өзінің ұлтжандылық қызметімен көзге түскен қайраткерлер мен тұлғаларды ұлықтауға аса зор мән беруді ойластырып отырамыз. Жамбыл жерінде, Әулиеата өңірінде, көне Тараз аймағында қайта түлеген қазақ тілінің жанашырлары туралы шежіре кітап әзірледік.

Дегенмен, мұндай үлкен форумда, алқалы жиында 20 жыл ішінде қол жеткен табыстармен қатар орны толмаған олқылықтарға, жіберілген кемшіліктерге ақталмасқа болмайды. Қазір барлық жерде мемлекеттік тілді қазақшадан орысшаға аударатын тілмаштар жетіп артылады. Әр әкім – қараның өз тілмашы бар. Мұның өзі шенеуніктi, мемлекеттік қызметшілерді, ілкімгерлерді мемлекеттік тілді үйренбеуге деген масылдық пиғылдан арылтпай келеді. Сондықтан аудармашылардың сапасын жақсартып, санын азайту күн тәртібіне қойылуы тиіс. Сонда ғана лауазымды тұлғалар мемлекеттік тілді үйренуге мәжбүр болады. Олай болмаған жағдайда, «баяғы жартас, бір жартас» қалпында қалады. Тіпті, дегенде ол «ел тұлғалары» болғысы келгендер халық алдында тілмаш әзірлеген мәтінді ежіктеп оқи алмай, қор болады.

Сондай-ақ, қазақ тілінің қажеттілігін арттыратын барлық тетіктерді іске қосатын мезгіл жеткен сияқты. Мұқтаждық және құштарлық адамды тіл үйренуге итермелейді. Соғыс кезінде жер аударылып келгендердің аз уақыт ішінде қазақ тілін қалай тез үйренгенін көзіміз көрді. Оларды ешкім мәжбүрлеген жоқ. Жоқшылық, тұрмыстың қиын тауқыметі қазақ тілін меңгеруге икемдеді. Тұрғылықты халықтың тілін біліп, әдет-ғұрпын, салт-тұрмысын, дәстүрін құрметтегендіктен олар жұрт қатарлы өмір сүрді. Сондықтан да бірде бір шешен, неміс, кәріс, балқар, қарашай қазақтар туралы жаман сөз айтқан емес. Өйткені,

біз оларды жақынымыздай күттік, дастарқанымыздан барымызды аямадық. Бұл, әрине, жоғарыдан келген бұйрықтың күші емес. Халқымыздың байырғы қонақжайлылық ғұрпы – қыр қазағының ата салты.

Әулиеата қаласы Ресей патшалығының қоластына 1864 жылы Черняев әскерінің күшімен бағындырылды. Сол отаршылардың үрімбұтағы Тараз өңірінде әлі күнге дейін бар. Мемлекеттік мекемелердің тұтқасын ұстады. Соған қарамастан осы күнге дейін олардың балалары мен немерелері, шөберелері бір ауыз қазақша білмейді. Неге? Өйткені, қазақ тілінің оларға қажеті бола қоймады.

Біздің елімізде тұратын басқа жұрт өкілдері мемлекеттік тілді білу қажеттілігін түсінуі міндетті. Қазақ тілін білу арқылы түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын қырғыз, татар, қарақалпақ, ноғай, қарақұмық, қарашай, балқар және басқа тілдерді оп-оңай меңгеруге болатынын білсе ғой.

Эстонияда орыс тілді тұрғындардан мемлекеттік тілді міндетті түрде білуді талап етеді. Неміс тілінің емтиханынан сүрінгендер, Германия азаматтығына ие бола алмайды. Ал, бізде ше? Жат жұрттықтардың қалай болса, солай қазақ жеріне қоныстануына болады екен. Ешқандай талап, міндет жүктелмейді. Не деген «демократияшыл», кең пейіл, қонақжай елміз?!

Біздің өзімізге байланысты проблемалар, көкейтесті мәселелер аз емес. «Қазақ тілі» қоғамы Жамбыл облыстық ұйымының белсенділері мен тіл жанашырларының есімін есте сақтау үшін кітап шығару жөнінде облыстық әкімнен көмек сұрадық. Біздің тілегіміз орындалмады. Тараз қалалық әкімі «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымына көп жылдардан бергі берешек борышын өтемей келеді.

Енді осынау талап-тілекті мемлекеттік тілді дамыту президенттік қорының директоры Б.Әбдіғали мырзаның да алдына қойып отырмыз. Көне Тараз – қыдыр дарыған Әулиеата өңіріндегі – жаңарған Жамбыл жеріндегі мемлекеттік тілді орнықтыру жолындағы күресті баяндайтын кітапты шығаруға көмек сұрадық. Бұған өзіміздің «Әулиеата» және басқа газет материалдары негізге алынады.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымында белсенді қызмет атқарған журналистер Рахметбек Өзбекұлы, Базар Қилыбаев,

жазушылар Оспанәлі Иманәліұлы, Несіпбек Дәутайұлы, ақындар Совет Әлімқұлов, Нарша Қашағанұлы, мәдениет-білім қайраткерлері Әбдірахман Мамаш, Оразбек Күсепбайұлы, қоғам белсенділері Мұхамедия Бижанұлы, Роза Сманқызы және басқа көптеген тіл жанашырларының есімдерін есте сақтайтын кітаптың керектігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Әрине, тіл тағдырынң сан қилы көкейтесті мәселелерінің бірінші кезекке қойылатыны сөзсіз.

Бұл біздің бастау. «Бұ шіркінді бастау қиын, бастаған соң, тастау қиын». «Қазақ тілі» қоғамы нағыз соның өзі.

ЕЛІМІЗДІҢ БАТЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ТЫНЫСЫ

Жексенғалиев Болат Өтеғалиұлы,
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы

«Турасын айтайық, мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру жақсартуды қажет етеді».
Н.Ә. Назарбаев

Қазір елімізде тіл саясатын жүргізудің жаңа кезеңі, шешуші кезеңі басталды. «Тіл туралы» ҚР Заңының қабылдануы мен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына 20 жыл толып отыр. Бұл аз уақыт емес, сонымен бірге соншалықты көп уақыт та емес. Мәселе алға қойылған міндет-мақсаттың ауқымдылығы мен нақты орындалуында. Тәуелсіз Қазақстан үшін бүгін тіл саясатының басым бағыттары бойынша алынған асулар мен шешімін күткен мәселелер бойынша сараптама жасау, қорытындылар шығару, тиісті шешімдер қабылдау, жүрер жолды анықтап алу – басты міндет болса керек. Еліміздің барлық аймақтарындағы сияқты Батыс Қазақстанда да тіл саясатына қатысты қыруар шаруа атқарылды. Десек те, жалпы еліміздегі қалыптасқан тілдік ахуалдан туындап отырған өткір мәселелер батыс аймаққа да тән. Негізінен мемлекеттік тілде іс жүргізуге көшкен батыс аймақтағы мемлекеттік мекемелер үшін орталықтан келетін құжаттардың басты ауруға айналғаны бұған бір мысал.

Ең өкініштісі, мемлекеттік тілді тұғырына қондыру ісінде нақты нәтижеден көрі құрғақ есеп пен науқандық сипаттағы шаралар басым болып отыр. «Марғау тартқан ой мен самарқау тартқан сана» (Ө.Айтбайұлы) серпілер емес. «Тілдік отарлану қандай күшті болса,

тілдік отарлықсыздану да сондай күрделі болатынын» (Ә.Кекілбай) уақыт көрсетті. Мемлекеттік тіл идеологиясының білім жүйесіндегі, жалпы қоғамдағы әлсіздігінен мемлекеттік тілдің қажеттілігін басқаны айтпағанда қазақтың өзі түгел түйсіне алмай отыр. Мектепке барған қазақ балаларының үштен бірі ана тілінде, мемлекеттік тілде емес, орыс тілінде білім алу жолын таңдағанын басқаша қалай түсіндіреміз? Бұл бағытта бізге «ыждаһаттылық пен намыс, құрмет жетпей отырғаны» (Г.Бельгер) анық.

«Солқылдақ солақай сананы» (Ә. Кекілбай) серпілту үшін де қазіргі шешуші кезеңде бізге тіл саясатында батыл да тың қадам қажет, азаматтық қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдырып, қоғамда жаңа тілдік психологияны, қазақ тілін Қазақстан мемлекеттігінің ең басты белгісі ретінде қабылдайтын психологияны қалыптастыратын қуатты тіл идеологиясы керек.

Қазақстанда мемлекеттік тілдің мақсат-мүддесін көздейтін заңдық база әлсіз, жетілдіруді қажет етеді. Қолданыстағы заң тиісті міндеттерін толықтай атқара алмай отыр. «Тіл туралы» Заңның 23 және 24 баптары бойынша заң нормаларын жүзеге асыратын арнайы қаулы, ережелердің Үкіметте қабылданбауы да бұған бір тұсау.

Сондықтан да еліміздегі тіл саясатының заңнамалық негізін уақыт талабына сай жетілдіру үшін «Мемлекеттік тіл туралы» жаңа Заң қабылдау қажет деген қоғамдық пікірді қолдаймыз және жаңа Заң жобасын 2009 жылдан қалдырмай Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсыну туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитетіне конференцияға қатысушылар атынан ұсыныс түсіріліп, Парламент депутаттарына Заң жобасын қолдау туралы хат жіберілсе деген ұсыныс бар.

Сол сияқты «Тілдердің үшбірлігі» мәдени жобасына қатысты да бізге айқындылық керек, міндет-мақсаттарымыз нақты сараланғаны дұрыс. Қоғамның белгілі бір бөлігі әлі мемлекеттік тілде сөйлемейтін мемлекетте «үштілділік» жобасын іске асыру оңай шаруа емес. Ал еліміздің білім беру жүйесі мен тіл саясатын жүргізетін тиісті мемлекеттік мекемелері тарапынан бұл бағытта түрлі эксперименттер (бастауыш мектепте, мектепке дейінгі балабақшаларда т.б) басталып та кетті. Тіпті, балабақшаларда бүлдіршіндердің үш тілді қалай

меңгеріп жатқаны туралы аймақтар жарыса рапорт беріп, ескіден қалған әдетпен науқаншылдыққа да жол беруге сәл қалдық.

Мәдени жоба туралы сөз болғаннан бергі Елбасының тіл туралы айтқан тұжырым, пікірлерін мұқият зерделесек, алға қойылған міндеттер нақтылана түскенін көреміз. «Тіл саясатына қатысты ұғымтал да ұрымтал пікірлер» (Ә. Кекілбай) жобаның темірқазығы емес пе?

«Қазақстанның болашағы- қазақ тілінде»

«Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы – қазақ тілі»

«Бұдан былай да Қазақстандағы қазақ тілінің рөлі өсе береді»

Ең алдымен, «Тілдердің үшбірлігі» мәдени жобасына қатысты мемлекеттік тұжырымдама қажет екені анық және тұжырымдамада елдің тілдік болашағы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі басымдығы, екінші, үшінші тілдердің орны нақты көрсетілуі қажет. Бірінші тіл – мемлекеттік тіл, қазақ тілі, екінші тіл – қазіргі қоғамдағы қажеттілік тұрғысынан алғанда орыс тілі, үшінші тіл – ағылшын тілі. Бұл қоғамда, түрлі деңгейдегі жиындарда айтылып қалып жүрген «қостілділіктен екі мемлекеттік тілге», «тілдердің тең құқылығы», «міндетті екі тілді, үштілді білім» идеяларына тойтарыс беру үшін керек.

Тағы бір өзекті мәселе – шет елдердегі қазақтардың ана тілін сақтауы.

Қазіргі кезде, әсіресе, ең мол қазақ диаспорасы шоғырланған Ресейде қазақ тілінің ассимиляцияға ұшырағаны анық байқалады. Ал елімізбен іргелес Ресей губернияларындағы қазақтардың ана тілін, мәдениетін сақтау, дамыту еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе емес пе? Бұл тұрғыдан алғанда Ресейдің 5 губерниясымен (Астрахань, Волгоград, Саратов, Самара, Орынбор) шекаралас жатқан Батыс Қазақстанда бұл істің маңызы ерекше. Жергілікті жерде азды-көпті шаруалар істелуде , бірақ бүгінгі күні бұл жеткіліксіз. Ресей қазақтарының ана тілін сақтаудағы басты сенері, негізгі үміті – Қазақстан. Сондықтан да «Шет елдердегі қазақ диаспорасына ана тілін оқыту» арнайы мемлекеттік бағдарламасын қабылдау туралы ҚР Мәжілісіне, Үкіметке, Тіл комитетіне арнайы ұсыныс түсірген жөн.

Қазіргі елімізде, оның ішінде Батыс Қазақстан облысында қалыптасып отырған жағдайға байланысты мемлекеттік тіл саясатын жүргізудегі өз орнын «Қазақ тілі» қоғамы тіл туралы қабылданған,

заңдар мен қаулылардың іске асырылуына ықпал етуші, заңның орындалуын талап етуші, мемлекеттік тілді қоғамдық қолдаушы, құқықтық қорғаушы, ұлттық мүдде жолында қоғамдағы барлық мүдделі күштерді біріктіруші қоғамдық ұйым ретінде көреді. Сондықтан да «Қазақ тілі» қоғамының облыстық бөлімшесі өз жұмысын жергілікті әкімдікпен, облыстық тіл дамыту басқармасымен, тиісті мекемелермен, барлық тіл жанашырларымен бірлікте жүргізуге ұмтылып отыр. 2008 жылы Оралда өткен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының көшпелі пленумы кезінде «Нұр-Отан» халықтық-демократиялық партиясының БҚО филиалы мен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы арасында өзара ынтымақтастық пен бірлесе жүргізілетін жұмыс туралы қол қойылған мемарандум бұл бағыттағы істерге тың қарқын береді деп сенеміз

Сонымен бірге еліміздегі тіл саясатының іске асырылуына бірдебір мүдделі қоғамдық ұйымға тиісті мемлекеттік органдар тарапынан қолдау мен көмек тұрақты және жүйелі сипатта болса деген тілек бар. «Қазақ тілі» қоғамының әлеуетін толық пайдалану ортақ іске тек тиімді болатыны анық.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНЕ ГРАММАТИКАСЫЗ (МОДЕЛЬДЕР АРҚЫЛЫ) ОҚЫТУ

Әлімхан Жүнісбек,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Тіл үйрену – сөз бен ереже жаттау емес,
тіл үйрену – сөйленім үлгілерін
(модельдерін) игеру.

Қазіргі кездегі оқулықтар да, әдістеме де, мұғалім де қазақ тілін ана тілі ретінде үйретуге икемделіп дайындалған. Себебі мұғалімдер дайындайтын оқу орындары қазақ тілін тек ана тілі ретінде оқытатын мұғалімдер дайындап келеді. Сондықтан олар оқу сыныбына (аудиториясына) келеді де грамматиканы жаттатудан бастайды. Айналып келгенде бала ережені біліп-ақ тұр, бірақ сөйлеуге дәрмен жоқ. Оқытушының да, оқушының да қыруар еңбегі тіл үйрету мен тіл үйренуге емес, грамматиканы жаттату мен жаттауға босқа сарп болуда. Ал бізге болса, қазақ тілін «екінші тіл» (ана тілі емес) ретінде үйрететін оқу-құралдары, әдістеме мен мұғалімдер керек. Ендеше әрекеттің басы қазақ тілін грамматикасыз оқытатын оқулықтар, әдістемелер мен мұғалімдер дайындау болу керек.

Ол үшін:

- Қазақ тілі пәнін екіге бөлу керек. Қазақ тілін ана тілінің ғылыми курсы ретінде оқыту үшін оның толық грамматикасын оқытатын пән – бір бөлек. Қазақ тілінде сөйлеуді үйрететін «грамматикасыз» пән – бір бөлек. Бізге керегі – соңғысы.

- Қазақ тілінің грамматикасын арнайы филологиялық бағыттағы мектептерде ғана оқытып, өзге мектептерде қазақ тілінде сөйлеуді

ғана үйрету керек, яғни грамматикасыз оқытуды жолға қойған жөн. Өз ана тілінің грамматикасын зорға меңгеріп жатқан орыс баласына, енді келіп, қазақ тілінің грамматикасын үстемелейміз (өз ана тілі – орыс тілінің грамматикасын әлде қашан ұмытып кеткен ересектерге, енді келіп, қазақ тілінің грамматикасын үйретеміз деп әлекке түсеміз). Бар уақыт пен күш-қайрат ереже жаттатуға кетеді. Одан бір нәтиже болса екен-ау! Осыдан келіп «қазақ тілін үйрену мүмкін емес», «оқулығы қиын», «әдістемесі нашар», «маман мұғалім жоқ» деген т.б. алып-қашпа сөздер тарайды.

- Оқулықтар мен сөздіктерді академиялық талап бойынша дайындап бермей, олардың ықшам-оралымды түрлеріне көшкен жөн. Әзіргі оқулықтар қазақ тілінің барлық грамматикалық жүйесін, сондай-ақ шамадан тыс этноматериал (киіз үй, тұсау кесер, Абайдың қара сөздері т.б.) қамтуға тырысады. Жалпы этноматериал арқылы қазақ тілін үйретуге болмайтынын ойланған жөн. Қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпы жайлы айту керек болса, оны орысша әңгімелеп беру керек. Ендеше әр пән өз міндетін дұрыс және орнымен атқарып отырсын.

- Тіл үйренуге деген тәрбиені отбасынан бастауды дәстүрге айналдырып, оны ата-ана тәрбиесінің бір үрдісі ретінде қалыптастырған жөн. Ол үшін ата-аналардың қолын ұзартып, көзін ашар оқу-әдістемелік көмек қажет. Кез-келген өркениетті елді алыңыз, оларда көп тіл білу– басты мақсат. Бір тілмен қалсаң өзіңе зиян (кеміс), көп тіл білсең өзіңе пайда (жайлы) екенін біздің қоғам енді-енді түсініп келеміз. Мынау жаңа қалыптасып келе жатқан өмірде жақсы тұрғың келеді ме, ісім өнсін дейсің бе, ендеше көп тіл біл, соның ішінде қазақ тілін біл. Қазіргі кезде көп айтылып жүрген «қазақ тілін үйренуге қажеттілік (стимул) жоқ» деген орынсыз зардың керегі жоқ. Көп тіл білмеген (оның ішінде – қазақ тілін) баласының ертеңі бұлдыр болатынын әрбір ата-ана сезіну керек. Бұдан артық қандай қажеттілік болуы мүмкін.

- Ең бастысы еліктеме-көшірінді оқу-құралдарын дайындауға әуес бола бермеу керек. Қазақ тілінің оқулығы қазақ тілінің өз табиғатынан туындап, оның жанды көрінісі болу керек. Оқулық-әдістеме дайындап жүрген мамандар тіл біткеннің бәрін бір нәрсе деп ұғады. Әліппеміз бен қазақ тілі оқулықтары орыс тілінің букварі мен оқулықтарының көшірмесіне айналып кетті, қазақ тілінің оқыту әдістемесі орыс тілінің

әдістемесінің ізіне түсті. Сөйтіп қазақ тілінің өзіне тән табиғи болмысынан көз жазып қалдық.

Мақсат – әйтеуір қазақ тілін үйрету емес. Алдымен қазақ тілін игерудің деңгейлерінің басын ашып алу керек. Осы орайда қазақ тілін игерудің (білудің) төрт деңгейін ұсынамыз.

Бірінші саты, **ауызекі-тұрмыс тілі** *(разговорно-бытовая речь)*, яғни бала (ересек адам) отбасында, ауыл арасында достарымен, көршіқолаңмен (ересектер – жұмыста әріптестерімен) күнделікті тұрмыс мұқтажын өтей алатындай дәрежеде еркін сөйлей алады. Бұл балалар үшін бар болғаны төрт жағдаят: сабақ (күнде сабаққа барады, үйде сабақ дайындайды), тамақ (күнде үш-төрт мезгіл тамақ ішеді), киім (мектепке барарда киінеді, келген соң киім ауыстырады, жатардатұрарда киініп-шешінеді), ойын (баланың уақыты болса да ойнайды, болмаса да ойнайды). Олар – баланың алдынан күнделікті әлденеше рет оралып кездесіп отыратын, етене таныс жайлар. Балаға етене таныс және күнделікті зәру әңгімелер болғандықтан есіне тез сақтайды, сол жағдаяттарға орай пайдаланып дағдыланады. Ендеше күнделікті өткен сабақ өзінен-өзі пысықталып, қайталанып отырады. Күрделі және ойтекті (абстракт) мәтіндер болмауға тиіс.

Екінші саты, оқушылар үшін **ауызекі-пән тілі** *(разговорно-предметная речь)* яғни балалар мектепте өздері өтетін пәндер (математика, сурет, тарих т.б.) төңірегінде еркін сөйлей алады. Сол сыныпта өтілетін пәндерге байланысты сөздер мен сөйленім үлгілерін меңгере бастау керек. Өзінің ана тілінде өткен пәндерінің екшелген мазмұны қазақ тілі сабағында жарыса қайталанып отырады. Мұның өзі - өткенді пысықтаудың бір жолы. Осыдан барып келешек іскери тілдің негізі қалана бастайды. Ересектер үшін - өзінің негізгі мамандығына (ауызекі кәсіби тіл – *разговорно-профессиональная речь*) байланысты мәлімет алмаса білу.

Үшінші саты (ересектер үшін), **ауызекі–іскери тіл** *(разговорно-деловая речь)* яғни басқару-ұйымдастыру істерін қазақша жүргізе алады. Іс-қағаздарының қарапайым үлгісін дайындап, пайдалана алады. Іс-қағаздар тілінің күрделі сатысына барып жалғасады.

Төртінші, **ауызекі-әдеби тіл** *(разговорно-художественная речь)* яғни көркем шығармаларды түсініп, әдеби сөйлей алады. Ақын-

жазушылардың шығармаларын оқып, жалпы мазмұн-мағынасын аңғара алатын болады.

Ендеше қазақ тілінде сөйлеуді осы ретпен сатылап үйретуіміз керек. Соның өзінде сыныптағы бүкіл балалар мектеп (немесе ұжымдағы ересектер арнайы курс) бітіргенде осы төрт деңгейді түгел меңгеріп кетеді деу қиын, ол мүмкін де емес. Бірінші деңгейді көпшілігінің меңгеріп алуына болады. Әрі қарай жаңа сатыға көтерілген сайын тіл үйренушілер саны бірте-бірте екшелеп қала береді. Соңғы деңгейге балалардың (ересектердің) бір бөлігі ғана жетеді. **Бүгінгі күннің «ұраны» ретінде бірінші деңгейді алсақ та жетер еді.**

Кесте қазақ тілінің төл дыбыстарын ғана қамтыған, сондықтан қазақ тілін үйрету кабинеттерінде 42 әріптен құралған әліпби емес, қазақ тілінің төл дыбыстарының кестесі тұру керек. Сонан соң, біріншіден, «қазақ тілінің өзіне тән *спецификалық* дыбыстары» деп 7-8 әріпті бөліп қойғанды тоқтату керек. Себебі қазақ тілінің, жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, барлық дыбыстары тек өзіне тән, өйткені олардың айтылымы тек қазақ тілінде ғана кездеседі. Ал «спецификалық» деп жүргеніміз «спецификалық» дыбыстар емес, «спецификалық» таңбалар (әріптер). Екіншіден, 7-8 әріпті қазақ тілінің өзіне тән дыбыстары деп бөліп қоюдың психологиялық теріс әсері бар, оқушы ойлайды: сонда қалған дыбыстардың бәрі қазақ тіліне тән емес, басқа тілден (орыс тілінен) алынған екен деген қазақ тілін кеміс көретін ұғым пайда болады.

Қазақ тілінің төл дыбыстары бар болғаны 17 (19) дауыссыз және 9 дауысты дыбыстан құралады екен, барлығы – 26 (28). Есептеу-сараптау (статистика-эксперт) жолымен алынған мәліметке сүйенентін болсақ, бірінші деңгейде толық сөйлеп кету үшін бар болғаны 200-300 сөз білсе жетіп жатыр. Алайда, сөз жаттаған тіл білген емес. Қазақ тілінде жүздеген морфологиялық үлгілер бар. Сол жүздеген морфологиялық үлгіден күнделікті қажеті 13-15 қана екен. Синтаксиске келейік. Құрмалас сөйлем түрлерін жаттатып-талдатып әбден әлекке түсеміз, одан бала да, ересек те мезі болады. Айналып келгенде нәтиже де жоқ. Ал енді күнделікті сөйлесіп отырған адамымыздың сөзін байқап көрейікші. Тұрмыс-тіршіліктің әңгімесі құрмалас сөйлемсіз-ақ бітіп жатыр. Олай болса синтаксистен тек бір ғана жай сөйлем үлгісін алады

екенбіз. Әрине оның сұрақ-жауап, бұйрық-өтініш тәрізді үлгілерін ескереміз (құрмалас сөйлем үлгілері үшінші-төртінші деңгейге жеткенде ғана қажет екен, ал оған дейін оқушының бәрі бірдей жете бермейтінін жоғарыда ескерттік). Осылай қазақ тілінің «табан тасы» (фундаменті) қаланып алынады. Әрі қарай оның үстіне пән, іскери, ең соңында әдеби сөздер үстеліп кете береді. Ең бастысы сол бірінші деңгейде игерген сөйлеу үлгілері (модельдері) өзгеріссіз қала береді. Тек олардың сөздік құрамы ғана толығып отырады.

ҮЛГІ:

СЕН ……..ІШ.
…….ШӘЙ
СЕН ……..ІШ.
……..ТӘТТІ
…….ШӘЙ
СЕН ……..ІШ.
……ЫСТЫҚ
…….ШӘЙ
СЕН ……..ІШ.
……ЫСТЫҚ
……..ТӘТТІ
…….ШӘЙ
СЕН ……..ІШ.
……ҚАЗІР
……ЫСТЫҚ
……..ТӘТТІ
…….ШӘЙ
СЕН ……..ІШ.

Сонда мәліметті (хабарды) қысқа модельмен бастап, жартылай (толымсыз) модельге ұластырып, келе-келе толық (жиынтық) модельмен аяқтаймыз. Басқаша айтқанда аз сөзбен көп сөйлем құрап немесе көп сөзбен бір сөйлем құрап та сөйлей беруге болады екен. Қай модельді пайдалану баланың (ересектің) үлгіріміне байланысты.

Ендеше тіл үрену сөз жаттаудан емес, модельдерді меңгеруден басталу керек. Басты мақсат сол тілге тән сөйленім модельдерін меңгеріп алу болып табылады. Ал модельдерге жаңа сөз қосып кете берудің қиындығы болмайды.

Әдістеменің құрылымы:

1. Барлық тақырыптарға ортақ бір ғана әдістеме үлгісі беріледі.

2. Әр тақырыптың өзіне лайық модельдер желісі беріледі. Модель ішіндегі жетек түсініктемелер орысша беріледі. Әрбір оқушы модельдерді өз бетімен пайдаланып кете алады.

3. Тақырып сол тақырыпқа қатысты зәру сөздердің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігімен басталады. Ең соңында әр тақырыпқа лайық икемделген мәтін кестесі беріледі. Моделге симаған сөз үлгілері сол кесте ішінен табылады. Сондықтан модельдер мен икемделген мәтін бірін бірі толықтырып тұрады. Икемделген мәтінді міндетті пысықтау бөлім ретінде пайдалану керек.

Әдістеменің толық құрамы «Казахский язык без грамматики» атты оқу-құралы ретінде жарық көріп жатыр.

Қазақ тілін үйренудің деңгейлері (сатылары):



ҚАЗІРГІ ЖАҺАНДАНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХЫМЫЗДЫ, ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІМІЗДІ, ТІЛІМІЗДІ САҚТАУ ЕҢ БАСТЫ ПАРЫЗЫМЫЗ

Қазақбай КАСИМОВ,
Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі
философия ғылымдарының докторы

Қай заманда қай мемлекет, қай халық болмасын оның бойындағы ұлттық мақтанышы, рухани бастауларының қайнар бұлағы – туған ана тілі адамның бүкіл жан дүниесін оятып, ұлттық мақтаныш сезімін тудырады. Бүгінде елімізде ұлт саясатының негізгі бағыты мемлекетіміздің басты нышандарының бірі – халқымыздың рухани өмірінің сарқылмас қазынасы қазақтың көркем де кестелі тілі. Өзінің туған тілі өркендемеген ел еш уақытта басқа тілде ұлттық мемлекет болып салтанат құра алмайды.

Тіл бірлігі болмаса Тәуелсіздік те, мемлекет те баянды болмайды. Ғасырлар қойнауында қаншама ұрпақтарымыздың, атабабаларымыздың аңсаған асыл арманы Тәуелсіздік болатын, ал бүгінде қол жеткізген тәуелсіздігімізді сақтау үшін, қорғау үшін, тура жолмен өркениетті, дәулетті ел қатарына көтеру мақсатында ең негізгі күш мемлекеттік тілді меңгеруіміз керек. Барша қазақстандықтарды ұйытып, жұдырықтай жұмылдыратын негізгі күш – ол Мемлекеттік тіл.

Қазақ халқының, қазақ елінің, қазақ жерінің нағыз патриотымын деген еліміздің әрбір ұлт өкілі өзінің Отанға деген отансүйгіштік сезімін мемлекеттік тілден бастауы керек. Бүгінде тілдің көсегесін көгертіп, көрпесін көсілтетіндер – болашақ жастар. Кейінгі ұрпаққа жеткізетін әулет өкілдері бесігінде бөленіп жатқан нәрестелер, балабақшаға барып жүрген сәбилер мен мектеп парталарында отырған жасөспірім өскелең ұрпақ.

Тіл табиғаты әрі нәзік, әрі күрделі болғандықтан оны меңгеру ерекше бір білгірлікті, білімділікті, пайымдылық пен парасаттылықты талап етеді.

Тіл – тарихтың, мәдениеттің, сананың, халықтар арасындағы достықтың дәнекері. Ұлттың жан-жүрегі. Рухани болмыс-бітімінің нақты өлшемі. Қоғамдық қарым-қатынастарды реттеп атқарудың бірден бір тетігі. Өнер атаулының қайнар көзі. Дәстүр рухтың тамыры болса, тіл оның семсер қаруы. Өз тіліңді мойындамау - өз анаңды мойындамау. Оны шеттету деген сөз. Рухани мүгедектік осыдан туады. Тіл жойыларда қостілділік пайда болады. Екі тілді ерткен екі мәдениет өзара шайқасқа түседі. Ақырында жеңімпаз мәдениеттің тіліне сөйлеушілер көбейеді. Ана тілінде сөйлеуге қысылатын сол ұрпақ та жеңімпаз мәдениетің аяғына жығылады. Аға ұрпақ, ата-ана қанша әуреленсе де өз балаларына ана тілін үйретуге шамалары жетпейді. Ең өкініштісі осыда.

Бүгінде босаға сығалап тұрған қазақ тілінің еңсесін көтеру үшін жаңғырта жаңарып, бұқара халыққа жаппай енгізу үшін еліміздің әрбір азаматы ұлтына қарамай қазақ тілін отбасынан, балабақшадан бастауы керек.

Ұлт рухын асқақтатып, қазақ тілінің деңгейін көтеру үшін оқулықтардың сапасын жақсартып, қазақ мектептерінің санын ұлғайтып, оларды бүгінгі заманның талабына сай техникамен қамтамасыз ету керек.

Елім деп еңіреп, тілім деп тілімденіп талаптанған, тілді қалқан емес, тілге қалқан болатын, ұлт деп ұрандайтын қазақ халқының мақтанышына айналған, өз ісіне ынталы білімі жоғары ағартушылар, ұстаздар, ғалымдар тәрізді біртуар азаматтар арамызда көп болса, қазақ тілінің жаңғырып, өз мәртебесіне ие болуы сөзсіз.

Мемлекеттік тілде ғана хабар тарататын ұлттық, қоғамдық телеарна ашу керек. Мәдениет және ақпарат министрлігінің құрамында тіл комитетін дербес комитет етіп қайта құру және оның құқықтық мәртебесін арттыру заман талабы болып отыр. Тіл саясатына қатысты дауларды болдырмаудың бірден бір жолы Ата Заңымыздағы 7-баптың 2-тармағын қайта қарау, оны түбегейлі редакциялау, заңның жаңа нұсқасын Парламентпен қатар қоғамдық ұйымдар сараптамасынан өткізу қажет.

Біз осындай жаһандану кезінде ұрпағымызды елшіл, мемлекетшіл, ұлтжанды етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлы қозғалыстардың бастауында

жастар тұрсын. Бүгінгі жастарымызға жүктелген міндет өте күрделі. Жастар белсенділігін іске асыру керек. Еліміздің болашағы жастар емес пе?!

Баршамызға ортақ тіл топырақ иесі, ел иесі – қазақтың тілі. Яғни қазақ құрған мемлекеттің тілі. Өзіміздің тұрған еліміздің мемлекеттік тілі мен қадір-қасиетін жете білсек, сонда ғана біз бір-біріміздің арамыздағы өзара түсіністік пен құрмет сезімінің, жарастық пен келісімнің, ауызбірлік пен тұрақтылықтың дәнекері бола аламыз.

Орыс тілділердің мемлекеттік тілді заң жүзінде нақтылауға қарсы шығуы қазақ мемлекеттілігіне қарсы шығу болып табылады. Аллаға шүкір, бұл пікірге бүгінде тойтарыс беретін азаматтар жеткілікті. Тек соларды билік басында топтау керек. Өйткені өркениетті елдердің заңдарында азаматтықты алу үшін мемлекеттік тілді білу міндетті делінген. Ресейдің өзінде азаматтық аламын деген орыстар өз тілінде емтихан тапсырады., ал қызметке орналасу кезінде мемлекеттік тілді білу қатаң талап етіледі.

Мемлекеттік тілді халыққа жеткізу, оған қолдау жасау қазақтың ғана емес, басқа ұлт өкілдерінің де қасиетті парызы. Жөнін айтып, дұрысын анықтасақ, әрбір мәдениет орталықтарының басшылары өз мақсаттарын біліп, ортақ игілікке жұмылуы тиіс. Осы тұрғыдан келгенде әрбір елді мекен тұрғындарының басын қосып, өзінің тілін, мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін жаңғырта үйретумен бірге өзі тұрған мемлекеттің ұстанған саясатын қолдап, ана тілі, орыс тілі, ағылшын тілімен қатар өзінің тұрған елінің де мемлекеттік тілін міндетті түрде үйрену керек екендігін ұлыстарына жеткізіп және де татулықты нығайтып, достықты арттырып, тыныштықты сақтауға, сыйластықта болуды ұғындыра, халықтар арасын жақындастыруға үндейді. Өзге ұлт пен ұлыстың, этностың бостандығы мен еркіндігін тең қамтамасыз етіп, жағдай жасаған Қазақстаннан басқа әлемде бір де бір ел жоқ. Сол үшін ұлыстарына елінің мемлекеттік тілін міндетті түрде білу қажеттілігін түсіндіруі керек. Жалпы мен айтар едім: дәулетін жинап, ұрпағын жайған Қазақстандағы 100-ден астам ұлт пен ұлыстың, этностардың бейбіт өмірін, бостандығын, берекелі де мерекелі қуанышты күндерін оларға алып келген қазақ мемлекетінің кең байтақ, дархан даласы. Қазақ халқының басқа халықтарға, этностарға

деген дархандығы мен құрметі, ілтипаты. «Сыйға – сый, сыраға – бал» дегендей әрбір ұлт өкілі Қазақстанның бір азаматы ретінде қазақтың мәдениеті, тілін бойына сіңіру қажет-ақ.

Барша қазақстандықтарды адал ниет, ізгі тілекпен мемлекетті тіл мерекесінің мерей тойымен құттықтай отырып, болашақта біздің мемлекетіміздің қазақ тілі өз мәртебесіне жетумен қатар түркі халықтарының ішіндегі қолданыста да ортақ тіл болатындығына кәміл сенімімді білдіргім келеді.

Қазақ тілінің болашағы жарқын, мен оған сенемін, әуезді де әуенді ұлы Абай тілінің болашақ өркениет төрінен өз орнын алары сөзсіз. Елбасымыз құрған 2030 бағдарламасында көрсетілген қазақ тілімен қатар елімізді мекендеген жүзден астам ұлттардың тілі мен мәдениетін кеңінен насихаттау саясатын ұстанып, осы салады қарқынды істер атқарып келе жатқан Қазақстан халықтары Ассамблеясының орнын ерекше атап өту қажет.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының ұйымы бүгінгі таңда еліміздің орны дараланған, мәртебесі асқақтаған басқа ұлт өкілдерімен үкімет арасын жалғастырушы алтын көпірге айналған қуатты ұйым екендігін ешкім де жоққа шығара алмайды.

Ассамблеяның мемлекет басшысы жанындағы консультативтік кеңесші орган ретінде жаңа қоғам орнату ісіне қомақты үлес қоса білген Қазақстанның көп ұлтты халқын бірлікке, татулыққа топтастыратын нақты институтқа айналды.

Қайталанбас заман тұлғасы ас құрметті елбасымыз Нұрсұлтан ағамыздың 2030 бағдарламасы негізінде дүниеге келіп, елімізді мекендеген жұртшылықтың назарын өзіне аударған Қазақстан халықтары Ассамблеясы 14 жылдан астам уақыт бойы Қазақстанның жүзден астам әр түрлі ұлттар мен ұлыстар өкілдерін ынтымақ пен татулыққа біріктіру міндетін ойдағыдай атқарып келеді. Жаңа қоғамның өркендеуіне лайықты үлес қоса білген бұл ұйымды қоғамдық институт ретінде өркендете беру керек екендігіне біздің көзіміз жетеді. Ассамблея өзінің болмысында ұлт пен ұлыстардың, этностардың кез келген халықпен терезесінің тең екендігін көрсетіп отыр. Міне, құрметті елбасымыздың ұлтаралық мәселелерді шешудегі көрегендігі мен даналығы осыда деп білеміз.

Ассамблеяның негізгі бағыты – баршамыздың тарихымызға терең үңілуімізге ықпал жасап, ғасырлар қойнауында жатқан ата-баба салт-дәстүрін ардақтап, әдебиетіміз бен мәдениетімізді, тілімізді жаңғырта жаңарту, көркейту, сақтау және мәртебесін көтеру. Ассамблея бүгін жай ғана құрылым емес, өміріміздің біте қайнасқан бөлінбес бір бөлшегі. Ұлтаралық ынтымақ пен сыйластықты көрсету жолында бейбіт тірлігіміздің белгісі.

Орны дараланып, мәртебесі асқақтаған Ассамблеяның ендігі уақытта алдына қойған негізгі мақсаты – қоғамның белсенді саяси күші болуға қабілеттілік таныту ондай қарымды қадамды болашақта көрсете алады дегенді осы биік мінбеден салтанатты түрде айтқым келеді.

Бүкіл дүние жүзінде халықтар мен этностардың мүддесін ойлайтын аса мәртебелі Біріккен Ұлттар Ұйымы өзі ҚХА-ның республикамыздағы қоғамдық өмірде атқаратын рөлін кіші-гірім Біріккен Ұлттар Ұйымы деп атауы тегін емес. Себебі, ҚХА дүние жүзілік деңгейде Біріккен Ұлттар Ұйымында, Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымда өзінің жоғарғы бағасын алды.

Халықтар достастығының лабораториясына айналған ҚХА-ның қарамағындағы ұлттық мәдени орталықтардың ұлттар арасындағы достық пен татулықты күшейтуде атқаратын рөлі ерекше.

Әрбір этнос өкілінің көңіл-күйін, тынысын тамыршыдай дөп басып, қоғамның алға жылжуына, Отанның өркениетті дамуына үлес қосып, ықпал ететін азаматтық институттардың маңыздылығы – көп ұлтты еліміз үшін ең қымбат бейбітшілік пен ынтымақтастықтың жалауын желбіретін білім ордалары болғандығында.

Ассамблеяның елімізде Заң шығару ісіне араласпауы көп ұлттықпен көп конфессиялы елде пайда болатын қайшылықтарды болдырмауға себеп болып, алдын ала септігін тигізері сөзсіз. Парламент қабырғасында оның мінберінен халықтың көкейіндегісін тауып, олардың мүдделерін реттеуді заң жолымен қамтамасыз етеді.

Ассамблея өкілдерінің ел парламентіне сайлануы Ассамблея беделін арттырумен қатар Заң шығарушы орган – парламенттің де беделін арттыра түсті. Бұл ұйымға сайланған әрбір депутат жекелеген этностың, топтардың мүддесін емес, көп ұлтты мемлекетіміздің жарқын болашақ мүддесі үшін қызмет атқарады.

Осы орайда Ассамблея туралы Заң қолданысқа еніп, мемлекеттік мәртебеге қол жеткізу нәтижесінде бұл орган еліміздің мүддесін, ұлт пен ұлыстардың мүддесін, олардың әлеуметтік жағдайларымен басқа да мәселелерін шешу барысында заңды түрде мүмкіндікке ие болып отыр.

Демек болашақта да ассамблея жұмысы тек қарқындай түспек. Достықты ту етіп, бірлікті жыр еткен көпұлтты Қазақстан халықтарының достығы мәңгі жасай берсін деп, болашақта мемлекетіміздің, Елбасымыздың ұстанған саясатын қолдап, мәртебелі қазақ халқына және басқа да ұлт өкілдеріне мәдени, рухани жағынан жақындасып, мемлекетіміздің мәдениетін гүлдендіруде, қазақ тілін дамытып, экономикасын дамытуда, халықаралық деңгейде еліміздің көк байрағын желбіретіп, жас қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін нығайтуда алдыңғы қатарда боламыз деп шын ықыласпен уәде береміз.

ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ БІЗГЕ НЕ БЕРДІ?

Кемейдулла Төлеубай
Халықаралық «Қазақ тілі» Қоғамы Ақтөбе облыстық ұйымының төрағасы

«Тіл туралы» заңның қабылдануына Кеңес Одағы мен Коммунистік партияның билік құрып тұрған кезінде қандай қиыншылықтармен қол жеткізілгені туралы негізгі баяндамашылар жан – жақты айтып өтті. Ал сол «Тіл туралы» заң бізге не берді? – деген сауалға келсек ол Заң бізге көптеген игілікті мүмкіндіктерді берді: **біріншіден** біздің ұлттық санамызды оятты; **екіншіден** ел болу үшін, ұлт болып сақталу үшін ұлттық тілімізді сақтауымыздың қажет екенін түсіндірді; **үшіншіден** жойылып кетуге жақындаған қазақ тілін сақтап қалу үшін үлкен күрес ұйымдастыруға жол ашты. **Сол үлкен күрестің ұйымдасқан түрі Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын құру қажет болды.**

Сөйтіп «Тіл туралы» заң қабылданғаннан кейін бір ай өтер – өтпестен елдің зиялы қауымының бастауымен және ел басшылығындағы Саналы да Ер тұлғалы азаматтардың қолдауымен «Қазақ тілі» қоғамы құрылып, өз жұмысын бастады. Мен сол «Тіл туралы» заңның жүзеге асуы үшін күреске «Қазақ тілі» қоғамының алғашқы құрылған жылынан бастап үзбей қатысып келемін. Кейбір аймақтарда «Қазақ тілі» қоғамы ұйымдарының жұмысты қарқынды бастап, бір кездері бәсеңсіген, ал кейбіреулерінің қиыншылықтарға ұшырап тарап кетіп, кейін қайта қалпына келген кездері де болғаны белгілі. Біздің облыстық ұйым сол жиырма жылға жуық кезеңде өзінің жұмысын мүмкіндігінше бәсеңдетпей әртүрлі ұйымдастырушылық әдістермен жүргізу арқылы бірқатар ойға алған мақсаттарға қол жеткізді.

«Тіл туралы» заң бізге не берді? – деген тура сұраққа бір ғана мынадай деректер арқылы тікелей жауап беруіме болады – ау деп ойлаймын. Біз ең алдымен қоғам ұйымдарының құрылымдық жағын жетілдіріп, олардың жетекшілерін білікті де ынталы, іскер азаматтардан іріктеп алдық. Солар арқылы жұмыстың нәтижелілігін арттырып, белсенділігін бәсеңдетпедік. Қазір облыстың барлық аудандары мен Ақтөбе қаласында «Қазақ тілі» қоғамының аудандық, қалалық ұйымдары жұмыс істейді. Олар 593 бастауыш ұйымдарды, қоғамның 116134 мүшелерін, 324 «Жасұлан» ұйымдары мен олардың 46532 мүшесін біріктіреді.

Ұлтымыздың өсіп – өркендеуінің негізгі бағыты жас ұрпақты білікті де өнегелі етіп оқытып – тәрбиелеудің кейбір нәтижелері мынадай. Қазір облыс мектептеріндегі қазақ балаларының 83,1 пайызы қазақ тілінде оқиды. Олардан басқа 287 өзге ұлт балалары қазақ тілінде оқиды. Кеңес өкіметі кезінде Ақтөбе қаласында 1 ғана қазақ мектебінде 1476 қазақ баласы оқыса, қазір Ақтөбе қаласында қазақ тілінде оқытатын 31 мектеп, аралас тілде оқытатын 32 мектеп бар. Оларда 28669 қазақ баласы қазақ тілінде оқиды. Сөйтіп Ақтөбе қаласында қазақ тілінде оқитын қазақ балаларының саны жиырма жылда 20 есеге көбейді. Олардан басқа 49 өзге ұлт балалары қазақ тілінде оқиды. Аралас тілді мектептер біртіндеп қазақ мектептеріне, орыс тілінде оқытатын мектептер біртіндеп аралас тілді мектептерге айналдырылуда.

Өткен 2008-2009 оқу жылында облыс бойынша Республикалық және Халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары болған 27 баланың барлығы да қазақ балалары және солардың ішінен 26 бала қазақ мектебінде оқитындар болды, тек 1 бала ғана мектепті орыс тілінде оқыған еді. Сондай салыстырмалы көрсеткіштер арқылы біз қазақ мектептеріндегі білім беру сапасының орыс мектептеріндегі білім беру сапасынан ешқандай да төмен емес, керісінше жоғары екендігін ата – аналарға түсіндірудеміз. Әрине, мұндай нәтижелерге жету үшін барлық жағдайды жалықпай зерттеп жүріп, өзіңнің талабыңның дұрыстығына өзгелердің көзін жеткізу оңайға түскен жоқ. Оған да бір мысал. 1993 жылы Ақтөбе қаласында 1296 оқушы орны бар бір мектеп үйінің құрылысы аяқталып жаңа орта мектеп ашылатын болды. Біз «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымы атынан қала басшылығына ол мектепті қазақ мектебі етіп ашуды ұсындық. Оған қалалық білім

беру басқармасы ашықтан – ашық қарсы шықты. Дәлелі – ол мектеп үйі тұрған шағын ауданда небәрі 259 қазақ баласы бар, ал мектеп 1296 орындық, сондықтан ол орыс мектебі болып ашылады дейді. Сосын облыстық білім басқармасына ұсынысымызды айтып едік. Ол да қалалық білім беру басқармасын қолдап, қарсылық білдірді. Біз қалалық білім беру басқармасының шағын ауданда 259 ғана қазақ баласы бар деген дерегіне сенбей, тексеріп анықтағымыз келіп, Ақтөбе педагогикалық институтының ректоры Мұхтар Арыннан (ол кісі «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымының төрағасы болатын) шағын ауданның үйлерін аралап тексеріп шығу үшін 50 студент беруді сұрадық. Ректор келісіп, 50 студент берді. Сол студенттер шағын аудандағы 3000 отбасын түгел аралап тексеріп шығып, мектептің шағын ауданында оқу жасындағы 1535 қазақ баласы бар екенін анықтады. Сөйтіп, қалалық және облыстық білім беру басқармаларының өтірігін – қазақ мектебін ашуға әдейі және тікелей қарсылығын анықтадық. Сонан кейін біздің облыстық ұйымның талап еткен ұсынысын облыс әкімі қолдап, Ақтөбе қалалық білім беру басқармасының екі меңгерушісін Евдокимовты және Назарованы, облыстық білім беру басқармасының бастығы Омутныхты қызметтерінен босатты. Қорыта келгенде айтарым: қоғам ұйымдары жұмысының нәтижелі болуы ең алдымен жетекші азаматтардың ықыласы мен ынтасына, әртүрлі жағдайларға байланысты қызметін үйлесімді ұйымдастыра білуіне байланысты. Ал қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне осы кезге дейін көтеріле алмауының негізгі себебі «Тіл туралы» заңның орындалуының міндеттілігі мен оны орындамағаны үшін жауапкершіліктің түрлерінің анық көрсетілмегендігінен болып отыр.

Сондықтан қазақ тілінің қолданылуын мемлекеттік тіл мәртебесі деңгейіне дейін шынайылықпен көтеруге байланысты біздің мынадай ұсыныстарымыз бар: «Мемлекеттік Тіл туралы» арнайы Заң қабылдау қажет және ол Заңда:

а) Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік тілді еркін білуінің міндеттілігі;

ә) Мемлекеттік қызметкерлердің, барлық деңгейдегі депутаттардың, мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындардың халыққа қызмет көрсететін барлық адамдарының мемлекеттік тілді білуінің міндеттілігі;

б) Басқа елдерден қоныс аудару арқылы келетін өзге ұлт өкілдерінің Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін білуі міндеттілігі;

в) «Мемлекеттік Тіл туралы» заңды орындамағаны, бұзғаны үшін қолданылатын жазалар мен жауапкершілік түрлері айқын көрсетілуі қажет. Бұл бірінші жағдай. Екінші: облыста тілдерді дамыту басқармасының құрылғанына бірнеше жыл болды. Бірақ оның қалыптасқан жағдайды оңалтуға қайраны болмай тұр. Оның негізгі себебі ол басқарманың басқалардан заңның орындаулын талап ететін, заңды орындамағаны үшін тиісті адамдарға шара қолданатын құқықтары жоқ. **Сондықтан қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін өз деңгейіне толық көтеру үшін Тілге байланысты мемлекеттік саясаттың жүзеге асуын ұйымдастырып, «Мемлекеттік Тіл туралы» заңның орындалуын қадағалап отыратын облыстар мен Астанада, Алматыда және орталық Мемлекеттік тіл инспекциясын құру қажет деп ойлаймыз.**

Зейін қойып, тыңдағандарыңызға рахмет!

ТІЛГЕ - ӨРІС, ІСКЕ – ЖЕМІС

Кенжалиев Б.К.,
Алматы қаласы Медеу Аудандық
«Қазақ тілі» Қоғамының төрағасы,
Техника ғылымдарының докторы,
Қазақ-Британ техникалық
университетінің профессоры

Бүгінгі «Қазіргі қоғам және мемлекеттік тіл» атты конференцияда Халықаралық Қазақ тілі қоғамының президенті, академик Өмірзақ Айтбайұлы өзінің баяндамасында көңілге қонарлық, атқарылған қомақты істер, ұлағатты ойлар, ащы шындықтар мен келешекте істелетін істер туралы тұжырымды ойлар айтты. Бұл баяндама ұлт жанды адамдарды бір көтеріп тастайтыны анық.

Ал енді баяндамада айтылған ащы шындықтың бірі «...Іс жүргізудегі мемлекеттік тілдің үлес салмағы алдын ала белгіленгендей 70 пайыз емес, 60 пайызға жүзеге асырылатын болып, 10 пайызға төмендетілді» деді. Бұның бірнеше себебі бар: Мысалы, осыған дейін Сыртқы істер міністрлігі қазақ тілінің дамуына неге кедергі келтіріп отыр деп таң қалуға болмайды, оның бұрынғы басшылығы тілге жаны ашуы мүмкін емес, одан да ұлттық ғылыми техникалық холдингі «Парасат» АҚ-мен бірігіп Жаратылыстану Ғылым Академиясын құрып (орысшасы НАЕН) мүшелік жарна жинағанды ұнатады. Қазақ тіліне кедергі келтіріп отырғандардың өздері түгіл балалары да білмейтін шығар, сондықтан олар елдің келешегінен гөрі, от басы ошақ қасының қамын немесе қалталарын ойлайды. Ғылым саласында Акционерлік қоғам құрып алып, басшылыққа тілден хабары жоқ қазақтарды сайлап алады. Мемлекеттің басты белгілерінің бірі – тілі. Оны мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне жатқызу керек. Осыған орай Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қауіпсіздік кеңесі мемлекеттің қауіпсіздігі мақсатында Қазақ тілін қорғау керек.

Қуанышты бір жағдай қазір Сыртқы істер міністрі болып ұлтқа жаны ашитын, ана тілін қадірлейтін, ұлттық намысы бар Қанат Саудабаев мырза келді, енді бір кедергі азаяды деп сенуге болады.

Мен ғалымдардың уәкілі ретінде ғылымдағы Қазақ тілінің пайдалану аясы туралы мынаны айтқым келіп отыр. Мысалы, техника ғылымдары саласында тіліміз «сақау болып тұр» десем асыра айтқан болмас едім. Себебі қазақ тілді жас мамандарға кандидаттық диссертация қорғауды былай қойғанда, кандидаттық минимумдарды орыс тілінде тапсыртуға, олардың жалақысын өте төменгі деңгейде ұстап жұмысты тастап кетуіне мәжбүр етеді. Бұл Ұлттық Ғылыми техникалық холдинг «Парасат» акционерлік қоғамына қарасты ғылыми кәсіпорындарға тән жағдай. Әрине бұл «аурудың» түбірі 2001-2006 жылдар аралығында Білім және ғылым міністрлігінде орын алған коррупцияға байланысты. Бұл ауруды қазіргі Білім және ғылым міністірі үлкен азамат, қоғам қайраткері, ұлт жанашыры Жансейт Түймебаев мырза жөндеуге күш салып жатыр.

Бүгінгі ой бөлісуге сәйкес менің екі ұсынысым бар:

1) Қазір Конституцияның 5-бабындағы қоғамдық ұйымдарға мемлекеттен қаржы бөлмеу керек деген ұғым алып тасталынды, сондықтан Үкімет Республикалық бюджеттен «Қазақ тілі» қоғамын қаржыландыруды қарастыру қажет. Себебі «Қазақ тілі» қоғамы Қазақстан Халқы Ассамблеясы мен «Нұр Отан» партиясы секілді мемлекетімізге қызмет жасап жатыр;

2) Мемлекет тілін дамытуға кедергі келтіріп отырған мемлекет қызметкерлерін заң алдында жауапқа тарту керек, себебі олар мемлекеттің заңын, Президенттің жарлығын, Президентке берген анттарын орындамай отыр.

Сөз соңында айтарым, мемлекеттік қызметте отырған азаматтар, қазақтың қазақ болғалы басына түскен бақыты даналардың данасы, дүние жүзіндегі Президенттердің данышпаны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың айтқан ақылын тыңдап, берген тапсырмаларын уақтысында, іс жүзінде орындау керек, осы орайда солардың ең маңыздыларының бірі тіл туралы жарлығы мен заңы деп білемін!

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗІ

Серік Шағатаев
Байқоңыр қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бүгінгі торқалы тойымен Сіздерді байқоңырлықтар атынан шын жүректен құттықтаймын!

Ел егемендігінің, ұлт дербестігінің негізгі нышандарының бірі – оның тілі. Ұлттың ең қастерлі құндылығы тілі екендігіне Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты кітабында «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен? Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретінде мәдени тұтастығына ұйтқы болған – оның ғажайып тілі» деген тамаша лебізі анық көз жеткізеді.

Тіл – ұлттың ең шетін мәселесі. Тілі жойылса, кез келген ұлт жойылады. Оны Кеңес Одағы құрамында болған көптеген ұсақ ұлттардың тағдырынан да көруге болады. Осы кездегі жаһандану барысында өз тілімізді сақтап қалу, келешек ұрпаққа жеткізу және дамыту қазіргі көтеріп отырған мәселені бүгінгі ұрпақ – біздердің қалай шешетіндігімізге байланысты, түйіп айтқанда, болашақ ұрпақтың алдында бізге жауапты да қасиетті міндет жүктеліп отыр. Бір ұлтты екінші бір ұлттан ерекшелейтін үш үлгі бар. Олар: тіл, дін және діл. Осы үштің біреуі жоғалса, бүкіл бір ұлт жоғалады. Оған дәлел, ағылшын ғалымы Дэвид Кристалдың зерттеулеріне сәйкес, жылына Жер бетінен 24-ке жуық тіл жоғалып кетеді екен. Ол дегеніміз, жылына 24 ұлт жоғалып

жатыр деген сөз. біз қазақ тілін және қазақ халқын осы санның ішіне кіргізбеу үшін қолдан келген барлық іс-шараларды қабылдауымыз қажет. Егер қазақ тілінің болашағына немқұрайды қарап, жоғалтып алсақ, онда біз қазақ халқының мыңдаған жылдық мәдениетін, тарихын және барлық рухани құндылықтарын жоғалтып аламыз.

Қазіргі кезде мемлекеттік басқару органдары мен басқа да мекеме, ұйымдарда мемлекеттік тілде іс жүргізу негізінен бір-екі аудармашы ұстаумен немесе бөлім ашып қойып, орыс тіліндегі іс құжаттарын аударып қана жұмыс істеп, есеп беріп отырғаны да белгілі.

Байқоңыр қаласында Халықаралық «Қазақ тілі қоғамының Байқоңыр филиалы 2005 жылдың 10 наурызынан бастап өз жұмысын атқарып келеді.

Филиал Қызылорда облыстық Әділет Департаментінен есептік тіркеу туралы куәлігін 11.03.2005 жылы алды. Қызмет ету аясы Байқоңыр қаласы, Ақай және Төретам кенттері болып табылады.

Сол ашылған жылы мамыр айында Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы арнаулы өкілі аппараты мен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Байқоңыр филиалының ұйымдастыруымен «Байқоңыр қаласы және Қызылорда облысы шеңберінде мемлекеттік тіл өрісін кеңейту және оның қазақстандықтарды біріктірушілік рөлін айқындаудың өзекті мәселелері» атты семинар өтті.

Семинар жұмысына Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Орталық Кеңесі төралқасының төрағасы, академик Өмірзақ Айтбайұлы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің, Республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығының, Қызылорда облыстық «Қазақ тілі» қоғамының және қоғамның аудандық бөлімшелерінің төрағалары қатысты. Осындай семинар 2006 жылы және 2009 жылы өтті.

Сонымен қатар, 2006 жылы халқымыздың ақындық өнерін дамыту, жас дарындардың есімдерін анықтау, қазақ әдебиетін насихаттау және ұлттық мәдениетімізге қолдау көрсету мақсатында қазақстандықтардың Отанға деген сүйіспеншілігі, халқымыздың салт-дәстүрі, республикамыздың бүгінгі жетістіктері ұлықталды. Мүшәйра табысты өтті.

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар көптеп басылды. Қол жеткен табыстың бірі – 2008 жылдың желтоқсан айыннан бастап «Байқоңыр» журналы 1000 данамен таралуда.

Енді мына дерекке жүгінсек, барлық орталық атқарушы органдардағы қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейінің өсіп келе жатқанымен, іс жүргізе білетіндерінің әлі де төмен дәрежеде екендігі көрініс береді.

Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізе алмаудың басты себептері мынау деп айтуға болады: басшылар мен мамандардың басым көпшілігінің орыс тілділігі; кеңестік кезеңнен бері орыс тілінде іс жүргізудің қалыптасқан үлгісінің сақталуы; мемлекеттік тілдегі іс жүргізудің қалыптасқан үлгісінің аздығы; қазақ тіліндегі қажетті әдебиеттердің, құралдардың, заңнамалардың, бағдарламалардың және басқа да көздердің жетіспеушілігі; мемлекеттік тілге деген қатаң талаптың жоқтығы. Дәл осы арада Елбасымыздың айтқан мына бір сөзін тағы бір еске алсақ артықтық етпес: «2010 жылға дейін бұл мәселе тұтастай шешімін таппақ. Барлық қатынас қағаздары ана тілімізде жүргізіледі. Сол кезде тек аудармашылардың қызметіне иек сүйеп отырған кейбір жауапты қызметкерлер «қолымды мезгілінен Кеш сермедім» деп өкініп қап жүрмесін. Бұлғақ заманы бітеді де, нақты да қатал сұраныс туады. Осы бастан дайын болайық». Бұл жәй айтыла салған сөз еместігін ұғынған жөн.

Сөз соңында Сіздерді ең ауыр да ардақты майдан – Тіл майданы сапында алдағы шептен көріне берулеріңізге тілектестік білдіремін.

Назарларыңызға рахмет!

УАҚЫТ ҚАЗАҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕ

ТІЛДЕР БАҒДАРЛАМАСЫ ЖОБАСЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІНЕН СОҢ...

Болат Жүнісбекұлы,
Қазақстан Журналистер
одағының лауреаты

«Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» жобасын талқылау жалғасуда. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің ұйымдастыруымен осының алдында, дәлірек айтсақ, биылғы 26 шілдеде Үкімет Үйінің дөңгелек залында аталмыш құжаттың тұсаукесер рәсімі ҚР Премьер-Министрі К.Қ. Мәсімовтің қатысуымен өткізілген болатын. Оған республикалық министрліктер мен агенттіктердің басшылары, белгілі қоғам қайраткерлері және үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының 600-ге жуық өкілдері қатысқан. Туған тіліміздің бүгіні мен болашағын байыпты әрі мүдделілікпен саралаған жанашыр қауымның нақты ұсыныстары бағдарлама жобасын байыта түсті. Сонымен қатар осы бас қосуда өрістеген ашық пікір алысу мәртебелі уақытты қазаққа қызмет етуге жеткізген бірқатар ойға түрткі болды.

Көшелі пікір көшеде айтылмайды

Демократия дүмпуімен жеткен митингілер, шерулер, пикеттер секілді «шалдуар» шаралар қазір үйреншікті дағдыға айналды. Олар көбінесе бос дауықпаның және азаматтардың белгілі бір мәселе жөнінде хабарсыздығының немесе оны жартыкеш естуінің салдары болып табылады. Бұл – жұртшылықтың көзі жеткен жайт. Сонымен қатар жергілікті жерде әділет таппай, Астанаға арызданатын немесе жаңағыдай «бас көтерулер» арқылы өзінің талабын билікке нығыз

жеткізіп, ақиқат іздейтіндер бар. Олардікі амалсыздың күні, әйтпесе көшеге шығып, жұмсақтап айтқанда, көзтүрткі болатындай бастарына не күн туыпты. Өкінішке қарай, басқасын былай қойғанда, үлескерлік құрылыс пен ипотеканың проблемалары-ақ мыңдаған азаматтың жанына қатты батты. Мәселен, биылғы жылдың бірінші жартысында 111 обьекті (24 475 үлескер) бітпеген құрылыс қатарында болса, белгіленген кестеге сәйкес олардың үстіміздегі жылы 88-і аяқталады деп күтілуде.

Бұл айтылғандар, әрине жеке бастың әуре-сарсаңының әуселесі. Оған көбінесе адамдардың өздері кінәлі екені де белгілі. Алайда, бұған, сондай-ақ құрылыс нарығына «аспаннан» топ ете түсіп, шетелдің арзан несиесінің арқасында шаш-етектен пайдаға кенелген, ал дағдарыс алқымынан алғанда адал еңбекпен тапқан ақшасын санап берген азаматтарды далада қалдырғандар да жауапты. Сол сияқты мемлекеттің де бұдан сырт қала алмасы түсінікті. Жаны мұрынның ұшына келген бірталай жан көшеге шығуға мәжбүр болды. Үкіметтің қолдауының арқасында үлескерлік құрылыс бойынша өткен 2009-шы жылы 6,3 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліпті. Биыл да шамамен осынша баспанада жаңа қоныс тойы жасалады деген үміт бар. Осының бәрі, жоғарыда айттық, әрбір адамның жеке өзінің машақаты.

Ал, тіл тағдырының – ел тағдырымен егіз екені мәлім, бірінсіз екіншісінің күні жоқ. Бірақ, осы ащы шындықты Горбачевтің қайта құруынан кейін ғана ашық айта алдық. 85-тегі сәуірдің самалы тұрмыс түгілі санадан өшуге айналған салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғыртты. Қоғамда зор серпіліс туды. Қаламгер қауым, оның ішінде журналистер үшін де демократияның шығармашылыққа тың шабыт бергені ақиқат. Жариялылық БАҚ басына қонған бақ еді: тынысымыз кеңейіп, еркін сайрауға көштік. Ақтаңдақтар ашылды, алаш арыстары ортамызға оралды. Табалдырықта жалтақтаған тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, төрден төрелік айта бастады.

Туған тіліміздің тағдырын ойлағанда қаламымыз шынында да қанаттанып қоя берер еді. Осыдан 21 жыл бұрын сол тіл жанашырлары сапында «Оянған өлкем ойлантқан, есінеме енді, елім!» - деп, жар салдық. Талай уақыт намысы тапталып, шерменде күй кешкен ағайын егемендіктің жемісін қашан көргенше асықты. Оны, тіпті ешкіммен де

бөліскіміз жоқ болатын. «Биыл Семейдегі небәрі екі мектепте, яғни 16-шы мен 5-ші қазақ мектептерінде бірінші класс бұрынғыдай бір-бірден емес, бес-алтыдан ашылыпты, - деп қуанышымыз ерекше. – Шіркін, халқымыздың Олжас Сүлейменов пен Мұхтар Шаханов сияқты қаһарман ұлдары жалпы адам атаулыға бас ұрып, жалпыадамзаттық апат – атом азабы мен есірік экологияға, тіпті Арал болса да, жандары шырқыраганша, ең алдымен Ана тілінің жоғын жоқтамас па?!» - («Семей таңы», 1989 ж.). Асығыппыз, әйтпесе, Мұхаң да солай ойлайды екен. «Намыссыз дарын сатқындығы немесе бірінші мен оныншы кезекті істі шатастырғандар» деп, ел намысы үшін күреспейтін мәңгүрттерді сойып салды: «...Ел басына төнген шақта ұлы сын, Өз ұлтымен бірге алмаса тынысын, Әрі оның намысы үшін, тілі үшін, Күреспесе ондай дарын құрысын!».

Шүкір, қазағымыздың дарабоз дарындары ана тіліміздің айбарына айналды. Жоғарыда айтылған Тілдерді дамыту бағдарламасының жобасын талқылауға қатысқан белгілі қоғам қайраткерлері Амангелді Айталы, Мырзатай Жолдасбеков, Өмірзақ Айтбаев, Уәлихан Қалижан мен Мырзатай Сергалиевтарды тұсаукесу рәсіміне қатысушылар терең ризашылық сезімімен тыңдады. Ал, ақындық дарынын айналайын қазағына басы бүтін арнап, осы жолда аянбай майдан ашқан Мұхтар Шахановтың үні асқақ естілді. Желтоқсанда да айбарлы ақынның алаш намысына бірінші болып ара түскені баршаға мәлім. Етектен тартқан «ергежейлілер» қанша көкезулегенімен, «қазақты қазақ десе, мақтанатын да , алыстан алаш десе, аттанатын да» осындай марқасқалар емес пе?! Сонау 1991-ші жылы желтоқсандық үш жігітті ақтау жолында «халықтың қайсар рухы» болып, жарқылдаған тағы да осы Шаханов еді («Халық кеңесі» 1991ж, 13 желтоқсан).

Қазақтың ешкімді ешқашан да менменсітпейтін, ерекше тағдырлы «Мен» деген қаһармандары туған халқын қай заманда да төбелеріне көтерумен келеді. Олар «дарын елесін» қуған кейбіреулер сияқты көшеде көсемсімей, елдіктің сөзін алқалы бас қосуларда қасқая тұрып жеткізуде. Шаханов аталмыш Бағдарлама жобасын талқылаған жаңағы жиында да өз ойын ашылау болса да ашық айтты. Министр Мұхтар Құл-Мұхаммед ақын ағаны ілтипатпен тыңдай отырып та дауылпаз намыс селдете ақтарылғанда, оның ернеуінен асыңқыраған тұстарын

тағы да інілік терең ізетпен арнасына салды.

Расында, ана тіліміздің абыройын асқақтату үшін елімізде артық дабыра жасамай-ақ атқарылған ауқымды шаруаны көрмеу, білмеу ақиқатқа сын. Ал, жадысын әлі де болса жаңғыртып үлгермегендерге баяндамада жан-жақты мағлұмат берілді. Мәселен, 1989-1990 оқу жылында 910 мың оқушы қазақша білім алса, қазір олардың саны 1,5 миллионнан асып отыр. Демек, бірлік пен достық саясатының арқасында қазаққа уақыт қызмет етуде. Ал, төл мемлекетіміздің әлеуетінің кемелденіп, қауіпсіздік қабілетінің нығаюы патша тіліміздің пәрменін арттырып, тағының тұғырын биіктете бермек. Таяуда толық басылып шығатын және ана тіліміздің 150 мың жаухарын жинақтаған қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігі мәдени өміріміздің асыл мәйегі екені айқын. Ол, бірақ жайната жинап қойып, тамсана қарап отыратын «көрсеқызар» жихаз емес. Ол – иісі алашқа ата-бабаның қасиетті аманаты. Ол, сондай-ақ ұлы даланың ұрпақтан-ұрпаққа ауысар асыл мұрасы және өздерін осынау досқа – дархан, жауға – жансауға елдің перзентіміз деп білетіндердің мемлекеттік тілі. Ендеше, өркениет ардақ тұтатын және әспеттеген сайын ажарлана түсетін сол бай қазынаны игілігімзге асыру үшін исі қазақ өзіміз қолдан келгенді жасап отырмыз ба?! Амал не, ұяла бүгежектеуге мәжбүрміз.

Бір ғана мысал. Осыдан тоғыз жыл бұрын жолдас жігіт баласын бірінші сыныпқа бермек болды. Қазақ мектебіне барады деп ойладық. Қателесіппіз. Биыл сол «мұрагер» оқыған аралас мектеп «шүлдірлейтін» бала табылмай, қазақшаға ауысқанда, жолдасымыз орыспен тамырласқан «тұяғына» орын таппай қиналды. Сосын, әйтеуір орналастырды әупіріммен. Бірақ, күні ертең жалғызына туған жерден лайықты орын таппай жүдесе, уайымның зоры сол.

Елімізде тілдік ахуалдың бейбіт заманның арқасында қазақтың жанына жағымды бола бастағаны айдан анық. Алайда, мемлекеттік тілдің «момын мінезі» елжанды ерлерді еріксіз ереуілдетеді. Егемендігімізге жиырма жыл толғанда арнайы бағдарлама дайындалып, алдағы он жылдың міндеттерінің нақтылануы аса қажетті шара, бірақ жанашыр қауымды қажытатыны да ақиқат. Мұның сонымен қатар қазақтың өзінің сөзден іске көшуіндегі олқылықтың орнын толтыру мақсатынан туғаны да анық. Сол сияқты әзірбайжан, армян, поляк, орыс, эстон,

өзбек пен түрікмен республикаларындағыдай, мемлекеттік тіл туралы, ұлттық рухымыз бен бірлігіміздің алтын арқауы – қазақ тілі туралы жеке заң қабылдау керек-ақ. Қазақпыз десек, туған тілімізді ерекше қастер тұтып қана қоймай, оның айбындана түсуі ақын Мұхтар мен министр Мұхтардың ортақ арманы. Олардың мәртебелі мінберлерден ағайынға жеткізе айтып келе жатқан асыл мұраты деген лайық. Ақиқаты да сол, туған халқын әлемге мойындатқан Әуезовтен бастап, сол асылға тартқан Мұхтарлар елге көп еңбек сіңіруде.

Солардың бірі – Шаханов халықтың сөзін айтады, арзан абырой жинау үшін айтпайды. Ол – орданы отызында-ақ бұзып, қырық жасына жетпей-ақ қамал алған қаһарман. Мұхаңдай тұлпармен жабылар ғана жағаласуы мүмкін. Бірақ, біз білетін Мұхаң, сонау желтоқсанда найзағай боп жарқылдаған, кейін Арал болып ақтарылған ақын аға біреулерге ұнау үшін күресіп жүрген жоқ. Аллатағаланың өзіне жазған таланты мен тегеуірінін туған халқына арнаудан жазбайды. Сөз орайы келгенде айту парыз, осы Шахановтай санаулы қаһармандарымызды, ата-тегіміздан жеткен асыл қорымызды мемлекеттің арнайы қамқорлыққа алып, ардақтай «самғататын» кезі келді. Себебі, халқы үшін құрбандыққа дайын «Мен» дейтін нағыз ерлері жоқ ел мемлекет бола алмайды. Әсіресе, ұлы өзгерістер кезеңінде елдің ел болып қалуы да халықтың көшбасында осындай қаһармандарының көп болуына тәуелді. Біз сондай біртуар Елбасы бар және жалғыз емес, оның қаһарман серіктестері бар елміз. Олай болса, ел таныған ерлерді Үкімет халық қаһарманы ретінде ресми марапаттап жатса, құба-құп. Соноу бір кержақ заманда өздерінің «Менімен» қазағын асқақтақтатқан Олжас та, тағы бір Мұхтар Мағауин, Асанәлі мен Ақселеу де сондай елді ерен дарынымен алға тартқан, халқын жат жұртқа танытқан қаһармандар екеніне сөз бар ма?!

Ал, тіл мәселесіне келсек, тұсаукесер рәсімінде әділ айтылғандай, осы қабырғалы тақырыпты мемлекеттік деңгейде талқылауда кемшін жоқ. Бірақ, осы келелі бас қосуға «босқа келгендей, онда айтылған мазмұнды әңгімені желге ұшқандай» көргендер де табылды. Ондай «желқанаттар» желдің бағытын аңдиды, ал ащырақ айтылса, қыбы қанып, алақандарын ысқылайды. Бірақ, «ашамайлары» сонда да қышуын қоймаса, тым құрыса, есіктен шыға бере еседі. Сонда қалай...

Тәттіге тамсандық, ащыға ашырқанбағанымыз ба?

Қазақтың тәуелсіздіктің жиырма жылында қыруар қиындықты еңсеріп, қазір өркениеттің төріне шыққанын қаламгер қауым жеріне жеткізе айта алып отырған жоқ. Әйтпесе, бір ғана Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына Достастық елдерін былай қойғанда, Азия елдерінің арасында бірінші болып төрағалық етуіміздің өзі-ақ толғауы келіссе, толағай тақырып. Жазуда, бәлкім сан жағынан ұпайымыз түгел-ақ шығар, бірақ жақсымызды жарқырата көрсету – жартымсыз. Себебі, әріптестердің біріне дарын мен біліктілік жетіспесе, екіншісі таланттан тақыр қалмағанымен, тәжірибесі аз, ал үшіншісі соншалықты ысқаяқ болғандықтан айтар мен жазар сөздерін тәп-тәуір бастағанымен қызды-қыздымен негізгі тақырыптан ауып кетеді, немесе дайындалмай келіп жүйкелетеді, тіпті жарамсақтана бастайды да сөздің қадірін қашырады.

Кеңестер билеген заманда да сондай кереғарлықтың кебін кигенбіз. Қанша тоталитарлық мемлекет деп қамшының астына алып, шаңын қаққанымызбен, оның әлеуметтік саладағы жетістіктері мен мұраттарын жоққа шығару күнә. Алайда, Кеңестер Одағының басшылығы «демократиялық централизм» деп, ерік-жігерді орталықтан басқарып, қиянпұрыс мінез танытты. Онысымен қоймай, нарықтың бәсекеде талаптының «бағын ашатын» артықшылықтарына мұрынын шүйіріп, капитал әлемінің «қосымша құн» заңын құлдықтың кісеніндей күлпарша етті. Өзі тағы жаңадан ештеңе ойлап таппай, «баршаның және әркімнің жан-жақты дамуы» деген жалаң ұранды малданды. Соның салдарынан «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманды қалай орнатудың амалын анықтай алмаған күйі «дүниеден өтті». Себебі, қияли жобалардың жетегінде кетті, тірліктің ащы сабағын мойындамады, оның қатал табиғатынан қол үзді.

«Бесжылдықты мерзімінен бұрын, тіпті үш жылда орындайық!», «Экономика үнемді болсын!», «Әр саулықтан – екі қозы!», «Сапалы өнім – өндіріс айнасы» деп, сайрай келе сабынсалғышқа да сапа белгісінің таңбаланатыны сол тұс. Мәлс – Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин, ал кейінгісі өзі тұтатқан репрессия отына түскенде Мәлия – «... и Я» болып құбылған кеңес адамдары кесімді жалақыға иек артып,

алаңсыздау күн кешті. Капиталистік елдер десе, жағамызды ұстап, мафия мен жұмыссыздықтан аман екенімізге шүкіршілік етіп, меңіреу күйге түскеніміз қазір тез ұмытылғандай.

Тамсана жүріп, қалай тапшылыққа тап болғанымызды аңғарғанымыз күні кеше ғана. Тоқырау жылдарында ақша жоқтан қолың қысқа, ал қаржы тауып, «құрығың» ұзарса, оған ілінетін ештеңе таппай, қатшылық әркімге алақан жайғызды. Алайда, журналистер түгелге дерлік Компартияның диктатурасы заманындағы тамсана жазу мәнерінен жаза баспадық. Ұлы көсем Ульяновтың өсиеті, еңбек бәсекесі деп үкілеген социалистік жарыс пен соған лайықты көтеріңкі леп сол бір кеңестер кезеңінің айнымас сипаты еді. Оның салқыны әлі де сезіледі, құлдықтан құтылғанмен оның тұқым қуалап, текті аздыратын зардабынан арылу оңай емес екен. Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етеді деген жақсы жаңалықты есіле де егіле жеткізбек болып шала бүлінген кейбір газеттер «Тараздықтар жүрегі жарылардай қуанды» деп, бөстірсе, бұл өткеннің тәттіге тамсанған салдары екеніне дау бар ма?!

Бірақ, демократия шалығы тәттіден ауызы уылмаған қаламдастардың ащыны да ашырқана қоймайтынын көрсетіп отыр. Елді елең еткізуге жараса, жеткені, дүйім жұртты дүр сілкінтсе, тіпті қатып кеткені. Ал, «бомба» жазықсызды жаралап жүрмей ме, адам намысына нұқсан келтірмей ме, осы адами сезімдер бақайынан келмейтіндер көбейді. Тіпті, тол мемлекетіміздің беделіне пысқырмай, «беттің арын белбеуге түйе салатындар» шықты. Рас, Кеңестер елінде жалпы жұртшылық өз алдына, БАҚ-тың да елге ақпаратты толыққанды жеткізе алмай, «аштықты» бастан кешкені де ақиқат. Бас ноқтадан босай салысымен ашқарақтана асап, тартынбай тұздықтап, қол қусырған жайымыз бар. Бәсеке қыза келе дәм сезуден де қалып бар жатқандаймыз. Сынағанның жөні осы екен деп, тырнақ астынан кір іздеу көбейді. Тіпті, кейбір БАҚ құралдары «автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді» дегенді желеу етіп, тексерілмеген деректерді беруге дәнігіп алды. Бірақ, жауапкершіліктен бойды қанша ала қашқанмен замандастарға кінәсіз күйе жағуға кімнің қақысы бар?! Ондайлар қайшы ұстай білмейтін шаштараздан да қауіпті: жазықсыз жаладан жүзің жанып, масқара болудың қасында «қайшыға тістеткен құлақ» үшін елдің әжуасына айналу не тәйірі. Сол сияқты қылмыс хроникасын бере отырып та

кейбіреулердің бейәдепке баратынының куәсіміз. Тіпті, қылмыскердің құрбандығына немесе жол апатына ұшыраған жанның уайымы аздай, соны жалпақ әлемге жария етуге оларға кім келісім берді екен. Бәрінен бұрын қаза болғандардың туыстары үшін бұл сорлап қалғандарға тағы бір соққы емес пе?! Осының бәрі, әрине адамның намысын аяққа басу, жеке басын қорлау, құқын таптау екені айқын. Жекелеген әріптестеріміз, әсіресе сұхбат алуға еш дайындықсыз барып, көкейкесті мәселенің мәнісін ашудың орнына, жасырылған «мина» іздеп, ақпаратты жеткізуге мүдделі маманның миын қатырады. Соның салдарынан қазір сұхбат беруден ат-тонын ала қашатындар көбейді. Олар айтқан сөзінің бұрмаланып немесе «тонының» айналдырып киілмесіне сенбейді. Сосын ауызы күйгендер үрлеп ішсе, жаны «жараланғандар» жазарман «жүліктермен» кездескісі келмей, жік-жапар.

Бұл айтылғандар, әрине жеке адамға, олардың белгілі бір тобына немесе ұжым басшысына, яки өміріміздң белгілі-бір саласына қатысты. Бірақ, өкінішке қарай, ұлттық мақтанышымыз әрі мәртебеміз Тіл мәселесі де ерінбегендердің ермегіне айналып бара жатқандай. Біз әңгіме етіп отырған Тілдер бағдарламасы жобасының тұсаукесер рәсімінен соң да соны байқадық. Кейбіреулердің «масқара, тағы да он жыл күтеміз бе, бұдан өткен бейшаралық бола ма» деп, даурыққандарын қайтерсің. Тіпті, жаңағылардың арасында тым құрыса өз балаларын ана тілінде оқытуға, отбасында ұлттық тәрбие беруге жарамағандар бар. Олар, Шаханов айтпақшы, тілдің адаммен бірге жаралатын егіз құбылыс екенін білмейді. «Шетелдің бір перзентханасында үш түрлі ұлттың дүниеге жаңа келген сәбилерін бір палатаға жинап, арнайы сынақ жасапты, - деп сөзін сабақтаған еді Мұхаң жаңағы алқалы жиында. - Сонда олар тек өз ана тіліндегі «айналайынға» ғана уілдеп, үндестік танытқан көрінеді». Демек, ататегің арқылы даритын ана тілінен айырылу туған ұлтыңнан көз жазып қалу деген сөз. Ал, жаңағылар өздерінің тым құрыса шыбық басын да сындырмағандарын еске алмастан, сыныктан сылтау іздеп, алдын-ала байбаламға басады.

Кейбіреуге, әйтеуір, сөйлеп қалу керек. «Тисе – терекке, тимесе – бұтаққаның» кері баяғы. Егер қазақ Үкіметінің дәйекті шараларының нәтижесі күткендегідей болмай жатса, бұл үшін, ең алдымен, әрбір қазақтың өзі жауапты екені анық. Ендеше сәл сабыр сақтап, ойла-

нып көрейікші, осы біз өзіміз не бітірдік? Өз басым журналист ретінде тіл тақырыбына қалам тартып, шенеунік кезімде белгіленген міндетімнің ауқымында қазақша шаруа жасап, отбасымда балашағама қазақы тәрбие бергеннен басқа ештеңе бітірмеппін. Өзім білетіндердің көпшілігінің басындағы жай осы. Тым аз, әрине. Олай болса, ашы сөйлеп, көшеде көсемсімей, тілге әрқайсымыз нақты колдау көрсетуіміз абзал. Оған, шындап кіріссе, біздің қазақтың тарихи зердесі – қарымталы қамшы, парасат-пайымы – айдынды бағдар.

Жарымжан қоғам, жалғасқан революция

Қоғам бір орнында жамбастаған күйі үйелеп қалмай, үздісіз даму үстінде болса ғана, оның өркені өсіп, өрісі ашылады. Қозғалыссыз өсу жоқ. Тоқырау тоқтамаса, немесе созылып кетсе, мемлекеттің түбіне жетеді. 1917-нің ақпан төңкерісі монархиялық патша үкіметін құлатып, қоғамды реформалар арқылы эволюциялық жолмен өзгертуді көздеді. Бірақ, Ресейді тұралатқан әлеуметтік-экономикалық ахуал әбден ушығып, билік демігіп қалған еді. Меңдеген дертке шипа табылмады, ал бірінші жаһандық соғыстың апаты ауруды одан бетер асқынтып жіберді. Большевиктер «кісеннен» басқа қимайтын ештеңесі жоқ жалаңаяқ пролетариатты көшеге арандатты.

«Дауыл іздеген» дүлей күш сол жылғы күзде тағы да төңкеріс жасады. Бұл – отарлық езгідегі алаш жұртына да зор қасірет әкелді. Қасақана ашаршылық жылдары 2 миллионға жуық қазақтың қырғынға ұшыраған белгілі. Бұған қоса ондаған мың қандастарымыз атамекенінен ауа көшті. Аман қалғандар, әсіресе зиялы қауым жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырады, «халық жауы» деген қара таңба басылды. Атылды, асылды, қамалды. Осы орайда жазықсыз жазаланғандар «бірін-бірі ұстап беріпті, сатыпты» деген сөз ұшқары айтылған, жалған қауесет. Үкіметтің қырына іліккендердің өз қолдарымен жазып қалдырған түсініктемелеріне зер салсақ (мәселен, Д. Аманжолованың «На изломе» зерттеуі, 2009 ж.), азаматтардың өздеріне таңылған айыпқа мүлде сенгілері келмей, үзілді-кесілді ақталып бақкандарын, кінәсіз күймейтіндеріне үміттерін үзбегендерін көреміз. Соның нәтижесінде олардың бірлі-жарымына кесілген ату жазасының 10 жыл түрмемен алмастырылғанын көруге болады. Ал, ақталу кезінде азаматтардың

өз тағдырларына қатысы бар таныстарын айтпай тұра алмайтыны белгілі және ауыздарынан шыққанның бәрі «қаралауға» айналатыны қаперлеріне кірмеді. Себебі, олар өздерінің кінәсіз екендеріне күмәнсіз болды. Ал, НКВД баскесерлерінің жаңағы кіршіксіз түсініктемелерді қалай бұрмалағаны өз алдына жеке әңгіме.

Алаш арыстары елді азамат соғысының оты шарпыған аласапыран шақта егемен ел болуға қай үкімет пейіл танытса, соны қолдады. «Ақ» пен «қызыл» итжығыс түскен кер заман. Қазақ қайраткерлері уақыттың қолға тиген мүмкіндігін пайдаланып қалуға тырысты. Амал не, жарымжан қоғамды революциялардың жалмайтыны және осы төңкерістердің оның түбіне жетері ақиқат. Дамудың табиғи үрдісінен жаңылып, «дауылпаз» дімкәсіне шалдыққандардың маңдайының соры бұл.

Баршаға жақсы мәлім, Қазан төңкерісін Ресейдің зиялы қауымы тіксіне қарсы алды. Қарадүрсін билікке көнбегені шетелге қоныс аударды, атажұртты қимай, елге елжірегендері іштей егілді. Қазақ зиялысының да басындағы жай осыған ұқсас болатын. Себебі, олардың ой-өрісі өздеріне сайма-сай қауыммен араласқаны және солардың колдауына арқа сүйегені түсінікті. Бірақ, шындап келгенде қазақтың көзі ашық азаматтары жеке ел болуды аңсады. Алашорда мен Түркістан автономияларын құру жолындағы қажыр-қайрат соны көрсетеді.

Тіл мәселесінде де зиялы қауым өз саясаттарын батыл жүргізді. Кеңес құрылысы жөніндегі Бүкілқазақтық мәслихаттың материалдары мұны тағы да діттей түседі. Мемлекетіміздің тарихында, тегінде 1925-ші жылдың алар орны ерекше. Еліміздің автономиялы облыстан автономиялы республикаға айналып, өзінің тарихи атауын иемденуі тап сол жылдың еншісіне тиеді. Аумалы-төкпелі заманның өзінде-ақ, туған тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, мемлекеттік мекемелердің аппараттарын қазақыландыру мәселесінің көтерілуі аға буынның рухына әлі сан мәрте бас игізеді. Әрбір ұрпақтың өз уақытының жүгін тайсалмай көтергеніне не жетсін! Бүгінгі замандас өз міндетімізді пайымдай алдық па, солай болған күнде, тағы да қайталауға тура келеді, нақты не тындырдық? Мәслихаттың Бүкілқазақтық деп аталуының және қазақ тілінде өтуінің өзі-ақ біраз жайды аңғартады. Мәселен, аталмыш жиынның стенограммасынан алынған мына бір үзіндіге назар аударып көрелік:

«Ряхов, Ақмола губерниясынан:

- Барлық облыстық, селолық кеңестерде іс қағаздарын жүргізу қазақшаға көшірілді...

Залдан сұрақ:

- Болыстық және селолық кеңестер туралы ереже қазақша бар ма?

Ряхов: - Жоқ. Біз, әуелгіде жаңағы ережені қазақшаламақ болған едік, аударма республика үкіметінде жасалады деген хабар алып, бөгелдік. Бірақ, өздеріңіз де көріп отырсыздар, жуырда бір жыл болады, ал аударма әлі жоқ».

Ол шынында да ұлттық мемлекеттің мәртебесін асыруға нақты қадам жасалған шақ екен. Революция ұрандарына имандай ұйыған азаматтардың «елім» деп жандарын шүберекке түйген қайратты қимылына тағзым етесің. Өкінішке қарай, арыстар халықты алда қандай қырсықтың тосып тұрғанын білмеді. Олардың бар ой-ниеті мен арманы ұлттық мемлекет құру болды. 17-нің Ақпан төңкерісін «кәпір патшаның құлдығынан құтылдық па» деп, қуана қарсы алды. Тіпті, қантөгіске ұрындырған Қазан төңкерісіне тіксіне қарай тұрып та сәтін күтіп, ұлттық мәртебені ұлықтауды ұлы мұрат санады. Сол бір бетбұрыс кезеңде Қазақ мемлекеттігін құрып, оның іргетасын бекітуге, ел мұратына пайдаланып қалуға барынша тырысты. Сол жанпида әрекеттері арқылы өз бастарын қалай оққа байлағандарын да білмей қалды.

Бүгінгі Қазақстан ендеше жазықсыз жапа шеккен елжанды арыстардың орындалған арманы. Қазір уақыт қазаққа қызмет етуде, бір ғана тіл мәселесінде қолға алынған қарымды шаралар соған дәлел. Мәселен, «Ұлт бірлігі» доктринасының алғашқы жобасы қоғамда қызу пікірталасын туғызып, тіпті оның қажеттігінің өзін жоққа шығармақ болғандар табылды. Бірақ, даулы мәселелерді ақылдаса отырып шешудің тәуелсіздік жылдары қалыптасқан оң тәжірибесі қарама-қайшы пікірлерді «дөңгелек үстел» басында біріктіріп, оларды жасампаз арнаға салды. Осылайша сан-алуан ұсыныс-пікірлерді жан-жақты таразылап, өзара оңтайлы мәмілеге келе отырып қабылданған құжаттың маңызын кезінде оған үзілді-кесілді қарсы шыққандар да қазір қолдап отыр. Себебі, онда мемлекетке өзінің асқақ атауын берген және еліміздің бірлігінің алтын арқауы болып табылатын Қазақ

халқының мәртебесі елдік пен елжандылықтың асыл мұраты ретінде ұлықталып отыр.

Сонымен әрбір кезеңнің өзіне шақ міндеті мен көтерер жүгі болатыны секілді әрбір сөздің де ортақ Отанымызда тұрып жатқан ағайынның арасын ашудан қорғанбай айтылатын уақыты келеді екен. Бұл пікірмен келіспейтін ұлтжандылардың табылатынын білемін және сол қазақтың бір баласы ретінде оларды түсінемін. Бірақ, бүгінгі әлеуетті Қазақстанның республика басшылығы жүргізген сындарлы ұлт саясатының, асықсақ та аптықпай басқанымыздың арқасы екені де ақиқат.

«Қазақстан Республикасы қазақ халқының сан ғасырлық мемлекеттілігінің құқықтық, тарихи жалғыз дара мұрагері және оның саяси, мемлекеттік құрылымының табиғи жалғасы» - деп, доктринада тайға таңба басқандай етіп, жазылып қойылған. Ендігі міндет – осы қағиданы қазақстандықтардың бүгінгі ғана емес, келешек ұрпағының да санасына мықтап сіңіруге келіп саяды. Себебі, бұл тұжырымның елдегі ұлтаралық татулық пен келісімді сақтауда маңызы ерекше. Мемлекетіміздің барша азаматы көптеген қайғылы оқиғаларды бастан кешіп, аса ауыр сынақтардан аман өте отырып төл мемлекетін құрған қазақ халқының тарихи миссиясын сөзсіз қабылдауы және оның төңірегіне топтасуы парыз.

Олай болса, аталмыш доктринаны бұлжытпай басшылыққа алуымыз қажет, егер алдағы міндетімізді жариялап алып, жалтақтыққа салсақ, бұл, біріншіден, қазақтың намысына – сын, екіншіден, әрбір адамның Қазақстанмен және оның болашағымен етене бірігуіне бөгет болады. Ал, мұнсыз, яғни қазақтың өзін осы жердің иесі ғана емес, оны Отаным деп санайтын барша қауымның ұйыстырушысы әрі ұйтқысы екенін терең сезінбейінше, сондай-ақ қазақстандықтардың осы ақиқатты сөзсіз мойындап, азамат ретінде өз құқыларын ғана емес, міндеттерін де түйсінбейінше, елдегі саяси тұрақтылыққа кепілдік беру қиын. Ұлттың рухани бірлігі дегеніміз осы.

Ал, ұлттың рухы халықтың санасынің бір бөлігі болып табылатын мыңдаған жылдық дәстүрге, құндылықтар мен мәдениетке және бүгінгі әңгімеміздің арқауы – тілге сүйенеді. Қазақшамыздың бүгінгі халі түптеп келгенде ұлттық салт-дәстүрден айрылудың салдары болатын.

Енді бұдан былай мемлекеттік тілді меңгерудің «...әркімнің парызы мен міндеті» - деп, сөзбұйдаға салмай, доктринада міндет орынды қойылып отыр.

Жаһандану заманы елдер мен ұлттарға аса қатал талап қоюда. Осы тұста өз құндылықтарын, туған тілін жоғалтпайтын, бәсекеге дайын ұлт қана өзін-өзі ұлт ретінде сақтап қала алады. Ғалымдардың пікіріне қарағанда, қазір дүние жүзіндегі тілдердің 40 пайызы құрып кетудің алдында тұрса, әрбір екі апта сайын соның біреуі жоғалады екен. Сондықтан Елбасы айтқандай, ең алдымен қазақтардың өздері бір-бірімен қазақша сөйлесуі кажет. Бұл үшін, сондай-ақ бүкілхалықтық талқылауға ұсынылған Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасы жобасының әлі де тиянақтала түскені абзал. Біздіңше, бұл бағдарлама туған тілімізге тірек болатын осындай соңғы құжат болуы тиіс. Демек, алдағы он жылда қазақстандықтардың толықтай дерлік (қазақ тілін меңгерген мектеп бітірушілер – 100 пайыз, ал ересектер 85 пайыз) қазақша сөйлесе бастауы абыройлы міндет. Себебі, енді он жылда қазақ тілімен онсызда бәсекелес орысшаға қоса ағылшын тілі «ағайындаспақ» болып отыр. Біз соған дейін бағдарламада алға қойылған міндеттерді абыроймен орындауымыз керек. Аса қиын да жауапты міндет: қазағымыздың сарытап шыдамын сарқып алмай, үміті ақталуы тиіс.

Жақында КТК телеарнасынан «Мәңгілік дәрі» атты телефильм көрсетілді. Бас кейіпкердің ойлап тапқан дәрісін ішкендер мәңгібақи өмір сүреді екен. Бірақ, жаңағы дәрі тек қана қазақша білетіндерге сатылады. Бұдан соң қазақша сөйлемей көр! Комедия жанрындағы телехикая сәтті жасалған туынды. Мемлекеттік тіл, міне, сол «мәңгілік дәрі» секілді өмірлік қажеттілікке айналуы тиіс. Қолымыздағы бағдарлама қазіргі көп түйінді шешудің кілті боларына сенгіміз келеді. Ал, біз – қазақ мәртебелі уақыттың өзімізге көрсетіп отырған баға жетпес қызметін пайдалана білуіміз ғанибет.

БІЗ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚАЛАЙ НАСИХАТТАЙМЫЗ?

Максим Рожин,
«7» телеарна тілшісі

Мемлекеттік тілді насихаттау. Қазір өте керекті шара, себебі әлі де оны меңгеремін дейтін азаматтар аса көп емес. Көп жағдайда біз осы насихатты мемлекеттік органдар жүргізу керек деген оймен жүреміз. Қаражат бөлінсін, жұмыс жүргізілсін. Ал өзіміздің осы маңызды іске араласқанымызды ойланбаймыз. Бірақ қазақ тілін насихаттауға біздің еңбегіміз зор. Бізден көп еңбек ету талап етілмейді, тек қазақ тілінде айналадағы азаматтармен қарым- қатынас жасау ғана талап етіледі. Айналада қазақ тіліне деген қажеттілікті, тіл білмейтін азаматтарға көрсету.

Соңғы жылдары Қазақстанға ағылып келетін шетелдіктер көп. Елімізде бизнес жасаймыз деп осы шетелдік қонақтарымыз қазақ тілін үйреніп келеді. Олар қазақ тілінде өте жақсы қарым-қатынас жасайды. Тіпті шетелде қазақ тілін оқытатын орталықтар ашылып жатыр. Шетелдік университеттерде Қазақстан тану мамандығы ашылып жатыр. Қазір Қазақстанда нәпақа табуға ниетті шетелдіктер қазақ тіліне бет бұра бастады. Ал елімізге келіп бізбен қарым қатынасты, бизнесті қазақ тілі арқылы жасаймын десе, көңілі түседі. Біз орыс тілінде сөйлейміз. Әттең деп қалатын шетелдіктер бізге қарап таң қалатын жағдайға да жеткен оқиғалар болған. Өздері қажетсінбейтін тіл, бізге не керегі бар деген тоқтамға келеді. Осыны ойлануымыз керек.

Тағы бір мәселе! Шетелден шекарамызды асып келетін тауарлар. Ондағы мәтін, құрамы да қазақ тілінде жазылса да, қателерге толы. Бұл мемлекеттік органдардың салғырттығы ма, әлде біздің бей-берекет жүргеніміздің арқасы ма, белгісіз. Сауда орталықтарында тіпті құрамындағы «ХРЕН» деген өсімдік «ҚАЗАҚ» деп аударылыпты.

Бұл қалайша? Қол сілтеп осы тауарды ала береміз, дастарханымызда тұрады. Бұл мәселе қалай шешіліп жатыр, неге осындайға жол беріледі? Қалай болса да осындай тауарлардың шекарамыздан өтіп, бізге жететіні масқара нәрсе! Бізге бәрі бір ме сонда?

Тілге құрметті талап етпес бұрын, өзімізден бастауымыз керек, көңіл бөлуіміз керек, басқаларға насихаттауымыз керек. Өзімізге талап қоя білсек, кейін басқалардан талап ете аламыз. Алаш арыстары армандаған тіл бостандығына міне 20 жыл толып отыр! Арман орындалды, ал тілдік жағдай әлі де жақсы деңгейде емес. Ол өзімізге байланысты, «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген сөз бар. Алаштықтар армандаған тіл ахуалының жақсаруына үлес қосайық. Тіл үшін өмірін қиған азаматтар аруақтарының алдындағы біздің бір сауабымыз болар.

3-бөлім. ЕЛБАСЫ және ТІЛТОЛҒАМ

АЛАШ КЕЗЕҢІ

А. Байтұрсынұлы:

- Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі.

- Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап.

- Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.

- Егер біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек.

- Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз.

- Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі.

- Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек.

- Бәрін айт та, бірін айт – сөздің тұрар жерін айт.

- Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сонда ұзақ өмірінің ішінде hәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып түзілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. hәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде hәм сондай басқалық болады.

- Тілдің міндеті – ақылдың аңдуын аңдығанша, меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау.

- Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып, кеміріп, өз тіліннің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, кәсіби, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тіл өзгерілді деп айтуға жол жоқ. Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір.

- Жиырмасыншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті.

- Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмбағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы.

- Қазақ әлдеқашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, жазуымызға тағы жақсы, үйрету жағынан орыстікінен, немістікінен, французбдікінен, ағылшындікінен оңай, оңтайлы.

- Сауатты адам жазғанда қол дағдысымен жазады.

- Тіл білімі ереже жаттау түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс.

- Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз; бойыңды қысып, тәніңді құрыстырып тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем де әліпби қолайсыз болады.

- Сөздің ең ұлысы – тарих.

- Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін?!

- Мақал – тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылатын сөз.

- Теңеу – ереуіл сөз.

- Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырындап ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек.

- Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңіл күдіктендірмейтін болса, тіл ашықтығы дегеніміз сол болады.

- Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі. Жалаң сөз зейін байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады.

- Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек.

- Қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек.

- Кенің бай, келімің мол, туған тілім,
  Дыбыстың теріп сөз ғып буған гүлін.
  Қайырған қайдағыны жүйрік ең сен,
  Мен қосып, құтыла алмас қусам білім.

Ғұмар Қараш:

- Біз халықтың өз тілінде білімі өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгерді һәм көршілес күшті халықтың тілімен әсірелеп... соған қол болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттарды жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды һәм жылдам ұмытылады.

- Тіл болмаса, ұлт та болмайды. Яғни ол ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады.

- Жалпы өнер білімінің ішіне ана тілі болуы да кіреді һәм мұның керісінше ана тілі болудан ұлттың білім өнері табылады. Ана тілін білмей тұрып ешбір өнерді таратуға мүмкін емес.

- Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың, өнері де өршімейді.

- Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз.

- Ұмытпаңыз. Өзімізді басқа ұқсас халықтан айыратын белгіміз болған ана тілімізді білсек қана осы мақсаттарға жетпекпіз.

- Тіл ешбір уақытта өзге нәрселерге бас имеске тиіс. Біз оны бергірек те сүюге һәм түрлі жұқпалы шет тілдерден сақтауға борыштымыз. Тіл айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрды.

- Тіл – көңілдің ашқышы,
  Көңіл – жарық, жан – қия.
  Білім – бақыттың басқышы
  Қараңғыда жол қия.

Х. Досмұхамедұлы:

- Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді жұрттардың тілі бай болады.

- Өз тілін өзі білмеген ел – ел болмайды.

● Ақындық – табиғаттың саннан таңдап бірен-саран адамдарға беретін артық өнері. «Көп берілгеннен көп сұралады» деген нақылды ескеріп, аяғына дейін түзету керек еді. Тілді бұзбай ұстарту, шеберлету, байыту – ақындардың мойындарына артылған зор борыш.

● Оңаша жүрген елдің өз еркінде тұрғанда тілі бұзылмайды. Елдің тілін бұзатын – көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған мәдениетті елдердің әсері.

● Тілдің өз сөздерінің туған сөз тілдің негізгі заңымен туу керек, тілдің нағыз өз баласы болуы керек. Бұған ешкім таласпас та, таласпайды да.

● Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек.

● Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жолбасшы болады.

● Әдебиет тілінің қаруы – баспа мен мектеп, баспа мен мектеп деген – адам шошынарлық өте қайратты қару. Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды.

● Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады.

● Жасында ұлт мектебінде дұрыстап оқыған адам ана тілінің заңын ұмытпайды, бөтен тілдің сөздерін ана тілінің заңымен айтамын деп шатасады.

● Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруі зор қата. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек.

● Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел – ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, тілі бұзылмақшы. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. Тіліміздi бұзбай ұстарту шарттарын қарастыру, жұрт әдебиетінен, көркем әдебиеттен үлгілер көрсетіп, өрнекті түрлерімен таныстыру.

● Тілге кірген жат сөздер – сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге жетуі мүмкін. Бүйтпесе, жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян келеді.

М. Дулатұлы:

● Қазақтың тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз... Бірақ құр бай, таза деумен тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма? Қай жұрттың тілі болса да, түу басында біздікі секілді таза да бай болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық... Бір жағы Бұқар, бір жағы Мекке, Медине, Стамбұлдардан да оқып қайтқандарымыз бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, арабшылап, сартшылап қайтып жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр... Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша болсын дегенде бұлардың бәрінің негізі «Тіл құралы» екенін ұмытпасқа керек.

● Һәркімнің ізіне түсіп қуанған, үйренген бір ісі болады. Сол ісін ол басқалардан артығырақ біледі. Егер оқу, оқытуды машықтап, ол оқытудың һәм оқытқан нәрселерінің асыл тәртібін, түп негізін анық білетін кісілер жазу хақында өз пікірлерін түсінікті етіп жазса, сынаушы деп соларды айтуға жарайды.

● Қазақ тілін іске асыратын болсақ, қазақ әдебиетін күшейтеміз десек, ең алдымен, істің санын салмақтамай, сапасын ескертуіміз керек. Ол үшін қазақша деп жазылған сөздердің әлгі кемшілігін құрту керек. Оны құрту үшін әуелі бұл кемшіліктің қандай екенін білу керек.

● Жер жүзінде езілген жұрттардың бірі біздің қазақ-қырғыз екені рас болса, бұл жұртты теңгеру үшін көзін ашып, өнер-білім үйретіп, үгіт-насихат тарту қажет болса, бүгіннен бастап «тілмаш жоқ, мінекей, тақсыр, тілмаш жоқ» дегізіп, қазақ-қырғызды енді сандалтпау керек.

М. Шоқай:

● Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқымыз жоқ болатын.

● Тіл – тек адамға ғана тән аса құдіретті құрал. Сондықтан тілді қадірлеудің, әрбір сөздің мағынасын ұғып, оны орынды пайдалана білудің мәні зор.

● Көне сөздің бәріне күмәнді қарауға болмайды. Тіл – тарихтың перзенті, ол адамзаттың тарихымен тығыз байланысты. Заманның талаптарына сәйкес әр уақытта жаңа сөздер пайдаланудан шығып қалып отырады. Сонымен қатар өзінің бастапқы мағынасын өзгертіп, жаңа мағынаға ие болатын сөздер де кездеседі. Бұл – барлық тіл атаулыға тән құбылыс.

● Түркістанда түрік қалады. Оны жоғалту ешкімнің қолынан келмек емес. Біз бұған кәміл сенеміз. «Мемлекет аппараттарын ұлттандыру» жүзеге асырыла қалған күннің өзінде, біздің тіліміз өз жерімізде екінші орынға ығысады. Бұл ретте біздің ана тіліміз «ұлы орыстың рухани мәдениетін таратушы техникалық құралдың» рөлін ғана атқаратын болады.

Ж. Аймауытов:

● Ана тілі – халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы; һәм өсіп, өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі.

● Жүректің терең сырларын басынан кешірген дәуірлерін, дүниеге көзқарасын, нанымын – арманын, қайғысын, қуанышын, қысқасы, жанының барлық толқындарын тұқымынан тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы – сол халқының тілі.

● Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды. Қазаққа аюдай ақырған шенеунік табылуы оңай; ерінбей-жалықпай, бақырмай, шақырмай іс бітіретін, терісі қалың көнбіс, табанды қызметкер табылуы қиын. Қазаққа зор кеуде ақсүйектің, ақша жегіш жалтырауық шенеуніктің, сұлу сөзді, құрғақ

бектің керегі жоқ; адал күшімен өгіздей өрге сүйрейтін жұмысшы керек.

● Ана тілін меңгеру – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тілін үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой фәлсәфәсін де меңгереді.

● Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды. Ой жетілу мен тіл жетілу қатар жүреді.

● Бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе, өз халқына қызмет ете алмайды.

● Тіл – ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал. Әр заманда тіл ішкі сырды әртүрлі шығаратын болған.

● Қадірлі, бағасы алтын анам тілі,
Сенімен бағаланған балаң түрі.
Төрт бөліп түн ұйқысын жұбатам деп,
Сенімен әлдилеген анам мені.

М. Жұмабаев:

● Тіл – адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тілі арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар.

● Жазушы, ақын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойың бола тұрып, айтуға тілің жетпесе, іш қазандай қайнайды да. Қысқасы – адамның толық мағынасы мен адам аталуы тіл арқасында.

● Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады.

- Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен – тілім,
  Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,
  Таралған түрік балаларын бауырыңа
  Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

- Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай.

- Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші.

- Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты – балаға сөзді бұзып сөйлемеу керек.

- Әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі... Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті.

- Жан көріністерінің ең қымбаты – ой, ой тілі – сөз.

- Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың –
  Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
  Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
  Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың!

С. Торайғыров:

- Ана тілі қайнаған қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болу керек.

- Сүйемін туған тілді – анам тілін,
  Бесікте жатқанымда берген білім.
  Шыр етіп жерге түскен минутымнан,
  Құлағыма сіңірген таныс үнін.

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.

- Сөзің - өзің.

С. Сейфуллин:

- Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңалмайды.

Е. Омарұлы:

- Қазақ тілінде артықша ымыра бар: қазақ тілін басқа түркі тілімен салыстырып тексерсек. Қазақ тілі жат тілдердің ықпалынан аман сақталып, еркінше өсіп, алға кеткенін көреміз.

- Барлық халықтарға ортақ сөздерді жатырқамау керек деген дұрыс, бірақ жат сөздерді жалпыға бірдей деп, жат түрінде алуға болмайды, қазақ тілінің заңдарына келтіріп, қазақтың өз сөзіне ұқсатып алу керек.

- Жазудың әдебиеттегі қызметі: тілдің өзгерісіне әсер беру емес, сол өзгерістен қалмай еріп отыру – болған өзгерістерді қаттап, таңбалап отыру.

- Тілдің заңына келмейтұғын жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады; тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады.

- Пән сөзі тақырыпты негізгі жолымыз: Тіліне жеңіл болып, құлағына ерсі болмауы.

- Қазақ тіліне жаңа сөздер кіргізгенде, ең әуелі ол жаңа сөздің қазаққа жат болмау, бұқараның тіліне ауыр болмау, құлағына ерсі болмау жағын қарастыру керек.

Т. Шонанұлы:

- Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің мәдени өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына мүмкіндік туғызды. Жаңа алфавит әлемдік мәдениетпен араласа түсу жолын жеңілдете түсті. Жаңа алфавит халық мектептерінің өркендеуі жолында алып адым жасағаны анық.

М. Әуезов:

● Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!

● Кімде-кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.

● Шаң басып жатқан ескілікті жинап, құрап, көпшіліктің мүлкі қылып беру жалғыз ғана әдебиетті сүюшіліктен тумайды. Жақын жердегі алдыңғы керегі әдебиетті сүйетін қазақ оқушысына ой, сезім азығын беру болса, одан кейінгі зор пайдасы қазақ тілінің қалыптанып, нығайып, өзіне біткен көркі мен күшін жинау керек.

● Халық арасында небір жаңа сөз, жаңа ұғымдар туып жатады, бұл – табиғи процесс. Солардың шала туғандары өліп, мезгілін біліп туған өміршеңдері қанаттанып, азаматтық сөздер қатарына қосылады. Құдайға шүкір, сөздік қоры жағынан қазақ тілі ешкімнен кем де, кедей де емес, әдебиетіміздің қаулап өсуінің бір себебі осында жатқан сияқты.

● Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады.

● Абайдың барлық өлеңі – қазақтың сол күшті тілінің ішінен туған асыл құрыш, қырдағы қалың қазақтың осы күйге шейін сөйлеп жүрген жалпақ тілінің жемісі, соның сыры мен сымбатын көрсететін айнасы. Бұл – Абайдың қазақ тіліне істеген қызметі.

● Қазақша жазу – қазақ сөздерінің кез келгенін құрастыра беру емес.

● Абай өзіндік көркем шығармаларын жазғанда, халқының өз тілімен жазады. Бар қасиетті, қадірлі нәрді, ажар кесетені толық сипатты өз халқының тілінен табады.

● Жылтырдың бәрі асыл емес, жазғанның бәрі ақыл емес.

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ

Т. Жүргенов:

● Қазақ тілі байыса, басқа мәдениетті жұрттардай өз шаруашылығына керекті өз тілінде түсіндіре алатын болса, бұлайша айтқанда, адам баласының барлығы бірдей білімге бет бұрса, халық мәдениетінің өскені ғой.

Қ. Жұбанов:

● Бір тілді білген – бір адам, екі тіл білген – екі адам.

● Ана тіліңді біл, орыс тілін біл және басқа тілдерді де біл, игер. Көп тілді меңгеру – мәдениеттіліктің белгісі, ғылым биігіне көтерілудің жолы, азаматтық саналылықтың, естіліктің, парасаттылықтың белгісі.

С. Мұқанов:

● Сөз – халықтың қымбаттан қымбат кені.

Ғ. Мүсірепов:

● Ойдан – әрекет, әрекеттен – тіл; әрекет пен тіл ағалы-қарындасты егіздің сыңары екендігіне дау болмаса керек.

● Ана тілін білмеушілер өздерін білімсіз деп санамайды-ау деймін. Сондықтан да өздерін асырап отырған ана тілін қалай болса солай қорлай беруге ұялмайды.

● Ана тілін білмеген ақын, жазушы ел-жұртының ескілі-жаңалы тіршілігімен ажырасқанын көрсетеді.

● Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды.

● Ана тілі ғасырлар бойында жасала берді, жасара береді.

● Ана тілін құрметтемеу – ештемені сыйламау деген сөз. Жастар мұны қатты ескеруі керек.

● Тілден биік асқар жоқ,
Тілден асқан байлық жоқ,
Тілден терең теңіз жоқ.

- Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі.

- Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады.

- Сөзді қалай болса солай пайдалана берсең, сөздің жүзі мұқалып, ұшы майрылады да, айтайын дегенің құлаққа қонбайды.

- Ана тіліміз – ең сенімді, ең қадірлі құралымыз.

- Халық тілінің байлығын игеру зор талғам, парасатты тілейтін жұмыс.

- Ойсыз сөзде көркемдік те жоқ.

- Көркем сөз – жанның сәулесі.

- Көркем сөзі бар болғырдың өзін орақпен орып, күрекпен күреп ала-алмайсың: оны бір-бірлеп тересің, бір-бірлеп тізесің.

- Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ: ой ұлылығы, сұлулық ұлылығы. Көркем айтылған ой – ұлы, ойландыра алған сұлулық – ұлы.

- Көркем сөз суықта да өседі, ыстықта да өседі, күндіз де өседі, түнде де өседі. Тек ақ мамық төсекте өспейді, әлпештеген алақанда өспейді. Сынсыз өспейді, талас-тартыссыз өспейді.

- Сөз қасиеті – көркемдігінде, ой қасиеті – шындығында.

- Қай халықтың болса да қоғамдық өсу, өркендеу жолында көтеріле алған биігі ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтана, молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Ана тілі қорлана береді, ажарлана береді.

- Көркем әдебиет – деген ең әуелі жанды сөз, тек қана сыртқы емес, ішкі сөз. Адам жанын қозғай алар құдірет болмаса, төрт аяғын тең басқан өлеңнен де, сағымдай құлпырған қара сөзден де пайда жоқ.

- Көркем сөздің сұлулығы – сағымдай құлпырмасын, өзендей толқысын.

- Жаманның аузына жұртта қалған сөз түседі.
- Тілдің бояуы бозарып, қыры сынбауы керек.
- Сөйлемнің де сөздің де – өз әуені, үні бар.
- Үш жүз деп аталатын қазақ халқында мынадай жігі айрылмайтын тұтастықтары бар: тілі, әні, күйі, аспаптары.
- Тіл сөйлеу-сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеудің біріне көңіл аудармау – үлкен қылмыс.
- Тіл диалектикасы – жасаған сайын жасара беруінде.
- Жаман тіл – мәдениетсіздіктің белгісі, елмен байланыс үзілуі.
- Әрбір сөздің қыры бар, тұрағы бар, жотасы бар, тұрқы бар болу керек.
- Тілін білмеген түбін білмейді.
- Ақыл сөз атқан оқтай жай кетпейді,
- Жаманға оқ өтсе де, сөз өтпейді.
- Бұл (қазақ тілі) – бай тіл. оралымды, ырғақты, теңеу-бейнелері ерте туған тіл.
- Тіл – салақ сөйлегеннен бұзылады.
- Тілге бай, тілі жақсы дегенде ешбір жазушы жаңадан сөз тауып, сонысымен бай, сонысымен көркемдікке жетпейді. Халқының тіл байлығында бар сөздерді дұрыс тұрпатымен пайдаланып, сол қордан алынған сөздерден жаңа теңеулер, жаңа бейнелеулер жасау арқылы тілге бай, тілге шебер аталады.
- Егер ана тіліміз үлкен талаптарды көтере алмайтын олақ тіл болса, бұл мақалаларды жазбаған болар едім. Жоқ, бұл бай тіл! Оралымды, ырғақты, теңеу-бейнелеулері ерте туған тіл.
- Абай тек поэзия тілін түзеп берген жоқ, жалпы тіліміздің оралымдылығын, бейнелеу шеберлігін, сөйлем құрылысындағы әр сөздің өз орнын, сөйлемдегі ой салмағын, қайда, қалай қалауын да үйретіп кетті. Абай – бізге ұлы мектеп!

Ғ. Мұстафин:

- Орнын тауып қоя білсең, әр сөз сұлу; орнын таппаған әр сөз бұжыр.

- Күн жылытпайтын суық көңілді сөз ғана жылыта алады.

- Сөз бен қылық – суық көңілді жылытады, жылы көңілді суытады.

- Сипақтап көп сөйлегенше, аз сөйле де дәл айт.

- Түрлі-түрлі байлық бар. Солардың таңдауын берсе, мен тіл байлығын аңдар едім. Өйткені тіл байлығы – бәрінен де сенімді байлық.

- Қазақтың қара сөзінде көп мән жатыр. Күн шалмайтын қараңғы көңілді сөз шалады. Ендеше соншалық қуатты да, киелі қаруды қалай болса қолдануға болмайды.

А. Тоқмағанбетов:

- Дей алмас қайдан әкелді,
  Бар тілден үйрен білімді.
  Ұмытсаң-дағы бөтенді,
  Ұмытпа ана тіліңді.

- Өз тілің – өсен өркенің,
  Ананың берген ақ сүті,
  Мақтаның ұлттың ол сенің!

Н. Оңдасынов:

- Адамға ауа қандай үздіксіз керек болса, қалған өміріңде тіл де сондай қызмет атқарады.

- Тіл – тек адамға ғана тән аса құдіретті құрал. Сондықтан тілді қадірлеудің, әрбір сөздің мәнін ұғып, оны орынды пайдалана білудің мәні зор.

- Қазақ тілі аса бай тіл, қалай исең солай иіле береді. Орамын, бұрамын тауып, қисынын, орайын келтіріп пайдалансаң, бұл тілмен сурет салуға, тас қашап, ағаш текемет оюға болады-ау! Бұл тілден май тамады десе де сияр. Халықтың тіліне, жырына құлақ салсаң, небір алуан шекер балдай татитын нәріне, әріне әсте тоймайсың! Ғашықпын қазақ тіліне! Осындай шүйгін сұлу тілді қалай өгейсітуге болады!

А. Жұбанов:

● Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті... Біздің жастарымыз ана тіліне жетік, білімді, мәдениетті болсын.

І. Кеңесбаев:

● Ана тілін құрметтей білуді насихаттау – басты міндеттердің бірі болуға тиіс. Ғылым мен техниканың, мәдениет пен әдебиеттің табыстарын білу құралы, өмірдің әр саласын тани білу құралы, ой мен пікірді білдіретін қарым-қатынас құралы бола алатын ана тілімізді сүйе білудің айрықша мәнін түсіндіріп отыру қажет.

● Тіл – кәрі тарихтың айғағы. Есте жоқ ескі, көне заманнан мызғымастан келе жатқан әр қилы сандағы сөздер, тұлғалар да, әр дәуірге сай қатқабаттаса жалғасқан үстеме элементтер де, көрші елдерден ауысқан сөздер де кездесіп отырады.

● Ана сүті баланың қанына тарап, ана сөзі баланың сезімін оятады. Бара-бара баланың тілі шығып, ата-ананың, семьяның, бүкіл халықтың дәстүрімен емін-еркін сөйлейтін болады. Сүтпен еніп, миға сіңген сол тіл есейген адамның өмірінің аса керекті рухани байлығы, адамның адамдық белгілерінің бірі болып табылады.

М. Балақаев:

● Сөйлеу тілі мәдениетінің жоғары формасы – шешендік.

● Әрбір азамат – халқының тіл мәдениетінің де мұрагері.

● Ұлы мәртебелі сөйлеу құралы – ата-ана үнімен ақыл-ойға тараған ана тілі.

● Тіл – адам ойының айнасы. Адамның тіл жұмсау дағдысынан, тіл мәдениетінен оның кім, қандай адам екенін аңғару да қиын емес. Әдетте ойы айқын кісінің сөзі де анық, діл болады.

Әдебиет тілі үшін күрес - әдебиеттің дамуы үшін күрес.

Қ. Жұмалиев:

● Адам сияқты сөзде де алуан тағдыр бар. Ол да баста сәби боп туады, ер жетеді, қартаяды, кейде қартайып барып қайта жасарады, кейде тұрмыста болған өзгеріске ілесе алмай кейін бірте-бірте солғындап,

қажауда қалып, жаңа сөзге жол береді немесе тың мағына тауып, жаңғырып, жаңаша мағынаға ие болады.

● Тілімізде жаман сөз жоқ, кінә – сөзді орнына қолдана білмейтіндердің өзінде, әр сөзге сөйлемдегі өзінің таңдаулы, талғаулы орындарын тауып бере білсе, жай сөздің өзі де поэтика рөлін атқарады.

Д. Әбілев:

● Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде мың-мың ыстық қаным бар.
Туған тілде әнім менен сәнім бар!
Туған тілім – жүрек үнім, наныңдар!
Нанбасаңдар,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар!

Ә. Тәжібаев:

● Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

● Баланың сөз қоры жеткілікті болғанда ғана өз пікірін айтып, басқалардың сөзін дұрыс ұға алады.

Б. Момышұлы:

● Тіл – ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі.

● Тіл адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан – тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми-әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам-құрылыстары мен салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің – мұрасының қай жерде екенін көрсететін дәлелді мөлшері.

● Ана тіліміз – халықтық қадір-қасиетіміз бен елдігіміздің мәні, тот баспайтын арқауы. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту.

● Қазақ тілі еш уақытта өзімен көрші халықтардың тілдерінен сорлы болып қатардан қалмағаны, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігіне мың жылдық көне тарих куә.

● Қазақ тілі сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл.

● Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсігүнгі де тағдыры.

● Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамақ емес.

Жылататын да, жұбататын да – сөз.

● Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілімізді білмеуіне не шала білуіне ең алдымен аналары кінәлі.

● Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе?

● Жақсы сөз жанға жақын, құлаққа жағымды, ойға қонымды келеді.

● Өз тілін сезбеген бала – ана сүтін татпаған жетіммен тең.

І. Омаров:

● Тілдің тіршіліктегі мәніне қазақ ежелден ерекше көңіл бөлген. Сондықтан да «өнер алды – қызыл тіл» деді. Сөзді бағалау, сөзге тоқтау, сөзден мағына іздеу адамды мәдени қоректендіре түседі. Дүниеде сөздің дертінен ауыр дерт жоқ, сөздің шарапатынан дауалы шарапат жоқ, сөз тұрлаусыздыққа емес – баяндылыққа, өлімге емес, өмірге қызмет етеді.

● Қисық тілді шығарма сақау адам секілді, кәрі құлақты кеседі, жас құлаққа жаман үлгі болады, балаң авторды үстірттікке үйретеді.

● Тіл тұтастығы – ел тұтастығы.

● Сөзді бағалау, сөзге тоқтау, сөзден мағына іздеу адамды мәдениеттендіре түседі.

● Тіл аса мейірбандықты керек етеді... Сөздің шарапатынан даулы шарапат жоқ.

Т. Әбдірахманова:

- Өзінің жазба сөзін саналы түрде және еркін пайдалану үшін, алдымен басқалардың жазба сөзін түсіне білу қажет.

- Ана тілім – бәрін сөйлер шежірем,
  Тілсіз нені білдіре алам, не білем.
  Тілім барда ғана мынау ғаламның,
  Кілтін табар саналысын сезінем.

С. Мәуленов:

- Ана тілің – бабаңның есімі, балаңның бесігі.

Ж. Молдағалиев:

- Бүтіндік, бірлік,
  Ерсі боп,
  Жатқанда мал-жан енші боп.
  Тіліміз ғана тұрыпты,
  Елші боп, ірі емші боп.
  Сол ғана қалған бөлінбей,
  Бөліске түсер кезде ондай
  Сол ғана қалған бөлінбей – жүректей,
  Күндей,
  Ождандай.

  Білмесін-білсін түсімнен,
  Ұқпасын-ұқсын түрімнен.
  Танысын дүние ісімнен,
  Танысын туған тілімнен.

Ш. Смаханұлы:

- Ана тілін білмеген – ақылы жоқ желікбас,
  Ана тілін сүймеген – халқын сүйіп жарытпас.

Т. Ахтанов:

- Қазақ тілінің ертеңі баянды болуға тиіс. Өкіметтің, адамдардың тілге деген райы түзелді. Республика көлемінде тәлім-тәрбие беретін мың-мыңдаған ағарту орындары ашылды. Өтпелі кезеңде бірлі-жарым бүйректен сирақ шығаратындар, аяқты шалатындар табылуы мүмкін.

Бірақ тіліміз бойын меңдеген дерттен таза айықса, оларды таптап кетеді.

М. Мақатаев:

- Ең бірінші бақытым – халқым менің,
  Соған берем ойымның алтын кенін.
  Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
  Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.
  Ал екінші бақытым – Тілім менің,
  Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
  Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
  Қасиетті тілімнен түңілмедім.

А. Сүлейменов:

- Әр сөздің өз ұяты бар.
- Сөз – құлын да, ой – жылқы.

ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІ

Н. Назарбаев:

- Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен!

- Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған - оның ғажайып тілі.

- Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді дәл сондай нышан.

- Қазақтар үшін мемлекеттік тілді білу – міндетті талап болуы тиіс.

- Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз.

- Тарих пен тіл тамырлас.

● Өз тілімізбен өмір сүрейік! – бұдан артық қалай атауға болды? Қажет десеңіздер, одан да оңайлатып айтайын: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесін!».

● Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл.

● Шүкір, ел есін жиды: тілден артық қазына, тілден артық қасиет жоқ екенін кештеу де болса түсіндік.

● Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.

● Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

● Қазақ тіліне қамқорлық жасау менің перзенттік те, президенттік те парызым.

● Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз.

● Қазақтың қазақтығының басты белгісі – қазақша сөйлеуі.

● Өркениет өнегесі - өз тіліңмен өмір сүру.

● Ата-бабаларының асыл сөзін жүз томға жинап, бастырып шыға алатын ел – бақытты ел, бақуатты ел, болашағы кемел ел. Қазақ елі сондай ел.

● Әлем әдебиетіндегі әйгілі жүз кітапты емін-еркін, жатық етіп аударып, бар бояуымен, өзгеше өрнегімен төгілтіп түсіретін тіл – қуатты тіл, құдіретті тіл. Қазақ тілі – сондай тіл.

● Ана тілін білмеу – қазақ азаматы үшін ұят саналуға тиіс.

● Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол ұлтымыздың анасы.

● Ана тілін қадірлеу әр азаматтың перзенттік парызы.

● Ұлттық тілмен ұлттық сана қалыптасады.

● Ана тілін армансыз бойға сіңіріңіздер, өйткені бабаларымыздың ғұмыр тәжірибесі, дүниетанымы, мінез-құлқы, өзіндік болмыс бітімі осы тілде қаттаулы жатыр.

- Тілге деген көзқарас – шындап келгенде, елге деген көзқарас.

- Қиын кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі бүгінгі азат өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың тегеурінді тетігі болуға тиіс.

- Ана тіліміз бізді ғасырдан ғасырға, заманнан заманға аман жеткізген бірден бір барымыз да, нарымыз да.

- Бізге ана тілімізден асқан тарихи мұра жоқ. Ендеше оны жан аямай қастерлеуден асқан биік парыз да жоқ.

- Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөліп алар едім. Оның біріншісі, әрине, ата-бабаларымыз өздерінің қанын төгіп, жанын беріп жүріп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Тағы бір олжамыз – сол ата-бабаларымыздың арасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен тұп-тұнық, мөп-мөлдір қазақ тілі.

- Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін – бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз.

- Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе – ол білім. Ол шетел тілінде сөйлесе – тіпті жақсы. Бірақ оны шетел тіліне орап, ана тілін тұншықтырып, көміп тастасаң – ол кешірілмес күнә.

- Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары.

- Қазақ тілі – ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап. Тек оны насихаттай білуіміз керек, оқыта білуіміз керек.

- Қазақ тілін оқытуды біз бірінші сыныптан бастаймыз. Бұл – кеш. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қазақ тілі бөлекше орын алуға тиіс. Қазір бұл әлемдегі мамандар адамның қабілетін бес жасқа дейінгі кезең айқындайтынын айтып отыр.

- Қазақ елі барда қазақ тілі де болады. Өседі. Өркендейді.

- Ана тіліне қамқорлық ең алдымен сол тілде сөйлейтін халыққа жүктеледі.

- Қазақ пен қазақ әлі күнге қазақша сөйлеспейді. Немерелерімізге дейін қазақша үйреніп үлгерген жоқ. Ең бастысы – қай жерде болсын, өз тіліміздi өзіміз дәріптеуіміз, мадақ етуіміз керек. Сонда ғана туған тілін сыйлай білетін ұрпақ тәрбиелей аламыз.

- Ана тілін ардақтау – ешқашан ескірмейтін ұран. Ана тілі үшін, туған жер үшін майдан – майдандардың майданы.

Әбсаттар Қажы Дербісәлі:

- Тіліміз бен дініміз – ұлтымыздың нышаны. Дін мен тіл – ата-бабалардан қалған аманат.

М. Әлімбаев:

- Қазіргі қазақ тілі – небір керемет философиялық толғаныстарды да, күрделі терең ойларды да, қылдан нәзік, жібектен биязы, аяулы сезім-тебіреністерді де емін-еркін әсерлі жеткізетін көсілмелі, кең құлашты көркем тіл, «толқынын жүрегінің хаттай танытар» ғажап тілдердің бірі. Бұған барша қазақ баласы мақтана алады.

- Аяулы, абыройлы ана тілім,
  Өстім мен саясында қанатыңның.
  Кетіпті ғазиз ана сені сыйлап,
  Жыр болып көкірегімде жанатұғын.

- Бұрын сөйлеген емес, мығым сөйлеген ұтады.

- Биліктің сөзінен біліктің сөзі өтімді.

- Ұста сөз – ұстаз.

Ә. Нұрпейісов:

- Тіл саясаты – мемлекеттік саясаттың негізгі бағытына айналуы қажет.

Ә. Қайдар:

- Мемлекеттік тілде ғылым дамымай, мемлекеттік тіл де дамымайды.

- Тіл – халықтың басты белгісі. Мемлекеттік тіл – тек мемлекеттік рәміздердің бірі ғана емес, ұлттардың, мемлекеттердің бірегей негізі.

● Жалпы адам баласы, жеке ұлттар мен ұлыстар жер бетінде қанша жасамасын, оның тілсіз көрген күні – тұл.

● Тіл байлығы – бір халықтың ұлан-ғайыр дәулеті, рухани қазынасы. Тіл байлығының ең басты белгісі – сөз байлығы.

● Ана тілінің ұлан-ғайыр мол қазынасына терең бойлап, толық білуге, оның құдіретті күші мен нәзік сырын молырақ сезінуге елден ерекше бой ұратын, талаптанатын, әрине, ақын-жазушылар. Сондықтан тіл байлығын жете меңгеру мәселесіне келгенде бірінші талап ақын-жазушыларға қойылады.

● Көркем сөз өнерінің негізгі тетігін сөз қолданыста деп білсек, оның екі түрі бар екен: біріншісі – сөзді орнымен, сөз жүйесімен дұрыс қолдану да, екіншісі – сөзді дұрыс қолдану үстіне әсем де әсерлі етіп қолдану. Біріншісі – елдің бәріне қойылатын жалпы талап болса, екіншісі – ақын-жазушылар үшін міндетті де ерекше талап.

● Ана тілі жай қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ол - әрбір адамның бойына ана сүтімен дарыған ұлттық қасиеті, рухани нәрі.

● Белгілі жағдайларға байланысты адамның түрі де, түсі де, әдебі мен әдеті де, мәдениеті де, ішер тамағы мен киер киімі де өзгере береді. Оның өзгермейтін ұлттық белгісі біреу-ақ, ол – тіл.

● Әрбір халықтың ой өрісін, парасат-парқын, сезім-түйсігін, дүниетанымы мен болмыс-тірлігін танытатын – оның тілі.

● Тілдің қоғамдық өмірдегі атқаратын қызметі де ұшан-теңіз. Әсіресе, тілді жетік білу, шешен сөйлеу, ойын ұтымды қорыту, сөз күш-қуатын әсерлі де әсем түрде пайдалана білу – бұлардың бәрі адамның адамдық қасиетін ғана емес, қоғамдағы орнын да анықтайтын фактор. Сондықтан да болар ел бастаған көсемдер, сөз бастаған шешендер, қол бастаған батырлар көбіне көп ердің құнын екі ауыз сөзбен тындыратын да ауызы дуалы адамдар болған.

● Тіл – саясат, идеология, айтыс-тартыс, күрес құралы. Сондықтан да ел басқарып, абырой атаққа ие болу да, жақсы ақын-жазушы, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, мәдениет, мемлекет қайраткері болу да – бәрі-бәрі, сайып келгенде, тілге байланысты.

- Тіл – қабырғаға іліп қойып қызыға қарап отыратын әсем киім емес. Ол тек – мемлекеттік рәміздердің (жалау, әнұран, елтаңба т.б.) бірі ғана емес, ұлттың, мемлекеттің бірегей негізі де. Бірақ ол өзінің сонау бір мәртебелі атағын сол мемлекетке қызмет еткенде ғана ақтай алады.

Ш. Мұртаза:

- Ана тілінсіз халық болмайды. Тілінен айырылған ұлт – тарихынан, тума-тамырынан айырылған ұлт. Тілсізді ұлт деуге болмайды. Тілінен айырылған халық – ата-бабасының, туған әкесі мен анасының атын ұмытқан халық. Ал ондайларды мәңгүрт деп атайды.

- Ұлттығыңды жойып, тіліңді кесіп, аузыңды буа берсе – қорқақ та боласың, бүгежек те, именшек те боласың.

- Кітабы, газет-журналы қырқылған, мемлекеттік тілі кесілген қоғам – мылқау қоғам.

- Тіл – бізге өткен дәуірлерден қалған асыл мұра. Бізді жаратқан ата-бабаларымыз өткен. Олар бізге өзгесін қойғанда мұралыққа тап-тамаша тіл қалдырған. Ол тіл атамыздың ақылынан, анамыздың сүтінен жаратылған.

Ө. Айтбайұлы:

- Ана тіл, ана сүтім, арым менің,
  Баяным, бақ-дәулетім, барым менің.
  Өзіңменен рухым көтеріліп,
  Атар ылғи арайлы таңым менің...

- Ер қазақ тоқта, ойлан жетер енді,
  Еңсеңді ездік басқан көтер енді.
  Тіліңнің тұмшаланған бұйдасын шеш,
  Дәстүрін ұстап мықты, өсер елдің!

- Тіліңді кие тұтпасаң,
  Бақ дегенің сор болар...

- Бірнеше тілді білу – байлық, өз тіліңді білмеу – қорлық.

- Тәуелсіздіктің басты шарттарының бірі – тіл тәуелсіздігі.

Х. Оралтай:

- Қазақстанның бір белгісі қазақ болса, қазақтың белгісі – қазақ тілі.

Қ. Мырза Әли:

- Тілім – менің байрағым.

- Бала тілі бола алмаса ана тіл,
  Ана тілі бола алмайды ешқашан!

- Тілдің негізгі иесі – халық. Ең үлкен ұстазы да сол. Біз – жазушылар, соның шәкірттеріміз.

- Ана тілің, біліп қой,
  Еркіндігің, теңдігің.
  Ана тілің, біліп қой,
  Мақтанышың, елдігің.

  Ана тілің – арың бұл,
  Ұятың боп тұр бетте.
  Өзге тілдің бәрін біл,
  Өз тіліңді құрметте!

  Тілсіз ақын жеңді ме,
  Айтысқанда күштімен.
  Отанды да, елді де,
  Тіл арқылы ұқтым мен.

- Ұлттың тамыры – тіл,
  Қазығы – дін.

- Қазақтың ұлттық тілі - өлең.

- Елдің туы жығылмас, тілдің туы жығылмай.

О. Сүлейменов:

- Мекен тұрағынан ауғанда да халықтың арқалап кетер жалғыз байлығы, қазынасы – тілі.

- Сөздік – тарихи мәліметтердің қайнар көзі.

- Тіл – жазба жәдігерлерде таңбаланған әлем жылнамасын сақтаушы құрал.

- Сөз дегеніміз – дәйек.

- Тілдер туыстығы – мәдени туыстық.

- Шумер және түркі тілдері – дін ортақтығы негізінде қалыптасқан мәдени федерациялық тілдер.

О. Асқар:

- Қаның, жаның, қазақы ұлттық түрің бар,
  Сенен үлгі алар қызың, ұлың бар.
  Перзентісің еркін, азат халықтың,
  Тәуелсіз ел, мәртебелі тілің бар.

Ә. Кекілбаев:

- Ұлттық руханиятымыздың өзегі – тіл.

- Жалпы түгел тәуекелге мінбей тұрып, жалқы ештеңе бітіре алмайды. Қарапайым ел деген болмайды. Жеріне, суына, тіліне, дініне, тарихына, тағдырына ие халық деген болады. Тек сондай халық қана есерін түзеп, еріне медет бола алады. Қорлана бермей, арлана білейік. Намыстың сөзін сөйлейік.

- Тіл туралы ойлану – бәрі туралы ойлану. Тіл келешегін ескеру – артымызда қалған мен алдымызда тұрғанның бәрін де еске алу деген сөз.

- Ғасырлар қойнауынан сынын бұзбай, қуатын кемітпей, таза да көркем келбетімен жеткен ана тілімізді ос заманға сай ұқыпты пайдаланып, келешек ұрпаққа кемелдендіре жеткізу жолында ізденістер мен құлшыныстар азаймасын деп тілеймін.

А. Айталы:

- Тіл – ерекше рухани құндылық.

Қ. Жұмаділов:

- Қазақ тілі - өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Оған қысылып, қымтырылу, ерін ұшынан шүлдірлеп-былдырлау мүлде жат. Қазақ нені айтса да ауызды толтырып айтады. Қазақ сөзі қашан да даланың қоңырау желіндей еркін есіп тұрады.

- Қазақ тілі – дүние жүзіндегі ең бай, бедерлі де, бейнелі тілдердің бірі. Ол күні кешегі «өнер алды – қызыл тіл» деп ұққан көшпенділердің, ердің құнын екі ауыз сөзбен тындырған көшелі билердің тілі.
- Дүниеде сөзден көне, сөзден берік ескерткіш жоқ.

М. Мағауин:

- Тіл – халықтың мәдениеті мен қуатының көрінісі.
- Біздің қазақ тілі – түпкі табиғатында ауқымы кең, оралымды әрі аса бай тіл. Толық игере алмай жатуымыз – сол ұшан байлықтың бір көрінісі.
- Халық жасаған жер де тіл де жасайды; қазақ тілінің болашағы өте зор. Біздің тіліміз байи бермек, іргелене бермек.

Т. Әбдікұлы:

- Бір тілде сөйлемеген халық біріге де алмайды.
- Күшті ұлт болу үшін күшті мемлекет жасау қажет. Сонда ғана әлемдік өркениет кеңістігінен өзіне тиесілі орынды ала алады. Ал өзінің толыққанды мемлекеттік тілі жоқ ел ешқашан өзгенің тілімен күшті мемлекет жасамақ емес.
- Мемлекеттік тіл Тәуелсіздік деген ұғыммен тікелей байланысты. Тілде жоқ тәуелсіздік – елде де жоқ.
- Бүгінгі таңда ұлттық идея дәрежесіне көтеретін нәрсе – мемлекеттік тілді өз тұғырына қондыру. Өйткені, мемлекеттік тіл – ұлттың ұйытқысы. Бүкіл Қазақстан азаматтары осы мемлекеттік тілдің төңірегіне топтаса алады. Қазақстандық патриотизмнің негізін қалаушы да – мемлекеттік тіл.
- Көршінің тілімен емес, тәжірибесімен өмір сүрейік.

М. Шаханов:

- Кім де кім өз ұлтын жойылудан сақтағысы келсе,
  Бабаларының сан ғасырлық үміт-сенімін ақтағысы келсе,
  Өшіргісі келмесе тірліктен халқының рухани ізін,
  Өз ана тілінде оқытуға міндетті ұл-қызын!
- Ана тілім – бабам тілі, қасиетім, қанатым,
  Ғұмыр бойы бас иетін ар-ожданым, санатым.

И. Сапарбай:

- Сөз – жанның тілі. Ән – жүректің мұңы, тіл – рухтың үні.

И. Тасмағанбетов:

- Ұлттық рухтың өзі – ұлы ұғым. Оның жаратылысындағы басты мақсаттың өзі ұлттың ұлттық болмысын сақтау. Ал ұлттық болмыстың материалдық негізі – ел мен жер, рухани негізі – тіл мен діл. Таным таяздығы мен сана таяздығы соңғы екеуін – тіл мен ділді білместіктен туады.

М. Құл-Мұхаммед:

- Тіл қашанда ұлттық идеяның бастауы және мемлекеттік идеологияның негізі болып келген.

- Қазақ тілі – жаһанның жартысын билеген ғұндар, түркілер, бұлғарлар, оғыздар, хазарлар мен қыпшақтар тілдерінің тікелей һәм заңды мұрагері. Яғни, қазақ тілінің тарихы – бүгіндері бәйгенің басында жүрген роман және герман тілдерінің тарихынан анағұрлым тереңірек.

Қ. Мұхамеджанов:

- Мекен тұрағынан ауғанда да халықтың арқалап кетер жалғыз байлығы, қазынасы – тіл. Тілінен айырылған халық адамзат тарихының кемесінен, назарынан тыс қалады. Олай болса ол халықтың рухани қазынасының да, тарихының да ешкімге керегі болмай қалды.

- Теңіз тартылады, мекен өзгереді, қалалар қирайды, қорғандар құлайды, бір құламайтын мәңгі құрал – халықтың тілі.

З. Қабдолов:

- Тіл жоқ жерде әдебиет те жоқ.

- Тілі әрсіздің ойы нәрсіз.

Ш. Сарыбаев:

- Қазақ тілінің ерекше қасиеті – табиғилығында. Оның бойында титтей де жасандылық жоқ.

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Елбасы және қазақ тілі

Ө. Айтбайұлы. Мемлекеттік тіл және Елбасы 9

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-I Қазақстан Республикасының Заңы 22

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығы 34

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2001 ж. 35

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 мамырдағы №127 Жарлығы 58

Н.Назарбаевтың «Қазақ тілі» қоғамының II құрылтайында сөйлеген сөзі (Алматы қаласы, 1992 жыл, 26 қараша) 64

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының III құрылтайына қатысушыларға (Елбасының қоғамның III құрылтайына құттықтауы, 20 қараша,1996 ж.) 74

1999 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевқа Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Ана тілі айбары» атты алтын белгісінің тапсырылуы салтанатындағы Елбасының сөзі 75

Елбасының Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының IV құрылтайына құттықтауы (9 қараша, 2004 ж.) 78

Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында (2005 жылғы Қазақстан халқына Жолдауынан) 79

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайында сөйлеген сөзінен 81

Елбасының Қазақстан халқына «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» жолдауынан (2006 жыл) 86

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XI сессиясында сөйлеген сөзінен (22 қараша, 2005 ж.)..... 87

Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» 88

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінен (25 қазан, 2006 ж.).....89

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың республикалық БАҚ тілшілеріне берген сұхбатынан (2006 ж.) 94

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан (2007 жыл) 96

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Мәдени мұра" бағдарламасын іске асыру жөніндегі мәжілісте сөйлеген сөзінен (2007 ж.).....97

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қазақстандық телеарналардың авторлық бағдарламалар жүргізушілеріне берген сұхбатынан 98

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Интернет-конференциясы (Астана, 2007 жылғы 7 маусым)..... 101

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру —мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Жолдауынан (2008 жыл)..... 103

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың отандық жетекші телеарналардың журналистеріне берген сұхбатынан (2008 жыл)..... 104

Нұрсұлтан Назарбаев: Ұлттың ұлы мұраты жолында ұйысайық (29.05.2008 ж.) 107

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XIV сессиясында сөйлеген сөзінен (23 қазан, 2008 ж.) 120

Нұрсұлтан Назарбаев: «Ынтымақ пен татулықты нығайта түсу – басты міндетіміз» ("Егемен Қазақстан", 2008 жылғы 16 желтоқсан, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 17 жылдығында сөйлеген сөзінен)..... 123

«Ұлттық бірлік – біздің стратегиялық таңдауымыз» Қазақстан халқы Ассамблеясы 15-ші сессиясында сөйлеген сөзінен (2009 жыл)..... 125

Тіл туралы Заңның қабылданғанына және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының 20 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушыларға (Елбасының құттықтау сөзі) (21 қыркүйек, 2009 ж.) 128

«Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» (Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2010 жылғы Жолдауынан) 129

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2011 жылғы Жолдауынан 131

Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында сөйлеген сөзінен (18.04.2011ж.) 132

Өнер мен Әдебиет – халықтың жаны (Елбасының зиялы қауым өкілдерімен 2010 жылғы 3 ақпанда кездесіп, жолдаған үндеуінен) 133

Ж. Нәлібаев, Н. Асқаров. Ана тіліне тағзым..... 134

А. Шәуеев. Елбасының бастамасымен құрылған еді 143

2-бөлім. Елбасы және қоғам

Ө. Айтбайұлы. Мемлекеттік тіл және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы 153

М. Жолдасбеков. Қазіргі қоғам және мемлекеттік тіл 163

Д. Мыңбай. Конференцияға қатысушыларға құттықтау сөзі..... 165

Е. Шаймерден. Тіл – қоғамдық-әлеуметтік құбылыс 167

Т. Мамашев. Қазақ диаспорасының қазақтық қалпын сақтау – мемлекеттік міндет 171

Ә. Рахымжанов. Тіл саясатындағы Астана қаласының орны мен рөлі 175

Ш. Құрманбайұлы. Ғылым-білім саласы – қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сәйкес қызметтерін қалыптастырудағы негізгі тірегі 180

Ш. Беркімбаева. Білім жүйесіндегі мемлекеттік тілдің ролі 186

А. Бижанов. Мемлекеттік тіл – мемлекеттілік негізі 196

Ә. Қайдар, Ө. Айтбайұлы. Қоғам осылай құрылып еді 195

Е. Алауханов. Қазақ заң терминологиясындағы ахуал және оны жетілдіру мәселелері туралы..... 200

Ғ. Төлеғұл. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдерінің игеруі – ұлтаралық татулықты ұлықтаудың басты айғағы 204

А. Шәуеев. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде 212

Ж. Нәлібаев. Жиырма жылдық тәжірибе тағылымдары 215

О. Шәріпбаев "Мемлекеттік тілге – мемлекеттік көзқарас" 219

М. Әбдірахманов. Мемлекеттік тілді дамытудың негізгі бағыт-бағдарлары 231

К. Баққараев. Қазақ тіліне қажеттілік тудыру – мемлекеттік тіл саясатының негізгі мәселесі 235

Б. Жексенғалиев. Еліміздің батыс аймағындағы мемлекеттік тілдің тынысы 239

Ә. Жүнісбек. Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне грамматикасыз (модельдер арқылы) оқыту 243

Қ. Касимов. Қазіргі жаһандану кезеңіндегі ұлттық рухымызды, ұлттық мәдениетімізді, тілімізді сақтау ең басты парызымыз 249

К.Төлеубай. Тіл туралы заң бізге не берді 255

Б. Кенжалиев. Тілге - өріс, іске – жеміс 259

С. Шағатаев. Мемлекеттік тіл – ұлттық идеологияның негізі 261

Б. Жүнісбекұлы. Уақыт қазаққа қызмет етуде 264

М. Рожин. Біз мемлекеттік тілді қалай насихаттаймыз? 277

3-бөлім. Елбасы және тілтолғам

Алаш кезеңі 279

Кеңестік кезең 290

Тәуелсіздік дәуірі 298

«ҚазМұнайГаз»
Ұлттық компаниясы»
Акционерлік қоғамының
қолдауымен шығарылды

ЕЛБАСЫ
және
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Ғылыми-көпшілік басылым

Құрастырушылар:
Нәлібаев Жәнібек Бәкірұлы
Асқаров Нұрлан Әуезханұлы

Редакторы: Қ. Әлиев
Беттеген: Ә. Өтемісова
Терген: Қ.А. Мырзалимова

Терімге 16.05.11 ж. тапсырылды. Басылуға 10.06.11 ж. қол қойылды.
Гарнитура Palatino Linotype. Офсетті басылым.
Есепті баспа табағы 19,5.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 036.

Издательский дом Сарыарка
Баспа үйі

Астана қ., Промышленный кенті, Көкарал к-сі, 2
тел. (7172) 52 74 62, 52 74 11, факс: 52 74 89
e-mail: saryarcka@rambler.ru